

АБАЙ

1

# АБАЙ

---

Шығармаларының  
екі томдық  
толық жинағы

## бірінші том

Өлеңдер  
мен  
аудармалар

049171/2 - 213

Петропавловская  
центральная библиотечная  
система

Алматы  
"Жазушы"  
2002

Редакторы

*Байбота Серікбайұлы Қошым-Ногай*

**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.**

**А 13 Шығармаларының екі томдық толық жинағы.** – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2002 – 296 бет.

ISBN 5-605-01856-4 (том 1.)

ISBN 5-605-01825-6 (общ.)

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының екі томдық толық жинағын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарда айтылып жүрген ескертпелер ескерілді, жаңадан текстологиялық тексерулер жүргізілді, ғылыми түсініктер толықтырылып қайтадан жазылды.

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының бірінші томына ақынның 1855 жылдан 1896 жылға дейінгі өлеңдері мен аудармалары енгізілді.

A **4702250102-10**  
**402(05)-02** құлақтандырусыз-2002

**ББК 84 Қаз 1-5**

ISBN 5-605-01826-4 (том 1.)  
ISBN 5-605-01825-6 (общ.)

© „Жазушы“ баспасы, 1995  
© „Жазушы“ баспасы, 2002

## **ШЫГАРУШЫЛАР АЛҚАСЫНАН**

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының осы екі тоғызық толық ғылыми жинағын баснаға дайындау үстінде жаңа даңыз текстологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Абай шығармаларының Мұхтар Әuezовтің басқаруымен және тікенің қаптысұымен дайындалып, 1957 жылдың жарық көрғен екі тоғызық толық жинағын негізге алып отырып, шығарушылар оның шығармалардың текстін бүршиғы жишақтарымен және жаңа дерек санағын жүргін белгілі қолжазбалармен қайтадан салыстыра тексеріп шықты.

Абай шығармаларының текстін тексеріп, ғылыми түрғыдан шығындаған, тұракты (канондық) қалпын белгілеуде текстологияның ең басты деректемелер – Мұрсейіт Бікіұлының қоюқшабалары, ақынның 1909 жылдың алғашық жинағы және оның жаңа өлеңдерден құралған 1916 жылдың жинақ, бүршиғы мен шығармалардың текстін толықтырылған 1933 жылдың жаңе 1945 жылдың толық жинақтар.

Абай шығармаларының Мұрсейіттің қолымен жазылған үш кітапжасы бар. Біріншісі – 1905 жылдың жазылған қалың дәптер. Құтапшының екі жақ беті де бірдей жазылған, көлемі 200 бет, бірақ орында кейір беттері жоқ. Екінші қолжазбаның көлемі – 232 орта Мұнда да түсін қалған беттер бар. 1910 жылдың жазылған үшінші қолжазбаның көлемі – 204 бет.

Қолжазбаның ушесінде ескі арабша емлемен жазылған, оныңде бар, екіншісінде жоқ шығарма өте аз кездеседі, үш кітапжаса көбінше бірін-бірі қайталайды деуге болады. 1907 жылдың қолжазбада басқа екеуіндегі жоқ „Біраз сөз қазақтың шығын қайдалаңыз“ тұралы “сөзі бар.

Үш қолжазбада да бір шығармадағы жекелеген сөздер, оныңде әр калай оқылатын тұстар кездесіп отырады. Бұл жаңынан алғанда 1907, 1910 жылдың екі қолжазба көбіне орынделген көліп, ал 1905 жылдың қолжазба өзінше бөлек шығатышы өткізуі мүмкін. Мұрсейіт қолжазбаларының екеуі (1905, 1910) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба корында сакталған, ал 1907 жылдың қолжазба Мұхтар Әuezовтің өз кітапханасында

сакталып келіп, кейін ақадемик-жазушының мұражайына алынды.

Осы толық жинақты дайындау кезінде Оразке Жапыбаевтың, Садуақас Шормановтың және Смағұл Садуақасовтың колжазбалары (С. Кудашев көшіртіп алған колжазба соларға үксас келеді) секілді белгілі деректемелер де ескерілді. Абай шығармаларының басылымдарынан текстологиялық жұмыс жүргізілгенде тірек етіп пайдаланғандары – 1909 жылғы алғашқы жинақ пен 1916 жылды Орынборда басылған „Абай термесі“ атты кітап, 1922 жылды Ташикештік және Қазанда басылған жинақтар, 1933, 1939–1940, 1945 және 1954 жылдары жарық көрген толық жинақтар.

Абай шығармаларының „Қазак ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңі“ деген атпен 1909 жылды Санкт-Петербургте басылған жинағының текстологиялық жағынан деректемелік мәні зор. Бұл кітапта Кәкіттай Ыскакұлы Құнанбаевтың „Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлының өмірі“ деген макаласы берілген (104–112-беттер). Бұл жинақка Абайдың басты өлендері түгелге жусық сиязілген деуге болады. 1909 жылғы жинаққа кірген Абайдың өлендері мен Мұрсейіт колжазбаларындағы шығармалардың текстерін салыстырғанда, олардың курамында айырма аса көп емес екенін көреміз. Алайда колжазбаларда 1909 жылғы басылымға кірмеген бірқатар өлендер бар екенин айтуда қажет. Жекелеген сөздердің әр килем оқылатын тұстары да барыштык.

1933 жылғы Мұхтар Әуезов дайындаған бастырған толық жинақта жаңадан бірталаі өлендер косылған. Сонымен бірге осы кітапта „Әзім“, „Вадим“ және „Қазактың туби қайдан шыққаны туралы“ дейтін сөзі тұнғыш рет баспа жүзін көрген болатын. Кітаптың соңында „Абайдың туысы мен өмірі“ деген Мұхтар Әуезов жазған макала және „Абайдың жазған өлендерінің қашан, қалайша жазылғандары туралы түсіндіру, косымшалар“ бар.

1939–1940 жылдарда шыққан Толық жинақта Абай шығармаларын жаңаша реттеп басуға айрықша көніл аударылған. Кітапта Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны және естеліктер берілген.

1945 жылғы Толық жинақ жаңадан табылған өлендермен толықтырыла тұсті. Абай шығармаларына берілген түсіліктер бір жүйеге түсіріліп, бұрынғыдан кеңейтілді.

1954 жылғы Толық жинақтың да Абай шығармаларының, әсіресе аударма өлендердің текстерінің салықтау жағынан едәуір мәні болды.

1957 жылғы екі томдық Толық жинақты баспаға дайындау барысында Мұхтар Әуезовтің басқаруымен қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар жаңа-жинақты, мұқият текстерін

ағылшынаді. Абай шығармаларының текстерін бастыруда орын анықтаған көзге кейір олқылықтар түзетіліп, өсіресе кара сөздердегі дұрыс оқылмай жүрген бірталай сөздер колжасбалардың анықтыра тексеру нәтижесінде анықталды. Сөйтін бұл екі томдық текстері ғылыми принциптерге сайн әбден тексеріліп отыр жүгіеге түсірілген басылым болды. Кейінрек 1977 жылы жарық көрген Толық жинақта бірлі-жарым сөздердің оқытуында болмаса, айтарлықтай айырма жоққа тән.

Бұт жерде бір назар аударарлық жақсауыл — Абай шығармаларында жекелеген сөздердің әр түрлі колжасбалар мен бұрынғы ғылыми нылдарда әр қалай оқылатын түстары кездесетінде, шынадан аша шүсқасы артық, дұрысырақ сол неге алынбаған дең, оркім өзінше дәлел көлтіруге себеп мол. Сондыктан бірліккі сөз болса да жеке адамның жобалауынша өзгертилей, шактылық деректерге сүйеніп және ғылыми ортада талқыланып, шактылық басылымды дайындайтын шығарушылар шактылық пікір корытуымен шешім алынғаны дұрыс.

Осы Толық жинақта Абай шығармаларының текстерін шаптауда тексерумен катаң түсінікттер де тың деректермен шактырылып, бірталай түстарда қайтадан жазылды. Шығармаларды әр жылдарға бөліп реттеу тәртібі түгелдей инициатива қашыптастан күйінде сакталып, бірақ аударма өлеңдер анық шұрасының ажырамас болігі екені, оқшаулау, блектеуге үнемі кісішін келе бермейтін ескеріліп, жазылған жылдарына қараша озге өлеңдерімен топтастырып берілді. 1945 жылғы Толық жинақта да осылай етілген болатын.

Айдан шығармаларының осы екі томдық Толық жинақтың шынадан, текстерді тексеруге, ғылыми түсініктерді қарастыра 3. Ахметов, С. Қирабаев, С. Қасқабасов, К. Мұхамедханов, М. Мырзахметов, Ж. Ысмағұлов, Қ. Салғарин, Ә. Байтапшев, Ж. Шойышбетов жинасты.

Гүсініктерін Қ. Мұхамедханов (өлеңдер), Ж. Ысмағұлов (аудармалар, кара сөздер), С. Қасқабасов пен Қ. Салғарин (шынадар), М. Мырзахметов (кара сөздер) жазды.

Кіті аттарының түсініктерін С. Қасымбеков, шығармаларының алфавиттік көрсеткішін Ш. Әлдібекұлы құрастырды.

Айдан шығармаларында кездесетін араб-парсы сөздерінің сөздемін филология ғылымының кандидаты М. Мажсенова жасады.

## **КЕМЕЛ АҚЫН, КЕМЕҢГЕР ОЙШЫЛ**

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, мәндей алды ақын екені, таңдаулы туыштылары дүние жүзін поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес түрғаны – білген адамға айқыш шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаган жүздеген ерен жүйрік жырау, жырышы, ақындары бар казақ әдебиетіндегі Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Ұлы ақынды заман туғызады дейміз. Бұл ап-айқыш, үйренишкіті қағида көрінгенімен, зер салып қарастыруды қажет ететін өте күрделі мәселе. Бір дәүірде, тіпті бір ортада өмір сүрген ақындардың да суреткерлік деңгейі, ақыл-парасаттың қөтерілген биігі әр келкі болатынын дәлелден жату артық. Заман, қоғамдық жағдай – ақын, жазушы творчествосының өмірлік тірегі, негізі, түп тамыры. Ал ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние-болмыстан алатын әсерлері сан алуан, оны бірнеше нақтылы жай-жағдайларымен шектеуге, бір жақты, тар көлемде түсінуге болмайды. Бағсты мәселе – Абай халықтың тубегейлі мұддесі, арман-тілектерін қашалықты терең үгіт-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алғандығында. Ақын үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып, жетеп, кемеліне келуі үшін тиісті қоғамдық жағдай, аса зор дарын мен даналық, уздіксіз еңбек, іздепіс – міне осылардың түйісін келуі шарт.

Абай қазақтың жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің, негізін салды. Абайдың шындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сырыйл лириканың сирек кездесетіш шебері. Сонымен бірге Абайды ойшил ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айтудың басым келетін өлеңдеріне қатысты айтамыз. Сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жасайлы пікірлері, дүние-танымы қебірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада да айтамыз.

Ақын тұлғасы – поэзиядағы стилдің түпкі тірегі. Ақын стилін, ойлау, суреттеу мәнерін, колтаңбасын, сөз қолданысындағы өзгешеліктерді – бәрін де айқышдайтын, белгілейтін сол. Ақынның тұлға-бітімі, дарын даралығы қандай болса, стилі де сондай болады. Ақынның ойшылдығы, суреткерлігі, сырыйлдығы оның стилінен ап-апық белгі береді. Бірақ қозғаған тақырыбына орай кейде нақты бір шығармада бір қасиеті, тағы бірде басқа сипаты басым болып, ақын тұлғасы әр қырынан көрінуі заңды.

Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұмас бір тарихи дәуірді жаш-жасқты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ ақын творчествосы жартығасырыды камтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, он сана, үгым-түсініктедің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқыш, шұп-тамыры арыода жасатқанын ескерсек, Абай поэзиясы котатышын дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы үшінші тағдырын, үлттық мінез-құлқын тарихи түрғыдан көп ариада алып, қоғам көшінің, жеткесін жерін ғана емес, оның жолыш да танытарлықтай етіп көрсете білді дегеніміз жет. Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық професиялардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, еңбексүйишилік, шалаптылық, ададық, солармен қатар озбырлыққа, шының ұлтыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-кулак, мәселелері қай заманда да мәнін жоймайтындығын жетпе қашша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен үшінші тағдырын үлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері таңғырын жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып үшінші, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, сонын ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-түсіп үзек себін тигізе алғатынын мойындаудымыз керек. Олай болса, Абай творчествосын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалашиби, оны магынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші ғұмының дең санауға болмайды, ол — заман ауысып, уақыт үшінші сайын қоғамдық ой-сананаға ықпал-әсері арта түсін, орқанден, дамып отыратын асын мұра.

Тарихи принцип Абай творчествосының сол дәуірдегі қоғамдық өмірмен тамырластығын танып-білуін бірден-бір жаңешіл шарты екенін мойындаі отырып, ақын шығармашырын бүгінгі оқырмандар қалайды өздерінің өмірге көзқарасы, әмбап-мұраттарын жалғастыра, жаңастыра қабылдайтынын жағын жоққа шығара алмаймыз. Ендеше Абай шығармаларының қатынас қоғамдық өмірде қандай орын алғатынша, ой-санамызға қандай схер беретініне, танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін шыншылдуга да көніл аудармай болмайды. Осы бір-бірімен тыңыз үшіншістың екі принциптің біреуіне ғана назар аударылып, оның ішінде слейбесе, ол мәселе жаңа-жасқты байыптау мүмкіндігін шиктепілі, қалайды үстіртін, женіл корытынды түйін жасасауға жеткіліктесіндейді. Абай творчествосының өз заманымен, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндеттік атқарғанын сөз өнерінде не жаңағынан жаңағын толық түсінсек, соңда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазірға заманда қоғамдық ой-сананың әдебиеттің оғасынде оның қаптайдай ықпал жасап келе жасатқанын толық анғара алмаймыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршешендігін, заман озған

сайын маңызы, әсері қанышалықты қүштеге түскенін зер салып байыттасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-касметтерін айқыннырақ тани аламыз.

Абайдың заманы, өскен ортасы, өзінің өмір жолы туралы аз жазылды демейміз. Кәкіттай Ысқақұлы жазыны, ақынның 1909 жылғы жисинағына енгізілген мақаладағы дөректер (Әлихан Бөкейханов та Абай өмірі туралы алғашқы мақалаларын соларға сүйеніп жазған) кейін бірте-бірте толықтырылып келді.

Мұхтар Әуезов осыларды және өзі жисинап қосқан материалдарды негізге алтып, ақынның өмірбаянын кеңейтіп, жүйелі түрде жазып шықты.

Ал Абай сөзіне баға беріп, ақынның қазақ әдебиетіндегі алдың орнын анықтау жасағыши 1913 жылы „Қазак“ газетінде жасырық көрғен Ахмет Байтұрсыновтың „Қазақтың бас ақыны“ мақаласын айрықша атаптаға тиіспіз. Осы мақаласында А. Байтұрсынов: „Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білеміп ақын болған жсок“, — деп Абайды аса жоғары қояды.

Қазақтың зияллылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакын Дулатов және Шәкерім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді өлең сөздің өрен жүйріктегі Абай сөзінің, қадір-касметтің бірден-ак әбден түсіне білді десек те, ұлы ақынның әдеби мұрасына біртұтас орындықты көзқарас қалыптастыру онай болған жсок. Абайдың әдебиеттегі орыны анықтап, шығармашылық мұрасының танымдық, тағылымдық, көркемойік мәнін бағалау мәселесі өткен кезеңдердегі, әсіресе, 20–30 жылдардағы идеологиялық талас-тарыстармен байланысты болғанын байқау киын емес. Әдебиетке таптық көзқарас тұрғысынан карау бел алғаш кезде әдебиет тарихын тұрпаіы социологиязмінің, тар шенберінде алтып, біржакты түсінушілікке жол берілді. Осыған орай 20–30 жылдар аралығында Абай жоғары таптың ақыны, байшыл ақын деген секілді сыңаржас-солакай пікірлер аз айттыған жсок. Мұның өзі орыстың классикалық әдебиеттің ең ірі өкілдері Пушкин, Л. Толстой сияқты ақын-жазушыларды орыс қоғамындағы жаңашыл байлардың – либерал буржуазияның жырышысы болған деген пікірлерге жағғас, сондай пікірлердің орайымен айттыған еді. Абайды да жаңалыққа, өнерге үмттыған жаңашил байлардың тілегінен тұған ақын деп бағалау сол кезде бел алғаш таптық қағиданың әсері болатын.

Абай творчествосының зор қоғамдық, танымдық мәні өлі шеше, толық ашылып көрсетілмегендіктен, ол кездеңі мақалалар месі зерттеулерде ақын өлеңдерінің мазмұн-мағынасының ойының, көркемдік қуаттылығын, суреттеге, бейнелеп айтудың ишерлігін үгтип-түсіну жағы да жетімсіз болып жетатыны ондайлады.

(Одан кейінгі кезде де (50-жылдардың басы) Абай мұрасына қашысты кейбір күрделі мәселелер (мысалы, Абайдың алдындағы ізаар әкындармен жақындық-жылғастығы, Шығыс адептімінен байланысы, ақын шәкірттері т. б.) төнірегінде идеологиялық қатан қағидаларды желеу қылған әр түрлі шығасқын пікірлер бой көрсетіп жүргіді. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі 40—50-жылдарда кең көлемде жүргізілі, жаңа белеске көтерілді. Абайтанудың өз алдына дербес ғының саласы болып қалыптасуына Мұхтар Әуезовтің көп шыны зерттеу еңбегі пегіз, тірек болды. Әдебиетші ғалым-шығармачының көмекшілерінің, ақындық тілін, композиторлық шеңберін, аудармалар тобына қосылып жүрген өлеңдерін тереңдең түсінісін еңбектер жасырық көрді. Ақынның өмірі мен шығармашылығын кең қалыпты, тереңдең үгтип түсінуге, бірнеше арнаптағының зерттеулер жүргізуге М. Әуезовтың кейін шұтаса келе 4 томдық улкен эпопея болып шыққан роман-әдебиеттің 1942—1957 жылдар арасында бірінен соң бірі жасырық ішінде жасылды жәберді.

Абайтану жеке ғылым саласы ретінде кеңінен қанат шаштап кезде де, тіпті күні кешеге дейіш, әдебиеттегі шының жақтап „актандактар“ ашиғанша Абайдың өмір житін, ақындық өнерін түсінуге аса қажет кейбір мәсептерді, пактылаш айтсак, Абай мен Шәкерімшің шығармашылық үндестік-жасындығы, сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржасын Дулатов сияқты әкімшілдік мән Абайдың арасындағы әдеби дәстүр жылғастығы шырағынан соз қозғауға мүмкіндік болмады.

Дөнін поэзиясы қазақ әдебиетіндегі мұлде жаңа құбылыс, шаштап кең болғанын айта отырып, ақынның шығармашылық шығармашылығын пегізгі тірек, сарқылмас қайнар көзі халық поэзиясы, шығасын жырау, жырышы, ақындарды туғызған халықтың сан ғана шының бай әдеби мұрасы дейміз. Халық поэзиясымен терең шының ғасытығы Абайдың ақындық тұлғасына ана сүтімен шаштап қасиеттей үлттық, даралық сипат бергені даусыз. Қонышын көтіп Абай алғаш ақындыққа бой үрган кезінен оның шығыс ақындарының өлең-жырларын көп қызық-

тағаны, кейінірек өнерде тың жаңа өріс ізделген тұсында орыс классиктерінің (Еуропа ақындарының да) шығармаларынан мол әсер алғаны талассыз.

Абайдың алдындағы ақындардан *Бұқар*, *Дулат*, *Шортанбай*, *Мұрат*, *Махамбетті* айрықша бөліп айтуда болар еді. Эрине, олармен ғана шектелу мағынасында емес. Ірі тұлғаларды толығырақ қамтып айтуда қызы болғандықтан және осы ақындар Абайдың алдындағы қазак әдебиетінің басты бағыттарларын танытада алады дегендіктен. Сонда *Бұқарды* тамыры ерте дәүірден тартылатын, казактың XVIII ғасырдағы жыныстарының ең көрнекті өкілі, насиҳат, ғибрат түріндегі толғау, терме жырлардың асқан шебері деуімізге болады. Ал *Дулат*, *Шортанбай*, *Мұратты* Абайға жақын, тікелей жалғас заманшың, сол замандағы қоғам өмірінің құрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындар ретінде атайды. Осы ақындардың бұл ерекшелігі бүршің да талап айтылды, бірақ көбінесе олар ескі дәүірді көксеген, кертартпа ақындар еді деген түрғыдан қарап, біржакты бағалауға орын беріліп келеді. Егер осы біржактылықтан арылсақ, олардың әлеуметтік сыйындығын толық, әділ бағалауға жсол ашилады. Сонда олардың творчествосында әлеуметтік сарын Абай поэзиясымен үндес екені өзінен өзі-ақ айқындала тусаді. Осы жағарыда атапған ақындармен Абайдың жақын-жалғастығын, кейір тұста үлдестігін нактылы дәлелдеу үшін жекелеген үқсас сөздер келтіріп, салыстыру жасаудың қажеті шамалы. Мәселе тарихи-әдеби процестің жалғастығы жайындағы, жеке үқсас-тықтар ізден табуда емес. Ал әдеби дәстур, поэзиялық жаңарлар, бейнелеу тәсілдер жағынан келсек, әрине, тілге тиек етерлік жайлар табылады.

Айталық, *Бұқардың* толғау, терме жырларындағы пакылмен келетін шешендей үлгі кейір Абай өлеңдеріне де жақтады. Бірақ Абай *Бұқар жыныстар*дың, жеселі ойды өрбітіп, әр жайиды, әр нәрсесін тізбектеп, теріп айтпайды, көбіне көп ойын өрістіте, қозғаған мәселеесін талдан айтады. Айталық, сирттай қарағанда Абайдың „Интернатта оқып жүр“, соның жалғасы болып келетін „Фылым таптай мақтанды“ деген өлеңдері қазак поэзиясында бүршіннан келе жақтап насиҳат, ғибрат түріндегі өлең сияқты көріну мүмкін. Ал бірақ нактылы мазмұн, идеясы, айтатын ой-пікірін таратып, әр жай-жағдайда талдан айтуды жағынан мүлде жаңа, соны туышты. Осыда-ақ біз Абайдың өзінен бүршігі ақындарға кейір жаңарлық үлгіп, көркемдік тәсілді колдануы жағынан жақындығы бар дегендеге де, оның өзіндік өзгешелігі, жаңалығы және бар екенін көре білу қажет екенін байқаймыз.

Ал Абайдың өзі кейбір ақындарды сынайтынын еске алған, мүшін ғасқалармен өнер өлиесу, өзінің поэзиядағы штатш базытын, желгеги жсаналығын терең түсінум мақсатынан шұтапсыз хак.

Бұкар, Дулат, Шортанбайларды айтқаңда, Абай көбінесе олардың өлең-жырларын емес, алдымен сол, сондай оңтүстіктердегі қалыпты, бүріннан бар айшықты, нақыл сөздердің мол қолдану тәсілін сынаган деудің де қисыны жеке Абайдың Абай импровизаторлық өлеңді суырып салып анынды, яғни, ертеден орнықкан ауызша айтып шығару дәл шүрші туғелдей жекқа шығарған деу, әрине, шындыққа жетекшілік.

Абайдың ақындық тұлғасын, жсан дүниесін, арман-мұрашын ең толық, ең терең, ең дұрыс танытатын — әрине, оның поэзиясы, асқақ шабыттың құатымен жүргегін жасарып иншакшы, ишешін жасасуынадай жасасандылығы жеке өлеңдері, жаңы мен оттан жасаралған “өздері. Ақын жүргегінің түбіне тиесін бойлаймыз десек оның поэзиясына бар ықыласымызben, үшінші ішіншінде зер салу қажет.

Іюлі жашактарында басылып жүрген шығармалар оның оң штатдауымен іріктелмеген. Сондыктан кейбір өлеңдер әкіншіңің білік талғамына сай, өз сыйнаша да толымды дерлік-тилек орнібесе, кейінгі шығарушылар жинап коқсандықтан ілесін жүргізу ақын сөзін бағалаушылар естен шығармағаны аблаз. Ендеше ақындық шеберлік дегеніміз ең таңдаулы, сол қалыңгердің өзі ғана жаса алатын үздік тушишылармен өлшемен-шілдес. Абайдың ғана аузымен айтылуға лайық, оның өзінің көркемдік шеберлігі, басқаға үқсамайтын қолтаңбасы, оның, сойлеу өзгешелігі, стилі анық көрінетін өлеңдер — үшіншілік-суреткөр ақындың алып тұлғасын танытатын, шын, шыншылар болса керек. Абай поэзиясын, барлық шығармаларын мұрасын біртұмас ақындық әлем деп қарап, шын же ол өлеңдердің өзге өлеңдермен жасасымын, сабак-шыншының байқай алғанда ғана олардың әр кайсысының шыншыл-матынасын шегұрлым анық, дұрыс түсінуге толық шыншылдік шуады.

Іюлі шығармаларында алдымен мейлінше мол, әр қырынан оғаншын, әріше, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик ақын ғолам омірінің шындығын өз көңіл-күйін білдіру арқылы, өз оған шоқшыстыры, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны табиғиеткен ой-сезімдерден, шыншын, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, когамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның катынасынан, берген бағасынан айқындала шыншыл, жаш-жасқын толық көрінісін табады.

Ақын бейнесі өдегеніміздің өзі де ылғы бір қалыпта, біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан, әр жағынан анылып отырады. Көптеген өлеңдеріндегі ақын өз көніл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. Өлеңдері кейде сұхбат, сырласу, кейде насиҳат, кейде ойға шому, ой толғау түрінде әр алуаш болып келсе, ақын бейнесі анық, айқын қалында танылады. Ал кейде ақын өлеңін өз атышы, бірінші жақтан айтқанымен, өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтының байқалады. Поэзияда ақын өмірде болғанды ғана емес, болатыш, болуы мұмкін жайларды жинақтап, шындыққа сәйкестепеңдіріп айтатыпдықтан өлеңдегі ақының бейнесі кейде осындаи лирикалық тұлға қалында көрінеді. Эрине, лирикалық тұлғаны ақының өз бейнесін мұлде белекстеп, ажыратып алған қызы, бірақ одан өзіндік айырмасы барлығын көрмеуге болмайды. Сол айырманы ескеріп, ақын өмірде болмаған, бірақ болатыш, болуы мұмкін шындық жағдайды өз атышан айтса, мұнда өзіндік көркемдік заңдылық бар екенін үмітпау қажет. Айталақ, „Сен мені не етесін?“ деген өлеңпен осындаи лирикалық тұлға айқын бой көрсетеді. Сондықтан осы өлеңдегі сөздерді, мысалы:

Ажат уақыны  
Жетті,  
Мен алейін, сен-ақ сау бол!--

дегенді біреуге ақын өзі айтып отыр екен деп түсінуден гөрі, бұл жинақтаған лирикалық тұлғаның атышан айттыған сөз деген түсінген жөн.

Ал ақын бейнесінің басқа қырларына келсек, кейде ол нактылы бір жаиды, жағдайды айтушы, баяндауды ретінде көбірек көрінеді. Мысалы үшін „Байлар жұр жиған малын қорғалатын“, „Қыран бүркіт не алмайды, салса бантап“, „Асқа-тойға баратұғын“ сияқты өлеңдерді атаяуға болады.

Кейде ақын өлеңінде басқа адамның көніл күйін суреттейді. Мысалы, „Қызырын, сұрланып“ өлеңіндеғашық жастардың махаббат сезімі өз шындығымен алдымен көрініс тауын, оны сипаттан жеткізген ақын бейнесі алға шығарылмай, масада тұрады. Сондай-ақ табиғатты суреттейтін өлеңдерде де ақын — көбіне-көп баяндаушы, бейнелеп айтушы. Оның өзінің табиғат құбылыстарын қалай сезінетіні айқын, анық аңгарылып отырса да, алдымен көзге көрінетін пәрсе — табиғат көркі, табиғат аясындағы елдің өмір-түрмисі. Адамның портретті, мысалы, сұлу қызының пішінін, бой сымбатын суреттейтін өлеңдер жайлар айтсақ та, ақын өзі сол портретті

шүсіндеуі дейміз. Ал тағы бір алуан өлеңдерінде ақын нақтылы  
шір кейінкерді, мысалы, болысты сөйлемету арқылы ойын білдіреді.  
„Жісіт сөзі“, „Қыз сөзі“ атты хат түріндегі өлеңдер де осы  
шешнепес.

Сонымен қатар Абайдың өлеңдерінде әртүрлі топтың  
тікілері, әрқиыл мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады.  
Мысалы:

Жақсыга айтсан, жаңы еріп,  
Үгар көніл шын беріп.

Жамандар еңбек қыла атмай жүр

Кейіде топтан айту үшін біреу („Пайды үшін біреу жолдаст  
оюштаңда“), әркім („Әркім жұр алар жердің ебін қамдаң“),  
кейбіреуі („кейбіреуі – закопашік“), кейбірі („кейбірі пірге қол  
нарлаң“) деген сияқты сөздерді де колданады. Тіпті сөзін  
шылдаушыларға қаратып айтын, сен, сендер, өздерің деп  
таптырып, көпшілікті мінездей, сипаттан көтептің де кездеседі.

Мысалы:

Жұмыссыз сандай,  
Еріксіз малды аз  
Леген кім бар сендерге?

Топтан сипаттаудың ең көлемді, аукымды түрі ел, жұрт-  
тты айттын, көпшілікті, бүтін бір қауымды мінездесу болса керек.  
Мысалы:

Ет андып сені,  
Сен андып оны,  
Қылт еткізбей бағын кор.

Оринемен ет кетті,  
Қокыланды, мактапанды.

Тоңкереліп құбылған жүрт бір сагым...

Сендерге де қанықтын,  
Жүрттын анау баяты.

ІІ, жүрт деген үфымдарды Абай қалың ел, қазақ жұртты,  
алық деген кең мағынасында айтты, бүкіл халықты тұтас

алыт мінездеу үшін де қолданады. Мысалы үшін „Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым“,— деген басталатын өлеңді еске түсірсек жеткілікті. Ал кең мағынасында халық бейнесі бұған қоса жоғарыда айттылған сан алуан топтардың өкілдерінен, әртүрлі мінез, іс-әрекеттердің иесі болып көрінетін адамдардан жинакталып, қосыла келе толық көрініс табады. Олардың бері бірдей жеке алғанда толық тұлға болмаса да, қат-қабат мол өмір тартысын бейшелейтін кесек, көркем шығармадағы әр жерден бір қылаң берін қалатын жсанама, өткінші ұсақ кейіткерге үксаса да, жиынып, көбейе түскенде қалың қауым, халық туралы түсітілімізді толықтыруға себін тигізеді.

Ендеше Абай поэзиясында кездесетін көптеген кейіткерлер мен топтардың мінез-құлығын, әдем-әрекеттің талдан, саралап ташумен бірге өзара байланысты қарауда қажет.

Әрине, ақынның поэзиясындағы тұлға-бейнесі мен халық бейнесі деген үгымдардың арасында да жалғастық, сабактастық жоқ емес. Ақын бейнесінің өзгешелігі алдымен оның халықтың өмірін, тағдырын қалай түсіне білетіншіне байланысты. Ақын өзі туралы айта отырып, ел жаійш толғайды, халық туралы айтады. Ұлы ақын өзі жайлы, өзінің жеке басы туралы айтқанда да, жалтыра ортақ жайларды айтады, бүкіл адамзат тағдырын ойлан толғашады деген пікірді атакты сышы В. Г. Белинский өз кезінде-ақ орынды түйіндеғен ғой.

Ақынның поэзиядағы өз тұлға-бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай ташитыныш, халықтың муддесін, арман-тілегін қалай түсінептін көреміз. Халық өмірінің, заман келбетінің поэзиядағы көрінісі арқылы ақын бейнесін айқыннырақ сезіне түсеміз. Жинақтан айтқанда, осының берінен сол дәуірдегі қазак өмірінің мол шындығын табамыз.

1886 жылы жазылған „Қартайдық, қайғы ойлаңық, үйкі сергек“, „Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман“, „Көнілім қайтты достан да, ұшыпашнан да“ өлеңдерінде Абай замана жаійш толған, әр топтардың өкілдері, әр алуаш адамдардың мінезі, іс-әрекеттің көз жіберді. Осы шығармалардағы айрықша өзгешелік — айту тәсіліндегі, стиліндегі карапа-йылдылық, пәлеведей өдемі дерлік, шиекейлі сөздерді қолдануға ұмтылмауышылық. Сонда осы өлеңдердің артықшылығы неде? Олар алдымен ақын ойының тереңдігімен, еркін тәғіліт отыратын оралымдылығымен, қоғамдық өмір құбылыстарының мәнін аныт, алаламай анық, айқын бағалап, талдан беруімен тартымды. Және бір назар саларлық жай — Абай „Қартайдық, қайғы ойлаңық“ деген сияқты өзінің қамыққан, қалыңғандай көнілік күйін осы өлеңдердің бастапқы жолдарындаған айтады. Осылай барып, ішкі сырғын актаратыш рай

көрсетеңді де, одан әрі бірыңғай айналадағы өмір, әртүрлі адамдардың жағымсыз іс-әрекеттері, қылыш-мінездері туралы айтуда ойысады.

Осындай ерекшеліктерді атаптаған өлеңге бастауымен де, негізгі ой-желісін өрістему тәсілімен де үндес, үқсас келетін „Картайдық, қайрат кайтты, үлғайды арман“ атты өлеңнен де айқын көре аламыз. Алайда бұл өлеңнің өзіндік өзгешелігі қандай деген сауал қойсак, мұнда ақыш салған жердең, бірінші шумақтың өзінде-ақ басты идеясын ашып көрсетіп, жсанып ауыртқан не нәрсе екенін анық аңғартатыны дер едік.

Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,  
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Міне, өлеңнің қызықты ойы да, бастапқы тезисі де, корытынды түйіні де осы сөзге сыйып тұр. Ары қарай ақын осы ойын нақтылап, „бай алады“, „би мен болыс алады“, „жарлы алады“, „жай алады“, „дос алады“ деп таратып айта келіп, жұз қараға көз тіккен екі жұз аларман қатарына елубасын, сүм-сүркіяны да қосып, мал үшін арын сатудан тайынбайтындарды қатты қадалып шенейді, алымқорлық, малқұмарлық қазақ қоғамындағы үзкеп бір індетке айналғанын ақын ашына айтады.

Қара қарға секілді шуласар жұрт,  
Кім көп берсе, мен соган серт берем деп.

Жемге таласқан қарға-құзғышдар бейнесі қомағай, тоғымсыз адамдардың жағымсыз мінезд-әрекеттің көзге айқын елестетеді.

Ақышын өзі өмір сүрген ортасы, тағдырдың талқысынша туғін, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін асқап көркемдік шеберлікпен суреттейтін „Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым“ өлеңіне айқын көреміз.

Осы өлеңге, домбыра сазындағы алғашқы құлақ қүйіндей болып, жүрек толқытатындаид жылы леп беретін „қазағым“, „елім“, „қайран жұрттым“ деген ақын туған халқы үшін жсаны ашип, елжіреп отырғанын көрсететін сөздер ошан кейінгі айттылғаниның бәріне басқаша мағына, өзгеше ренж дарытады. Дәл осындаид терең толғаныстан шыққан сыйылдыққа толы өлеңде мұндаид сезім жылылығы кездесе бермейді. Соңдықтап да елдің күйзелген жағдайын аңдататын:

Үстарасыз аузыңа тұсті мұртың,  
Жақсы менен жаманды аймадың,  
Бірі май, бірі қан бол енді екі үртых,—

деген сипаттаулар жалпақ жұрт туралы айтылса да, артық айтылғандай сезілмейді. Ондай сөздерді де, немесе:

Бет бергенде шырапыйн сондай жақсы.  
Крайдан ғана бұзылды сарпина сыртын;—

дегенді де барлық адамға, сол кездегі қазақ атаулыға түгел бірдей қатысты көрмей, нысаналы жеріне барып тиетін сөз деп түсінгендейміз. Адал көнілмен айтылған сын да сау жерге емес, тек жаралы, ауырғаш жерді ізден тауып, соғаш ем болатын дәрү секілді болса керек.

Қажет деген жерінде ақын сөз тигізетін адамдар тобыны саралап, бөліп айтады. Мысалы: „ұқпайсың өз сөзінен басқа сөзді“ деген өңдей кырт, мылжысың адамдарға қатысты болса, „бас-басына би болғаш өңдей қиқым“ дегені елдің сиқыш бұзып жүрген, қолындағы құші азайған, ұлыққа, мансабы жоғары чиновнишке бағынышты болыстарға қатысты.

Ал енді жалпы жүртқа қаратаң айтылған:

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды білінгенші, бакқан жылқыны.  
Баста мый, қолда маңта жалас қылған  
Күш сынақсан күндеестік бұзды-ау шыркыны. —

деген секілді сөздер халықтың қамын жеп толғанған ақыншын жүргегішін түкпірінен шыққаідай сезілеңді де, мөлиерсіз қатты сын деуге келмейді.

Абай поэзиясындағы бірнеше өзекті, маңызды тақырыптар түйісін, шоғырланып келетін өлең — „Сегіз аяқ“. Осы өлеңтіде ақын елдің берекесін көтіріп, көзін аштырмай отырған бір-бірімен дауласу, қастасу, өтірік арыз беру секілді жаман әдеттер екенін нақтылат көрсетіп:

Тағасып босқа,  
Жау болып досқа,  
Кор болып, күршп барағын. —

деп өкіншін білдіреді.

Елді бірлікке, татуулыққа шақыру — өлеңнің ең бір құшті сарыты.

Бірінді, казак, бірінді дос  
Көрмесен, істін бөрі бос,-

деген үлкен қоғамдық мәні бар терең мағыналы түйінді ойын ақын ерекше тебіреніспен айтады.

Абай поэзиясындағы психологиязм, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, қандай жағдайда қандайлық әрекет ететінін ашып көрсете шеберлігі жағынан алғанда үздік шығармалар аз емес дегендеге, алдымен „Бөтен елде бар болса“, „Сабырсыз, арсыз, еріншек“ секілді өлеңдерді атауға болады. Қын-қыстау жағдайда жалтарғыш, „бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып“ қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін ақын осы өлеңдерінде тан басып, нақтылы сипаттаған. Осындай шынайылығы, суреттеу тәсілінің ұтымдылығы жағынан Абай шығармаларындағы казак әкімдершің, ел билеушілерінің бейнесі де кем түспейді. „Болыс болдым, мінеки“ атты өлеңі болыстың монологы түрінде құрылғып, кейінкердің атышан онын өз аузынан шыққандай болып айтылған сөздер, өзі баяндан отырған іс-әрекет, мінез-қызықтары арқылы сол болыстың тұмас бітімді соли тұлғасы жасалады. Осышау кейінкердің бір сәт ойға кетіп, болыстыкқа жету үшін қаідай қам жасасағанын, қания мағын шашып әүреге түскенин, болыс болғандағы іс-әрекеттерін, әртүрлі адамдармен қарым-қатышасы – бәр-бәрін көз алдыши өткізін, өзіне өзі есен бергендей, тұжырымдан бағалағандай болып отырған қалты мейлінше нағымды да, әсерлі-ақ! Абай осы өлеңінде алдына жасан салмайтын мысқылысы, сатирик ақын, кемел психолог-суреткер ретінде әсіреле айқын ташылады. Бір гажабы – өлеңде әдебій әсірелеу арқылы күлкілі жағдай туғызу деген мүлде жсөк. Баяндалын отырғап – сол заманда қазак қоғамында болыстық үшін таласқан адамдардың басында үнемі кездесіп отыратын жағдайлар.

Абайды ойшыл, қайраткер ретінде қалайда қасаң қағидалардың шенберіне сыйғызуға тырыскандық кейін де кездесіп жүр. Мысалы, Абай ағартуышы-реалист немесе ағартуыш-ойшыл деп, және осыны ол тек білім-ғылымды ғана қоғамдық өмірдің тірекі, өмірді өзгертетін күш сол ғана деп санаған дегендеге түсінік те жсөк емес. Абайды ағартуышы дегендеге орыс қоғамында немесе Европа елдерінде бір-екі ғасыр бұрын болған ағартуышылық ағымға, қоғамдық ой-пікірлерге байланысты қарастыру есібір кисынға келмейді. Абай әдебиет әлемінде көрінген кезде орыс мәдениеті мен әдебиеті бұрынғыдан бірнеше саты көтерілгенін, онда реалистік және сыйшыл реалистік

049171

Петропавловская  
центральная

багыттар дамып, өркендегенін, қоғамдық ой-пікірлер, адамгершілік ідеялардың да өрісі биіктегенін ескерсек, ол осы жаңа замандағы озық ой-пікірлерге, әдеби ізденістерге көз салғаны, солардың деңгейіне көтерілуге үмтүлғаны айқыш емес не? Абайдың қоғамдық мұрат-нысанасы туралы айтқанда, ол адамгершілікті, әділдікті насиҳаттан, елді адап енбек етуге шакырып, білім-ғылымды, өнерді халықтың қажетіне жаратуға алдымен мән бергенін естен шығармау қажет.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады.

*Қайрат пен ақын жол табар.  
Кашканға да, құганға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар тұганға.*

*Бастапқы екеу соңғысыз,  
Біте қалса қазакқа,  
Алдың – жалын, пртың – мұз,  
Барар едің қай жаққа? –*

дейді ақын „Эсемпаз болма әрнеге“ деп басталатын өлеңінде. Сүйітіл ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді.

Фылым-білімді уағыздаган ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жағарғы бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл-таразы, („акыл – мизап, өлишеу қыл“), дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ақылды қара қылды қырыққа болмек,  
Әр нәрсеге өзіндеі бата бермек.

Абайдың бұл пікірі фылым үйренуге үмтүлған жақстарға айтқан сөздерінен де айқыш танылады. Айқыш жақстардың басқалар айтқан сөзге ермей, ақылмен өлишен тапқан өз пікірі болу керектігін айттып, сол пікірде табандап тұра білуі қажеттіліне ерекше назар аударған.

Абай ақыл туралы айтқанда, ақылдылық, естілік деген үғым мен ақылмен танып-түсіну қабілеттің білдіреттің үғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. „Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек“ дегенге Абай ақылды осы соңғы мағынасында алғаш. Философиялық тұрғыдан келіп ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі үғым деп

*Караған Абай „сүйк ақыл“ мен „ыстық жүрек“ (ыстық сезім) бір-бірін толықтырады дең санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер косылса, адамның қасиеті кемеліне келеді дең есентейді.*

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей үста,  
Сонда толық боласың елден болек.  
Жеке-жеке біреуі жарыппайды.  
Жол да жоқ жарымчесті жақсы демек.*

*Абай сөзінің мәні терең келеді, сондықтан кай сөзді болып жесенілдептін, үстірт қарап, бір жақты түсінуге жісол берілмеу керек. Мысалы, жастардың ғылым үйренуі туралы айта келіп:*

*Ақсақал айтты, бай айтты,  
Кім айтса мейіл, сол айтты.  
Ақыменен жесенін,...*

*дегендеге ғылыми пікір қорытуда, дүниетаным мәселесінде кімшің де болып жасы, маңсабы, атағына қарамай, тек қана шындыққа жүгіну қажет екені шегелеп айттылған. Сонымен қатар Абай „Қартайдық, қайғы ойлаудық, үйқы сергек“ дейтін өлеңінде шынға сенбей, жоққа сепетін адамдарды:*

*Ақсақалдың, өкенің, білімдінің,  
Сөзінен сырдац таршын тез жириенбек,...*

*дең сыйнайды. Сырт карағанды осылар екі түрлі, тініті бір-біріне қайшы пікір секілді көрінүе де ықтимал. Ал тереңірек үнілсек, әр қырышаң келіп айттылған, бірш-бірі толықтыра, айқындаі түсестін сөздер. Ғылымда басқаның пікіріне сыш көзімен қарау қандай қажет болса, өмірде жесеніл-желті әңгімеге әуестепбей, білікті, тәжірибелі адамдардың сөзін ұғып, тәлім алу да сондай қажет екенін ақын орынды айтқан.*

*Абай өмір, дүние-болмыс туралы ойларының қорытын жинтақтан айтатын сипаты және әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, қоғамдық құбылыстардың өзара себен-салдарлы байланысты келетінін терең түсінүе жағынан үлкен философиялық мәні бар екені талассыз. Сонымен қатар ол философиялық ой-толғамдарын көбінесе ақынша айтатынын да ескерген жән. Ақын ғылыми ұғым тілімен сөйлеуге тек қарасөздерінде ғана барады.*

Өмірдің өтүі жайлы Абай бірде философиялық толғаныс түрліде айтса („сағаттың шықыпдағы ермек емес“), тағы бірде ойны нақтылы сурает арқылы елеуестемін көрсетуді мақсат етеді.

Тотың құс түсті қобелек,  
Жаз сайларда ғұлемек.

Мұны оқығанда ауылдың шетінде бәйшешек, гүлдер жасайқалған даланың сайы көз алдымызға келеді. Бірақ бұл әдемі табиғат көрінісіне ықылас қойын, қызықтағандай күйімізді ақын кенет өзгертіп, басқа арнаға бұрып жібереді:

Бәйшешек солмақ, құйремек,  
Көбелек өлмек, сирлемек.

Жаңағы көркем сезім-әсерді таратып жібергендей, жоқ қылғаңдаидай ой-толғаныс жасадың ертең-ақ өтпе шығатышын, күзгі салқын түсіп, гүлдердің тез солатышын, көбелектер азайып, жоғалатышын еске салады. Өмірі қысқа көбелек пеп гүлді айту арқылы адамның өмірі де соншалықты үзақ емес қой деген ой қөнілге өзі-ақ келеді. Абайдың осы тұста адамның өмірі жайлы толғануға аудисатыны тегін емес. Ақын адам өмірден пеп іздел, пеп күнкөріс қылады деген сұраққа тұжырымды жауап береді:

Адамзатқа не керек:  
Сүйлемек, сезбек, кейімек,  
Харекет қылмак, жүгірмек.  
Ақылмен ойлан сойлемек.

Адамның өмірі мағышалы, сашалы болу керек деген байламыш осында айқын айтып жеткізеді де, енді ойны жаңа бір қырыштан алып өрбітіп, адамның өмір сүруі, іс-әрекеттері, алдыша қоятын мақсаттары өз заманына, заман талабына сәйкес болуы қажеттігін айрықша ескертеді.

Ор кімді заман сүйремек,  
Заманды қай жаңа билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек.

Үлкен философиялық мәні бар осы тұжырымының қоғам өмірінің құрделі заңдылығын, елеулі шындығын терең түсіну

негізінде айтылғаны анық. Сашалы, ойлы адамның артықшылығы заман талабын, әлеуметтік өзгерістердің бағыт-бағдарын дұрыс түсіне білу болса керек.

Абайдың еткенге көз жіберіп, өмірдің өріне шыққан тұста, енді алдағы жаңа өзгерісті кезеңін шолған өлеңі – 1890 жылдың „Келдік талай жерге енді“.  
Бұл өлеңтің анық байқайтынымыз – Абай лирикасының сыршылдық сипаты кейде өзімен өзі сырласқан қалпынан да айқын көрінеді. Өзіне өзі бүйрек бергендей, оған өзі жасаудан айтканадай, сөз жасарыстыра толғашады:

Барма топқа шакырмай,  
Жат үйінде шатылмай,  
Шыдартмын ба, ятырмай,  
Жатуға шықпай үйде енді!

Осындай терең сыршылдық сезіммен айрықша тебірепін сөйлеуі ақынның үлкен толғаныс үстінде отырып, ең көкейкесті ойын ақтарын айтқап көніл күйіше әбден лайық. Өмірдің өрін тауысын, биік белгे шыққан кезіндегі ақышының алды-артына көз жіберіп, ендігі бетін айқындау максатымен айтқап ойнының түйіні:

Адам деген данқым бар,  
Адам қылmas халқым бар,  
Тұра бойым шіміренді, –

дейтін, кім-кімді де селт еткізбей қоймайтын сөздері болса керек.

Бұл сөздерде абыржысу болса да, айну жеке екені, өмір бойы білімсізben алысын келген ақын тыныши жасатуға шыдай алмайтыны еш күмән туғызбайды.

Қайы шығып ишкка,  
Камалитпасын тұйыққа,  
Сергі, көтім, сергі енді! –

Деп отырған ақын өлеңін өн бойында өзіне өзі күш беріп, қайраттандырып, ширыға түседі.

Сыршылдық сипаты айрықша көрінетін көніл күйі лирикасы – Абайдың қазақ поэзиясына қосқан аса құнды жасандықтарының бірі. Өзі сыршылдық лирика болған соң онда қуашышта, қайы-мұнда, күйіни те – бәрі болатыны заңды құбылыс кой. Көніл күйі лирикасында ақышының өз жасан дүниесін сезіпүй

әсіресе айқын және әлдеқайда толық көрінеді. Осыған орай лириканың бұл түрі ауызша әдебиет дәстүріне жақын-дардың өлең-жырларынан гөрі жазба поэзияда кеңінен орын алады. Абайдың бұл саласа жетекшіліктерінде мұндағы сарын басым болса, ол оның сырышылдығы қоғамдық құбылыстарды бағалаудағы синшилдігі мен астасын жетекшіліктен.

„Сүм дүние тошап жетыр, ісін бар ма?“ деген өлеңіндегі Абай өмірдің өткізу жасалы толғанады. Өмір қыска, „алдамашы“, байлауы жок, дүние жалған, бәрі де уақытыша нәрсе дегендегі ұғымдардан ойшыл ақының жасалытын түйіші адамгершіліктің жағдайы үстәу қажеттігі – татулық, жақышыды сыйлау, кішінейіл болу, күлнұк, арамыққа бой үрмасу.

Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдеріндегі ақының ой-сезімі, жасан дүниесі де терең анылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталапбас, соны бояулармен бейшелеп берді. Тұған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын анғарылады. Абай пейзажды адамның тұрмысы кешеттің табиғи ортасы, мекен-жасай ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазак халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Табиғат лирикасының ішіндегі өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең – саятишылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін „Қансонарда бүркітші шығады аңға“. Бұл өлеңіндегі Абай аңшының құс салып тұлқі алуыш түрлі түсті бояумен бейшелепген суреттегідей көзге айқын елестете сипаттаған. Бірақ қылқалам шеберінің колышаш шыққан суретті дайын, тұтас қалышыда тамашалап, ал өлеңді оқығанда осы баяндалған, кимыл-әрекетке толы оқыға белгілі уақыт мөлшеріндегі көз алдымыздан үздіксіз өттің жетекшілік жағынан азарт алағызы.

Кейде казақ ауылшының тұрмысы жағдайын сипаттауға көбірек мән беріліп, табиғат тек халық өмір сүретін орта болып екінші қатардаған көрінеді. Мысалы, „Күз“ (Сұр бұлт түсі сүйк қантайды аспан), „Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“, „Кыс“ (Ақ киімді, депелі, ақ сақалды) атты өлеңдеріндегі ақын көшпелі тұрмыстың ауыртналықты жағын көбірек айтады, ал „Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“ өлеңіндегі әлеуметтік тенденцилікте де анын көрсетеді. Ал „Жаз“ (Жаздығын шілде болғанда), „Жазғытұры“ (Жазғытұры қалмайды қыстын сыйы) өлеңіндегі елдің кең далада, табиғат аясында бой жазып, жасын жақырап отырған кезін бейнелейді. Бұларда жарқын бояулар, ауыл өмірінің жақсы жағын айтту,

көтеріңкі леппен суреттегу басым келеді. Ақын көштепіл елдің өмір-тұрмысының ауырлығын, көлеңкелі жағын да, сонымен қатар ауыз толтырып айтарлық күнчеги жағын да көре білген. Бірақ бір өлеңде айтқаның басқа өлеңінде қайталаі бермейді. Олай болса., бір кездегі осы өлеңдердің кейбіреуін (мысалы, „Жаз“ өлеңін) бөлек алғып, қоғам өміріндегі қайшылықты, кедейдің ауыр халін көрсету жағы әлсіз дең сын айтуышылық, әріше, орынды болғап деуге келмейді. Абайдың табигатты бейшелейтін өлеңдерінен мол өмір шындығын, теңдесі жоқ суреткерлікті көреміз. „Желсіз түнде жасырқ ай“ дейтін өлеңінде ақын жазда өзен жағасына көшіп келіп қонып отырғап мал бақкан ауылдың өмір-тұрмысын шебер сипаттайды. Қазактың даласы, түні, айы, тауы, өзен суы, жасандырығы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасасын шебі, көшипелі елдің қоғасын қоныс-жайлайуы, баққап малы, түп күзеттін сак малишалары, жастардың пәж, таза сүйіспешілік сезімі, маҳаббаты, жастығын, алғашқы маҳаббатын сағышын еске алған қазактың осындағы айлы түліде ауыл сыртында, аулакта жолығатын шағын армандауы – осының бәрі бар болғаны 20-ақ жсол өлеңнен көңілге шәзік лирикалық сезім үялатқандай айқыш елес береді. „Жаз“ (Жаздығын шілде болғанда) өлеңінде де жанақ қонысқа, жайлайуға көшіп келген ауылдың тұрмыс-тіршілігінің тұмас бір көрінісі бар. Бірақ мұнда тышымсыз әрекет, кимыл-қозғалысты сипаттау шеберлігі тан қалдырады. Жыр өлишемімен жазылғап женіл, ойшақы ырғакты өлеңде ақынның құлын-тайшардың шапқанын бүлтүлдап деп, үйрек-қаздың жоғары-төмөн үшінен жүргенін сымылдап деп, үй тігіт жатқан қызы-келишектердің жүргісін былқылдап, құлғенін сыңқылдап деп, ондағап осындағы сипаттама сөздерді бірынғай үйқастыра тізбектеп келтіруі абыр-сабыры көт өмір көрінісі көз алдымындаи өтін жатқаңдай әсер етеді.

Абай сөз өнерінің, өлеңнің, ән мен күйдің қоғамдық маңызын аса жоғары бағалағаны жсі айтылып келеді. Ақын поэзияның танымдық, тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны адам мінезін, заманы түзетудің құшті құралы деп қарағашын көптеген өлеңдерінен, әсіресе сөз өнері, ән-күй туралы ой-толғамдарын арнайы баяндайтын „Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“, „Өлең – сөздін патшасы, сөз сарасы“, „Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол“, „Көніл құсы құйқылжыр шартаранка“, „Адамтың кейбір көздері“, „Күлақташ кіріп бойды алар“, „Өзгеге, көнілім, тоярсын“ секілді шығармаларынан толық байқаймыз.

Абай өлеңді, поэзиялық шығарманы кім қалай қабыл-дайтынына, ягни, тыңдаушыларға үлкен мән береді. Сөздің түсінітін, зейіні жетеп үрнатын, содан өзіне сабак алатын адамдар болсағана, оның ықпал-әсері күшті болатынын естен шығармайды.

„Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен “деп отырған Абай қазақ поэзиясындағы сап алуан жаңардағы өлеңдердің, жырышырау, ақындар тұғызған шығармалардың күнделілігін айрықша дәлелден неге айтпаған деудің өзі артық. Ал Абайдың „сөз түзелді, тыңдауышы, сен де түзел“ дей отырып, өлең-жырларды бағалауга үлкен талғамтаздықпен қарайтыны, „көр-жерді өлең қылған“, сый дәметін мактау өлең айтуда бейім тұратын ақындарды қатты сынап, шенейтіні аз айтылды демейміз. Тек, мәселең жаңа-жақты қарау кейде жетіспейтініне назар аудармақымыз.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырумалап,  
Оншійн күн откізбек әлгімелеге,  
Тыңдар елдің бір сөзін мынга барап,—

дегіді ғой Абай. Осы айтылған сөздерге қарап ол батырлар жырыны, ғашықтық жырларды түгелдей мансұқ еткен, жоққа шығарған, олардан үзілді-кесілді бас тартқан деуге бола ма?

Сол сияқты:

Ескі бише отырман бос мақалдан,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зардан.—

деген сөздеріне қарап, Абай билерді, билердің сөзін (шешенідік сөздерді), бүршілік жырыши, жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын бағалы, құлды нәрсе дәп санамаған, ескі ақындардың бәрі өлеңді пайда үшін, мал үшін айтқан деуге болмайтыны анық. Қазан төңкөрісінен берігі дәуірді асыра мактаған, өткен заманды қатал, көртартпа, топастыққа жол берген деп бірыңғай сынап айтқап кездерде билердің сөзіне, көптеген ақын, жыршылардың өлең-жырларына тиісті, жеткілікті мән берілмеген жағдайда жаңағайда сөздердің мағынасы, әріне, үнемі дәл, дұрыс ашылып келген жоқ. Олай дейтініміз, Абайдың:

Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Бидү тақтап, мактап бар, байқап кара.—

дегені қоса, бірге айтылмаса, сол сөздердің мағынасы өткен замандағы әдебиет туралы тар, таяз ұғым-түсініктерге орай оп-оңай бүрмаланып шыға келетінін талаі байқады.

Назар аударарлық жай – Абайдың өлеңдерінің ішінде өз-ге шығармаларына үқсамайтын, мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. „Сегіз аяқ“, „Сен мені не етесін“, „Қансонарда бүркітші шығады аңға“, „Қалың елім, казағым, қайран жүртүм“, „Жаз“ (Жаздығун шілде болғанда), „Желсіз түнде жарық ай“, „Болыс болдым, мінеки“, „Қызырып, сұрланып“, „Келдік талаі жерге енді“, „Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?“, „Көк тұман алдыңдағы келер заман“ секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та – мұлде тың дүние, шығармашылық жаңаңыл. Бұларға қоса „Ем таба алмай“, „Ата-анаға көз қуаныш“, „Сағаттың шықылдағы емес ермек“, „Нұрлы аспанға тырысын өскенсін“, „Ауру жүрек ақырын соғады жай“, „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“, аударма өлеңдерден „Жалғыз жасалау жасалтылдан“, „Жолға шықтым бір жыны-жыстырт түнде жалғыз“, „Қанжар“, „Мен көрдім үзын қайың құлағаныш“ сияқты тағы сап алуан шығармаларды атаяға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жаңаңыл сипатты, немесе өлең өрнегі жағынан мұлде жаңа болып келетіндіктен, осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте кыын. Міне, осындаи ондаған кемеліше келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға үқсас, біртектес өлеңдер жазуға үмттыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жасалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырышан ашалады. Біздің айтпағымыз – Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, онын колышан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мұлтікіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне үқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

Ақынның тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін „Қыс“, (Ақ күімді, денелі, ақ сақалды), „Куз“ (Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан), „Жаз“ (Жаздығун шілде болғанда), „Жазғытұры“ (Жазғытұры қалмайды қыстың сывы) секілді бір топқа, циклге жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылышы жағышан әртүрлі болып шыққан. Сондай-ак өлең сез, әп-куйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетті бағалайтын, тақырыбы жағышан бір-біріне

жалғас „Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“, „Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол“, „Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“, „Көңіл құсы құйқылжыры шартарапқа“, „Өзгеге, көңілім, тоярысын“, „Адамның кейбір кездері“ деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша өзгеши сипат алған.

Осындай бір-біріне ұқсамайтын әр өлеңінде ақынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады. „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“, „Көк тұман алдындағы келер заман“, „Сағаттың шықылдағы емес ермек“ деген сияқты өлеңдердің оқығандада Абай керемет ойшыл ақын екен деп таңдансақ, „Жүргегім, пени сезесін“, „Не іздейсін, көңілім, не іздейсін“, „Жүргегім, ойбай, сокна енді“ секілді өлеңдердің оқығандада Абай аскан сыршыл лирик ақын-ау деп тамсанамыз. Ал, „Қансонарда бүркітші шығады анға“, „Жаздығұн шілде болғанда“; „Жазғытұры қалмайды қыстың сызы“ сияқты өлеңдердеге назар салсақ, Абайдың өмір құбылыстарын сөзбен мусінде, жаңды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жаңа салмайтын суреткөр ақын екеніне дең қоямыз. „Сабырсыз, арсыз, еріншек“, „Бөтен елде бар болса“ тағы сондай туындыларға қарап, нағыз сыйқақшыл, өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар десек, „Мәз болады болысын“ атты өлеңді еске түсіріп, өксуалан келемеждеудің мұндаиды да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнні боламыз. „Әсемназ болма әрнеге“, „Интернатта оқып жүр“ атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насхат, өситет үлгісіндегі пүсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мұлде өзгеши екені де көніл аударады. Ал, „Сен мені не етесін“, „Ем таба алмай“, „Кор болды жаңым“ секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын тәттеген сыршыл лириканың жаңа үлгілері екені айқын анғарылады. Абайдың әр өлеңінде опын осындай ақындық тұлғасын жаңа бір қырынан танытатын өзгешелігі болады десек, олар іштей астасын жастаң сипат, қасиеттер екенін де айтудымыз керек. „Сегіз аяқты“ оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғибратты насхатшылық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең әрнегін өзгеши өрнектеуге шеберлік те бәрі үштасып келетіні анық көрінеді.

Түгелдей алғанда, Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айтуды, суреттеудегі тәсілі мұлде жаңа, лирикалық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілердің қайталамайды. Осының өзі-ақ опын поэзиясына жаңашылдық сипат дарытады.

Абайға дейінгі қазақ ақын, жырышылары Шығыс халықтарының аңыз-ертеғілерін, дастандарын қызықтап, ел арасында жыр ғып таратып келсе, енді орыс әдебиетін оқып, үйренуге, орыс ақын, жазушыларының шығармаларын насиҳаттауға көніл бөліне бастады. Әрине, Шығыс халықтарының әдеби нұсқаларына құштарлық та көбеймесе азайған жоқ. Абайдың поэмаларына негізделіп Шығыс сарындары арқау болғаны белгілі. Шығыс әдебиетінен келген сюжеттер көптен таныс үйренишкіті дүние секілді болса, орыс әдебиеті, поэзиясы мүлде жсана құбылыс еді. Орыс классиктерінің шығармалары қазақ даласында озық адамгершілік идеялардың жарышы бола алғатыны Абай пазарынан тыс қалмағаны анық. Орыс әдебиетінен оқығаны қашалық көп болса да, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға келгенде үлкен талғамназдықпен таңдан, кейбір өлеңді ғана ірікстеп алады.

Абайдың аудармалары жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен анықтап алуға тиісті мәселе мынау. Оларды саралап, жіктеп, орыс классиктерінен аударма жсәне белгілі шығарманың сарынмен жазылған төл шығарма деп екі топқа бөліп қарастыру қажет. Өйткені, аударма деп аталаған, аударма саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине, осы сөздің бүгінгі қалыптасқан, қолданылып жүргеш тұра мағынасындағы аударма емес. Олар – не бір белгілі шығармамен сарындағы келетін, жарыса жазылған, көп дегенде жартылай тәржімаланған, түгелдей алғанда өзіндік төл тұма шығармалар. Абайдың орыс классигінің өлеңін қызықтап, жарыса жазып, өзінің ой-сезімін, өз көнілінің күйін толғап, еркін кететіні, сөйтін, қазақ тілінде тың, төл шығарма тудыратышы оның ақындық шабытының қуаттылығының бір көрінісі деп қараған жөн. Ал ақын таңдауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша айттылған ойды қазакша жеткізуғегі аскан шеберлігімен жсәне тан қалдырады.

Абай шығарған Татьяна жыры, Татьяна әні бар деп мақтанды етептіз. Мұның өзі екі өлең. Бірі – „Амал жоқ – қайттім білдірмей“ деп басталатын жасас Татьянаның Онегинге ғашықтық сезімін білдіріп жазған хаты. Екіншісі – „Тәнірі қосқан жар едін сен “дайтін кейшірек Онегин Татьяна күйеуге шыққаннан соң кездесіп, жоғалтқан маҳаббатын қайта таппақ ниетімен өзі хат жазғанда, Татьянаның оған айтқан жауап сөзі. Өнер сүйетін қазақ баласында осы екі өлеңді білдірмейтін, әнге салып айтпайтын адам кеміде-кем десек, артық айтқан бола қоймас.

Татьянаның алғашқы хатына („Амал жоқ – қайттім білдірмей“) Онегиннің жауап сөзін Абай бір емес, екі рет қызыға

тәржімалаганы да көніл қоярлық. Онегин бейнесін Абай өзінше көркемдік шешім табуга үмттылып, өмірден соққы жесеген, шыныайы ғашық жар болуға лайық адамын кезінде бағалай алмай, кейін содан зар шеккен адам етіп сипаттайды. Мұны әсіресе Абай өз жасынан шығарған „Онегиннің өлердегі сөзі“ деген өлеңінен айқын көреміз.

Лермонтовтан аударған „Жолға шықтым бір жылым-жырыт тұнде жалғыз“, „Рахат, мені тастап қоймадың тыныш“, „Құнді уакыт итерін“, „Менің сырым, жігіттер, емес оңай“, „Жалғыз жалалу жалтылдан“, „Ал, сенейін, сенейін“ секілді өлеңдерінде Абай олардың мазмұн-мағынасын қазақша мейлінше дәл түсіре отырып, өз ой-толғанысын, өз жүргегін тебірениң де анық жеткізетінін байқаймыз. Қазақ тілінде Лермонтов қанша аударылса да, осы жалалын атқап дарынны бар жас ақынның өршіл қиял, қуатты оймен суарылған өлеңдерін Абайша сөйлемткен адамды таба қою қын-ақ болар. Лермонтовтың өмірге үлкен оптимистік сеніммен қарайтынын, жабайырқаған көнілін сергітуге үмттылатынын айқын ангартатыны өлеңдерінің бірі „Молитва“ болса, Абайдың оны „Дұға“ (Өмірде ойға түсіп кем-кетігін), „Қасиетті дұға“ (Өмірден соққы жесем, жазығым жоқ) деп екі рет бірінен бірін асыра ерекше құштарлықпен тәржімалаганы тегін болмаса керек.

Абайдың мысал өлеңдерінің ішінде кейбір аудармала жастақызуға болатыны да кездессе, дені тым еркін тәржімалагандықтан белгілі сюжеттің сарынымен жазылыған деуге лайық болып келеді. Айталақ, „Шегіртке мен құмырсқа“ атты мысалды Крыловтан еркін аударған. Осындағы:

Мен отіндей шаруашы,  
Жұмсақ шлеу үйлі ме?—

деген сөздер, сондай-ақ шегірткенің құмырсқаға барған қалпын:

Селкілден келіп жығылды,  
Аятына бас үра,—

дегендегі суреттеме орысша нұсқада жоқ.

Осы өлеңдегі құмырсқаның атынан айтылатын:

Крайтсін, қолы тиимепті,  
Өлеңдай, әништі есі! —

деген Абайдың өзі қосарлап келтірген сөздері де — нағыз қазақша сөйлеу қалпындағы әдемі кекесіттің үлгісі.

*Мысал өлеңде сан алуан жсан-жсануар, аң-құстарды, жәндіктерді іс-әрекет үстінде бейнелеу, тілдестіру, айтылған жайдаси ғибратты түйін түю және осы орайда жасанды, жатташды ақылғөйлікке әуестенбей, терең мағыналы қоғамдық ой қорыту үлкен ақындық шеберлікті, талғамаздықты, әсіресе ақыншың әзілдеуге, мысқылдан келемеждеуге, сықақ етуге шеберлігін айқын байқаймыз.*

*Абай реализмінің көркемдік әдіс ретінде ең басты өзгешеліктері алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мұdde, озық арман-мақсаттар түрғысынан толғай білу дейміз. Яғни, көркемдік шынышылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциптеп, озық идеяллылықпен ұтасын келетінін атап айтамыз. Әрине, ақын творчество-сының идеяллық жағынан құндылығын оның әр шығармасында тек өситет, насиҳат айтып, ізгілікті мадактан, кем-кетікті мінеп-сынау түрғысынан бағалау мәселеге үстірт қарағандық болар еді. Сондай-ақ, ақын шығармаларындағы шынайылық бірыңғай тек өмірде бар нәрсені, жай-жасағайды тек сол бір калтында алып, сырттай үқасстық сактап, сөзбен көшірмеледеу емес екені де түсінікті.*

*Абай шығармаларында көркемдік шарттылық та, көркемдік киял да шынышылдықпен жасасынды келеді, өмір шындығын терең, әсерлі бейнелеуге қызмет етеді. Еш жасасылдығы жок, жасасымын толық тапқан. Осыны айта отырып, оның шығармаларының әр қайсысында өмір шындығы әр қырынан көрінетін, алғынан тақырып, айтылған ой, ақынның көніл күйі, жас сезімі әртүрлі нақтылы көркемдік шешімін таба-тынын ескеру керек. Шынайылық түрғысынан да, идеяллығы түрғысынан да әр поэзиялық шығармада әртүрлі өлшеммен келіп, жсанрлық, тақырыптық, композициялық өзгешелігіне сәйкес талап қойсақ болар.*

*Ақынның өлеңдеріндегі бірталаі маңызды ой-пікірлер поэмалары мен қара сөздерінде жалғасын, толыға түскең. „Macfum“ поэмасы – лазмұл-мағынасы терең, автордың негізгі ойын жеткізуі жағынан тартыымды шығарма. Байын-тап карасак, Абай Macfum әңгімесін жай ескі аңыз деп қарамай, сол әңгіме неғізінде өз заманына тікелей қатысты мәселелер жайлыш толғанғанын байқар едік. Поэмадағы екі сюжет те ақылды болу үшін айтатын ақылды бағалай білетін адамдар, үғатын, түсінітін қауым болуы керек деген ойды түснапдан жеткізуға тірек болып тұр. „Ескенір“ поэма-сындағы Абайдың атақты қолбасшыға берген бағасын оның тарихи көзкарасы деуден гөрі, осы поэмадағы өзіндік көркемдік*

шешімі деу дұрыс. Ескендір бұрынғы ақындардың, мысалы, Әлішер Науайдың дастанында негізінен жасағымды бейне болып сипатталғанын Абай, сөзсіз, жақсы білген. Ол патшаның басқа елдерге жасасаған шапқыншылығын, оларға өз үстемдігін жүргізбек болғанын адамгершілік идеялар тұрғысынан қарал, мансапкорлық, көрсекізарлық, даңққұмарлық деп бағалайды. Сондықтан да оған керегі Ескендірдің шапқыншылық жағрығын суреттеп емес, мемменсінген қолбасшының бұзып-жарып басып өтте алмайтын тосқауылға кез болып, сағы сынып, шегінгені жайлы аңыз-әңгімені кейіштігіне өнеге етіп баяндаған болған.

Абай халықтың шешендеңдік сөздерінің байлығынан мол сусындан, шешендеңдік өнердің еркін менгерген. Ел билеу ісіне жаса кезінен арапасқан Абай шешендеңдік сөздердің көп құнштап, үйреніп, орынды жерінде үлемі қолданып жүргеді. Абай айтты деген сөз үлгілерінен, ақынның шығармаларынан, біз оның шешендеңдік сөзге жүйрік болғанын анық байқай аламыз. Алайда Абай өзінің ғакция сөздерін, қара сөздерін түгелдей дәстүрлі шешендеңдік сөз үлгісінде күрмайды. Олардың кейбіреуі шешендеңдік сөз үлгісінде ойды ұтымды, өткір айтуы жағынан да, сөзді өрнектеп келтіруі жағынан да толық сәйкес келсе, бірталаі сөздері басқаша күрілады, кейбірі қарапайым тілмен айтылған қоғамдық, адамгершілік мәселелер жағындағы әңгіме-сұхбат болып келеді, ал 27-сөзі Сократтың шәкірті Аристодиммен сұхбаты түрінде, 38-сөзі діни трактат түрінде беріледі де, „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны тұраны“ дегені өз алдына блек тарихи тақырыпты қозғайтын әңгіме болады.

Қара сөздер тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасын жасатады. Алайда әңгіме-сұхбат жасарының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адап еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген харекеті, мінез-құлқы, адамгершілік, илмандылық секілді бірталаі мәселелердің кара сөздеріндегі кеңінен толғайды, үлкен көрекендікпен көптеген құнды пікірлер түйседі. Мысалы, егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі харекетіне, құпделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың екілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жасау-жасақты талдай отырып сөз етеді. Болыс сайлау мәселеесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдеметтүрлі, үғым-түсінігін толық ескеріп отырады. Ел билейтін адам заман ағынын, елдің мұн-мұқтажын жақсы біліп, сонымен қатар „Есімханың ескі жолы“, Тәуекенің „Жеті-

жарғысы “секілді бұрыннан келе жатқан ел басқару тәсілдерін жаңа заманның ыңғайына қарай орнымен пайдалана білмек керек дейді. Адал еңбек етіп мал табу, ерінбей-жасалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын қара сөздердің бірнеше бабында әр қырынан келіп өрістетеді. Абайдың қара сөздері қазак әдебиетіндегі көсемсөз, көркем прозаның қалыптасып, дамуына соны із салған елеулі жаңаңыз болды.

Абайдың шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазак әдебиеті реалистік жазба әдебиет үлгісіндегі нағыз лирикалық туындылардың жаңа түрлерімен молықты және осының өзі Абайдың үлттық поэзияның ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздің мағыналық, суреттілік қуатын арттыруына, тіл үстартуына зор мүмкіншілік туғызып, бұл салада ақынның өнімді жаңаңыз табуына жыл ашты.

Абайдың қазак тілін дамытуға, әдеби тілді, поэзия тілін өрістепті, жаңа сөз өрнектерімен байытуға сінірген еңбегі үлан-асыр. Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен құнды.

Әрине, поэзияда, әдебиет шығармасында сөз, тіл жаңа-лығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңаңыз қана емес, ол — алдымен белгілі бір ой-пікірді, сезімді жеткізуідегі шеберлік, көркемдік. Зор қоғамдық пікірді, көркемдік қуаты күшті ақындық ой-сезімді барынша жастық, тауып айттылған, қарапайым сөздермен айттып беру поэзияның таңдаулы туышылдарында үнемі кездеседі және мұшың өзі аскан шеберлікten тудады.

Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көніл толғанысын, жүрек лүтілін, сезімінің сан құбылып ойнақшуыш көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейшелі сөздер өте көн кездеседі. Бұл орайда тек жүрек, көніл секілді үткімдарға берілген тың анықтамалар мол екенін айтсақ, та жеткілікті. Мысалы: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ызалы жүрек, ғаділетті жүрек, өртөнген жүрек, өрбіген жүрек, үрніген жүрек, қапаланған жүрек, айтымас жүрек, жаралы болған жүрек, сөніп қалған жүрек: сезімпаз көніл, ер көніл, жаралы көніл, күнгірт көніл, есер көніл, кам көніл, шың көніл, қара көніл, сиңық көніл, ак көніл, кірлемеген көніл. Осылардың көбін ақын өзі туралы өз көніл күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан.

Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көнілінің көзі ашиқ, көнілдің жайлайуы, ой өлкесі деген секілді

метафораларды қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың басым көншілігі Абайдың өзі шығарған соны, жана үлгі-өрнектер.

Ақын тұлғасы қашалықты ірі болса, ықпалы да соншалықты зор болатыны, айналасына түсептің жарығы да мол болатыны анық.

Абайды ұлы ізашар ақын деп қарағанда, оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырган ізбасар ақындар деп қазақ поэзиясының бір туар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Миржакын Дулатовты алдымен айтамыз. Әрине, бұл тоқта басқа бірталай ақындарды қосуға болады. Тікелей шәкірті болған балалары Ақылбай, Мағауия, немесе Абайдың айналасында болған, жақын жүрген жеке. Бұл – өз алдына мәселе. Кен мағынасында Абай дәстүрлерін дамытқан деп, мысалы, Сәжен мен Илиясты да, ал жеке бір қырларынан келсе М. Әуезовті де, кейінгі атақты ақындардың қайсысын болса да алып қарауга мүмкін екені талассыз. Біздің сөз етпегіміз – нактылы мәселе, қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрлерінің ұлы ақыннан кейінгі дәуірде тікелей жалғастық табуы, одан әрі өрістен, дамуы. Абайдың ақындық дәстүрлерін тікелей жалғастырган осы ірі тұлғалар туралыға айтсақ та, ұлы ақын өмір сүрген XIX ғасыр мен оның өнерпаздық өнегесін өркендетіп, дамытқан XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін талдан баяндауға толық мүмкіндік туады. Абай дәстүрлері дегенде жеке тақырып, сарындар, өлең өрнектері мен сөз қолданыстарындағы, жақындық, үқастықтар жаійнда айтумен шектелу аздық етеді. Олардың да мәні бар екенін жеккі шығармай, керекті жерінде тиісті мөлшерде назар аудара отырып, алдымен тарихи-әдеби процесті тұластай алып қарастыру, әдебиет майданына Абайға іле салықкан ізбасар ақындардың шығармашылық тұлғасын анықтау жағынан, олардың әр қайсысы қай бағытта іздеіс жасап, қай қырынаш келіп әдебиетке жаңалық әкелді, өзінше жол тапты деген тұрғыдан сөз қозғау утмырық екені талас тұдырмаса керек.

Осы жағынан келсек, Абайдың өз шығармашылық тұлғасы жан-жақты екені бірден ойға оралады. Ондай әрі ойшыл, әрі сыршыл лирик, әрі сүреткер әр қырын дарын иесі болғап кесек тұлғалы ақын сирек кездесетін даусыз. Жаңа реалистік жаизба әдебиеттің негізін салған, ұлттық сөз өнеріміздегі жаңа дәстүрді бастауышы болған ақын тұлғасы осындаи жан-жақты болуы да тегін емес дейміз. Сонда оған іле салықкан аса көрнекті ақындардың – Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың қайсысы болсын алдын-

дағы ізашар ақының дәстүрлерін өз шығармашылық өнерінің өзгешелік сипаттына сәйкес өзінше жалғастырығаны заңды күбіліс болып шығады. Сонда біз Шәкәрімді Абайдың окубілім, ғылымды, адаптациялықты, адамгершілікте үағыздай өнегесін, фәлсанашының ойнылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұтты өсіреле әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нактылы түрде, үлкен сыйнышылдықпен айналып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Мағжансанды айтсақ, ол тенденсі жеке лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл құйин және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттедегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етін, өзінше жалғастырыған деу орынды. А. Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелер жайлыш толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал М. Дулатов өсіреле сөз өнерінің халықтың санасын оятуудың, қоғам көшір алға бастаудың бірден бір құшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз. Және Ахмет те, Міржасын та Абай бастаған ағартушылық, демократиялық идеяларды жаңа заманың тілек-талараптарымен терең үштастыра алғанының мәні зор дейміз. ХХғасырдың бас кезіндегі казак әдебиетінде ағартушылық, демократиялық идеялар қоғам өміріндегі ілгерішіл ізденістерге орай кең өріс алғандықтан Абай дәстүрін жалғастырушылар тобы да молая тұсті.

Абайдан кейінгі дәүірде қоғамдық өмірде, ой-санада басқаша ағым, бағыттар туды, қоғам алдында жаңа мақсат, тілек-талараптар пайда болды дей отырып, кейінгі дәүір тұғызған қоғамдық қозғалыс, өнерпаздық ізденістер халық иғілігіне айналған асыл мұрашың мәнін кемітеп алмайтының сөзсіз мойындаимыз.

Абай шығармаларының мағынасын терең бойлан үғынтусіне алсақ, өткен заманды, елдің жайлайын, халықтың тағдырының, ой-арманың тани аламыз. Және сол арқылы қазіргі заманды, кешегі мен бүгінгіні, келешегімізді де бағдарлаймыз.

Зәки АХМЕТОВ.

# Әлеңдер меч аудармалар

1855-1881

\* \* \*

Кім екен деп келіп ем түйе қуған, (1)  
Қатын ғой құлдәрімен белін буған.  
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,  
Бауырынды... бірге туған.

---

(1) – олсұннің рет санын корсетеді.

# ШЫҒЫС АҚЫНДАРЫНША

Иузи – рәушан<sup>1</sup>, көзі – гәүхар<sup>2</sup>, (2)  
Ләғиљдек<sup>3</sup> бет үші әхмәр<sup>4</sup>.  
Тамағи қардан әм биһтар<sup>5</sup>,  
Кашың құдрет<sup>6</sup>, қоли шигә<sup>7</sup>.

Өзәң, гүзәлләра рәһібар<sup>8</sup>,  
Сәнәғишиң болып кәмтар,  
Суләйман, Ямшид, Искандер,  
Ала алмас барша мұлкігә.

Мұбәда<sup>9</sup> олса ол бір кәз,  
Тамаша қылса йузмә-йуз.  
Кетіп қуат, йұмылып кәз,  
Бойың сал-сал бола нигә?

<sup>1</sup> Рәушан, рушан (парсыша) – رُؤْشَن – жарық, айқын, әдемілік.

<sup>2</sup> Гәүхар, жаухар (парсыша) – گوهر – асыл тас.

<sup>3</sup> Лагыл (арабша) – لَعْلَ – асыл қызыл тас. Лагылдек – қагылдай.

<sup>4</sup> Әхмәр (арабша) – أَخْمَر – қызыл.

<sup>5</sup> Биһтар (парсыша) – بَهْتَر – бетер, жаксырак. Бұл жерде қардан да ақ деген мағынада.

<sup>6</sup> Құдрет (арабша) – قَدْرَةٌ – күш. Бұл жерде ерекше жаратылған теген мағынада.

<sup>7</sup> Шигә (парсыша) – شِيك – әдемі, сұлу.

<sup>8</sup> Раһбар (парсыша) – رَفِيْرَ – жол сілтеуши, бастаушы. Бұл жерде әдемілікке бастаушысын деген мағынада.

<sup>9</sup> Мұбәда (арабша) – مُبَادَة – егер де бола қалса деген мағынада.

\* \* \*

Фзули, Шәмси, Сәйхали, (3)  
Науай, Сағди, Фирдауси,  
Хожа Хафиз – бу һәммәси  
Мәдәт бер я шагири<sup>1</sup> фәрияд<sup>2</sup>.

---

<sup>1</sup> Шагири (арабша) – شاعر – акын.

<sup>2</sup> Фәрияд (парсыша) – فرایید – тенденсі жок, асыл.

## („ӘЛИФБИ“ ӨЛЕҢІ)

Әлифдек ай йузіңе ғибрат<sup>1</sup> еттім, (4)  
 Би, бәлән<sup>2</sup> дәртің<sup>3</sup> нисбәт<sup>4</sup> еттім.  
 Ти, тілімнән шығарып түрлі әбиат<sup>5</sup>,  
 Си, сәнаи<sup>6</sup> мәдхия<sup>7</sup> хұрмәт еттім.


Жем, жамалың<sup>8</sup> қандай ақ рузи<sup>9</sup> маған,  
 Ха, хәлиллік<sup>10</sup> таппадым, жаңым, сәнан.  
 Хи, халайық, мен емес, бәрі ынтизар,  
 Дәл, дарига гишиқ оты бермес аман.

Зәл, зәлиллік<sup>11</sup> көрген соң, сайрай бер, тіл,  
 Ре, риза қылмағынды, яр<sup>12</sup>, өзің біл.

<sup>1</sup> Ғибрат (арабша) –  – үлті, онеге, нақыл, мағына.

<sup>2</sup> Бәлән (арабша) –  – пәле, қлыншылық.

<sup>3</sup> Дәртіңе (дәрд) – түп мағынасы ауру, азап шету; өлендегі мағынасы – іашық болып дерттену.

<sup>4</sup> Нисбәт (арабша) –  – байланыс, бір нәрсемен байланыста болу. Бұл арада ем таптым деген мағынада.


<sup>5</sup> Әбиат (арабша) –  – өлең, жыр; бойт сөзінің көпше түрі.

<sup>6</sup> Сәнаи (арабша) –  – сұлу, әдемі, шебер.

<sup>7</sup> Мәдәх, мәдхия (арабша) –  – мактау, өлең, ода.

<sup>8</sup> Жамал (арабша) –  – көрік, сұлулық.

<sup>9</sup> Рузи (парсыша) –  – күн, күндей.

<sup>10</sup> Хәлил (арабша) –  – шын дос, сүйген жар.

<sup>11</sup> Зәлил (арабша) –  – азғын, жексүрын, корланған.

<sup>12</sup> Яр (парсыша) –  – дос, сүйікті мағынасында.

Зи, зәһәрдай<sup>1</sup> күйдірді ғишкаң қатты,  
Сын, сәләмат қалмағым болды мушкіл.

Шын шикәр ләб<sup>2</sup> есіме түскен сайын,  
Сат, сабырым қалмады, мен не әйләйін.  
Зат, зайғ<sup>3</sup> өмірім өтті менің бекер,  
Тай, талалтан әйтеуір құр қалмайын.

Зай, залым көп қылыш бол жанға оқталды,  
Файін, ғақылымды басымнан тартып алды.  
Файын, ғариблік басыма түскеннен соң,  
Фи, файдаң тие ме деп жаза салды.

Қаф, қабыл болар ма екен жазған хатым,  
Қәф, қәмил<sup>4</sup> ақылың, асыл затым.  
Ләм, ләбіңнен ем қылсан мен дерттіге,  
Мен, меһріңнен қалмас ед бар апатым.

Нон, налә ғып қайғынмен күйдірдің көп,  
Уау, уәйлана<sup>5</sup> ғишкаң уайым жеп,  
Һи, ھеш файдан тимесе өлді ойланызыз,  
Ләм әлиф, лә иләһа илалла<sup>6</sup> деп.

Я, ярым, қалай болар жауап сөзің,  
Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің<sup>7</sup>.  
Үтірмен асты-ұстілі жазуда бар,  
Болуга асты-ұстілі көнсен өзің.

<sup>1</sup> Зәһәр (парсыша) – زهر – y.

<sup>2</sup> Шикар ләб (парсыша) – شکر لب – тәтті ерін.

<sup>3</sup> Зайғ (арабша) – زایف – жолдан таю.

<sup>4</sup> Қәмил (арабша) – كَمِيل – толык.

<sup>5</sup> Уәйлана (арабша) – وَيْلَة – бакытсыздық, қайғы.

<sup>6</sup> Лә иләһа илалла (арабша) – لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ – Алладан басқа ешбір тәнірі жоқ.

<sup>7</sup> Бұл бір жолда араб жазуындағы сөздерді дүрье сөзін үшін койылатын белгілерді келтіреді: мәт – مَت – кыздың қасына, тәштит ..ш“ – تَشْتِيدِيَّةٌ – кірпітіне, сәкін ..о“ سَكُونٌ – көзіңе балап суреттеген.

# ШӘРІПКЕ

Тұңлікбайдың катыны, атың – Шәріп, (5)  
Байға жарып көрмеген сен бір көріп.  
Сен – шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,  
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып.

## АБЫРАЛЫФА

Мен жасымнан көп көрдім (6)  
Мұсылманды, кәлірді.  
Абыральдай көрмедім  
Намаз білмес пақырды.  
Қираәтін<sup>1</sup> оқытып  
Көріп едім, шатылды.  
Ниет қыла білмейді,  
Не қылады нәпілді<sup>2</sup>.

Намазшамның<sup>3</sup> артынан  
Күржан-күржан етеді.  
Жер ұшық<sup>4</sup> берген кісідей  
Тонқандай ма, не етеді.  
Нәпіл түгіл намазы –  
Бәрі желге кетеді.

„Еннатайына кәлкөусар“<sup>5</sup>,  
Пашолdereу, күнәкар.  
Аяғын ойлап айтқаны:  
„Әні-шаны құлаптар“.  
Осы окумен намаздың  
Қай жерінде сауап бар?  
Тегін ойлап байқасан,  
Мұнда ми жоқ, құлақ бар.

<sup>1</sup> Қираәт (арабша) – قِرَاءَةٌ – оқу, құран оқу.

<sup>2</sup> Нәпіл (арабша) – نَمَازٌ – міндепті бесс уакыт оқылатын шамаға қосымша оқылатып памаз.

<sup>3</sup> Намазшам (парсыша) – نَمَازٌ شَامٌ – күн бата оқылатын намаз. Шам – кешкі, кеш.

<sup>4</sup> Жер ұшық – ауырган адамды күн батар алдында күн батысқа қаратып жерге жатқызып-түрғызып ұшыктау.

<sup>5</sup> „Еннатайына кәлкөусар“ – إِنْتَهِيَّا لَكُنْثُرَ – шынында да күрметтің, сыйынқоусар сүйндей.

## ЖАҚСЫЛЫҚҚА

Аяғынды аңдап бас, ей, Жақсылық! (7)  
Өз басында жынын бар бір бақсылық.  
Борышқорлық – адамға қын нәрсе,  
Әрқайда есіткізеді мал тапшылық.

\* \* \*

(М. Ю. Лермонтовтан)

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға (8),  
Алла асыраған пендесі аш бола ма?  
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,  
Тыныштық пен зар боларсың баспанага.

\* \* \*

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім! (9)  
Саяламай, сай таптай,  
Не күн туды басында  
Күні-тұні жай таптай?  
Сен жайыңца жүргенмен,  
Қызы өле ме бай таптай?  
Тұн кезгенің мақұл ма,  
Жан-жағына жалтақтай?  
Өлермін деп жүрмісін,  
Мұнан басқа жан таптай?

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!  
Сабыр түбі – сары алтын.  
Сабыр қылсаң, жайынды  
Білер ме екен бекзатым?  
Көңіл аулап, сөз айтар  
Арадағы тілхатым,  
Ағын судай екпіндеп,  
Лайы жоқ суатым,  
Ауру да емес, сау да емес,  
Күрыды әл-куатым.

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!  
Сана қылма бекерге.  
Сан қылғанмен пайда жоқ,  
Дүние даяр өтерге,

Ажал даяр жетерге.  
Қош, қыз алсын қойнына,  
Бейнет көрмей, дәulet жок.  
Әлі барып кетерге,  
Оныменен бойыңа  
Иман, дәulet бітер ме?  
Адалды сатсан ғарамға,  
Құдай қабыл етер ме?  
Қыз сүйеді мені деп,  
Оған көніл көтерме!

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!  
Сарқа берме санасын.  
Бәрін өзің білсең де,  
Әлі-ақ өзің танасын.  
Өртегесін, жанасын.

Өз-өзіңден бейнетке  
Өз басыңды саласын.  
Қай мезгілде тоіғыздын  
Аюдайын ағасын,  
Қатыны мен қалашын?  
Қарсақ жортпас қара адыр,  
Қарамай неге шабасын?  
Сонда тәуір бола ма,  
Үстап ап біреу сабасын?  
Кимінді тонасын,  
Елте де қулкі боласын.

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!  
Сағынышқа сарғайма!  
Жай жүрсөң де қыз қумай,  
Сені біреу қарғай ма?  
Қыз іздесен, қалың бер,  
Мұным ақыл болмай ма?  
Көріп алсан қөріктіңі,  
Тандап алсан тектіңі,  
Сонда да көніл толмай ма?

\* \* \*

Кансонарда бүркітші шығады анға (10)  
 Тастан тұлқі табылар андығанға.  
 Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,  
 Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
 Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
 Сағадан сымпыш қағып із шалғанда.  
 Бүркітші тау басында, қагушы ойда,  
 Іздің бетін түзетіп андағанда.  
 Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
 Қыран құс көзі көріп самғағанда.  
 Төмен ұшсам тұлқі өрлең құтылар деп,  
 Қандықөз<sup>1</sup> қайқан қағып шықса аспанға,  
 Көре тұра қалады қашқан тулқі  
 Құтылмасын білген соң құр қашқанға.  
 Аузын ашып, коқақтап, тісін қайрап,  
 О да талас қылады шыбын жанға.  
 Қызық қөрер, көнілді болса аңшылар.  
 Шабар жерін қарамай жығылғанға,  
 Қырық пышақпен қыржындалп түрған тұлқі,  
 О дағы осал жау емес қыран паңға.  
 Сегіз найза қолында, көз аудармай,  
 Батыр да аял қылмайды ертең таңға.  
 Қанат, құйрық сұылданп, ыскырады,  
 Қектен қыран сорғалап құйылғанда.  
 Жарқ-жүрк етіп екеуі айқасады,  
 Жеке батыр шыққандай қан майданға.  
 Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,  
 Адам үшін батысып қызыл қанға.  
 Қар – аппак, бүркіт – қара, тұлқі – қызыл,  
 Ұқсайды хасса<sup>2</sup> сұлу шомылғанға.  
 Қара шашын көтеріп екі шынтақ,  
 О да бұлк-бұлк етпей ме сыйпанғанда,  
 Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,  
 Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.  
 Қүйеуі ер, қалындығы сұлу болып,  
 Және үқсар тар тәсекте жолғасқанға.

<sup>1</sup> Қандықөз – бүркітті айталы.

<sup>2</sup> Хасса, каса (арабша) –  – оте сұлу, кемелге жеткен сұлулық.

Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,  
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.  
Құсы да иесіне қоразданар,  
Алтыс екі айлалы тұлқі алғанда.  
„Үйірімен үш тоғыз“ деп жымындал,  
Жасы үлкені жанына байланғанда.  
Сілке киіп тымақты, насыбайды  
Бір атасың көнгілің жайлланғанда.  
Таудан жиде тергендей ала берсе,  
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.  
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,  
Аң болады кеңесің құс салғанда.  
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген  
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.  
Көкірегі сезімді, көнілі ойлыға  
Бәрі де анық түрмай ма ойланғанда.

Ұқпассың үстірт қарап бұлғактасан,  
Суретін көре алмассың, көп бақласан.  
Көленкесі түседі көкейіңе,  
Әр сөзін бір ойланып салмақтасан.  
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,  
Біле алмассың, құс салып дәм татпасан.

## БОРОДИНО

(М. Ю. Лермонтовтан)

— Айтшы, аға, неғып жеңілдік (11)  
Мәскеуде емес тегіндік,  
Болған білем соқтыйыс,  
Емес білем аз жұмыс.  
Ұмытпайды еш орыс,  
Бородинде көргенді.  
— Ондағы біздің адамдар,  
Сендердей емес, баландар.  
Киын тиді оларға  
Аз кісі-ақ қайтып санаға.

· · · · ·

Қол салмаққа кәртечке<sup>1</sup>  
Ол күн болды, күн кешке,  
Қас қарайып, болды түн.

· · · · ·

<sup>1</sup> Картеч (орысша) — шашылып атылатын ок.

Штық, қылыш қайрасып,  
Ширатып мұртын шайнасып,  
Ашулы солдат қыстықты:  
, Қойса екен бізді тыныш,  
Айтса екен бізге қынын,  
Жыртпасақ жаудың киімін,  
Біз не етеміз, штыкті“...

.....

1884

\* \* \*

Қактаған ақ күмістей кең мәндайлы, (12)  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа үқсатамын туған айды.  
Мәндайдан тұра түскен қырлы мұрын,  
Ақша жұз, алқызыл бет тіл байлайды.  
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,  
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әделті әм магыналы,  
Күлкісі бейне үлбұл құс саірайды.  
Жұп-жұмыр, ақ торғындаі мойыны бар,  
Үлбірекен тамағын күн шалмайды.  
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,  
Екі алма кеудесінде қисаймайды.  
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.  
Етіндей жас баланың білеті бар,  
Әжімсіз ақ саусағы іске ынғайлы.  
Қолаң қара шашы бар жібек талды  
Торғындаі толқын ұрып көз тандайды.

Қандай қызда ләzzат бар жан татпаған?  
Сұлуы бұл заманың тек жатпаған.  
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,  
Алмасы өкпе болар қол батпаған.  
Бұлардың кей бірінің мінездері –  
Еш нәрсе көрмегенсіп бұртактаған.  
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,  
Орынсыз адамдармен жыртактаған.  
Әуелде сұлу жайы бізге мәлім,  
Жігітті жүрт мактаған қыз жактаған.

Кей жігіт мактан үшін қылық қылмай,  
Бойына майдалықпен сыр сактаған.  
Кей жігіт арсызыдықпен ұтсынбай,  
Қолы жетпес нәрсеге тыртқатаған.

Орынды іске жүріп, ой таптаған,  
Не болмаса жұмыс қып, мал баклаған.  
Қасиетті болмайды ондай жігіт  
Әништейн күр бекерге бұлғақтаған.

1885

\* \* \*

Жасында ғылым бар деп ескермедім, (13)  
Пайдастын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді усыма,  
Қољымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл маҳрұм<sup>1</sup> қалмағыма кім жазалы,  
Қољымды дөп сермесем, өстер ме едім?  
Адамның бір қызығы – бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазакқа кара сөзге дес бермедім.  
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,  
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

\* \* \*

(М. Ю. Лермонтовтай)

Әм жабықтым, әм жалықтым, (14)  
Сүйеу болар қай жігіт,  
Көнілден кеткен соң тыным?  
Әм сүйіндім, әм түнілдім,  
Үнемі неткен үміт,  
Откен соң бар жақсы жылтым?

---

<sup>1</sup> Маҳрұм – مَحْرُوم – бос, күр, бос қалту, күр қалту.

\* \* \*

Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек, (15)  
 Аштың – ашыған у, ойың – кермек.  
 Мұндағарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
 Кім көнілді көтеріп, болады ермек?

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,  
 Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
 Басқан із, көрген қызық артта қалмак,  
 Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,  
 Өнерсіздің қылышы өле көрмек.  
 Шыға ойламай, шығандап қылыш қымай,  
 Еріншек ездігінен көлкө көнбек.

Жамандар қыла алмай жұр адап еңбек,  
 Үрлыш, құлыш қылдың деп қағар көлбек.  
 Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
 Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,  
 Ақыл таппак, мал таппак, адап журмек.  
 Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,  
 Не қорлық құр қылжанымен күн өткізбек?

Наданға арам – ақылды құлаққа ілмек,  
 Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.  
 Рас сөздің кім білер қасиетін,  
 Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай<sup>1</sup>, ак күміс, алтын бергек  
 Қызықты ертегіге көтерілмек.  
 Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,  
 Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
 Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.  
 Таразы да, қазы да өз бойында,  
 Наданың сүйенгені – көпшен дүрмек.

---

<sup>1</sup> Арай (парсыша) – ارای – көркем, әдемі.

Алашқа іші жау боп, сырты құлмек,  
Жақының тіріде андыш, өлсө өкірмек.  
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,  
Күдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,  
Перште тәменшіктеп, қайғы жемек.  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Женде ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбак, қусынбак, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.  
Арамдықпен бар ма екен жаңнан аспак,  
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек,  
Адалдық, арамдықты кім тенгермек?  
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмак,  
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

\* \* \*

Картайдық, қайрат қайты, ұлғайды арман, (16)  
Шошимын кейінгі жас балалардан.  
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,  
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кезінде көп берем деп,  
Жетпей түрган жерінде тек берем деп.  
Би мен болыс алады күшін сатып,  
Мен қазақтан кегінді әпперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Елубасы шар салып<sup>1</sup>, леп берем деп.  
Жаланқая жат міnez жау алады,  
Бермей жүрсөн, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең бұлт берем деп,  
Жауыңца қосылуға сырт берем деп,  
Бұзылған соң мен оңай табылmasпын,  
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп.

---

<sup>1</sup> Елу үйдің атынан сайланған слубасылар кішкене тасты (шарды) екі үялы жәшікке салу арқылы болысты сайлауга дауыстарын берестін болған. Оны жұрт сол кездे „шар салу“ деп атаган.

Сұм-сүркія – сұмдықпен еп берем деп,  
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.  
Жұз қарға екі жұз аларман бар,  
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жиып, мал сойының ет берем деп,  
Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп.  
Кара қарға сықылды шуласар жұрт,  
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,  
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.  
Қабаған итше өшігіп шыға келер,  
Мен қапсам, бір жерінді бәксерем деп.

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,  
Кімді сүйіп сайлласаң, бек көрем деп.  
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,  
Ұлық жұр бұл ісінді кек көрем деп.

Жұрт жұр ғой арамдықты еп көрем деп,  
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.  
Бар ма еken жай жүрген жан қанағатпен,  
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала аңдиды, ағаны – іні,  
Ит қорлық немене еken сүйткен күні?  
Арын сатқан мал үшін антүрғанның  
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Алыс-жақын қазактың бәрі қанғып,  
Аямай бірін-бірі жұр ғой аңдып.  
Мал мен бақтың, кеселі ұя бұзар,  
Паруардигәр жаратқан несін жан қып!

Ант ішіп күнде берген жаны құрысын,  
Арын сатып тіленген малы құрысын.  
Қысқа күнде қырық жерге койма койып,  
Ку тілмен құлық сауган заңы құрысын.  
Бір атқа жұз құбылған жұзі қүйгір,  
Өз үйінде шертиген паңы құрысын.

\* \* \*

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап, (17)  
Жұрт жүр ғой күйентай мен қарға сақтап.  
Қыран шықса кияға, жібереді  
Олар да екі құсын екі жақтап.  
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,  
Күйентайты үстінде шықылықтап.  
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,  
Күні бойы шабады бос салақтап.  
Тиіл-шығып, ыза қып, ұстапласа,  
Куанар иелері сонда ыржактап.  
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,  
Түні бойы күпілдер құсын мактап.  
Басқа сая, жанға олжа дәнeme жоқ,  
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

\* \* \*

Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым, (18)  
Ұстарасыз аузына түсті мұртын.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі үрттын.  
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртын?  
Ұқтайсың өз сезінен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орган өнкей қыртын.  
Өзімдікі дей алмай өз малынды,  
Күндіз құлқін бұзылды, тунде – үйқын.  
Көрсекізар келеді байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұрттын.  
Бас-басына би болған өнкей қиқым,  
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолындан кеткен соң енді өз ырқын.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұрттың,  
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығын, баққан жылқын.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртын,

Эр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқын?  
Қай жерінен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқын?  
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпын,  
Не түсер құр құлқіден жыртын-жыртын.  
Ұғындырар кісігে кез келгенде,  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

\* \* \*

Байлар жүр жиған малын қорғалатып, (19)  
Өз жүзін, онын беріп, алар сатып,  
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,  
Бұл жүртты қойған жоқ па құдай атып?  
Барып келсе Ертістің суын татып,  
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,  
Елді алып, Еділді алып есіреді,  
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.  
Әрі-бері айналса аты арықтап,  
Шығынға белшесінен әбден батып.  
Сүм-сүркія, ку, білгіш атанбаққа  
Құдай құмар қылышты қалжыратып.  
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,  
Шаптырады қалаға бай да аңдатып.  
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,  
Қолға түсер сілесі әбден катып.  
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,  
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

\* \* \*

Көнілім қайтты достан да, дүшпеннан да, (20)  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Альс-жақын қазактың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайды үшін біреу жолдас бүгін танда,  
Ол түрмас бастан жыға<sup>1</sup> қисайғанда.  
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,  
Бірге тұрып қалады кім майданда?

---

<sup>1</sup> Жыға – батырлардың дулығасының тобессінс қадап қоятын зат. Ақын адам басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айткан.

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-карлық,  
Саналы жан көрмедин сөзді үғарлық.  
Осы күнде осы елде дәнeme жоқ  
Мейір қаңып, мәз болып қуанарлық,

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,  
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.  
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,  
Ызаменен ыржып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,  
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.  
Ел аулакта құш айтқан, топта танған,  
Арсыз жүрттан көңіл тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
Ел азды деп надандар мұнаймай жүр.  
Ала жылан, аш бақа құпілдектер,  
Кісі екен деп ұлықтан үялмай жүр.

Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,  
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.  
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,  
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.  
Құда-тамыр, дос-жаран, катын-балан –  
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,  
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.  
Арақ ішкен, мас болған жүрттың бәрі,  
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлайға қона алмай жүр,  
Құз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.  
Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен үялмай жүр,  
Сұрамсақтар нәпсін тыя алмай жүр.  
Сәлем – борыш, сез – қулық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сез боп, сыналмай жүр?

Адасқанның алды — жөн, арты — соқтапқ,<sup>(21)</sup>  
 Оларға жөн — арамның сөзін үқпак.  
 Қас маңғаз, малға беккен кісімсініп,  
 Әсте жоқ кеселді істен биттей корықтап.

Бір аршопке<sup>1</sup> шапаны сондай шап-шак,  
 Мұшесінен буынып, басады алшак.  
 Қас алдына жымырып келтірем деп,  
 Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтак.

Жаздығуні ақ беркі бүктелмейді-ак,  
 Қолында бір сабау бар, о дағы ашпак.  
 Керегеге сабауды шашып қойып,  
 Бәркін іліп, қарайды жалтақ-жалтак.

Құ шалбар құлығына болған айғақ,  
 Тізесін созғылайды қалталағаса-ак.  
 Үстаудағы кісідей мезгілі бар,  
 Күні бойы шешініп, бір т...-ак.

Тірі жанға құрбы бол жап-жасында-ак,  
 Қалжындармак, қасынбак, ыржандамак.  
 Бет-аузын сөз сөйлерде жұз құбылтып,  
 Қас кермек, мойын бүрмак, қоразданбак.

Осындаі сидаң жігіт елде мол-ак,  
 Бәрі де шаруаға келеді олақ.  
 Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
 Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолак.

Олардың жоқ ойында малын бақтап,  
 Адал еңбек, мал таптапқ, жүртқа жақтап.  
 Жалғыз атын терлетіп, ел қызырып,  
 Сәлемдеспей, алыстан ыржан қақтап.

---

<sup>1</sup> Аршопке — аршын деген сөзден алынған.

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық, (22)  
 Қартаймастай көрмелік, ойланалық.  
 Жастықта көкірек зор, уайым жок,  
 Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық.

Бар ойы — өлең айтып, ән салалық,  
 Біреуді қалжын қылып қолға алалық.  
 Қызды ауылға қырындаپ үйір болса —  
 Қөнгіліне зор қуаныш бір бадалық<sup>1</sup>.

Демендер өнбес іске жұбаналық,  
 Ақыл тапсак, мал тапсақ, қуаналық.  
 Қызды сүйсен, бірді-ақ сүй, тандап тауып,  
 Қөрсе қызар, қунде асық — диуаналық.

Жастықта бір құлгенің — бір қаралық,  
 Қулкі баққан бір көрер бишараптады.  
 Өзелі өнер ізделік, қолдан келсе,  
 Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр, барады,  
 Бірімізді біріміз аударалық.  
 Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,  
 Құлқіні онша қүйлеп, шуламалық.

Уайым — ер қорғаны, есі барлық,  
 Қыныны бүл дүниенің — қолы тарлық.  
 „Ehe-ehere“ елірме, бозбалалар,  
 Бүл бес күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсан дағы сан құмарлық,  
 Алдында уайым көп шошынарлық;  
 Жарлылық, жалынышты жалтан көздік,  
 Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,  
 Оған да мезгіл болар тоқталарлық.  
 Үрлық қылар, тентіреп тамақ асырап,  
 Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

<sup>1</sup> Бада (парсыша) —  — мактансышлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,  
Ағайын табылмаса ой саларлық,  
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,  
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,  
Ұзілмес үмітпенен бос қуардық.  
Әйтеір ақсақалдар айтпады деп  
Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық.

\* \* \*

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, (23)  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған құлмейтін, шын құлерлік  
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-куйсе.  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,  
Онғак пұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалага – талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылыш.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық. •

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз!  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!  
Күншілдікісіз тату бол шын көңілмен,  
Киянатшыл болмақты естен кеткіз!

Еір жерде бірге жүрсөн басын қосып,  
Біріннің бірің сөйле сөзің тосып.  
Бірінді бірің ғиззәт<sup>1</sup>, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

---

<sup>1</sup> Ғиззәт, ғиззат (арабша) –  – қадір, сый.

Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңдан бір ауыз сөз айттып күлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,  
Салынсан, салдуарлық қадір қоймас.  
Ер жігіт таңдал тауып, ептен жұрсін,  
Тәбетке өлекшіннің бәрі бір бәс.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсекзызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көніл берме!

Көп жүрмес жеңсікқойлық, әлі-ақ тозар,  
Жанғырап жеңсіккүмар, жатқа қозар.  
Күнде көрген бір беттен көніл қайтар,  
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Толқынын журегіннің хаттай таныр,  
Бұлк еткізбес қалайша соқса тамыр.  
Жар көnlіne біr жанын пида қылып,  
Білмestіgіn бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,  
Көбі көпшіл келеді ондай қанышық.  
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,  
Кімі пандау келеді, кімі — тантық.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.  
Салак, олак, ойнашы, керім-кербез,  
Жыртан-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,  
Қоржан сүық келеді кей сасық ми.  
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,  
Тату болса, риаз<sup>1</sup> үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,  
Болмаса мінезінің еш кесегі.

<sup>1</sup> Риаз (арабша) — ریاض — гүлбакша мағынасында.

Майысқан, бейне ғулдей толықсыған,  
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, үяты бар  
Ата-ананың қызынан ғалыл қалма.

Үйінде тату құрбың келсе кіріп,  
Сызданбасын қабакпен имендіріп.  
Ери сүйген кісіні о да сүйіл,  
Қызмет қылсын көнілі таза жүріп.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,  
Абырайлы қалжынмен келсін сөзі.  
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,  
Қатынныңда болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүтін тату, ертең бату,  
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.  
Көкірегіндегі қаяу жок, қиянат жок,  
Қажымас, кайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,  
Енбекпен терін сатып түзден жимас.  
Меліш<sup>1</sup> сауда сықылды құлқі сатып,  
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс –  
Тірі жаннның қылғаны бүтін тегіс.  
Бірі көйткес<sup>2</sup> таласып, бірі арам қып,  
Төбелескен, дауласқан жаңжал-керіс.

Жас бала өуел тату бола қалар,  
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.  
Бірін бірі құшақтап шуылдасып,  
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,  
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.  
Татулығы құрысын ойыны мен,  
Дәл соларға үқсайды мына заман.

<sup>1</sup> Меліш (орысша) – мелочь, ұсак-түйек.

<sup>2</sup> Көйт – асық ойыннан жарыз алу. Ұтылып қалса, көйт ойыннан күнделілік.

Жаман тату қазады өзіне ор,  
Оған сенсеп, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар ұлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.

Казактың қайсысының бар санасты?  
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.  
Пысықтықтың белгісі — арыз беру,  
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

\* \* \*

Патша қудай, сыйындым, (24)  
Тура баста өзіне.  
Жау жағадан алғанда  
Жан көрінбес көзіме.  
Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме.  
Кайран сөзім қор болды,  
Тобықтың езіне.  
Самородный<sup>1</sup> сары алтын,  
Саудасыз берсең алмайды  
Саудыраған жезіне.  
Саудырсыз сары қамқаны,  
Садага кеткір сұрайды  
Самарқандың бөзіне.  
Кеселді түйін шешілсе,  
Кердең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне.  
О да — қудай пендесі,  
Тұспей кетер деймісін,  
Тәнірінің күрган тезіне?

---

<sup>1</sup> Самородный (орысша) — таза, қоспасыз деген мағынада.

\* \* \*

Базарға, қарап тұрсам, әркім барап, (25)  
Іздегені не болса, сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу — маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап акшасына сонан алар.  
Біреу үқлас бүл сөзді, біреу үғар,  
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.  
Сөзді үғар осы күнде кісі бар ма?  
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.  
Жазған соң жерде қалмас тесік моншак,  
Біреуден біреу алып, елге тарап.  
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ, шырактар, үқсан жарап.  
„Ит маржанды не қылсын“ деген сөз бар,  
Сөулесі бар жігіттер бір ойланар.

\* \* \*

Интернатта оқып жұр (26)  
Талай қазақ баласы —  
Жаңа өспірім, көкөрім,  
Бейне қолдың саласы.  
Балам закон білді деп,  
Куанар ата-анасы,  
Ойында жоқ олардың  
Шаригатқа шаласы.  
Орыс тілі, жазуы —  
Білсем деген таласы.  
Прошение<sup>1</sup> жазуға  
Тырысар, келсе шамасы.  
Ыңсапсызға не керек  
Істің ақ пен қарасы?  
Нан таптаймыз демейді,  
Бұлшесе елдің арасы.  
Иждиһатсыз<sup>2</sup>, михнатсыз  
Табылmas ғылым сарасы.  
Аз билгенін көпсінсе,  
Көп қазаққа епсінсе,  
Кімге тиер панаы?

<sup>1</sup> Прошение (орынша) — арыз, өтініш.

<sup>2</sup> Иждиһат (арабша) — **اجتہاد** — талап, жігер.

Орыс теріс айтпайды,  
Жаман бол деп оларды.  
Қаны бұзық өзі ойлар  
Қу менен сүм боларды,  
Орыста қалар жаласы.  
Бұл іске кім виноват<sup>1</sup>:  
Я Семейдің қаласы,  
Я қазактың аласы?  
Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой,  
Я тұлмаш, я адвокат  
Болсам деген бәрінде ой,  
Көңілінде жоқ санасы.  
Ақылы кімнің бар болса,  
Демес мұны тілі аңзы.  
Айтыңызы, болсаныз  
Здравомыслящий<sup>2</sup>,  
Ақыл айтпай ма ағасы?

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап кыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып керуге.  
Военный<sup>3</sup> қызмет ізdemе,  
Оқалы киім киоге.  
Бос мақтанға салынЫп,  
Бекер көкірек керуге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге.  
Қалай сабыр қыласың,  
Жазықсыз күнде сөгүге?  
Өнерсіздің қылышы —  
Тура сөзін айта алмай,  
Қит етуге бата алмай,  
Корлықпенен шіруге.  
Аз ақшаға жалданып,  
Өнбес іске алданып,  
Жол таба алмай жүрге.

<sup>1</sup> Виноват (орысша) — кінәлі, айыпты.

<sup>2</sup> Здравомыслящий (орысша) — зерек, өр істі ақытмен ойлап шешстін адам.

<sup>3</sup> Военный (орысша) — әскери.

Алыс та болса іздел тап,  
Кореннойға<sup>1</sup> кіруге,  
“Талапты ерге нұр жауар”,  
Жүріп өмір сұруге.  
Я байларға қызмет қыл,  
Ерінбей шауып желуте.  
Адал жүріп, адал түр,  
Счетын<sup>2</sup> тура келуге.  
Жаныңда жақса, соңынан  
Жалқауланба еруге.  
Қисық болса, закон бар  
Судьяға беруге.  
Ол да оязной емес қой,  
Алуга тендік сенуге.  
Я өз бетінмен тәуекел,  
Занимайся прямотой<sup>3</sup>.  
Женіл көрме, бек керек  
Оған да ғылым, оған да ой,  
Қалайынша қайда енуге?

\* \* \*

Ғылым таптай мактанба,  
Орын таптай балтанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа құлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеніз.  
Тілеуін, өмірің алдында,  
Оған қайты жесеніз.  
Өсек, өтірік, мактаншак,  
Еріншек, бекер мал шашпак –  
Бес дүшпаның, білсеніз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, ракым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеніз.

<sup>1</sup> Кореннай (орысша) – ежелті, негізгі, тұракты. Бұл жерде істін сөн орындысын табу деген мағынада.

<sup>2</sup> Счет (орысша) – есеп.

<sup>3</sup> Занимайся прямотой (орысша) – турашыл, батыл бол деген мағынада.

Жамандық көрсөң нәфрәтлі<sup>1</sup>,  
 Суытып көңіл тыйсаныз.  
 Жақсылық көрсөң гибрәтлі<sup>2</sup>,  
 Оны ойға жисаныз.  
 Фалым болмай немене,  
 Балалықты қисаныз?  
 Болмасаң да ұқсап бақ,  
 Бір ғалымды көрсөніз.  
 Ондай болмақ қайдадеп,  
 Айтпа ғылым сүйсеніз.  
 Сізге ғылым кім берер,  
 Жанбай жатып сөнсеніз?  
 Дүние де өзі, мал да өзі,  
 Ғылымға көніл берсөніз.  
 Білгендердің сөзіне  
 Махаббатпен ерсеніз.  
 Ақыл сенбей сенбеніз,  
 Бір іске кез келсөніз.  
 Ақсақал айтты, бай айтты, —  
 Кім болса, мейлі, сол айтты —  
 Ақылменен жеңсеніз —  
 Надандарға бой берме,  
 Шын сөзбенен өлсөніз.  
 Аят, хадис емес қой,  
 Құпір<sup>3</sup> болдың демес қой,  
 Қанша қарсы келсөніз.  
 Көп орында көріне айтпа,  
 Біздің сөзге ерсеніз.

Мұны жазған кісінің  
 Атын білме, сөзін бил!  
 Осы жалған дүниеден  
 Шешен де өткен не бұлбұл,  
 Көсем де өткен не дұлдұл.  
 Сөз мәнісін білсөніз,  
 Ақыл — мизан<sup>4</sup>, өлшеу қыл.  
 Егер қисық көрінсе,  
 Мейлің таста, мейлің күл.

<sup>1</sup> Нәфрәтлі (арабша) — نَفْرَةٌ — жиіркенішті.

<sup>2</sup> Гибрәтлі (арабша) — عِبْرَةٌ — үлтілі, өнегелі.

<sup>3</sup> Құпір (арабша) — كُفَّرٌ — діннен шығу.

<sup>4</sup> Мизан (арабша) — مِيزَانٌ — таразы.

Егер тұзу көрінсе,  
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.  
Ақымақ көп, ақылды аз,  
Деме көптің сөзі пұл.  
Жақынның сөзі тәтті деп,  
Жақынным айтты дей көрме.  
Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге ерме.  
Сізге айтамын, хаупім – бұл.  
Өзің үшін үйренсен,  
Жамандықтан жиренсен,  
Ашыларсың жылтама-жыл.  
Біреу үшін үйренсен,  
Біреу білмес, сен білсен,  
Білгеніңнің бәрі – тұл.  
Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісігে қарап сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Әр нәрседен құр қалма.  
Мұны жазған білғен құл –  
Ғұламаһи Дауани,  
Солай депті ол шыншыл.  
Сөзін оқы және ойла,  
Тез үйреніш, тез жойма,  
Жас уақытта көніл – гұл.

\* \* \*

Шоқпартай кекілі бар, қамыс құлак, (27)  
Қой мойынды, қоян жак, бөкен қабак.  
Ауыз омыртқа шығынқы, майда жалды,  
Ой желке, үнріейген болса сағак.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,  
Кабыргалы, жотасы болса құшті.  
Ойынды еті бөп-бөлек, омырауды,  
Тояттаган бүркіттей салқы тәсті.

Жуан, тақыр бакайлы, жұмыр түяқ,  
Шынтағы қабыргадан тұрса аулак.  
Жерсоғарлы, сінірлі, аяғы тік,  
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ак.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,  
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлыш.

Күлте құйрық, қыл тұбі әлді келіп,  
Көтендігі сығынқы, аламайлы.

Үршығы төмен біткен, шақпақ етті,  
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.  
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,  
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,  
Бейне жел, тынышты, ектінді, мініп жүрсек.  
Екі көзін төңкөріп, қабыргалап,  
Белдеуде тыныш тұrsa, байладап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,  
Иек қағып, еліріп басса әсем.  
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,  
Разы емен осындей ат мінбесем.

Аяны тымақты алшы кигізгендей,  
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.  
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,  
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

## ЖАЗ

Жаздыгүн шілде болғанда, (28)  
Көкорай шалғын, бәйщешек,  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда;  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдал,  
Ат, айғырлар, биeler  
Бүйірі шығып, ыңқылдал,  
Суда тұрып шыбындал,  
Құйрығымен шылтылдал,  
Арасында құлын-тай  
Айнала шауып бұлтылдал.  
Жогары-төмен үйрек, қаз  
Ұшып тұrsa сымпылдал.  
Кыз-келиншек үй тігер,  
Бұрала басып былқылдал,  
Ақ білегін сыйбанып,  
Әзілдесіп сыңқылдал.

Мал ішінен айнальп,  
Көңлі жақсы жайланаңп,  
Бай да келер ауылға,  
Аянчылы жылтылдаң;  
Сабадан қымыз қүйдірүп,  
Ортасына қойдырүп,  
Жасы үлкендер бір бөлек  
Кеңесіп, күліп сылқылдаң.  
Жалшы алдаған жас бала,  
Жагалайды шешесін  
Ет әпер деп қынқылдаң.  
Көлеңке қылым басына,  
Кілем төсеп астына,  
Салтанатты байлардың  
Самаурыны бүркүлдаң.  
Білімділер сөз айтса,  
Бәйгі атындаі анқылдаң,  
Өзгелер басын изейді,  
Әрине деп мақұлдаң.  
Ақ көйлекті, таяқты  
Ақсақал шығар бір шеттен  
Малынды әрі қайтар деп,  
Малшыларға қаңқылдаң.  
Бай байғусым десін деп,  
Шакырып қымыз берсін деп,  
Жарамсақсып, жалпылдаң.  
Шапандарын белсенген,  
Асая мініп теңселген  
Жылқышылар кеп тұрса,  
Танертенден салтылдаң.  
Мылтық атқан, құс салған  
Жас бозбала бір бөлек  
Су жағалап кутындаң.  
Қайрыпталған көк құсы  
Көтеріле бергенде,  
Қаз сыйырса жарқылдаң.  
Өткен күннің бәрі үміт,  
Қолдан келер қайрат жоқ,  
Бағанағы байғұс щал  
Ауылда тұрып күледі,  
Қошемет қылым қарқылдаң.

## (КӨКБАЙҒА)

Сорлы Көкбай жылайды, (29)  
Жылайды да жырлайды.  
Ол жыламай қайтып түрады,  
Мынау азған құ заман  
Калыбында түрмайды.  
Біреу малды үрлайды,  
Біреу басты қорлайды,  
... болмаған соң  
Жылауына зорлайды.

## (КӨЖЕКБАЙҒА)

Жамантайдың баласы Көжек деген, (30)  
Әркімге өсек тасып безектеген.  
Досын келіп досына жамандайды,  
Шіркінде ес болсайшы сезед деген.

\* \* \*

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп, (31)  
Откіздік бір нәрсеге болмай жетік.  
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,  
Көп надандар өзіне тартар бейім.  
Арылмас әдет болды күлкішілдік,  
Ыржан-қылжан ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,  
Жириңіп, жылмандақты демес бұрыс.  
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,  
Аладықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жоқ серменде<sup>1</sup> сырды бұзды,  
Лнық таза көрмейміз досымызды.  
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,  
Жүргегінде жатады өкпе сызы.

—  
1. Сиғынған босқа жүрген адам. Негізі парсының шаһрбант —  
деген сөзінен шыккан.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,  
Қосылған босаспайды жүрек жігі.  
Біздін доспыз, асықызы дегеніміз –  
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Сенікен досым да жоқ, асығым да,  
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.  
Көрмеген көл дүние көл көрінді,  
Кірлемеген көнілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – кәннің<sup>1</sup> бірі,  
Мұндақсанда қалмайды көңіл кірі.  
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,  
Итмұрындай наданың жыртты бірі.

Сол досты сая таптай іздейді жан,  
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.  
Жау жабылса бұзылмас жан көрмедім,  
Артық жолдас таппадым татулықтан.

1887

\* \* \*

Сабырсыз, арсыз, еріншек, (32)  
Көрсекызыр, жалмауыз,  
Сорлы қазак сол үшін  
Алты бақан, ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақының жалған міндейді,  
Ол – арсыздық белгісі.  
Үятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі?  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ ырғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.  
Үрлықпен мал табам деп,  
Егессе ауыл шабам деп,  
Сүйтіп құдай атады.

<sup>1</sup> Көн (арабша) –  – кен, кеніш (рудник). Ауыспалы мағынада: мейірімділік бастауы, қайырымдылық, ізгілік; негізгі мағынасында Құдайдың эпитеті.

Бұл нең десе біреуге,  
Жоқ нәрсені шатады.  
Құтылам деп ісінен,  
Бәрін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.  
Бұл болмаса онысы,  
Аударылып қонысы,  
Алыстан дәм татады.  
Қызмет қызып мал таптай,  
Ғылым оқып ой таптай,  
Құр үйінде жатады.  
Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады.  
Бала-шаға, үрғашы  
Үйде жарап қатады.

Еңбегі жоқ, еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,  
Пысық деген ант шықты.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жұз күбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасаң –  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден ұлмай.  
Сыбырдан басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ,  
Өтірік, өсек мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса „ку“.  
Қу нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтаққа  
Арак ішлей мас болса.  
Ел тыныш болса азады,  
Ерігіп өле жазады.  
Үйде отырса салбырап,  
Түзге шықса албырап,  
Кісіні көрсе қылжандап,  
Қалжыншылсып ыржандап,  
Өз үйінде қипандап,  
Кісі үйінде күй таңдап.

Ақылы бар кісіні  
Файбаттайды, даттайды.  
Ауқаты бар туғанды  
Қайырсыз ит деп жаттайды.

Мал мен бақтың дүшпаны,  
Кеселді пысық көбейді,  
Күшік иттей үріп жур,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілменен құтыртып,  
Кетер бір күн отыртып,  
Қызымет қылған кісін  
Құрытуға таяйды.  
Қылып жүрген өнері:  
Харекеті – әрекет.  
Өзі онбаған антүрган  
Кімге ойлайды берекет?  
Кімді үялып аяйды?  
Расы жоқ сөзінің,  
Үрысы жоқ өзінің,  
Өңкей жалған мактанмен  
Шынның бетін бояйды.  
Бұл сөзімде жалған жоқ,  
Айтылмай сөзім қалған жоқ,  
Абайланыз, байқаныз –  
Елдің жайы солай-ды.

\* \* \*

Бөтен елде бар болса (33)  
Ежеттесін, сыйласын,  
Сыбырлас, сырлас көп болған  
Көптен тату қимасын,  
Басыңа жұмыс түскен күн  
Татулықты бұрынғы  
Не қылып ол ойласын?  
Ашып берер жауыңа  
Өзі көрген қоймасын.

Желіккен жауға кез болса,  
Араздығы сез болса,  
„Бәрекелді батыр“ деп,  
„Мықты боп бара жатыр“ деп,  
Мактап-мактап қоздырар.  
Ескі досын көргенде,  
Есебі жоқ ант ішіл,

Аруақ, құдай айтысып,  
Сыр алғалы айттым деп,  
Жауынды алдаң кайттым деп,  
Құдайдан қорықпай, антүрган,  
Иман жүзін тоздырар.  
Келіп-кетіл көп жүріп,  
Мен досыңмын деп жүріп,  
Дұспандығын оздырар.  
Алдайды деп жауына,  
Ел тарттырмай баурына,  
Көрінгенде азғыра.

Кеселді болып бітеді  
Жақсыға біткен жақындар.  
Жау жағадан алған күн  
Өздері иттей тақымдар.  
Үйде отырып ескенде,  
Бәрі шешен қақылдар.  
Аулакқа шығып біріне  
Бірі сөзін макұлдар.  
Жау көп болса басында,  
Бірі қалмас қасында,  
Жетектесен, табандар.  
Далаға шығып өзінді  
Жаудан бетер жамандар.  
Жалбарынып күн көріп,  
Жақыннын сатып, жөн көріп,  
Қалтаң-құлтаң амалдар.

Тұысқанға кекшілі  
Жас баладан бетер-ді,  
Ойлау да жоқ, білу жоқ  
Келер менен кетерді.  
Жақынға еріп, мал салмай,  
Жауды көріп, жан салмай,  
Кайдан ғана біледі  
Ауыр менен жеңілдін  
Арасымен өтерді?  
Жолдас аз бол сасқанда,  
Әуел сонан есітесін  
„Ат үстінен көтерді“.  
Ауыр жұмыс кез болса,  
Араз кісі болғансып,  
Сылтау етер бекерді.

Үйренбейді кісіден  
Кіржінде жүріп кекерді.

Оналып егер алдыңыз,  
Әр жерден-ақ қәбейер  
Ажарлыңыз, малдыңыз.  
Пәленшені ұрам деп,  
Түгеншені қырам деп,  
Таршылышта қайрандал,  
Кеңшілікте ойрандал,  
Көп батырга қалдыңыз.  
Егер тілін алсаңыз,  
Бірі қалмас кісіден.  
Егер тілін алмасан,  
Бықсып шіріп ішінен.  
Әркімде-ақ бар ғой туысқан,  
Қайсысы жауды қуысқан?  
Құн жаутанда қойнұнда,  
Құн ашықта мойнында,  
Арылмас міндет болған сон,  
Әркімнің көнілі сұысқан.

Жақсыға біткен ағайын  
Өз үйінде кезексіз  
Шешен келер сартылдал.  
Біреу білер жер келсе,  
Сөз таба алмас қалтылдал.  
Калжыңға келер шорқақтау,  
Жауға келер корқақтау,  
Еркін жerde ызакор.  
Томырық келер тарқылдал.  
Әдеппенен тамылжып,  
Мінезі тәтті болмайды,  
Сасық пандау келеді,  
Қырт, мактаншақ онбайды,  
Кісімсініп жалтылдал.  
Біреуге өктем іс қылса,  
Өз күшім деп ойлайды.  
Егер күші жүрмесе,  
Баганағы жақсының  
Қылғаны деп қоймайды.  
Жат айбынар ісі жок,  
Жау айдынар күші жок,  
Өз еркіне жіберсен,  
Ешнәрсеге тоймайды.

Қалжыны – теріс, сөзі – ұрыс,  
Айткан сөзге көнбейді.  
Өз тентегін көрмейді,  
Қазан бұзар бір қырыс.  
Сондай кесел туысқан  
Қай жерінен болады  
Көнілге медеу, ол тыныс?  
Жалығуды пәледен  
Жұрт ұмытты біржола.  
Шыныменен тамам ел  
Кете ме екен ит бола?  
Ішкені мас, жеген тоқ,  
Уайым айттар біреу жок,  
Тым болмаса болмады  
„Бұл ала, жер шола“.

Келелі кенес жоғалды,  
Ел сыйырды қолға алды.  
Ел ішінде бітімші  
Түгел алып қайтпайды  
Сұрай келген бір малды.  
Ел жамаған билер жоқ,  
Ел қызырып сандалды.  
Астыртын барып жолғасқан,  
Ақша беріп жалғасқан,  
Акысын әрең сол алды.

Орыс сыяз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Ку старшын, аш билер  
Аз жүргегін жалғайды.  
Орыссыз жерде топ болса,  
Шақырған кісі бармайды.  
Бітім қылып бір кісі  
Адал малын алмайды.  
Қызығы кеткен ел бағып,  
Қисыны кеткен сөз бағып,  
Ендігі атқа мінгендер

Құнде ертенге талмайды.  
Бас косылса арысқа,  
Кім шабады намысқа?  
Жатқа қарап беті жок,  
Жалынбай тұрар к... жок,  
Ісі кетер шалысқа.  
Ел бұлғі Тобықты  
Көп пысыққа молықты.

Малдының малын көре алмай,  
Борышын түгел бере алмай,  
Көрінгенге обықты.  
Қазақтың малын сапырып,  
Көл бәлеге шатылып,  
Кесепатқа жолықты.  
Өзінен шылқан жақсылар  
Түзей алмай зорықты.  
Бөтен елдің адамы,  
Тынбаған соң арамы,  
Көңілі әбден торықты.

Саудагер кашты бұл елден,  
Несиесін жия алмай.  
Бұралқылар сандалды,  
Жуандарға сыя алмай.  
Сенімсіз болды алашқа,  
Барымтасын тыя алмай.  
Нанымы жоқ, анты бар,  
Ел нұсқасы кетті ғой,  
Елмін деген салты бар,  
Әлі күнге уайым  
Қылган жан жоқ, үялмай.

\* \* \*

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, (34)  
Қыыннан қиыстырап ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тындаушы көбі надан,  
Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят<sup>1</sup>, хәдис<sup>2</sup> – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітмысал<sup>3</sup> келді арасы.

---

<sup>1</sup> Аят (арабша) – آیة – құран сөзі.

<sup>2</sup> Хәдис (арабша) – حدیث – Мұхаммед пайғамбардың сөзі.

<sup>3</sup> Бәйіт (арабша) – بَيْتٌ – олс. „Бәйітмысал“ – мысал олс, үлгі-онғас олс.

Кисынымен қызықты болмаса сез  
Неге айтын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа<sup>1</sup> оқыған ғұламасы,  
Мұнәжәт<sup>2</sup> уәлилердің<sup>3</sup> зар наласы.  
Бір сезін бір сөзіне қыстырыар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар тандамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістіреп қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдан айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары акылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қылты жоқтан қармап.


Қобыз берін домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілег,  
Кетірген сөз қадірін жүртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жаңын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.  
Жат елде қайыршылық қылыш жүріп,  
Өз елін бай деп мактар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған тандап,  
Жиса да, бай болмалты, қаша малды ап,  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар дандақ.

Ескі бише отырман бос мақалдан,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап.

<sup>1</sup> Құтпа, хотбо (арабша) –  – уағыз оқу, сөйлеу мағынасында.

<sup>2</sup> Мұнәжәт, монежат (арабша) –  – Аллаға жалбарыну, мактау сөз айту.

<sup>3</sup> Үоли (арабша) –  – әуліле, пайғамбар.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,  
Әншейін күн откізбек әңгімеге  
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.  
Кісімсінген жеп кетер білмсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалданап қарағайды талға жалғап,  
Әркім жүр алар жердін ебін камдап.  
Мақтан қуған, малкүмар нені ұға алсын,  
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықлен ұрлап-қарлап,  
Қусын десе, қуанып жүр алшаңдап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын еліртіп „жау мұндалап“.

Ыңсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап —  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терен ой, терен ғылым ізdemейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

## (НАЗАРҒА)

Мынау келген Назар ма? (35)  
Ақсакалды ауыл азар ма?  
Сұрағаның бір-ақ тай,  
Бермейді деп сазарма!

\* \* \*

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол, (36)  
 Қаза көрген жүргі жаралы — ол.  
 Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,  
 Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қызы ұзат, тоіыңды қыл,  
 Қызы таныстыр — қызыққа жұрт ыржанышыл.  
 Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,  
 Өленсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шілдехана,  
 Олар да өлең айттар шулап жана.  
 Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
 Биде тақлақ, макал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
 Өлеммен жер қойына кірер денен.  
 Өмірдегі қызығын бәрі өлеңмен,  
 Ойлансаншы, бос қақпай елең-селең.

Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсын,  
 Айтсан да, ұдасынан<sup>1</sup> шыға алмайсын.  
 Сен білмейді екен деп айтпасын ба,  
 Неге мұнша сіресіп құп алмайсын?

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,  
 Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.  
 Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,  
 Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны тоқ хасса<sup>2</sup> надан үқлас сөзді,  
 Сөзді ұғар көкірегі болса көзді.  
 Қадірін жақсы сөздің білер жантға  
 Таппай айтпа оған да айттар кезді.

<sup>1</sup> Удда (арабша) —  — шек, шегі деген сөз. Бұл арада ауыспалы мағынада. Яған шегінс жетер, жерінен жеткізу деген үғымда колданылған.

<sup>2</sup> Хасса (арабша) —  — бір нәрсеге не бір кісіге ғана тон нағыз ерекшелік сипат мағынасында.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?  
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл,  
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазак.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.  
Әттен, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ қөрінеу тұр-ау!

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпак,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпак.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

## ҚҰЗ

Сұр бұлт түсі сұық қаптайды аспан, (37)  
Құз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білтеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,  
Салбыранқы тартыпты жыртық киім.  
Енесіне ііртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,  
Астында ақ шомшы<sup>1</sup> жүр, ол бір керуен.  
Қай ауылды көрсөң де, жабырқанқы,  
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

---

<sup>1</sup> Астық склеген сл басқа слғс түйесен барып астық алып қайтады, сонда түйіс бос барады да, шом артады.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен,  
Көнілсіз кара сұық қырда жүрсөн.  
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген сон,  
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсөн.

Қүзеу тозған, оты жоқ елдің маны,  
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаны.  
От жаклаған үйінің сұры қашып,  
Ыстан қорықкан қазактың құрысын заны.

\* \* \*

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай – (38)  
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй.  
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,  
Ықтырмамен күзеуде отырап бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ, үзбей жағып.  
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсөн қағып.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздалап,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздал.  
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,  
Бір жагынан қысканда о да азынап.

Кәрі қой епте сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Кара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кедейге ұлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағыл жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,  
Бала шықса асынан ұзіл-жұлып,  
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,  
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

Әкесі мен шешесі баланы андыр,  
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.

Асын жөндеп іше алмай қысылады,  
Күрбісінан ұялып өңшең жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,  
Артық қайыр артықша қызметке орай.  
Байда мейір, жалшыда пейіл де жок,  
Андыстырган екеуін құдайым-ай!

Алса да аяңшақтау кедей сорлы,  
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.  
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,  
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

## ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, (39)  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі сұық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алтысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі қудаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай<sup>1</sup> бәркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызыарып ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.  
Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.  
Әуес қөріп жүтірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттап киген малшы  
Бет қарауга шыдамай теріс айналды.  
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы  
Титығы құруына аз-ак қалды.  
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр.  
Малшыларым, кор қылма итке малды.  
Соныға малды жайып, құзетіндер,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!  
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,  
Құр жібер мына антурган көрі шалды.

<sup>1</sup> Ұшпа – бұлт, шок-шок болып жөнкіген бұлт.

<sup>2</sup> Қондыбай, Қанай – ру аттарымен аталатын, жерінін шебін жылқыға жалдаітұғын ауылдар.

## (КҮЛЕМБАЙҒА)

Уағалайқұмұссаң, (40)  
Болыс, мал-жан аман ба?  
Мынадайға кез болдың  
Аума-тәкпе заманда.  
Ел билеген адам жоқ  
Ата менен бабанда.  
Болыстықтан пайда қып,  
Шығыныңды алсан җаман ба?  
Қалжындаимын әншнейін,  
Оған келе де бермес шамаң да.

Орныңнан тұра шабасын,  
Атшабар келсе қышқырып. .  
Ояз келсе қайтер ең,  
Айдаһардай ыскырып?  
Отырасың үйінде,  
Өз-өзіңнен қүш кіріп.  
Босқа-ақ түсіп қаларсын,  
Біреу кетсе үшкіріп!..

## (КӨКБАЙҒА)

Бұралып тұрып, (41)  
Буыны құрып,  
Кисайта тартып мұрынын;  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгенсіп, бәлсіп,  
Әр нәрсенің орынын.  
Керенау, керден, бір керім,  
Жақпайды маған сол жерін.

\* \* \*

Желсіз тунде жарық ай, (42)  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен құрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі,

Көрінбей жердің топырағы,  
Құлтырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып  
Үрген ит пен айтакқа.  
Келмел пе едің жол тосып  
Жолыгуға аулакқа?

Таймандамай тамылжып,  
Бір сұнып, бір ысып,  
Дем ала алмай дамыл қып,  
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,  
Дүрсіл қағып жүрегі,  
Тұрман па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі?

\* \* \*

Ішім өлген, сыртым сау, (43)  
Көрінгенге деймін-ая.  
Бүгінгі дос – ертең жау,  
Мен не қылдым, яптырмая?!

Өз үйінде өзендей  
Құркірейді, айтса дау.  
Кісі алдында кірбендең,  
Шабан, шардақ және шау.  
Мұндай ма едің ана күн,  
Мұның қалай, батыр-ая?  
Уш күн арқаң босаса,  
Бола қалдың бас асау.  
Жан қысылса, жайтандалап,  
Жанды еріткен жайдары-ая.  
Жан жай тапса, сен неге  
Жат мінезсің жабырқау?  
Ұрлық пенен құлықта  
Байлағанда, кестің бау.  
Берерменде бесеусін,  
Аларманда және алтау.  
Топ болғанда көресің  
Тұрлі дауды жүз тарау.  
Аяғында сендейлер  
Көрмей жүр ме ханталау?

Қайта кірер есікті  
Катты серіпте, жарқын-ау!  
Жетілсөң де, жетсөң де,  
Керек күні бір бар-ау.

\* \* \*

Болыс болдым, мінеки, (44)  
Бар малымды шығындал.  
Түйеде қом, атта май  
Қалмады елге тығындал.  
Сүйтсе дағы елімді  
Үстай алмадым мығымдал.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындал.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындал.  
Сыяз бар десе, жүргім  
Орнықпайды сұылдал.  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Күр күлемін жымындал.

Жай жүргенде бір күні  
Атшабар келді лепілден:  
„Ояз шықты, сыяз бар“,  
„Ылау“ деп, „үй“ деп дікілден.  
Сасып қалдым, күн тығыз,  
Жүрек кетті лұпілден.  
Тың түяқ күнім, сүйтсе де,  
Карбандастым өкімден.  
Старшын, биді жиғыздым:  
„Береке қыл“ деп, „бекін“ деп,  
„Ат жарамды, үй жақсы  
Болсын, бәрін күтін“ деп.  
Қайраттанып халқыма  
Сөз айтып жүрмін күпілден:  
„Құдай қосса, жұртымның  
Актармын осы жол сүтін“ деп,  
Қайраттысып, қамқорсып,  
Сайманымды бүтінден.

Оңашада оязға  
Мактамаймын елімді,  
Өз еліме айтамын:  
„Бергем жоқ, — деп, — белімді“.

Мақтанамын кісімсіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
Көрсеттім деймін, ымдаймын  
Кәдік қылар жерімді.  
Сөз көбейді, ұлғайды,  
Мақтанның к... көрінді.  
Қазакты жеген қайратты „ер“  
Ұрынды да берінді.  
Әрлі-берлі тартысып,  
Ісі арамы женілді.  
Алқыны құшті асаулар  
Ноқтаға басы керілді.  
Үлкен-кіші ақының  
Бәрі сөз боп терілді.  
Қайрауы жеткен қатты би  
Қайрылып нетсін көнілді.  
Өз малым деп қойған мал  
Иесіне берілді.  
Ақылы жандар қамалап,  
Кептірді сонда ерінді.  
Арызшылар көбейді,  
Болыстың к... шөмейді,  
Қайтсін байғұс демейді,  
Бір кептірмей терімді.

Күн батқанша шабамын  
Әрлі-берлі далпылдап.  
Етек кеткен жайылып  
Ат к... жалпылдап.  
Оязға жетсін деген бол,  
Боқтап жүрмін барқылдап.  
Кейбіреуте таяғым  
Тиіп те кетті бартылдап.  
Пысықтың көбі бұғып жүр,  
Беттесе алмай шаңқылдап.  
Ашылып омырау, күн ыстық,  
Қойын кетті алқылдап.  
Елі жөнді болыстар  
Мақтанып жүр тарқылдап.  
Құлқісі жаксы қарқылдап,  
Үні бөлек сартылдап.  
Сөйлесе кетсе бір жерде,  
Ағыны қатты аңқылдап.  
Оязға кірсе, өзгеден  
Мерейі үстем жарқылдап.

Елің бұзық болған соң,  
Ояз жатыр шартылдап.  
Табаныңдан тозасын,  
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрганмын өзім де,  
Бір мінезбен өтпеймін.  
Момындық күшті екенін,  
Көрсем дағы құтпеймін.  
Сыздан соң елімді  
Қысыт алып кетпеймін.  
Әуелде к... бос кәтір,  
Мыңқтыға не қып беттеймін?  
Жуанды қойып, жуасты  
Біраз ғана шеттеймін.  
Ояз бардағы қылықты  
Ояз жокта етпеймін.  
Кәкір-шүкір, көр-жерді  
Пайда көріп етпеймін.  
Мынау арам, тентек деп,  
Еш кісіні теппеймін.  
Өзімдік бол деп ел жиып,  
Құрастырып, септеймін.  
Бұзакының бүлігін  
„Жақсы ақыл“ деп, „құп“ деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,  
Біраз ғана айлам бар.  
Айлам құрсығын, білемін –  
Болыстықтың жолы тар.  
Қайтіп көмек болады  
Антұрган өнкей ұры-қар?  
Көргенім әлті, ойлаши,  
Ұят, намыс, қалды ма ар?  
Ендігі сайлау болғанда,  
Түсе ме деп тағы шар,  
Бұл күніме бір күні  
Боламын ғой деймін зар.  
Ақыл айттар туғандар,  
Бұл сөзімді ойландар.  
Кәтелешке көбейді,  
Сөгіс естіп, тозды ажар.  
Мынау елді ұстарлық  
Кісі емеспін, кел, құтқар!  
Қолдан келмес қорлыққа  
Неге болдым мұнша інкәр?

Ел жайылды, жетпей ме  
Оязға да бір хабар?  
Тағы бүйтіп кеттің деп  
Қозғау салар. қолға алар.  
Қатты қысым қылған соң,  
Басым сотқа айналар.  
Кірлі болып түскен соң,  
Көрген құнім не болар?  
Өзіне мәлім, тентектер  
Өз бетімен не табар?  
Қағаз берер, қарманар,  
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жок,  
Ұлық жолы тараиды.  
Отірік берген қағаздың  
Алды-артына қарайды.  
Өз қағазы өз көзін  
Жоғалтуға жарайды.  
Тауып алым жалғанын,  
Қылмысынды санайды.  
Өзі залым закүншік  
Танып алды талайды,  
Көрмей тұрып құсамын  
Темір көзді сарайды.

\* \* \*

Біреуден біреу артылса, (45)  
Өнер өлшеніп тартылса,  
Оқыған, білген – білген-ак,  
Надан – надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,  
Надандай болмас ақ көзді.  
Надан жөндіге жөн келмей,  
Білер кайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсандар,  
Таңырқап тұра қалсандар.  
Татымды ештеме болмас,  
Адамсып босқа талтандар.

Ақыл жок, қайғы жок онда,  
Ісі жок – теріс пе, он ба?

Тіленіп, телміріл ізденер,  
Тиын ба, яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,  
Елерме жынды сөзденіп.  
Жасынан үлгісіз шіркін,  
Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,  
Біреуге сондай-ақ құлғіш.  
Бұлықсып, бұлданып босқа,  
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Кісіде бар болса талап,  
Отырмас ол бойын балап,  
Жүрер, әркайдан ізденер,  
Алар өз сүйгенін қалап.

\* \* \*

Мәз болады болысың, (46)  
Арқаға ұлық қақпанға.  
Шелтірейтіп орысың,  
Шенди шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылтығы жаққанға?  
Оқалы тон тола ма,  
Ар-үятын сатқанға?!

Құлмен қағып қасқайып,  
Салынып ап мактанға.  
Таң қаламын қампайып,  
Жокты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды  
Сүйіншіге шапқанға.  
Әуре қылды, салды ойды  
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес жұбанар  
Ақыл көзбен баққанға.  
Жас баладай қуанар,  
Бір дәмдіні татқанға.

Көзі барлар ойының  
Күлер к... ін ашқанға,  
Қасиетін бойының  
Бекер төгіл шашқанға.

Куанарлық қызы емес  
Жылтырауық, таққанға.  
Өзгелерді, біз емес,  
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма  
Ар, абұйыр тапқанға?  
Миың болса жолама  
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, онбассың,  
Нансан, онын қосқанға.  
Жасық, жаман болмассың,  
Жамандықтан қашқанға.

Ол „болдым-ақ“ дей берер,  
Бұлғақ қағып басқанға.  
Елең қағып елбірер,  
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,  
Тұрткенінен жасқанба.  
Бір ғылымнан басқаның  
Кеселі көп асканға.

Одан үміт кім қылар,  
Жол табар деп сасқанда?  
Үйтіп аскан жолығар  
Кешікпей-ақ тосқанға.

\* \* \*

Білімдіден шыққан сөз (47)  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.

Жүргегі – айна, көнілі – ояу,  
Сөз тыңдамас ол баяу.

Өз өнері түр таяу,  
Үқпасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елерме  
Сөзге жуық келер ме?  
Тұзу сөзге сенер ме  
Түзелмесін білген ез?

„Айтшы-айтшылап“ жалынар,  
Ұққыш жансып шабынар.  
Ұқлай жатып жалығар  
Ұйқылы-ояу бойқуіең.

Жас баладай женсіккөй,  
Байлаулы емес ақыл, ой.  
Ойлағаны – айт пен той,  
Ыржан-қылжан ит мінез.

Сұлу қызы мен я батыр  
Болмаған соң, тәйірі алғыр,  
Шығып кетер, я қалғыр,  
Оған ақыл – арам без.

Жақсыға айтсан, жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп,  
Дерпті ішіне ем көріп,  
Неге алтынды десін жез.

„Ой, тәңір-айшыл“ кер есек,  
Құлық, сұмдық не өсек  
Болмаған соң, бір есеп –  
Мейілі қамқа, мейілі бөз.

## СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан сермен, (48)  
Жүректен тербел,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десен өзің біл.

Өткірдің жузі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһіра<sup>1</sup> ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олак.

Басында ми жок,  
Өзінде ой жок,  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды –  
Әдеті надан адамның.  
Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде.  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін  
Деп насиҳат бергенде,  
Ұятсыз, арсыз салтынан,  
Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,  
Сыбырлатп бұқпай,  
Мейірленбес еш сөзге.  
Пайдасыз тақыл –  
Байлаусыз ақыл,  
Атадан бала ойы өзге.  
Санаызыз, ойсызыз, жарым ес,  
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,  
Ыскыртса кесек –  
Құмардан әбден шыққаны.  
Күпілдек мақтан.

---

<sup>1</sup> Бәһіра (парсыша) – بَهْرَة – пайда, білімнен үлес.

Табытын қакқан<sup>1</sup> –  
Андығаны, баққаны.  
Ыңсап, үят, терең ой  
Ойлаған жаң жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,  
Болсайшы қөпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.  
Орынсыз ыржан,  
Болымсыз қылжан  
Бола ма дәүлет, нәсіп бұл?  
Еңбек қылсан өрінбей,  
Тояды карның тіленбей.

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Куансаң қуан сол кезде.  
Бірінді, қазақ, бірін дос  
Көрмесен, істің бәрі бос.

Малынды жауға,  
Басынды дауға  
Кор қылма, корға, татулас.  
Өтірік, ұрлық,  
Үкімет зорлық  
Құрысын, көзің ашылмас.  
Ұятың, арың оянысын,  
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Кор болып, құрып баrasың.  
Өтірік шағым толдығой,  
Өкінер уақытың болдығой.

---

<sup>1</sup> Табытын қакқан – Кісі олім спиреі бастаса, мешіттін ашкоз, надан мәзендері мешіт коймасында тұратын олген адамды салып шығаратын табытты таякпен қағып, олім шакыратын жаман әдеті болған. Ақын соны ауыспаты мағынасында қолданған.

Жұмыссыз сандал,  
Еріксіз малды ал  
Деген кім бар сендерге?  
Кұлықты көргіш,  
Сұмдықты білгіш  
Табылар кісі жән дерге.  
Үш-төрт жылғы әдетің  
Өзіне болар жендетің.

Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаңым,  
Қанғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.  
Сүйеніп күлкі тоқтыққа,  
Тартылты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім,  
Келмейді әлім,  
Мақсұт – алыс, өмір – шак.  
Откен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожақ?!  
Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,  
Жән кісі сұмға,  
Әлі жетер заман жоқ.  
Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен кетті, амал жоқ.  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен откен ку өмір.

Сөзуар білгіш,  
Закүншік, көргіш,  
Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ.  
Жасқанып, қорқып,  
Жорғалап, жортып,  
Именсе елің, балтанбақ.  
Қарғағаның жер қылмақ,  
Алқағаның зор қылмақ.

Хош, қорыкты елің,  
Корқыткан сенің  
    Өнерің қайсы, айтып бер.  
Ел андып сені,  
Сен андып оны,  
    Қылт еткізбей бағып көр.  
    Ойнашы қатын болса қар,  
    Андыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,  
Бір жалғыз өзің  
    Баға алмай, басың сандалар.  
Бауырың тартқан,  
Сырынды айтқан  
    Сырласың сырт айналар.  
    Ол қаны бұзық ұры-кар,  
    Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп,  
    Және тұрып жалпылдап;  
Жығылып тұрып,  
Бұның құрып,  
    Тағы күп салтылдап –  
    Абұйыр қайда, ар қайда?  
    Әз басыңа не пайды?

Ит үрсе, бала  
Таяғын ала,  
    Қуады итпен кектесіп.  
Үрысқансып „ой“ деп,  
„Ұят“ деп, „қой“ деп,  
    Үлкендер тыяр „тек“ десіп.  
    Оны білсең, мұның не?  
    Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос,  
    Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр,  
Кайғысыз отыр,  
    Тамағы тойса жатуға.  
    Не ол емес, бұл емес,  
    Менің де күнім – күн емес.

Фылымды іздең,  
Дүниені көздең,  
Екі жаққа үнілдім.  
Құлагын салмас,  
Тілінді алмас  
Көп наданнан түнілдім.  
Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бүйріғын.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онаң да шықты жаңғырық.  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
Қайрылып сөзді кім үқсын.  
Іште дерт калың,  
Ауыздан жалын  
Бүрк етіл, көзден жас шықсын.  
Күйдірген соң шыдатпай,  
Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан тесек,  
Тастай бол қесек,  
Жамбасқа батар, үйқы жок.  
Сыбыр бол сөзі,  
Мәз болып өзі,  
Ойланар елдің сыйқы жок.  
Баяғы құлық, бір алдау,  
Қысылған жерде – жан жалдау.

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жок.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді үгар елім жок.  
Моласындаі бақсының  
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Сәүлең болса кеуденде, (49)  
 Мына сөзге көніл бөл.  
 Егер сәүлең болмаса,  
 Мейлің тіріл, мейлің өл.  
 Танымассың, көрмессің,  
 Қалтаған соң көзді шел.  
 Имамсыздық намазда —  
 Қызылбастың<sup>1</sup> салған жол.  
 Көп шуылдақ не табар,  
 Билемесе бір кемел?  
 Берекелі болса ел —  
 Жағасы жайлау ол бір көл.  
 Жапырағы жайқалып,  
 Бұлғактайды соқса жел.  
 Жан-жағынан құркіреп  
 Құйып жатса аққан сел,  
 Оның малы өзгеден  
 Өзгеше боп өсер тел.

Берекесі кеткен ел —  
 Суы ашыған батпақ көл.  
 Құс қанқылдап, жағалап,  
 Сулай алмас жазғы төл.  
 Оның суын ішкен мал  
 Тышқақ тиіп, аспас бел.  
 Көл деп оны кім жайлар,  
 Суы құрсын, ол бір — шөл,

Единица<sup>2</sup> — жақсысы,  
 Ерген елі бейне нөл.  
 Единица нөлсіз-ақ,  
 Өз басындық болар сол.  
 Единица кеткенде,  
 Не болады өңкей нөл?  
 Берекенді қашырма,  
 Ел тыныш болса, жақсы сол.  
 Рас сөзге таласып,  
 Ақжем болма, жаңым, кел!

<sup>1</sup> Қызылбастар — қызылбashi (түрікше) — Иран жеріндегі көшпелі түріктерден құрылған, шах Исмаил бірінші мемлекетінің сұйбысты құші болады. Қызылбастар өскери жауынгерлерінің ерекшелік бөлтісі — он екі қызыт жолакты солде болған. Парсы жұрттың қызылбастар деп атау осыдан шыққан.

<sup>2</sup> Единица (орысша) — жалғыз, дара.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, (50)  
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
 Көкіреті сезімді, тілі орамды,  
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
 Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
 Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Тұзу кел, кисық-қыныр, қырын келмей,  
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.  
 Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
 Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,  
 Және айта бер дейді жұрттыным бермей.

Сөз айттым „Әзірет Әлі“, „айдарсыз“,  
 Мұнда жоқ „алтын иек, сары-ала қыз“.  
 Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,  
 Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
 Әсіре қызыл емес деп жиренбеніз,  
 Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,  
 Қызышыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.  
 Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,  
 Елірмелі масқунем байқалған ғой.  
 Бес-алты мисыз бәнгі<sup>1</sup> күлсе мәз бол,  
 Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге  
 Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.  
 Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,  
 Есіл өнер кор болып кетер түзге.  
 Сәнқой, даңғой, ойнашы, керім-кербез,  
 Қанша қызық болады өзіңізге?

---

<sup>1</sup> Бәнгі (парсыша) – بنگی – нашакор.

\* \* \*

Әуелде бір сұық мұз — ақыл зерек, (51)  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,  
Бұл — қайраттан шығады, білсөң керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда тольға боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.  
Ақыл да, ашу да жоқ, құлқі де жоқ,  
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Фылым сол үшеуінің жөнін білмек.

\* \* \*

Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол, (52)  
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.  
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,  
Мен не болсам болайып, сен аман бол.

Көнілімнің рақаты сен болған сон,  
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.  
Бірге жаққан біреуге жақлаушы еді,  
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойынды алып,  
Жұдетер безгек ауру сықылданып.  
Тұла бой тоңар, сұыр, үміт үзсе,  
Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып.

\* \* \*

Қор болды жаным, (53)  
Сенсізде мениң күнім,  
Бек бітті халім,  
 Тағдырдан келген зұлым.  
 Тағдыр етсе алла,  
 Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,  
 Сарғайған соң бұл дерттен.

Бұтілді белім,  
Жар тайған соң әр серттен.  
Камырықты көніл,  
Қайтсе болар женіл?

Сағындым сені,  
Көрмедім деп көп заман.  
Адам деп мені,  
Салмадың сен хат маған.  
Жай таба алмай жүрек,  
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым  
Барса жардың маңына,  
Ол – қылған дәрім  
Фашығымның жаңына.  
Оңалдырып ойды,  
Түзетпей ме бойды?

\* \* \*

Сен мені не етесің? (54)  
Мені тастап,  
Өнер бастап  
Жайыңца  
Және алдаң,  
Арбап,  
    Өз бетіңмен сен кетесің.  
Неге әуре етесің?  
Қосылыспай,  
Басылыспай,  
Байыңца  
Және жаттан  
Бай тап,  
    Өмір бойы қор етесің.

Ет жүрек өргтенді,  
От боп жанып,  
Жалын шалып  
Ішіме.  
Иттей қормын,  
Зармын,  
    Сен үздің ғой бұл желкемді.

Кім білер ертенді?  
Өлім айтпас,  
Келсе қайтпас  
Кісіге.  
Бүтінгі күн  
Бармын,  
Жолдас еттің сен бөтенді.

Фашықтық – қыын жол.  
Жетсөн – жеттің.  
Жетпей өттің,  
Не болды?  
Арманда өмір  
Өтті,  
Ойлар ма екен бір мені сол?  
Салдырап аяқ-қол,  
Жетпей сертке,  
Ішім дертке  
Тез толды.  
Ажал уақыты  
Жетті,  
Мен өлейін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек – бір жүрек,  
Қайта толқып,  
Жолдан қорқып  
Айнымас,  
Шегінісп  
Қайтпас,  
Өлсе бір сөзбен, не керек?  
Білесін, сен зерек,  
Мен пәндене,  
Болды деме,  
Кел, қарас.  
Ешкім сөгіс  
Айтпас,  
Рахым қылсан, кел ертерек!

Шын ғашық мен саған!  
Кейіп жүрсем,  
Сені көрсем,  
Ләм-мим деп  
Бір сөз айттар  
Хал жоқ,  
Еріп кетер бой сол заман.

Ойынды сен маған  
Бір бөлмедін,  
Тез келмедін,  
Мені іздел.  
Ішінде ыстық  
Қан жок,  
    Тас бауыр жар, бол қош аман!

Жар, сенің көңілің ток,  
Ақ етінді,  
Нұр бетінді  
Меншікті  
Қылмаған соң  
Алла,  
    Өзі сорлы етсе, амал жок.  
Сен аттың жәнсіз оқ,  
Тәнірі – қазы  
Тас таразы,  
Тентекті  
Сұрамас деп  
Қалма,  
    Серт бұзғанның, біл, орыны – шок.

## ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, қалам қас, (55)  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлад,  
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,  
Туса туар – артылmas.  
Бір өзінен басқаға  
Ынтықтыгым айтылmas.

Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қайрылmas.  
Көрмесем де, көрсем де,  
Көңілім сенен айрылmas.

Көзім жатқа қарамас,  
Жат та маған жарамас.  
Тар төсекте төсінді  
Иіскер ме едім жалаңаш?

Иығымда сіздің шаш,  
Айқаласып тай-талаң,  
Ләззат алсақ болмай ма,  
Көз жұмулы, көніл мас?

Сізде сымбат, бізде ықылас,  
Осы сөзім бәрі рас.  
Сіздей жардың жалғанда,  
Қызығына жан тоймас.

Етің етке тиғенде,  
Демің тиіп сүйгенде,  
Тән шымырлап, бой еріп,  
Ішім оттай қүйгенде.

Жүрек балқып игенде,  
Ішкі сырды түйгенде,  
Іздел табар сұнқармын,  
Жаразтықты шүйгенде.

Қылышында жоқ оғат,  
Қарап тойман жұз қабат.  
Үістық тартып барасын,  
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз – қырғауыл жез канат,  
Аш бетінді, бері қарат.  
Жақындаі бер жұықтап,  
Тамағынан аймалат!

## ҚЫЗ СӨЗІ

Қыстырып мақтайсыз, (56)  
Ойласаң не таптайсыз?  
Бізде ерік жоқ, өзің біл,  
Әлде неге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,  
Тап бергеннен тайқаймыз.  
Сіздей асыл кез болса,  
Қайтіп басты шайқаймыз?

Ақылныңа сөзің сай,  
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.

Ыстық сөзің кірді ішке,  
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсөн, көңілім жай,  
Тұстап кетсөн, япымай,  
Ит қор адам болар ма,  
Бұл жалғанда сорлындаї?

Тілегімді бермесен,  
Амалым не жерлесен?  
Үйір қылма бойына,  
Шыны жақсы көрмесен.

Қайғың болар шермен тен,  
Қара көңілім жермен тен.  
Сенсіз маған жат тәсек  
Болар бейне көрмен тен.

Сіз – бір сұнқар шаһбаз<sup>1</sup>,  
Жер жүзінен алған баж<sup>2</sup>.  
Біздей гаріп есепсіз,  
Есігінде жүр мұқтаж.

Көңілін тұрса бізді алып,  
Шыныменен қозғалып,  
Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын,  
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,  
Гүл шыбықтай бұралып.  
Салмагыңдан жаншылып,  
Қалсын құмар бір қанып...

Мұны жаздым ойланып,  
Ойда бардан толғанып.  
Кірсе ішіңе оқи бер,  
Бозбалалар, қолға алып.

---

<sup>1</sup> Шаһбаз (парсыша) – شاھ باز – қаршыға, лашын, сұнқар және ержүрек батыр магынасында да колданылатын сөз.

<sup>2</sup> Баж (парсыша) – بج – алым-салық. Бұл жерде тоят ату, тояттау деген ауыспалы мағынада колданылған.

Мұны оқыса кім танып,  
Жүргіне от жаңып,  
Сөзді ұғарлық жан талса,  
Айтса жарар ән салып.

Өлең жиған тырбанып,  
Ән үйренген ырғалып.  
Сорлы Көкбай қор болды-ау,  
Осыншадан құр қалып.

\* \* \*

Білектей арқасында өрген бұрым, (57)  
Шолтыйсы сылдыр қағып жүрсе ақырын.  
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,  
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,  
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,  
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,  
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұран бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,  
Болады осындей қыз некен-саяқ.  
Піскен алма секілді тәтті қызды  
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,  
Лұпілдеп қан соғады жүргетіңе.  
Бетінді таяп барсан тамағына,  
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

\* \* \*

Қажымас дос халықта жоқ, (58)  
Айнымас серт қайда бар?  
Алда көрген артта жоқ,  
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жаксылығың құнде ұмыт,  
Бір жаңылсан, болды кек.  
Пайдасынан бой сұйт,  
Әзі тимей жүрсе тек.

Пайда, мақтан өзінен,  
Артыла ма ант ұрып?  
Жарыса өсек сөзінен,  
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім,  
Түбі болды бір кейіс.  
Жақсы өмірім өуарә<sup>1</sup> еттін,  
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау қожандап бұртаяп,  
Дос құбылып, әуре етер.  
Кімі тентек, кімде айып,  
Тексере алмай өмір өтер.

Сыйласарлық тектінің,  
Кім танымас нұсқасын?  
Күнде өзімшіл ептінің,  
Несін адам ұстасын?

\* \* \*

Жастықтың оты, қайдасын, (59)  
Жүректі тұртіп қозғамай?  
Фылымның біліп пайдасын,  
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,  
Кісілікті ойламай.  
Каруын көніл сайласын,  
Қолға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,  
Оның да дәмін татпаса?  
Біржола басты кім берер,  
Жаныңа қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,  
Жолдастықты ақтаса.  
Алдыңа айдалап кім келер,  
Ерінбей жүріп бақласа.

---

<sup>1</sup> Өуара (парсыша) –  – қанғыру, сергелденген салыну.

Мал бакпактық шаруа бол,  
Адал тауып асықпай.  
Құр айғаймен өуре бол,  
Өнердің жайын баса үқпай.

Енді нені істейміз,  
Бәрінен де бос қалдық?  
„Ауызға келіп түс“ дейміз,  
Қылышп жүріп құр салдық!

\* \* \*

Жарқ етпес қара көнілім не қылса да, (60)  
Аспанды ай менен күн шағылса да,  
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жок,  
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,  
Шыдайды риза болып жар ісіне,  
Корлық пен мазағына табынса да.

\* \* \*

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, (61)  
Оған да үкі, тұмар тағылса да.  
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,  
Кім желігіл, қай шеттен қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?  
Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.  
Арсыз адам арсандаپ, арсылдайды,  
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды көпті қойып аз ғанасы,  
Арызшы орыс – олардың олжаласы.  
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,  
Куды үннatty-ay Семейдің бұл қаласы.

## ҚАРА ҚАТЫНҒА

Қара катын дегенге, қара катын, (62)  
Үзіп-жұлып, алып жүр қанағатын.  
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,  
Қазақтың не қыласың шарағатын.

## ОНЕГИННІҢ СИПАТЫ

(A. C. Пушкиннен)

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, (63)  
 Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.  
 Нанасың не айтса да, амалың жок,  
 Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.

Кейде пан, кейде көнгіш орныменен,  
 Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.  
 Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,  
 От жалындај жауапкер күрбыменен.

Фашықтық сөзге жүйрік әсіресе,  
 „Дем алдысым, құмарым – бір сен“ десе.  
 Жаңын құрбан жолына қылған жансып,  
 Көз қарауы құбылар әлденеше,  
 Кейде ұялашқ, тәменшік, кейде тіп-тік,  
 Камыққансыр, кайрып, орны келсе.

Жай, жана кісі болып түк білмеген,  
 Қалжынын білдіртпейді қалай деген.  
 Жаңың шошыр өрліг жаннан бөлек,  
 Кісіге балдан тәтті орны келген.

Биттей бойы босаса, сезер сонда,  
 Жастық женіл, көнілді шайқағанда.  
 Фашыққұмар, ақыл мен бойынды альп,  
 Жылы жауап есітер не қылсан да.

Емінер, „әй“ дегізер, дайын қылар,  
 Жүргің қалай соқса, пайым қылар.  
 Жылы ізін сүйтпас, дамыл көрмес,  
 Бір оңаша жолығар жер айтқызар.  
 Ел аулақта онаша қолына альп,  
 Көніліндегі сабағын айтып тынар.

Жасынан көрсө оны ақылы сасқан  
 Не сүркия жандарың жүрттан асқан.  
 Женуге, кор қылуға тағы да ұста,  
 Өзіне күндес шықса, жол таласқан.  
 Ажуага, корлауға тілі орамды,  
 Не түрлі тұзак құрып көнілін басқан.

# ТАТЬЯНАНЫң ОНЕГИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

(A. C. Пушкиннен)

Амал жок – қайттім білдірмей, (64)  
Япырмау, қайтіп айтамын?  
Қоймады дертін күйдірмей,  
Не салсан да тартамын.

Талаісyz, бақсыз мен сорлы,  
Еріксіз аттап ұяттан,  
Корлыққа көндім бұл құрлы,  
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,  
Білдірмен дедім өлсем де.  
Шыдар ем күйшп, мен жанып,  
Айында бірер көрсем де.

Болмады көріп қалуға,  
Есітіл біраз сөзінді.  
Шыдар ем бір ай жатуға,  
Ұзақ түн жұмбай көзімді.

Қызықтан қашып бұл жерге  
Көніліңіз сұып келіпсіз.  
Мәнісін сұрап бірерге,  
Тілдесе алмаймын еріксіз.

Келмесен егер сен бізге,  
Сау болмас па ем, әлбетте?  
Болмасам ашына мен сізге,  
Түспес ем мұндан бейнетке.

Асау жүрек кайнамай,  
Жуасыр ма еді кезінде?  
Елден бір жақсы сайламай,  
Бармас па ем ерге өзім де?

Өзгеге ешбір дүниеден  
Еркімен тимес бұл жүрек.  
Әзелде тағдыр иеден,  
Кожам – сенсің, не керек.

Тіршілігім — құрбандық,  
Шыдамай сені көргенше.  
Тәңірімнен келген бұл жарлық,  
Ием — сенсің өлгенше.

Әуелде кірдің түсіме,  
Ортақтасып өміріме.  
Толғау салып ішіме,  
Сол күнде-ақ жақтың көніліме.

Құдайдан болғай деп емі,  
Құдайыны мол бердім.  
Көрген жерде-ақ мен сені,  
„Осы екен ғой — сол“ дедім.

Жатқан сайын үйқыға,  
Дүға оқушы ем, шошынып.  
Үнатып мені құлқыңа,  
Жүруші едің қосылып.

Түсімде мені жұбантып,  
Жылы сөзбен сөйлесіп,  
Кетуші едің қуантып, —  
Калушы еді көніл өсіп.

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,  
Иембісің сақтаушы?  
Әлде азғырып әуре еткен,  
Жаумысын, теуіп таптаушы?

Шеш көнілімнің жұмбағын,  
Әлде бәрі — алданыс.  
Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс.

Не болса да өзімді  
Тапсырдым сізге налынып.  
Толтырып жасқа көзімді,  
Есірке деймін жалынып.

Бұл жерде ешкім сырымды  
Білмейді, айтып не етейін?  
Жақтырмай бұзсан ңұрымды,  
Білдірмей қүйіп өтейін..

Құтемін сізден қайта хат,  
Куандырып дөртім жаз.  
Ол болмаса, шыныңды айт,  
Кінә өзімде, өзіме аз.

Өз хатыма өз көзім  
Ұялып, қорқып баға алмас.  
Кеплім – сенің бір өзің,  
Бөтен жан несіп таба алмас.

## ОНЕГИННІҢ ТАТЬЯНАҒА ЖАУАБЫ

(A. С. Пушкиннен)

Таңғажайып бұл қалай хат, (65)  
Мағынасы – алыс, өзі жас?  
Сөзі орамды, әр түрі жат,  
Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқынын дөп  
Жаза алыпсың толтырып.  
Бойды жеңіп бұл асыл леп,  
Тұрды титық көп күрьып.

Тіл буынсыз, бой – таза гүл,  
Ақылы артық, ары зор.  
Ол – перизат, ойла, өзің біл,  
Не болады болса қор?

Ішім өлген, құр денем сау,  
Босқа үрейім жүр менің.  
Жарамайды бекер алдау,  
Тенің емес мен сенің.

Пенде көрген бар қызықтың,  
Бәрін ішкен сүм жүрек.  
Айныған соң, сен жолықтың,  
Айтып-айтпай не керек?!

Тәтті дүние көнілімнен  
Кетті менің, наң маған.  
Енді бізге бір өлімнен  
Басқа тұқ жоқ арнаған.

Мен – жаралы жолбарысын,  
Жұрттың атқан оғы өтіп,  
Сен есірке, сорлы жаспын,  
Шын сөзіме ракым етіп.

Бала сүйер, жар сүйерден,  
Түк неме жоқ, түр денем.  
Сен – тоты құс бақта жүрген,  
Қай жерімнен пар келем.

Ерге барған ер танымай,  
Ер қызығын кім көрер.  
Шығарына жол таба алмай,  
Қайғыменен босқа өлер.

Айнығыш ер тартса салқын,  
Бал сұрасаң, береді у.  
Казымырап сөздің артын...  
Касиеттен бетті жу.

Мен – сынық жан, жамағанмен  
Түзеле алман түрленіп.  
Тенің емес, біл, саған мен,  
Не қыласың кірленіп?!

Әйел өлмес сокпа дерттен,  
Сауыға алмас сынған ер.  
Мен – көмірмін қалған өрттен,  
Енді рұқсат бізге бер.

Сенің өмірің гүлденіп түр,  
Есігін тап, көр қызық!  
Менің өмірім – бір сұық сұр,  
Құзгі күндей түр бұзық.

Бірге туған мен ағаннан,  
Шын досынмын, кем емес.  
Сокқы жедім сүм заманнан,  
Бір жылы сөз ем емес.

Арман етпе, жас құнің көп,  
Иглік көр, ерге бар!  
Бұл заманың қашқыны деп,  
Мен гаріпті есінде ал.

Менде пандық, жат мінезден  
Дәнеме жоқ, жарқыным.  
Осы жазған барша сөзден  
Байқалынар бар шыным.

Басы қатты, сүм жүрегін  
Токтата алмай кетті де.  
Сорға біткен кекірегін  
Сендеріе алмай өтті де.

Бар денемнің бәрі – бір мұз,  
Кайрылуға жарамас.  
Мына дәулет, мына асыл қыз,  
Болды маған арам ас.

Ол – жас ағаш, бір қызыл гүл,  
Жапырағы жаңғырап.  
Сорлы Онегин, жолды өзің біл,  
Қай тарапқа қаңғырап.

## ОНЕГИН СӨЗІ

(A. C. Пушкиннен)

Хатыннан жақсы ұғындым сөздің бәрін: (66)  
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.  
Жасырмай, жастықленен, наңғыштықтен  
Айтыпты шыншыл тілің бар інкәрін.

Жасырмай жас жүректің жанган жайын,  
Айтуға тілің мұнша қайдан дайын?  
Жанып, сөніп, сұнып қалған көнілім  
Кобалжиды хатынды көрген сайын.

Қалмаган Онегиннің ешбір бағы,  
Отіп кеткен жүректің отты шағы.  
Мінсіз тілмен сөзінді жазыпсын-ақ,  
Ұнатпаған жерім бар сүйтсе-дағы.

Болса да сөн-салтанат, қызық, әсем,  
Тез жалығып айнимын, түрлауым кем.  
Сактасар, ардақтасар кісі болсам,  
Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем.

Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең жалқып,  
Сүйп кайтар көңілім желше шалқып.  
Қуартып, қайғыменен суалтамын,  
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып.

Құдайдың толып жатыр күні бүгін,  
Жігіттің тани алмай кемшілігін.  
Бір алып, қадірлемей, тастап кеткен  
Тартып жүр қиянатшыл ер күйігін.

Тұксиген өзі сұық, сөзі сұық,  
Келерлік бір жері жоқ жаңға жуық.  
Өзі антурған, қазымыр, қатыны – сорлы,  
Екі өмірдің лайлап сүйн тұнық.

Сол баянсыз еркектің біреуі – мен,  
Жамандығым жақсымнан екі еседен.  
Жүрек кірсіз, тіл мінсіз, мінезің – гүл,  
Не боласың осындай ерменен сен?

Жаңғырмас өткен өмір, біткен мінез,  
Лайықсыз кісіге болыпсыз кез.  
Сені жақсы көрейін бірге тұган  
Ағандай, онан басқа жоқ менде сөз.

Жас қыз берен жас бәйтерек – бәрі бірдей,  
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?  
Менен гөрі сөзінді жақсы ұғушы  
Кетер деме ер жігіт бір кез келмей.

Бұл сөзде акыл да бар, ғибрат та бар,  
Өзіңе екіншіде пайды болар.  
Ақылменен ойласаң тоқтау қыльып,  
Сүйкімді менен артық жан табылар.

## ОНЕГИННІҢ ТАТЬЯНАФА ЖАЗҒАН ХАТЫ

(A. C. Пушкиннен)

Құп білемін, сізге жақпас (67)  
Ескі жара бүттелеу.  
Ақ жүрегін енді ұнатпас,  
Мезгілі жоқ, қай медеу?

Ықтиярсыз мұнды сезім  
Кетті ыршып жолына.  
Мазағына бердім өзім,  
Өз басымды қолыңа.

Өлі бойға жан жүгірді,  
Қайратым күрыш болды, нан.  
Мұз жүрегім май сықылды  
Еріп, от боп күйді жан.

Қор қылуга құдіреттен,  
Жүргіме түсті өрт.  
Тайды аяғым ескі серттен,  
Түсті емсіз қатты дерт.

Масқаралап мені тағдыр  
Қылды мазақ, не шара?  
Менің үшін сен жауап бер,  
Менде сөз жоқ, бишара.


Миҳрабым<sup>1</sup> сен, бас ұрамын,  
Тіл жете алмас ғүзіріме<sup>2</sup>  
Жетпедім, не жасырамын,  
Гаунарымның қадіріне.

Сен – ағашта піскен алма,  
Әзір едің, алмадым.  
Құп кіріттар қылды алла,  
Әлде мені қарғадың?

Он сегіз мын бұл ғаламның  
Бар тынысы қунде тұр.  
Мен сықылды сорлы адамның  
Ықтияры сенде тұр.

Сен бетінді әрі бұрсан,  
Шықты көзім, болды көр.  
Жанды аларсың разы болсан,  
Біздің орын – қара жер.

---

<sup>1</sup> Миҳраб (арабша) –  – мешіттің төріндегі молда тұратын күбынлага қараған орын. Бұл арада касиетті орын мағынасында.

<sup>2</sup> Ғазір, ғүзір (арабша) –  – бір істі істеуге мүмкіндік бермеген себеп мағынасында.

Тәнірі добы – бұл ғаріп бас,  
Кетті амалсыз корлама!  
Қайта қакты, қайла болмас,  
Келді, түсті ордана.

Ақылы бар, ықтиярлы,  
Пенде теппес өз жарын.  
Ерік иеде, пенде зарлы,  
Не білер не боларын?

Сорлы адаммың жер жүзінде,  
Бір қуаныш көрмедім.  
Не қыласың, ерік өзінде,  
Қайғысы асқан шерлі едім.

Менің өмірім таянып тұр,  
Үзілуге өм жаным.  
Ақ жүзінді бір көріп құр,  
Өлсе болмас арманым.

Күні ертең бір көрінсөң  
Сорлы асықтың көзіне.  
Тәнірі үшін шапқатынмен  
Нан ғаріптің сөзіне!

Не болайын, тез болайын,  
Ақ жүзінді көрейін.  
Бар ма өмірім, қармалайын  
Жоқ болса мен өлеійін.

Қоргалап құр өтпе өмір бос,  
Тағдырына қарсы бар.  
Бір өзіннен басқа бір дос  
Тапласаң өл, жүрме зар.

## ТАТЬЯНА СӨЗІ

(A. C. Пушкиннен)

Тәнірі қосқан жар едің сен, (68)  
Жар ете алмай кетіп ен.  
Ол кезімде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ен.

Талақ етіп бұл ғаламды,  
Болды мәлім кеткенін,  
Кінесі жок жас адамды  
Қатты соққан не еткениң?

Елжіреген жас емес пе ем?  
Еппен айтсан жұбатып.  
Мен ғашыққа мас емес пе ем?  
Кетсөн еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ен,  
Мен киіктің лағы ем.  
Тірі қалдым, өлмей әрең,  
Қатты батты тырнағың.

Бұл кінә емес, әншейін наз,  
Сағынамың, айтамың.  
Досың-акпың, тағдыр араз,  
Толғанамың, қайтемің.

Сен шошыдың ғашығынан,  
Өзге жүрттан қамшы жеп.  
Мен де сорлы нәсібімнен,  
Жатқа тидім алшы деп.

Жар табылmas сен секілді,  
Мен де сендей сорлы зар.  
Қол-аяғым берік бекілді,  
Енді ненің орны бар?

Өз қораның қақпасын сен  
Қатты жалтың, не айтайың.  
Жат қораның тақтасын мен  
Жастанамың, қайтейің.

Қаймак еді көнілімде,  
Бізге қаспақ болды жем.  
Екі сөз жоқ өмірімде,  
Мен де – сорлы бақыты кем.

Еш қызыққа арманым жоқ,  
Бәрі де бар формының.  
Біреуіне қанғаным жоқ,  
Өзіме аяң сорлығын.

Жаным ғашық асылым ен,  
Жар есігін бермедің.  
Сорға біткен ғашығымсын,  
Неге тым кеш сермедің?

Жат есікті және қорып,  
Жара салма сен маған.  
Жұрт жамандар жатқа жорып,  
Жалынамын мен саған.

Үшбу қиял келсе басқа,  
Сен жүдер деп мен үшін.  
Болар еді қайнамасқа,  
Мыс қазандай сорлы ішім.

Ғашық-ақтын еш күмәнсіз,  
Ырыс емес, сор үшін.  
Көрісуге шыдамаспыз,  
Айрылалық сол үшін.

## ЛЕНСКИЙ СӨЗІНЕҢ

(A. C. Пушкиннен)

Барасың қайды, қайды болмай маған, (69)  
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған.  
Келер күн келеді екен не дайындап,  
Қараңғы, қарағанмен болжай алман?

Мінеки, келіп қалдық атар таңға,  
Жарқырап күн де шығар тірі жанға.  
Табытқа салып алып, әлде мені  
Апарар сырын білмес бір дағана.

## ОНЕГИННІЦ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ

(A. C. Пушкиннен)

Жарым жақсы киім киіп, (70)  
Келді жанға жылы тиіп.  
Диуана болды бұл көнілім,  
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып үйіп,  
Көңілім жүр құс болып шүйіп.  
Есіркеп сүйтізіп еді,  
Кетіпшін жұз есе күйіп.

Қылдың арам ойынды,  
Бір бүрмадың мойнынды.  
Сен ақылмен көңілінді  
Тыйып, жендің бойынды.

Мен бұрылып түзеле алман,  
Қайтсін дедің сорлынды...  
Атам, анам – қара жер,  
Сен аша бер койнынды.  
Сенен басқа еш жерден  
Таба алмадым орнымды.

1890

\* \* \*

Бай сейілді, (71)  
Бір пейілді  
Елде жақсы қалмады.  
Елдегі ерек,  
Босқа селтек  
Қағып, елін қармады.

Жөнді, жөнсіз,  
Сөз теңеусіз,  
Бас пен аяқ бір қисап.  
Ұрысса орыс,  
Елге болыс,  
Үйден ұрген итке ұсал.

Өзі ұлыққа  
Қадірі жокқа  
Қарамай, өз халқына  
Сөз қайырмай,  
Жөнді айырмай,  
Жүртқа шабар талпына.

Танымадық,  
Жарымадық  
Жақсыға бір іргелі.  
Қолына алып,  
Пәле салып,  
Аңдығаны өз елі.

Шашты барын,  
Берді малын  
Боларында жұртына.  
Еміреніспес,  
Енді піспес,  
Ұқсамас еш сыртына.

Кетті бірлік,  
Сөнді ерлік,  
Енді кімге беттемек?  
Елің – ала,  
Отты шала,  
Тайса аяғын, кім көмбек?

Өтті өмірім,  
Қайтты көңлім  
Бұл дүниенің ісіне.  
Жасы құрбы,  
Жаны тұргы,  
Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,  
Сөзге емексіп,  
Не болады мақтанын?  
Пейілі шикі,  
Ақылы күйкі,  
Осы жұрт па тапқанын?

\* \* \*

Ем таба алмай, (72)  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеge.

Босқа ұялып,  
Текке именіп  
Кімді көрсем, мен сонан,  
Бетті бастым,  
Тұра қаштым  
Жалма-жан.

Ұйқы, тамақ  
Қалды тым-ақ  
Керегі жоқ іс болып,  
Жай жатпағым,  
Тыныш таптағым  
Күш болып.

Жас жүргегім  
Жанды менің,  
Жай таба алмай, япрыым,  
Өзің онда  
Жақсы жолға  
Ақырын.

Жас теректің  
Жапырағы  
Жамырайды, соқса жел.  
Түсті мойын,  
Толды қойын,  
Ақты сел.

Мен пан едім,  
Бейқам едім,  
Еш нәрседен қайғысыз.  
Тез дерттендім,  
Кейде өрттендім,  
Кейде мұз.

\* \* \*

Келдік талай жерге енді, (73)  
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.  
Қызыл тілім буынсыз,  
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,  
Тындаушымды ұғымсыз  
Қылып тәнірім берген-ді.  
Осы жасқа келгенше,  
Өршеленіп өлтөнше,

Таба алмадық бір адам  
Біздің сөзге ергенді.  
Өмірдің өрін тауысып,  
Білімсізбен алысып,  
Шықтық міне белге енді.  
Енді аянда, жығылма,  
Сыймас жерге тығылма,  
Кой бұрынғы желгенді!  
Қайғы шығып ишкә,  
Қамалтпасын түйкә,  
Сергі, көнілім, сергі енді!  
Балапан құстай ондалып,  
Қанатынды қомданып,  
Жатпа ұяда қорғанып,  
Ұш, көнілім, көкке, кергі енді!  
Көнілде қайғы, қалың зар,  
Айтатұғын сөзім бар,  
Салсын құлақ үкқандар,  
Өрбі, сөзім, өрбі енді!  
Іште қайғы дерт пысып,  
Кекіректі өрт қысып,  
Айтуға көнілім тербенді.  
Өзің жалғыз, надан көп,  
Үқтырасың сен не деп  
Эулекі, арсыз елге енді?  
Тыныштық сүймей қышынып,  
Өтіріккө түшініп,  
Пәледен тұрмас шошынып,  
Тұл бойын желік женғен-ді.  
Тұған жерді қия алмай,  
Тентекті женіп, тыя алмай,  
Әлі отырмыз үялмай,  
Таба алмадық өнгө елді.  
Әзелде тәңірім сорлы етті,  
Арсыз елмен әуре етті,  
Жалғыз үйде күніренетті,  
Тағдырға білдік көнгенді.  
Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар,  
Өтірік пен өсекке  
Бәйге атындаі анқылдар –  
Тұла бойым шіміренді.  
Барма топқа шақырмай,  
Жат үйінде шатылмай,

Шыдармын ба, япымай,  
Жатуға шықпай үйде енді?  
Қатыныңың ойнасын  
Көрсөн, білсөн қоймасын,  
Не ойлар едің өз басың,  
Сонымен тең біз де енді.

\* \* \*

Өзгеге, көңілім, тоярсың, (74)  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дерпті жоярсың.  
Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омыраудым боялсын.  
Қара басқан, қаңғыған,  
Хас надан нені ұфа алсын?  
Көкірегінде оты бар,  
Құлағын ойлы ер салсын.  
Тыңдамаса еш адам,  
Өз жүргім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозғалсын.  
Әуелесін, қалқысын,  
От жалын бол шалқысын.  
Жылай-жырлай өлгенде,  
Арттағыға сөз қалсын.  
Мендей ғаріп кез болса,  
Мойын салсын, ойлансын.  
Қабыл көрсө сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын.  
Не пайды бар – мың надан  
Сырттан естіп таңдансын.  
Онан дағы бір есті  
Ішкі сырын аңғарсын.  
Өздерің де ойландар,  
Неше түрлі жан барсың.  
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,  
Даладағы андарсын.  
Жүргінмен тыңдамай,  
Құлағыңмен қармарсын.  
Соны көріл, соларға,  
Қайтіп қана сарнарың?!

Кейде есер көніл құрғырын, (75)  
Махаббат іздел талпынар.  
Ішем деп бейнет сузынын,  
Асая жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас,  
Жүректің отын сөндірмес.  
Махаббат – өмір көркі, рас,  
Өлгөн соң ол да үн демес.

Махаббатсыз – дүниедос,  
Хайуанға оны қосындар.  
Қызықтан өзге қалсанғ бос,  
Қатынын, балаң, досың бар.

Журегі жұмсақ білген құл,  
Шың дос таптай тыншымас.  
Пайда, мақтан бәрі – тұл,  
Доссыз ауыз түшымас.

## ЖАЗҒЫТҰРЫ

Жазғытуры қалмайды қыстың сызы, (76)  
Масатыдай құлтырар жердің жузі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайрандасып жас құлер құрбысымен.  
Көрден жаңа тұргандай кемпір мен шал,  
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,  
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.  
Шаруа қуған жастардың мойыны босап,  
Сыбырласып, сырласып, маукын басып.

Түйе боздап, кой қоздап -- кора да шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қараганда,  
Сыбыр қағып, бұрандап ағады су.

Көл жагалай мамырлап кү менен қаз,  
Жұмыртқа іздел, жүгіріп балалар мәз.  
Ұшқыр аттеп зырлатып тастағанда,  
Жарқ-жүрк етіп ішіндер көк дауыл баз<sup>1</sup>.  
Құс қатарлап байлаған қанжығаға  
Қызы бүрандап жабысып, қылады наз.

Жазға жақсы киінер қызы-келіншек,  
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.  
Қырда торғай сайраса, сайды бұлбұл,  
Тастағы үнін қосар байтыз, көкек.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,  
Диханшылар жер жыртып, егін егер.  
Шаруаның бір малы екеу болып,  
Жаңа төлмен көбейп, дәulet өнер.

Безендіріп жер жүзін тәнірім шебер,  
Мейрбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейне әкендей үстіне аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге  
Рахметіне алланың көңіл сенер.  
Мал семірер, ак пенен ас көбейер,  
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

Кара тастан басқаның бәрі жадырап,  
Бір сараңдан басқаның пейілі енер.  
Тамашалап қарасаң тәнірі ісіне,  
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуак іздел, бала шулар,  
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.  
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,  
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,  
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.  
Таң атқан соң шығарын қүннің біліп,  
Өні қашып, бола алмас бұрынғыдай.

---

<sup>1</sup> Баз (парсыша) – باز – каршыға.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты.

Құмары екеуінің сондай қүшті.

Түн қырында жүргенде көп қожандап,

Күйеу келді, ай, жұлдыз қ... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,

Жан-жануар қуанар тойға елеріп.

Азалы ақ қөрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн – күйеуін жер көксеп ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай,

Көңілі құн лебіне тойғаннан сон

Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,

Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.

Қызыл арай сары алтын шатырына,

Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

\* \* \*

Аска, тойға баратұғын, (77)

Жаны асығып жас жігіт.

Қолға кетті жауға бір құн,

Тірі адамның ісі – үміт.

Қозғады жау батыр ерді,

Жауға сойқан салғалы.

Қалыңдығы қала берді,

Жатыр еді алғалы.

Асықсан да, шырағым,

Саған деген құданың

Жазылған қандай жарлығы,

Есіткен жоқ құлағын.

Қалыңдық құшып, суюге,

Күйеуіне ынтызар.

Келісімен тиуге

Дайындалған ойы бар.

Көйлегін актан тіккіштеп,

Күні-түні дем алмай,

Бітіруге жүр қүштеп,

Асыққансып, токталмай.

Сен асыққан екен деп,  
Алла әмірін өзгертпес.  
Айтқаның болар ма екен деп,  
Мен қорқамын, көз жетпес.

Жара басты кеудені,  
Жаудан өлді ар үшін.  
Ескермей өзге дүниені,  
„Ah!“ деп өтті жар үшін.

Жамандық тұрмас құттіріп,  
Ел есітті, қыз білді.  
Ақ көйлекті бітіріп,  
Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген некені  
Сүйіп кеткен жан екен.  
Көзің неге жетеді,  
Косылмақ онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,  
Неге өлдім деп нальмас.  
Онда екеуі қез келсе,  
Бірін бірі танымас.

\* \* \*

Ата-анаға көз қуаныш – (78)  
Алдына алған еркесі.  
Көкірегіне көп жұбаныш,  
Гүлденіп ой өлкесі.  
Еркелік кетті,  
Ер жетті,  
Не бітті?

Оқытартсың молдаға оны,  
Үйретерсің әр нені.  
Медеу етіп ойы соны,  
Жаны тыңыштық көрмеді.  
Жасында күтті,  
Дәме етті,  
Босқа өтті.

Ата көңіл жанбаса бір,  
Артық өнер шықласа.  
Ел танымай, үй танып құр,  
Шаруасын да ұқпаса –

Үміті қайда?  
Соны ойла,  
Абайлла!

Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйінерге жарап ол.  
Сүйкімі жоқ құр масыл би  
Сүйретіліп өтер сол.

Табылмас қайла,  
Ойбайла –  
Не пайды?

Зарланарсың, ойланарсың,  
Не болам деп енді мен.  
Құрбылардан қорланарсың,  
Тәнірі ісіне сен де көн.

Кайғысыз пенде  
Көрдің бе  
Өмірінде?

Тәнірі сорлы етсе, пенде  
Не бітірер құр жылап.  
Жігері жоқ ақылы кенде,  
Жамбасынан жат сұлап.  
„Бір жаман мен бе?“ –  
Дедің бе  
Көнілінде?

\* \* \*

Тайға міндік, (79)  
Тойға шалтық,  
Жақсы киім киініп.  
Үкі тактық,  
Күлкі бактық,  
Жоқ немеге сүйініп.  
Күйкентай күтті,  
Күс етті,  
Не бітті?

Атамыз бар,  
Молдамыз бар,  
Айтқаңына көнбедік.  
Арт жағында  
Біз соған зар  
Боламыз деп білмедік.  
Ұрланып қаштық,  
Жолғастық,  
Шуластық.

Жазу жаздық,  
Хат таныдық,  
Болдық азат молдадан.  
Шала оқудан,  
Не жарыдық,  
Қалғаннан соң құр надан?  
Бағасыз жастық —  
Бозбастық,  
Адастық.

Бозбалалық —  
Кыз қарадық,  
Қалжын, өзіл сөйлестік.  
Ат жараттық,  
Сән тараттық,  
Әуейілік күйлестік.  
Көнілге келер,  
Кім жолар,  
Кім көнер?

Қайын бардық,  
Қатын алдық,  
Енші тиді аз ғана.  
Шаруа атандық,  
Енді ойландық,  
Қала берді бозбала.  
Бұрынты қайды?  
Ойбайла —  
Не пайда?

\* \* \*

Заман ақыр жастары, (80)  
 Қосылмас ешбір бастары.  
 Біріне бірі қастьққа –  
 Қойнына тыққан тастары.

Саудасы – ар мен иманы,  
 Кайрат жоқ бойын тыйғалы.  
 Еңбекпен етті ауыртпай,  
 Құр тілменен жиганы.

Өнімсіз іске шеп-шебер,  
 Майданға түспей несі өнер?  
 Сиырша тойса мас болып,  
 Өрге келіп сүйкенер.

Құлмендеп келер көздері,  
 Қалжыңбас келер өздері.  
 Кекектеп секек етем деп,  
 Шошқа туар сөздері.

\* \* \*

Көзінен басқа ойы жок, (81)  
 Адамның надан әүресі.  
 Сонда да көнілі тым-ақ ток,  
 Жайқаң-қайқаң әр несі.

Білмейсің десе, жел өкпе,  
 Дейді дағы – тәнірі ісі.  
 Бірінен бірі бөлек пе  
 Иемнің әділ пендесі?

Жүректің көзі ашылса,  
 Хактықтың<sup>1</sup> түсер сөулесі,  
 Іштегі кірді кашырса  
 Адамның хикмет<sup>2</sup> кеудесі.

<sup>1</sup> Ҳак (арабша) – حُقْقٌ – көп мағыналы сөз: а) тұра, шын, дұрыс; ә) баға; б) үлес, сыйбага; в) Алла; г) хұқық. Бұл арада дұрыстық, шындық мағынасында.

<sup>2</sup> Хикмет (арабша) – حِكْمَةٌ – көп мағыналы сөз. Палсада (философия). Бұл арада білім, сыр, көрсөт мағынасында.

Наданның көнілін басып тұр  
Қаранғылық пердесі.  
Ақылдан бойы қашық тұр,  
Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сәлдесі.  
Малқұмар көнілі – бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,  
Сөз болмайды өнгесі.  
Тындағыш қанша көп болса,  
Сөз үгарлық кем кісі.

\* \* \*

Жастықтың оты жалындалап, (82)  
Жас жүректе жанған шақ.  
Талаптың аты арындалап,  
Әр қынға салған шақ.

Уайым аз, үміт көп,  
Ет ауырмас бейнетке.  
Бүгін-ертең жетем деп,  
Көнілге алған дәuletке.

Қайратпен кіріп жалынбай,  
Ақылмен тауып айласын,  
„Мен қалайға?“ салынбай,  
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қактықпай,  
Жазасын тауып жауласар.  
Катынша тілмен шалтықпай,  
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы кәрі дүниенің  
Бір кетігін үстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам,  
Байқамай сенбе құрбыға!  
Жылманы сыртта, іші арам,  
Кез болар қайда сорлыға.

Досына достық — қарыз іс,  
Дүшпаныңа әділ бол.  
Асығыс тұби — өкініш,  
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Ақ көнілді жақсыдан  
Аянбай салыс ортаға.  
Ақылы, ары тапшыдан  
Кү сөзін алма қолқаға.

Сүм-сүркія, кү заман  
Гүл көрінер жігітке.  
Қызықты өмір жайнаған,  
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,  
Қайта ойланып қарамас.  
Мактатып жүртты шулатса,  
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгенде,  
Сене берер талғамай.  
Жұрты құрғыр сенгішке  
Тұра ма құлық жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,  
Мені-ақ алда, сөкпейін.  
Балы тамған жас камыс  
Ormасанышы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,  
Сенер ме еді сөзіңе?  
„Ялырмай!..“ деп терлесе,  
Ар емес пе өзіңе?

\* \* \*

Қызырып, сұрланып, (83)  
Лұпілдеп жүрегі.  
Өзгеден үрланип,  
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,  
Бір жолдан қайта алмай.

Жолықса ол зарлы,  
Сөз жөндең айта алмай.

Аяндап ақырын,  
Жүрекпен алысып,  
Сыбдырын, тықырын,  
Көңілмен танысып.

Дем алыс ысынып,  
Саусағы сұнынып.  
Белгісіз қысылып,  
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіл,  
Тұмандап көздері.  
Үндемей сүйісіп,  
Мас болып өздері.

Жаңында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да.  
Елбіреп-қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да.

Өзге ойдан тыйылып,  
Бірімен бірі әуре.  
Жүрекке құйылып  
Жан рахат бір сәуле.

Жүргегі елжіреп,  
Бұындар босанып.  
Рахатпен әлсіреп,  
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терен ой,  
Сол күнде қайда едің?  
Фашыққа мойын қой,  
Женілдің, жеңілдің!...

\* \* \*

Көзімнің карасы, (84)  
Көңілімнің санасы,  
Бітпейді ішімде,  
Фашықтың жарасы.

Қазақтың данасы,  
Жасы үлкен ағасы.  
Бар демес сендей бір  
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,  
Ағызып көз майын.  
Айтуға келгенде,  
Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозғайын,  
Әдептен озбайын.  
Өзі де білмей ме,  
Көп сөйлеп созбайын.

Терендеп қарайсың,  
Телміріп тұрмайсың.  
Бихабар жүргенсіп,  
Бек қатты сынайсың.

Сан кісі мұнайсын,  
Сабырмен шыдайсың.  
Қүйемін, жанамын,  
Еш рахым қылмайсың.

Ақылсыз би болмас,  
Сәулесіз үй болмас.  
Жүректе оты жоқ,  
Адамда ми болмас.

Шын гашық сый болмас,  
Сый болса, сыр болмас.  
Арызымды айтайын,  
Қый болар, қүй болмас.

Кең мандай, колаң шаш,  
Я бір кез, я құлаш.  
Ақ тамак, қызыл жұз,  
Қарағым, бетінді аш!

Қара көз, имек қас,  
Қараса жан тоймас.  
Аузың бал. қызыл гүл,  
Ақ тісің кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел,  
Солқылдар соқса жел.  
Ақ етің үлбіреп,  
Өзгеше біткен гүл.

Қарағым, бермен кел,  
Бізге де көңілің бөл,  
Қалқамның нұсқасын,  
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғын – қыс, жүзің – жаз,  
Боламын көрсем мәз.  
Құлқіңіз бойды алар,  
Бұлбұлдай шықса әуез.

Кісімсіп дүрдараз,  
Бұрандап қылма наз.  
Мал түгіл басымды,  
Жолыңа берсем де аз.


Иісің – гүл анқыған,  
Нұрын – күн шалқыған.  
Көргенде бой еріп,  
Сүйегім балқыған.

Қаяусыз қалпынан,  
Өзі артықданқынан.  
Қызыл тіл шыға алмас,  
Мактаудың шартынан.

Сенсің – жан ләzzәті,  
Сенсің – тән шәрбәті.  
Артықша жаратқан,  
Алланың раҳматы.

Көрік – тәнірі дәүлеті,  
Қылса ұнар құрметі.  
Сұлуды сүймектік –  
Пайғамбар сұндеті<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Сұндет, сұннәт (арабша) –  – Мұхаммедтің істеген ісі мен айткан сөзі. Бұл жерде дәстүр деген мағынада.

Не десем саған еп?  
Ғашығың да қайты жеп,  
Өртөнген жүрекке,  
Бір көрген болар сеп.

Біздердей ғашық көп,  
Қайсысы саған дәп?  
Жөндеп те айпадым,  
Жүргегім лупілдеп.

Назына кім шыдар?  
Бұрандаپ жүр шығар.  
Қасқая қулгені,  
Қылады тым құмар.

Ер емес қымынанар,  
Әркім-ақ ұмынанар.  
Құдай-ау, бұл көңілім,  
Құн бар ма бір тынан?

\* \* \*

Менсінбеуші ем наданды, (85)  
Ақылсыз дәп қор тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Қөнбеді ешкім сөзіме,  
Әдетіне қарысып.

Жан шошырлық түрінде,  
Бәрі бірдей еліріп.  
Ұстай алмадым бірін де,  
Кекиді кейін шегініп.

Эринемен ел кетті,  
Қокиланды, мактанды.  
Қуат бітті, құн өтті,  
Жарылқа, құдай, жатқанды.

Мен – қажыған арықтын,  
Қатын-бала қонағы.  
Сендерге де қанықтын,  
Жұртын анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанып.  
Жұртым деуге арлымын,  
Өзге жүрттан ұялып.

Барынта мен партия —  
Бәрі мастық, жұрт құмар.  
Сызыра елірме, сүркия,  
Көп пияншік нені үтар?

Татулықты, тыңыштықты  
Коңыр көрер, кем көрер.  
Үрлых пенен құлықты  
Қызық көрер, өні енер.

Мұндай елден бойың тарт,  
Мен қажыдым, сен қажы!  
Айтып-айтып өтті карт,  
Көнбеді жұрг, не ылажы?

## ЖҰМБАҚ

Алла мықты жаратқан сегіз батыр, (86)  
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.  
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,  
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

Шешүі:

Мұны тапсам ойланып, ақын деніз,  
Таба алмасам, ақылды болар неміз?  
Қыс пенен жаз, күн мен тұн, тақ пенен жұп,  
Жақсылық пен жамандық — болды сегіз.

## ЖҰМБАҚ

Қара жер адамзатқа болған мекен, (87)  
Қазына іші толған әр түрлі кен.  
Ішінде жұз мың түрлі асылы бар,  
Солардың ең артығы немене екен?

Шешүі: темір.

## ЖҰМБАҚ

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің, (88)  
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.  
Жан құмары дүниеде немене екен —  
Соны білсөн, әрнені білгендерің.

Шеши: білмекке құмарлық.

1892

\* \* \*

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің? (89)  
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.  
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,  
Сырласалық, бермен қайт.

Абұйыр, атақ сол жанда,  
Кімді көп жұрт мақтаса.  
Ол мақтаудан не пайда,  
Көп мақтауын тапласа?

Көп тәнірі атқан мақтай ма,  
Ол тәнірі атқан болмаса?  
Жоқты-барды шаттай ма,  
Көптің өзі онбаса?

Мақтау — жел сөз жанға қас,  
Қошеметшіл шығарған.  
Бір мақтаса боктамас  
Ел табылса, құмарлан.

Жұрттың бәрі сөз сатқан,  
Сатып алып не керек?  
Екі сөзді тәнірі атқан —  
Шыр айналған дөңгелек.

Сатып алма, сөз сатса,  
Ол асылды андамас.  
Біләткенің байы — акша,  
Ер жақсысын таңдамас.

Мен мақтанның құлы емес,  
Шын ақылға зорлық жок.  
Антурған көп пүл емес,  
Өлім барда қорлық жок.

Өмір, дүние дегенін,  
Ағып жатқан су екен.  
Жақсы-жаман көргенің,  
Ойлай берсөн, у екен.

\* \* \*

Жүргім, ойбай, соқпа енді! (90)  
Бола берме тым құлқі.  
Көрмейсің бе, тоқта енді,  
Кімге сенсөн, сол – шикі.

Жетім қозы – тас бауыр,  
Тұңілер де отығар.  
Сорлы жүрек мұнша ауыр,  
Неге қатты соқтығар?

Сенісерге жан таба алмай,  
Сенделеді ет жүрек.  
Тіріліктे бір қана алмай,  
Бұл не деген тентірек?

Жоқ деп едің керегің,  
Топ жиып ең бір бөлек.  
Кезек келер демедің,  
Ендігі керек қай керек?

\* \* \*

Қайғы шығар ілімнен, (91)  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.  
Қайтіп қызық көремін  
Әуре-сарсан құнімнен?  
Қайрылып қарап байқасам,  
Ат шаба алмас мінімнен.

Қайғылы, картан біздей шал,  
Қарай берсең, қайда жоқ?  
Есер, есірік болмасан,  
Тіршіліктен пайда жоқ.

Ақыл бітпес дәuletке,  
Дәulet бітпес келбетке.  
Болымсыз құлық тойымсыз  
Болады балан жөргекте.  
Ішімен жау боп, сыртымен  
Кім тояр қылған құрметке?  
Кеншіліктегі туған жоқ,  
Шықсын деген жел бетке.  
Тарлықта қанша тайпалса,  
Қадірі болмас, әлбетте.

Сыйласа елің ұлықтап,  
Араласан қызықтап,  
Қызық пенен тыныштыққа  
Қазақ тұрмас тұрықтап.  
Қанқылдап біреу ән салса,  
Біріне бірі жуықтап.  
Тебінісп қамалар,  
Токтатып болмас сырықтап.  
Түзу бол деген кісіге  
Түзу келмес ырықтап.  
Сырдаң тартып қашады,  
Ұстайсың қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаңыз,  
Айтайын құлақ салсаңыз:  
Кейбіреуі дүрсіп жүр,  
Жер тәнірісіп кер мағыз.  
Кейбіреуі – зәкуншік,  
Ондырмассып, берсе арыз.  
Кейірі пірге кол берген,  
Іші залым, сырты абыз.  
Кейірі қажыға барып жүр,  
Болмас да қаж парыз.  
Мұсылмандық ол ойлап,  
Өтеген қашан ол қарыз?

Дәuletі жоқ бурыл шаш,  
Үйіңе кет, топтан қаш!..  
Ағайынның ішінен  
Шыға қалса тай-талас,

Партия жиып, мал соýса,  
Бата оқисың, жейсің бас.  
Басалқа сөз сенде жок,  
Айтқан сөзің „малың шаш“.  
Итше індет тілемей,  
Жат үйінде, өлсен де аш!

Ойлап-ойлап қарасам,  
Осындаш шал қайда жоқ?  
Қозғау салып қоздырғыш,  
Кезбе шалдан пайда жоқ.

## ОСПАНҒА

Жайнаған туың жығылмай, (92)  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек, жомарт құбылмай,  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек сүйнбай,  
Жан біткеннен түнілмей,  
Жағалай жайлай дәuletің  
Жасыл шәбі қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің,  
Жайдактарып суалмай,  
Жайдары жүзің жабылмай,  
Жайдактап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсің, ятырмай!

\* \* \*

Кешегі Оспан, (93)  
Бір бөлек жан,  
                  Үйі – базар, түзі – той.  
Ақша, нәрсе  
Ала берсе,  
                  Ат та мінсе, көнді ғой.

„Ала берден“,  
„Келе көрден“  
Бір күн басын бұрды ма?

Келді қаптап,  
Алды сап-сап,  
Кетті мактап, түрдү ма?

Жауға мылтық,  
Досқа ынтық,  
Жан асар ма осыдан?  
Қорықпай өтті,  
Жанға жетті,  
Арман етті досынан.

Ел тамағын,  
Жұрт азабын  
Жеке тартқан кетті ер.  
Сондай ерді —  
„Ала берді“  
Табар енді біздің ел!

Өлді Оспан,  
Кетті шопан,  
Енді кім бар бақ қонар?  
Үрла-қарла,  
Жұртты шарла,  
Ойла, барла — не болар?

Жұрт тынымсыз,  
Бәрі ұғымсыз,  
Енді оларға сөз де жок.  
Сырты абыз бар,  
Желкабыз бар,  
Алты ауыз бар — өзге жок.

\* \* \*

Күлімсіреп аспан түр, (94)  
Жерге ойлантып әр нені.  
Бір себепсіз қайғы құр  
Баса ма екен пендені?

Қапамын мен, қапамын,  
Қуаныш жоқ, көңілде.  
Қайғырамын жатамын,  
Нені іздеймін өмірде?

Қайтты ма көніл бетімнен,  
Яки бір қапыл қалдым ба?  
Өткен күнге өкінбен,  
Әм үміт жоқ алдымда.

Іздегенім тәтті үйқы,  
Дүниені ұмытып.  
Өлімнің сұық тым сыйқы,  
Тұрсын өмір жылтып.

Көз үйқыда, ой тыншып,  
Дем алып жатсын көкірек.  
Кім таласса, кім ұрсып,  
Көрсем оны — сол керек.

Өзім аулақ бетінен,  
Бір орында онаша,  
Дүние деген не деген —  
Кыла жатсан тамаша.

Мансап іздер, мал қуар,  
Бәрі мактан іздеген.  
Мактандынан не туар,  
Ыза қылтып өзгеден?

\* \* \*

Сұрғылт тұман дым бүркіп, (95)  
Барқыт бешпент сұлайды.  
Жеңіменен көз сұртіп,  
Сұрланып жігіт жылайды.  
    Әйелмісің, жылама,  
    Тәуекел қыл құдаға!  
    Өлең айт,  
    Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,  
Тұрғызбаған бейішке.  
Алласы оны жазғырып,  
Әкелді бастап кейіске.  
    Әйелде ешбір опа жок,  
    Бүгін — жалын, ертең — шоқ.  
    Белді бу,  
    Бетті жу!

## ТҮТҚЫНДАФЫ ПОЛЯК ЖАНДАРАЛЫНЫң СӨЗІ

*(A. Мицкевичтегі)*

Дүрілдеген нажағай, (96)  
 Бұрқыраган жауынның  
 Ашылмағы бар ма басынан  
 Бағы қайтқан қауымның?  
 Мен орманға барғанда,  
 Неше түрлі гүл ұстал  
 Қайтушы едім қолыма.  
 Гүлдер түгіл бұл күнде  
 Шөп дағы жоқ маңымда.

\* \* \*

Ысытқан, сұытқан (97)  
 Бойынды бір көніл.  
 Дүниені ұмытқан  
 Құмарың тозар, біл.

Әуелгі кезінде  
 Қайтпаган көнілдін,  
 Есептеп өзін де,  
 Тұрінен өмірдін.

Бір жақсы күнім деп,  
 Қызықтеп сөйлесіп.  
 Артынан „ол нем?“ деп  
 Ұялыш кезнесіп<sup>1</sup>.

Бір акымақ әңгіме  
 Сықылды көрінер.  
 Онысын әнгеге  
 Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,  
 Надандықпен жеңілмес.  
 Білген кісі айтса оған,  
 Надандығы кемімес.

<sup>1</sup> Қысылу, қызару мағынасында.

Бойы бұлғаң, (98)  
Сөзі жылмаң  
Кімді көрсем, мен сонан  
Бетті бастым,  
Қатты састьым,  
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,  
Тұл бойында  
Бір міні жоқ пендесіп,  
Түзде мырзан,  
Үйде сырдан,  
Сөзі қылжан еркесіп.

Бас құрасып,  
Мал сұрасып,  
Берменгенмен кетісер.  
Адам аулап,  
Сыпыра саулап,  
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,  
Жұрт құтыртқан,  
Антын, арын саудалап.  
Бұтты-шатты,  
Үй санатты,  
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,  
Кеселі зор,  
Малды байдан сорлы жоқ,  
Аш көмектін,  
Жемдемектін,  
Босқа әлектін орны жоқ.

Ел қағынды,  
Мал сабылды,  
Ұрлық, өтірік гуде-гу.  
Байы – баспак,  
Биі саспак,  
Әүлекі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,  
Айтса көнгөн,  
Тыныштық іздер елде жок.  
Аққа тартқан,  
Жөнгө қайтқан,  
Ақыл айттар пенде жок.

Әз тұтуға,  
Сыйласуға  
Калмады жан бір татыр.  
Сыпыра батыр,  
Пәле шакыр,  
Болдың ақыр тап-такыр.

Су жуғар ма,  
Сөз үғар ма,  
Сыптыра жылман җелбуаз?  
Айтты – көндім,  
Алды – бердім,  
Енді өкіндім – өзіме аз.

\* \* \*

Жақсылық ұзак тұрмайды, (99)  
Жамандық әр кез тозбайды.  
Үміттің аты елеріп,  
Кос тізгінді созбайды.  
Қанша тепкі салсан да,  
Уайымнан озбайды.  
Бір қайғыны ойласан,  
Жұз қайғыны қозгайды.  
Жер қорығыш желгек шал  
Желіп жүріп боздайды.

Құрсаған бұлт ашылмай,  
Аспанның жүзі көгермес.  
Үргейген жүрек басылмай,  
Талапты көңіл елемес.  
Шырайды қайғы жасырмай,  
Күлкінің ерні кезермес.  
Шыдасан есті қашырмай,  
Құлдатып, кор қып жібермес.

Кез келсе қайғы кат-қабат,  
Қанғыртпай қоймас адамды.

Қасиетсіз туған – о да жат,  
Күнкілдеп берер сазанды.  
Бәрінен де сол қымбат,  
Қайтерсің өңкей наданды.  
Сыпыра батыр сүм құрбәт<sup>1</sup>  
Мақтанмен алды мазамды.

## БАЙМАҒАМБЕТКЕ ҚАТЫНЫНЫҢ АТЫНАН ШЫҒАРЫЛҒАН

Ажының жақсы-ак қызы едім, (100)  
Жетістірем деп алды.  
Тілеуін түзден тілесе,  
Баста мені неге алды?  
Сол желіккеннен желігіп,  
Жынды сары жоғалды.  
Ойбайлаған болайын-ай,  
Жоқтамасам обал-ды.

\* \* \*

(М. Ю. Лермонтовтан)

Ал, сенейін, сенейін, (101)  
Айтқаныңа көнейін.  
Шалма ораған сопынъың  
Ішін арам демейін.  
Ақ көңілді әділ жан  
Табылар деп көрейін.  
Я сүйсө, я құлсө,  
Елжірейін, төненейін.

Жаралы көніл жазылар,  
Дүниеде рахат бар шығар.  
Жақсы адам деген құры сез  
Емес шығар, табылар.  
Өткен өмір, көрген түс  
Не қылғанда бір болар.

---

<sup>1</sup> Құрбәт, көрбәт (парсыша) –  – жақындық, туыскандық.

Деп нанып ем „маған нан“,  
Не таптым мен нанғаннан?  
Жүрегімді қан қылды,  
Өткен өмір, өлген жан.  
Ақыл іздең, ізерлеп,  
Бәрін сынап сандалған.  
Бірін таппай солардың,  
Енді ішіме ой салған.

Тұла бойды улатты,  
Бәрі алдағыш сүм жалған.  
Басына тиді, байқадың,  
Бәрінен басты шайқадың.  
Тағы бар ма айтарың?  
Нанғыш болсан, енді нан!

\* \* \*

(Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан)

Көнілім менің қаранды. Бол, бол, ақын! (102)  
Алтынды домбыраңмен келші жақын.  
Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,  
Бейіштің үні шығар қоныр салқын.

Егер сорым тұбімен өкетпесе,  
Керек қой көнілді үміт тебірентсе.  
Қатып қалған көзімде бір тамшы жас  
Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?!

\* \* \*

(И. В. Гете – М. Ю. Лермонтовтан)

Қаранды түнде тау қалғып, (103)  
Үйкүңа кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,  
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол дағы,  
Сілкіне алмас жапырак.  
Тыншығарсың сен дағы,  
Сабыр қылсан азырак.

\* \* \*

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өзіне сенбे, жас ойшыл, (104)  
Тіл өнері дертпен тен.  
Көнілдің жугін қиял қыл,  
Ызага тұтқын бой мен-зен.

Қасиет тұтып, ойға үмтыйл,  
Қан қайнап, қуат егілсін!  
Онан гөрі еңбек қыл,  
Улы сусын төгілсін!

Ойлай берсең, ой деген  
Не қызыққа келер кез.  
Кісі айтпаған, білмеген  
Күй әдемі, тәтті сөз.

Тында ма оны, үмыт сен,  
Бұркен дағы, бар да жат.  
Тамылжытып айтқанмен,  
Қыла алмассың сен қымбат.

Кез болсан қайғы, я зарға  
Құрсатса тілді үмтүлтүп,  
Алып шықпа базарға,  
Асаудайын бұлқынтып.

Қайғы-дертің мейлі мын,  
Саудаға салмақ өзіне ар.  
Жаныңға түскен жараның  
Ірінін нетсін надандар.

Біліп оған не керек,  
Ішінден қайғы жемесен,  
Жалтандаган жас жүрек  
Байғұс-ай десін демесен.

Өз бойына болып сак  
Жан-жагына қарандар!  
Күн көріп жүр күліп-ак  
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін  
Қайғы аман қойған жоқ шығар.  
Ойлағ, байқап көр түрін,  
Таттырмап па дүние зар?

Құлкі болмай, қой, жаным,  
Сен бүйтесің, ол қайтті?  
Олар көрген арманын  
Кімге шақты, кімге айтты?

\* \* \*

(И. А. Булинсен)

Қорқытпа мені дауылдан, (105)  
Дүрілдеп тұрса тау мен сай.  
Шатырлап тұрған жауыннан  
Жарқылдап тұрса түскен жай.

Көк торғындай аспан-көк,  
Білемін, жайнап ашылар.  
Ісі анқыған бәйшешек  
Түрленіп жерді жасыра.

Қорқытпайды қар мен мұз,  
Өзге нәрсе қорқытты.  
Ойсыз, доссыз, бақытсыз,  
Жыбырлакпен өмір өтті.

Сондықтан қайғы қат-қабат,  
Қарап түрмyn сендерге,  
Атасы басқа, өзі жат,  
Жалғыз жанша жат жерде.

\* \* \*

Антпенен тарқайды, (106)  
 Жылса кеңеске.  
 Ор қазып байқайды  
 Туа жау емеске.

Анттасып алқайды<sup>1</sup>  
 Сен тентек демеске.  
 Кім анттан шалқайды  
 Амал жоқ жемеске.

Аз адам шаршайды,  
 Ебіне көнбеске.  
 Бас ыңғай қайқайды,  
 Амал жоқ өлмеске.

Ел састы, аңқайды,  
 Би тартты егеске.  
 Жұрттағы мал жайды  
 Ой қылар бермеске.

Өсімге қол жайды,  
 Тай алып серкешке.  
 Алмаса ол тайды,  
 Дап-дайын көрмеске.

Кедей би жантайды  
 Сауыр мен өркешке.  
 Саумакқа ол байды,  
 Кеңесер би кешке.

Қайғы қып болмайды,  
 Өкпелеп білмеске.  
 Сүйтсе де оңбайды,  
 Бұрынғы тусті еске.

Пысықтар шалқайды,  
 Таласып тәндеске.  
 Қағысып шонтайды  
 Өзімен жемдеске.

<sup>1</sup> Алқайды – костайды, котайды деген мағынада.

Таласып тарқайды  
Ақшадан төрг-беске.  
Бірлікті шайқайды,  
Араз боп өнбеске.

\* \* \*

Қарашада өмір тұр, (107)  
Тоқтатсан тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көніл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдагы жұрттың іші – қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,  
Шартаралты көздемес.  
Пайданы қуып алқынып,  
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі – толған құлық ой,  
Бәрі де пысық, езбе емес.  
Құмары оның айт пен той,  
Пайда мен мактан, өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,  
Шалықтап, шалқып, шатпай ма?  
Қапысын андып тұрдым деп,  
Құлығын бұлдан сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,  
„Ку“, „пысық“ деген ат қайда?  
Арсыз болмай атақ жоқ,  
Алдамшы болмай бақ қайда?

\* \* \*

Жас өспірім замандас қата қылды, (108)  
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.  
Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,  
Сенімі жоқ серменде өнкей жынды.

Жамандық, жақсылық пен – оған бір бәс,  
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.  
Арын сатып, ант ұрып іздегені –  
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?  
Ыңтасыз қайтіл өнер үйренеді?  
Еңбегі жок, еппенен мал табам деп,  
Сендері алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,  
Жаңын берсе, табылmas сөздің шыны.  
Алты жақсы жұз жылқы болған басы  
Бір семіз ат болады оның құны.

\* \* \*

Фашықтың тілі – тілсіз тіл, (109)  
Көзбен көр де, ішпен біл.  
Сүйісер жастар кате етпес,  
Мейлін илан, мейлін құл.

Ол тұлға едік онтайлы –  
Каріпсіз біліп сондайды.  
Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек,  
Енді ішіме қонбайды.

\* \* \*

Әсемпаз болма әр неге, (110)  
Өнерпаз болсан, арқалан.  
Сен де – бір кірпіш, дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да, құғанға.  
Әділет, шапқат<sup>1</sup> кімде бар,  
Сол жарасар тұғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазакқа,  
Алдың – жалын, артың – мұз,  
Барад едің қай жаққа?

---

<sup>1</sup> Шапқат, шәфхат (арабша) – شفاعة – аяту, рахым сту.

Пайданы көрсөң бас ұрып,  
Мақтанды іздең, қайғы алма.  
Мінінді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйгі алма.

Өзінде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндейстігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбeden.

Ақырып жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстадтық<sup>1</sup> қылған жалықлас  
Үйретуден балаға.

## ЕСКІЛІК КИІМІ

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен, (111)  
Тон қабаттап киғенім – шидем шекпен.  
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,  
Жырым балақ матамен әділтеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,  
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.  
Үлкен кісе белімде жез салдырған,  
Шақлағым, дәндәкүім<sup>2</sup> жарқ-жүрқ етіп.

Күләпәра бастырған пүшпақ тымак,  
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.  
Тобылғыдан кесіп ап, жілпен қадап,  
Артын белге қыстырған бар құрысқақ<sup>3</sup>.

Калмақы қара үзенгі, биік қасты ер,  
Канжығамда байлаулы жілтеп шідер.  
Жарғақ жастық көвшігім, жезді пыстан<sup>4</sup>,  
Бір келісті сайманым топқа мінер.

<sup>1</sup> Ұстад, өстад (парсыша) –  – 1) үйретуші, оқытушы, тәрбиеші; 2) ұста; 3) профессор.

<sup>2</sup> Дондокуім – кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.

<sup>3</sup> Құрысқақ – тобылғы тиск.

<sup>4</sup> Пыстан – бәстөн (парсыша) –  – Ердің үстіндегі кошпікті алды-артынан бастырып қоятын, үстінсө жез қапталған, былғарыдан істелген түрман.

## (ӘБДІРАХМАН НАУҚАСТАНЫП ЖАТҚАНДА)

Я, құдай, бере көр, (112)  
Тілеген тілекті.  
Қорқытпай орнықтыр  
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,  
Алладан тілеймін.  
Шын қалқам осы күн  
Болып тұр керекті.

Жүргім сұылдап,  
Сүйегім шымырлап,  
Алладан тілеймін  
Күпия сыйырлап.

Зар етсе пендесі,  
Бермей ме алласы.  
Тән саулық қалқама,  
Қабыл боп көз жасы.

Не жазам, япырмау,  
Қол шорқақ, тіл макау.  
Сәләмат өзінді  
Кешікпей көрсем-ау.

Бір суып, бір ысып,  
Барады іш пысып,  
Жүзінді бір көріп,  
Сүйгенше бір құшып.

Бір үміт, бір хауіп,  
Көңілге жол тауып,  
Кірген соң сөз қыын,  
Әр неге ой ауыл.

Екі аяқ не қылтып,  
Басқаша ауырып,  
Япырмай, докторлар  
Жүрмесін жаңылып.

Жарыльп ауыз ашты,  
Жарасы жаасты.  
Жарасыз біреуі  
Неліктен үйқы ашты.

Алмаса докторға  
Нанбаңыз соққырға.  
Визитке төлемей,  
Шырағым, бос қалма.

Ол жесін, ол жұтсын,  
Шырайын жылтысын.  
Ақшаны аяма,  
Үйқыны тыңшытсын.

Әбсәмет жиенің,  
Ол – сенің біреуің.  
Достығын достықпен  
Өтемек – тілеуім.

Көнілдің хоштығы –  
Ол оның достығы.  
Баар ем, қолымның  
Болмады бостығы.

Сарғайды жүзіміз,  
Сарылды көзіміз.  
Қатайып сауықсан  
Сағынған өзіңіз.

Хатымды көріңіз,  
Көнілді бөлініз.  
Куатың ерік берсе,  
Кешікпей келіңіз.

Туа өскен жерініз,  
Тұыскан елініз  
Зар бол түр көруге,  
Ұнатса көнілініз.

Уайым жеуліміз,  
„А, құдай“ деуліміз.  
Жазылып келсеніз,  
Гүлденер өміріміз.

## (ӘБДІРАХМАНҒА)

Алланың раҳматын (113)  
Жар тұтып әр неге.  
Әр раҳман<sup>1</sup> ол атын  
Үйреткен жүмлелеге<sup>2</sup>.

Дұғаның қуатын  
Жіберме өңгеге.  
Әбіштің сыйхатын<sup>3</sup>  
Беркітсөн кеудеге.

Рәушан сипатын  
Тез көрсет пендеге.  
Осындай шапқатын  
Ұмытам мен неге?

Зар хатым – бұл хатым,  
Бізді тыныш жүр деме.  
Азайып қуатым,  
Денем жүр көрмеге.

Бұл – жазған сұнғатым<sup>4</sup>,  
Көңіл ашар бір наме<sup>5</sup>.  
Менің сол раҳатым  
Көзіме сүрмеге.

---

<sup>1</sup> Раҳман (арабша) – رَحْمَةٌ – аяушы, мейірім стуші (Алланың бір аты).

<sup>2</sup> Жүмлес, жөмлә (арабша) – حُمْلَةٌ – жалпы, жиынтық.

<sup>3</sup> Сыйхат (арабша) – صَحَّةٌ – есендік, саулық, сөлеметтік.

<sup>4</sup> Сұнғат, санғат (арабша) – سُنْنَةٌ – көркем шығарма мағынасында.

<sup>5</sup> Наме (парсыша) – نَمَاءٌ – хат, жазылған нәрсе, кітап мағынасында.

## (ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ)

Тілім, саған айтайын, (114)  
Осы сөздің келісін тап.  
Қолым, сені қайтейін,  
Қаламды тұрдың қатты ұстап.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,  
Жалғаны жоқ бояма.  
Қу көс<sup>1</sup> қандай өзімшіл,  
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қарап бақ,  
Тамыр соқса солқылдап.  
Мен жазайын сізге хат,  
Оқып көрсін ол шындалап.

Оқып көріп байқасын,  
Мағынасы ішке кіре ме?  
Үрлаған сөз деп айтасын,  
Сөз үрлыққа жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма,  
Тегіс ұғар қай құлақ?  
Сөккенің оны ұнап ма,  
Үйренген сөзге мен де ортак.

Тұла бойым, балқи көр,  
Әбіш ағам дегенде.  
Мейлін, Мағаш, шалқи бер,  
Не десен де сөгем бе?

Көріскен соң бір дидар,  
Алла онғарып келгенде,  
Сынаушы сонда табылар  
Мұнда жатқан елден де.

Тәсекке менің жатуым –  
Үйқыға әбден талған соң,  
Үстазым мен татуым  
Сен екеуің болған соң.

---

<sup>1</sup> Өзінің күрдасы Мағауияға өзіл.

Жас жүрөгім қозғалса,  
Бір аллаға тілегім.  
Ол қарағым оналса,  
Тыншыр еді жүргегім.

Жұздерінді сау көрсем,  
Екі көзім нұры еніп.  
Қосылысып бір жүрсем,  
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс, жете алмай,  
Мағаштан да мен сорлы.  
Қызметінді ете алмай  
Қалмас едім сол құрлы.

## (ӘБДІРАХМАНҒА КӘКТАЙ АТЫНАН ХАТ)

Көзімнің нұрысыз, (115)  
Сіссіз жоқ қуаныш.  
Өмірдің гүлсіз,  
Көңліме жұбаныш.

Зар кылып тілеймін  
Ракыматын алланын.  
Елжіреп жылаймын,  
Көнлін аш пенденін.

Сыйхатын қалқама,  
Бере ғөр, я, рахим.  
Тілегім – бұл ғана,  
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым,  
Есен-сау көрмекке.  
Сөз таптай аңырдым,  
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің  
Ешбір жоқ қызығы.  
Жаралы көңлімнің  
Жазылмай сызығы.

Мақсатым хатымды  
Аз уақыт болса ермек.  
Сөзім жоқ татымды,  
Хошлықлен көріспек.

## ҚЫЗДАРҒА

Қойдан қоныр, жылқыдан торы Бәкен, (116)  
Адалдыққа бар елдің зоры Бәкен.  
Ұры-қары көбейіп, к... шөмейтіп,  
Неге болды бар елдің қоры Бәкен?

Лекер, Бітімбай мен Атальқты,  
Жанқожадан кім көрген қапалықты?  
Байұзак одан соңғы адамы еді,  
Бәрі де кісі-ақ еді хасалықты<sup>1</sup>.

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,  
Екеуі бітім десе басын шайқар.  
Екі елерме бітімге жөн келер ме,  
Ақылы болмаган соң артын байқар?

Сөзіннің басы ыржан, соны қылжан.  
Жүгендің жүре бермек — сенің ырзан.  
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,  
Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдал, шықса құлген,  
Елірмелі Досакқа кісімсінген.  
Бұл топта маған айттар кісі бар ма,  
Дауылбай мен Қыздардың жөнін білген?

Айтқожаның құлышы сені елірткен,  
Бір дем салса, күшіктей сонына ерткен.  
Менің терім тарылыш келе жатыр,  
Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен.

\* \* \*

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қайтсе женіл болады жұрт билемек? (117)  
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.  
Ішің берік боп, нәпсіге тыполысып,  
Пансымай, жайдаксымай, ірі жүрмек.

---

<sup>1</sup> Келісті, кемел.

Сасқаныңды қөрсеттө ешкімге бір,  
Сүйтсе де ірісімен кенесіп жүр.  
Кейбірін хауіптендір, мінін тауып,  
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,  
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ,  
Анда-санда құтырған жаман емес,  
Онынды жиі қылмай және бол сақ.

Кісімсі қайда жүрсөң олжаға тоқ,  
Шоқыма халық көзінше қарғаша бок.  
Жұрт – жас бала, ешнәрсесін тартып алма,  
Білдіртпей ептең алсаң залалты жоқ.

Жат елге жадағайда сөйле шәргез,  
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.  
Жатты жау деп елінді үрпітіл ап,  
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.

## ТҮТҚЫНДАҒЫ БАТЫР

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қаранғы үй терезесі – тұтқын орны, (118)  
Көгерген көктің жүзі ескі формы.  
Азат құстар аспанда ойнап үшса,  
Үялып қарай алмас мендей сорлы.

Тәубе жоқ, дұға да жоқ тентек бойда,  
Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда.  
Қан ағып, қайрат қылған майдан менен  
Ауыр қылыш дулыға бірақ ойда.

Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,  
Денемді қысып жатыр бүтін менің.  
Оқ пен қылыш бұзбастай киінsem де,  
Қайран атым, иен жоқ жалғыз сенің.

Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз,  
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз.  
Тас дулыға болмай ма жатқан үйім,  
Шарайнам шойын есік бұ да бір кез.

Жүйрік уақыт шаршаттай қоймас ақыр,  
Денемді сауыт-сайман қысып жатыр.  
Бұрын сені біреуге көп жұмсал ем,  
Енді өзіме шақырдым, ажал батыр.

1895

\* \* \*

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, (119)  
Тұбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.

Қазақтың өзге жүрттан сөзі үзын,  
Бірінің бірі шапшаш ұқлас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жүртім-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланышы, сыртын қойып, сөздің ішін.  
Ыржандамай тындасаң нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып аландама, жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

\* \* \*

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей? (120)  
Ток тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.  
„Бір тойған – шала байльық“ деген қазак,  
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?  
Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей,  
Тамақ андып қайтеді тентіремей?  
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,  
Ол немене жоқтықтың әсері емей?  
Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,  
Тәтті, дәмді іздер ең онан да әрман.

Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,  
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Өз үйінен тоярга қолың қыска,  
Ас берер ауыл іздел жүрсін босқа.  
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген  
Дереу сені жұмсайды бір жұмыска.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.  
Қаруынның барында қайрат қылмай,  
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.  
Есек к ... н жусан да, мал тауып кел,  
Колға жүқпас, еш адам кеміте алмас.

Кульқ, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,  
Сұм нәпсін үйір болса, тез тыйылмас.  
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,  
Мал кетер, мазан кетер, ар бұйырмас.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,  
Сенімді дәulet емес сен қуанар.  
Еңбек қылмай тапқан мал дәulet болмас,  
Кардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,  
Сымбаттанып, сымпиып тамақ аңдып,  
Бұрандал жылы жүзін асқа сатқан  
Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып.

Күлдірғіштеу, құлқішіл, қалжынға ұста,  
Кезеген ит тым-ақ, көп біздің тұста.  
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген  
Антұрғанға қосылма қапылыста.

\* \* \*

Балалық өлді, білдің бе? (121)  
Жігіттікке келдің бе?  
Жігіттік өтті, көрдің бе?  
Кәрілікке көндің бе?  
Кім біледі, сен кәпір,  
Баяндыдан сөндің бе,  
Баянсызға төндің бе?  
Әлде, айналып, кім білер,  
Боталы түйе секілді,  
Корадан шықпай өлдің бе?

Лай суға май бітпес қой өткенге, (122)  
 Құлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.  
 Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
 Көңілдің жайлалауынан ел кеткен бе?

Берген бе тәнірім саған өзге туыс?  
 Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.  
 Шарықтап шартаралтан көңіл сорлы  
 Таптаған бір тыянақ, не еткен күйс?

Күні-туні ойымда бір-ақ тәнірі,  
 Өзіне құмар қылған оның әмірі.  
 Халиққа<sup>1</sup> маҳлүқ ақылы жете алмайды,  
 Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі<sup>2</sup>.

Өзгени ақыл ойға қондырады,  
 Біле алмай бір тәніріні болдырады.  
 Талып үйіктап, көзінді ашысымен,  
 Талтынып тағы да ойладап зор қылады.

Көңілге шек, шубәлі ой алмаймын,  
 Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
 Ақылдың жетпегені арман емес,  
 Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан<sup>3</sup>  
 Түп иесін көксемей бола ма екен?  
 Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
 Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы – тар соқпак, бір итен жақ,  
 Иілтіп екі басын ұстаган хақ.  
 Имек жолда тыянақ, тегістік жок,  
 Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

<sup>1</sup> Халиқ (арабша) – **حَالِقٌ** – жаратушы деген мағынада.

<sup>2</sup> Дәһрі (арабша) – **دَهْرِيٌّ** – акыретке сенбейтін құдайсыз, дінсіз. Бұл жерде сенімсіз, құдікті деген мағынада.

<sup>3</sup> Ләмәкон (арабша) – **مَكَانٌ** – мекенсіз.

\* \* \*

Өлсө өлер табиғат, адам өлмес, (123)  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
„Мені“ мен „менікінің“ айрылғанын  
„Өлді“ деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырган,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.  
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,  
Өлмейтүғын артына сөз қалдырган?

Кім жүрер тіршілікке көніл бермей,  
Баки<sup>1</sup> қоймас фәнідің<sup>2</sup> мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмассын,  
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақиремеке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей бол орныға алмас.  
Дүниеге ынтық, мәгшарға<sup>3</sup> амалсыздың  
Иманын түтел деуге аузым бармас.

### (ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Арғы атасы қажы еді (124)  
Бейіштен татқан шәрбетті.  
Жарықтықтың өнері  
Айтуға тілді тербетті.  
Адалдық, ақыл жасынан  
Қозғапты, тыныштық бермепті,  
Мал түтіл жанға мырза еді,  
Әр қыннға серменті.  
Мұнды, шерлі, жок-жітік  
Аңсап алдын кернепті.

<sup>1</sup> Баки (арабша) – بَقْ – мәңгілік, мәңгі жасаушы.

<sup>2</sup> Фәні (арабша) – فَيْنَةٌ – озгерстін, біттесін, өткінші жалған дүнис.

<sup>3</sup> Махшар (арабша) – مَخْشَرٌ – акыр заман болғаннан кейін адам баласынын күнөсі тексерілетін орын.

Бәрінің көңілін тындырып,  
Біреуін ала көрмепті.  
Әділ, мырза, ер болып,  
Әлемге жайған өрнекті.  
Тәубесін еске түсіріп,  
Тентекті тыйып, жерлепті.  
Қазақтың ұлы қамалап,  
Іздеген жүзін көрмек-ті.  
Ақылынан ап қайтқан  
Өлгенше болар ермекті.  
Ол сыпатты қазақтан  
Дүниеге ешкім келмепті.  
Өлмейтін атақ қалдырып,  
Дүниеге көнілін бөлмепті.  
Жарлығына алланын,  
Ерте ойлаған көнбек-ті.  
Олар да тірі қалған жоқ,  
Тірлік арты өлмек-ті.  
Оны да алды бұл өлім,  
Сабырлық қылсақ керек-ті.

\* \* \*

Кешегі Оспан ағасы (125)  
Кісінің малын жемепті.  
Мал сұраған кісіге  
Жоқ, қайтемін демепті.  
Қуаты артық, ойы кең,  
Жұрттың бәрін шенепті..  
Досына дәл жаз, жауға аяз,  
Алықанды денепті.  
Адалдық үшін алысып,  
Жегішке ақы төлетті.  
Бас шайқаймын дегеннің  
Басына салды әлекті.  
Қадірі қалың, малы көп,  
Қылмаған кімге себепті?  
Алақолсыз мырза еді,  
Кем-кетікті елепті.  
Оны да алды бұл өлім,  
Сабырлық қылсақ керек-ті.

\* \* \*

Кешегі өткен ер Әбіш (126)  
Елден бір аскан өрек-ті.  
Жүргі – жылы, бойы – күрыш,  
Туысы жаңнан бөлек-ті.  
Өнері оның жұрт аскан,  
Ғылымға көңлі зерек-ті.  
Аямаған ғаріптен  
Қолдан келген көмекті.  
Кісіге сідест<sup>1</sup> жұктетпей,  
Еңбекпен тапқан қоректі.  
Біреудің қылған қарызын  
Айтқызбай артық төлепті.  
Боямасыз ақ көңіл,  
Кірлетпей кетті жүректі.  
Ойламаған өлімнен  
Жасқанамын демек-ті.  
Тағдырга тәбділ<sup>2</sup> бола ма,  
Сабырлық қылсақ керек-ті.

### (ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Тұла бойың үят-ар едін, (127)  
Ескеріп істеп, ойлаған.  
Тәуекелге нар едін,  
Талаппен терен бойлаган.  
Ерлікке де бар едін,  
Үйренуге тоймаған.  
Жасқа жас, ойға көрі едін,  
Атаның атын жоймаған.  
Замана, неткен тар едін,  
Сол қалқамды қоймаған?!  
Сидест (парсыша) – سیدست – міндест.  
Тәбділ (арабша) – تبدیل – өзгеру (өзгерту), ауысу (ауыстыру).

### ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Жиырма жеті жасында (128)  
Әбдірахман көз жұмды.  
Сәулең болса басында,  
Кімді көрдің бүл сынды?

<sup>1</sup> Сидест (парсыша) – سیدست – міндест.

<sup>2</sup> Тәбділ (арабша) – تبدیل – өзгеру (өзгерту), ауысу (ауыстыру).

Дүниелікке көнілі ток,  
Ағайынға бауырмал.  
Тәкаппар, жалған онда жоқ,  
Айнымас жүрек, күлкің – бал.

Фылым оқып білгенше  
Тыным, тыныштық таппаған.  
Дүниені кезіп көргенше  
Рахат іздел жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,  
Көрген, білген болмаса?  
Жатқан надан не бітер,  
Көнілге сәүле толмаса?

Петербурда-ак кідірмей,  
Біліпті дерттің барлығын.  
Тәуекел қып білдірмей,  
Күтіпті тәнірі жарлығын.

Қалжыңы, шыны аралас,  
Өмірім аз деп білдіріп,  
Бетен көзде көрсө жас,  
Ойнаймын деп құлдіріп.

Аз өмірін үзайтқан,  
Фылымға бойы толған соң.  
Көрген жерін молайтқан,  
Оқып, білш болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркістан,  
Ресей, Сібір қалмады.  
Хабарланып әр түстен,  
Көрмей дамыл алмады.

Құйрықты жұлдыз секілді,  
Туды да, қөп тұрмады.  
Көрген, білген өкінді,  
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,  
Қорықтай тоқсан тағдырын.  
Қынсынбай өлімді ол,  
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,  
Алған жардың карызын,

Өтемей кеткен бейнетін,  
Қағазға жазған арызын.

Көргені мен білгені  
Жүзге келген шалдан көп.  
Бізге уайым жегені –  
Арманда боп қалды деп.

Жаңа жылдың басшысы – ол,  
Мен ескінің арты едім.  
Арман деген ашы сол,  
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды күйгендей  
Ол қуатым еді рас.  
Көзге қамшы тигендей,  
Шыр айналды артқы жас.

### (ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ)

Талаптың мініп тұлпарын, (129)  
Тас қияға өрледің.  
Бір ғылым еді іңкәрің,  
Әр қыныға сермедің.

Көзінді салдың түрғыға,  
Бейнетін қыын көрмедің.  
Бірге оқыған құрбыға  
Бас бәйгені бермедің.

Бала болдың, жас болдың –  
Жалғандыққа ермендің.  
Төре болдың, бас болдың –  
Көкірегінді кермедің.

Ел ішіне сау келсен,  
Тағылым айтпас ер ме едің?  
Жол көрсетіп сонда өлсөн,  
Арманым бар дер ме едім?

Іздеп табар жалғаннан,  
Бала берген пенде едім.  
Пенде өлмейді арманнан,  
Мінеки, мен де өлмедім.

## (ӘБДІРАХМАНҒА)

Орынсызды айтпаған, (130)  
Тұзу жолдан қайтпаған;  
Жақсылық қылар орында  
Аянып бойын тартпаған.  
Оргасында кәпірдің  
Арамынан татпаған.  
Өмір бойы талпынып,  
Ғылым іздең, жатпаған.  
Түрленіп төре болдым деп,  
Есерленіп шатпаған.  
Жұз мың теңе келсе де,  
Махаббатын сатпаған.  
Жүйріктікпен шалқымай,  
Тура сөзді жақтаған.  
Бала айтса да хаш сөзді,  
Бұрылмастан тоқтаған.  
Өтіріксіз турашыл,  
Еш сөзі жоқ таппаған.  
Сыйласарлық кісіге,  
Түк калмайтын сақтаған.  
Бауырларын еркейтіп,  
Не сұраса қақлаған.  
Білдіруші ең үн демей,  
Істі қылған жақлаған.  
Ағайын мен тұғанды  
Тірілікте мақтаған.

## (ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕН СОН ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)

Берменеген құлға, қайтесің, (131)  
Жұльғарлық ерікті.  
Ажал тура келген соң,  
Шыдаттайды берікті.  
Фаріптікке көз жетті,  
Алғаннан соң серікті.  
Өмірін берген құдайым  
Ажалын да беріпті.

Сакта дейміз, қайтеміз,  
Ілінген жалғыз тіректі.  
Тағдырына тәбдил жок,  
Тәубе қылсақ керек-ті.  
Кәркіден, пілдей қуатты,  
Тағы арыстан жүректі,  
Аплатон, Сократ ақылды,  
Қаһарман Фали білекті.  
Өз занымша ұқсаттым,  
Берген қудай тілекти.  
Оспанды алған бұл өлім,  
Тәубе қылсақ керек-ті.

Мұсылманға қоймаған  
Орынсыз жанжал шатақты,  
Ерегіскен жауларын  
Кісен салып матапты.  
Зекет жиып, егін сап,  
Тойдырған ғаріп, жатақты.  
Ескендер, Темір, Шыңғыстай  
Мұсылманда атақты.

Мұқым қазақ баласы,  
Тегіс ақыл сұрапты.  
Тобықтыны ел қылып,  
Басын жиып құрапты.  
Мекеде уақып<sup>1</sup> үй салып,  
Пәтер қып, жаққан шыракты.  
Бір құдайдың жолына  
Малды аямай бұлапты.  
Ажал уақыты жеткен соң,  
Соның да гүлі қурапты.  
Қажыны<sup>2</sup> алған бұл өлім,  
Сабыр қылсақ керек-ті.

---

<sup>1</sup> Вәкиф (арабша) –  – мешіт, медірессе пайдастына берілестін мал, дүние. Бұл жерде Мекеге барғандар жататын үй сатып атып бергенін айтады.

<sup>2</sup> Қажы деп оз экесі Құнанбайды айтады.

## (ӘБДИРАХМАННЫң ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙДЫҢ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)

Жылағанды тоқтатып, (132)  
Ынсап қылсақ жарайды.  
Коймасан, кайғы ауыр бол,  
Тұл бойына тараиды.  
Қызыл гүлің суалып,  
Ақ көnlің анық қарайды.  
Һеммә жанды ауыльмен  
Патша құдай сыйнайды.  
Бір сен емес, жылатқан  
Сыңарын алып талайды.  
Бәрімізді аясан,  
Тоқтау қылсан ұнайды.  
Ұмытқаның жарамас  
Жаратушы құдайды.  
Халық билеген патшалар,  
Уақыты жетсе, құлайды.  
Дәл уақыты жеткенде,  
Талайдың ғулі курайды.  
Рәсүлді<sup>1</sup> алған бұл өлім  
Кімнен жөнді сүрайды?  
Қандай адам бұлқыншып,  
Бұған көнбей туладайды?  
Мен білемін, қайтейін,  
Мұндай асыл тумайды.  
Қанша жылап налысан,  
Сонда да ерікке қоймайды.  
Алғысы келсе, дүниенің  
Айтқанына болмайды.  
Ойласаңды, Мағышым,  
Кімнің ғулі солмайды?  
Артын тіле құдайдан,  
Бір қалыпты тұрмайды.  
Үсті-үстіне бастаса,  
Сонда пендे онбайды.  
Жылама, Мағыш, жылама,  
Алладан өлім тілеме!

---

<sup>1</sup> Рәсүл (арабша) – رَسُول – Алланың пәнделерінен жіберген слішісі. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбарды айтады.

Қолдан үшкан ақ сұнқар  
Қайтып келіп қонбайды.  
Бір шешеден туғанда,  
Бәрінен кетті тәуірім.  
Көтермеске амал жоқ,  
Көрдім дүние ауырын.  
Аясанышы, апымрау,  
Әке, шеше, бауырын!  
Бойды женіп, токтау қыл,  
Сұрасанышы ақырын!  
Тоқтамады, тұрмады,  
Кетті ортадан асылым.  
Тәкаппар, зор кекіректі  
Көтере алмай басылдым.  
Тиянағым, тұрлауым,  
Енді кімге асылдым?  
Ойламадым туғанды,  
Бір өзіңе бас үрдым.  
Жалғыз сенен айрылып,  
Артыңа қарап аһ үрдым.  
Ойламадым еш жанды,  
Өзіңе ердім онаша.  
Рахаттанып, мақтандып,  
Қылуышы едім тамаша.  
Шыны сорлы мен дағы,  
Мағыш байқап қараса.

### (ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫГАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ)

Айналайын, құдай-ау, (133)  
Қапалық салдың жасымнан.  
Шешенің зарын тарттырдың  
Бес жасымда басымнан.  
Сөйлемей пенде шыдамас  
Қайғы отына ашынған.  
Жарымды көрмей неше жыл,  
Қапалықты асырган.  
Жарымды алып қор қылдың  
Жас өмірде тасынған.  
Айрып, от қып өртедін,  
Әбіш сынды асылдан.

Әбішті алып құл қылдың,  
Қызылды гүлді жасылдан.  
Тым болмаса қызмет қыл,  
Откізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда  
Мен айрылдым жарымнан.  
Жарық сәуле көрмедім  
Шыққалы ана қарнынан.  
Күйік күшті тускен соң,  
Кетеді екен сабырдан.  
Қызықты күнім қалмады  
Жылаған айтып зарымнан.  
Көре алмай зар боп айрылдым  
Құдай қосқан жарымнан.  
Өзгеше болып жаралған,  
Таныған жан қалғынан.  
Тілеуді кесіп құдайым,  
Зарлатып қойды артынан.

Құдай салды жүрекке  
Жалғанда бітпес жараны.  
Көре алмай қор боп қалған соң,  
Кете ме іштен арманы?  
Сәулемді құдай алған соң,  
Сарнамасқа шара не?  
Кез келтірді құдайым  
Құтылмас маған дараны.  
Қалқамды алып, құдайым,  
Басыма салдың қараны,  
Өзі түгіл көрмедім,  
Ізі жоқ басқан табаны.  
Қүйіріп, құдай алмады,  
Пенденің құрыр амалы.

Қылығына жете алман,  
Қаншалық тілмен айтқанмен.  
Басына құдай беріпті  
Өлшеусіз қылып ақылын.

Сабыр мен талап беріпті,  
Ақыльың, рахымың қын-ды.  
Өткен күнгі қызығым  
Үйықтал көрген түстен кем.

Қараңғы түнде қапалық  
Жүректі басты, шықпас күн.  
Қолдан келген қайратым —  
Барымды айтып шыққан үн.  
Көңілімнің күні өшкен сон,  
Қайғылы қара болар түн.

Жыламай пенде шыдамас,  
Қарағымды алған сон.  
Сағынып көрген қызықты  
Көре алмай зарлап қалған сон.  
Ашладың, алла, қабакты,  
Қылмадың қабыл тілекті,  
Өле алмай шыдап отырмын  
Зор құдайым салған сон.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,  
Қызықты күннің шетіне.  
Өшірмек алла болған сон,  
Пенденің қоймас еркіне.  
Өлмектен басқа дауа жоқ  
Алланың салған дертіне.  
Құтылмас құл жол таппас  
Иенің салған өртіне.

Жалтыр құздан құладым,  
Қолымнан кетіл сүйеніш.  
Көңілімнің күні өшкен сон,  
Жалғанда болмас жұбаныш.  
Өмірді қылдың, құдайым,  
Қызығы жоқ қүйініш.  
Үмітсіз өмір бітірді  
Жүрекке мұз боп ерімес.  
Өзгеше болып жараган  
Айрылдым қалқам жарымнан.  
Сол қалқамды қоймаған  
Замана неткен тар еді?  
Жасымнан өтті демегің,  
Күн шыққандай қараңғы  
Кешегі түннің жарығы.

Сабыр қыльып шыдарға,  
Кайғы оты асты күшімнен.  
Қызықты күнім қалмады  
Әбішті көрген түсімнен.

Сағыныш зарын білдірмей  
Жұруші едім ішімнен.  
Қызығың, қалқам, кетер ме  
Жалғанда менің ойымнан?

Сағынсам да алыстан,  
Жұруші ем күнше жылынып.  
Қызықтың, занғар басынан  
Қорлыққа кеттім жығылып.  
Құдай қосқан қосақтан  
Жалғанда қалдым жырылып.  
Қайғында қалдым қамалып,  
Қызығым кетті сырлылып.

Көре алмай қалдым қалқамның  
Дәл екі жыл қызығын.  
Жүректегі жазылтмай,  
Тағдырдың салдың сызығын.  
Өмірдің, алла, беріпсің  
Қүнде өртерлік шъыжығын.  
Баяны жок, байлаусыз,  
Тілекте жок бұзығын.

Сағынсам да үміт бар,  
Болушы еді қуаныш.  
Қалқамнан қалдым қарс ұрып,  
Қайткенде болар жұбаныш?  
Алла берген арманға  
Ан үрсам болмас алданыш.  
Сабыр, тағат қылуға,  
Қоймады күйік бойыма ес.  
Әбіш сынды жарымнан,  
Айырылған соң барымнан,  
Жалғанда болмас жұбаныш!

## (НЕМЕРЕ ІНІСІ ӨЛГЕНДЕ АЙТҚАНЫ)

Көз жұмғанша дүниеден (134)  
Иманын айттып кеткені-ай!  
„Бейсенбі ме бүгін?“ деп,  
Жұмаға қарсы өткені-ай!  
Жер күніреніп, жүрт шулап,  
Ағайын түгел жеткені-ай!  
Жамиғат тоңбай, күн жылып,  
Тәнірім ракым еткені-ай!  
Ием қабыл алды-ау деп,  
Көніліме қуат біткені-ай!

Қуаттанып баксам да,  
Күнәлі нәпсім түйтпеді-ай<sup>1</sup>.

Ата тегің мұндағы –  
Орта жұздің ұлығы;  
Ана тегің ондағы –  
Өзен судың тұнығы.  
Екі асылдан қосылған  
Сом алтынның сынығы.  
Өлгенше естен қалмайды  
Өзгеше біткен қылығы.

Қызыл балақ қыранның  
Балапаның дерг алды.  
Жеміс ағаш, бәйтерек  
Балдырганың өрт алды.  
Артына белгі тастамай,  
Жал-құйрығын келте алды.  
Ағайынды тойғызбай,  
Аз күн қоймай, ерте алды.

Көп жасамай, көк орган,  
Жарасы үлкен жас өлім.  
Күн шалған жерді тез орган,  
Күншіл дүние қас өлім.  
Артына белгі қалдырмай,  
Бауыры қатты тас өлім.  
Жыламайын десе де,  
Шыдарлық па осы өлім?

Орамды тілді ауыздым,  
Ақылға жүйрік маңыздым.  
Көп жасамай тез кетіп,  
Көзімнің жасын ағыздын.

\* \* \*

Махабbat, достық қылуға (135)  
Кім де болса тең емес.  
Қазір дайын тұруға –  
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көnlім ойлайды  
Жаннның бері – қатыбас.  
Сүйісу тозбай тұрмайды,  
Еңбекке аз күн татымас.

---

<sup>1</sup> Тозімі жестпеді, шыдамады.

\* \* \*

(М. О. Лермонтовтан)

Рахат, мені тастап коймадың тыныш (136)  
Фашық жар, ағайын, дос – бәрі алдағыш.  
Жастық құмар үміттің нұры қайтып,  
Күнгірт тартты, бәрінің аяғы реніш.

Үнатпаймын тағдырды, дүниені,  
Жасқантып жалынта алмас о да мені.  
Алладан бәрі бір деп тосып тұрмын  
Алғалы жақсылықты, я өлгелі.

Қара жұрт қарап көріп, сөзге наңбас,  
Ант етемін, жалғанын жан таба алмас.  
Өзі алданып, өзгеден соққы жеген,  
Және өзі біреуді алдай алмас.

Соққан дауыл сияқты өмір өтер,  
Қайтырмаймын, білемін, көзім жетер.  
Кеудемде осы жүрек тұрган шақта  
Жақсылық жоқ өзіме мен дәметер.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,  
Өлсе, көрде бастырган су топырак.  
Өзі сүйіп, өзгеден сую ізделеп,  
Таптаған сорлы адамнан сөнер шырак.

Жинаққа кірген ақын шығармаларының қай кезде жазылғанын, жазылуына себеп болған жайларды, алғаш рет қашан, қайда жарияланғанын, шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік қасиетін қоса көрсетіп, әр кезде басылған жинақтарда кездесетін сөз қайшылықтарына текстологиялық талдау жасау, сол сияқты түсінік қажет етегін жеке сөздердің мән-мағынасын айқындалап ашып беру – академиялық басылымның ғылымдық куралы саналатын түсініктер бөлімінің ең басты шарты. Жинақтың бұл бөлімінде жоғарыда көрсетілген мәселелер мүмкіндігінше толық қамтылып, түсініктер берілуі көзделді.

Өткендеңі әдебиетті бағалауда ресми идеологияның қысымы құшті болған дәүірде бірталай жағдайларды ашып айтудың реті келмеді. Соның нәтижесінде ақын шығармаларына берілген түсініктер күдікті деген жайлардан „тазартылып“, кісі аттарын да қыскартып басып келді. Абайдың ең соңғы екітомдық ғылыми жинағында да (1977) Шәкәрім Құдайбердиев пен Абайдың баласы Тұрағұл аттары атамайтыны сондықтан. Бұрынғы (1933, 1939-40, 1945) жинақтарда берілген кейібір түсініктердің (мысалы, Абылай, Кенесары-Наурызбай есімдеріне байланысты) кейінгі жинақтарда айтылмай келгені де осы жағдайдан туған еді. Эрине, кейде алдыңғы жинақтағы түсініктерді сол күйінде толық қайталау қажет саналмаған кездері болғаны түсінікті. Мысалы, Абайдың аударма өлеңдерінің түпнұсқа тексті 1954 жылғы жинақта мүмкіндігінше толық берілген де, одан кейінгі жинақтарда тек қысқаша дерек қана келтірілп отырған.

Абай шығармаларын жинау, бастыруда олардың текстін зерттеудің, ғылыми түрғыдан анықтаудың мәні үлкен. Олай болатын себебі, Абайдың қолымен жазылған шығармасы жоққа тән. Тек „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы“ деген шығармасының қолжазбасы ғана Абайдың өзі жазған делініп жүр. Осыдан басқа шығармалардың қолжазбасы түгелдей өзге адамдардың қолымен жазылған және әртүрлі

қолжазбаларда, 1909 жылғы жинақта және кейір онан кейінгі жинақтарда бірталай сөздер әрқалай оқылады. Мысалы, Мұрсейіттің бірнеше қолжазбасында да бір өлеңдегі кейір сөздер бірде былай, бірде олай жазылған. Оның үстіне алғашқы 1909 жылғы жинақта жоқ, кейінгі басылымдарға енгізілген шығармаларда бар қолжазбаларды, бұрынғы жинақтарды салыстырып зерттеу негізінде кейінгі басылымдарда кейір сөздер түзетіліп беріліп келеді. Эр жинақта бір сөздің әртүрлі нұсқасы болуы кейде пікір таласын туғызатыны, мынасы дұрыс емес, бұрынғы жинақтағы нұсқасы дұрыс деуге мүмкіндік беретін де түсінікті. Абай шығармасы деп санаудып, газет-журналдарда жарияланған ғылыми жинақтарға кіргенең бірлі-жарым өлеңдер де жоқ емес.

Түгелдей алғанда Абай шығармаларын текстологиялық зерттеуде айтарлықтай табысқа кол жетті, академиялық толық жинақтағы шығармалардың текстері дәйекті түрде анықталды дей аламыз. Ал енді нақтылап айтсақ, қолжазбалардың ең негізгісі, толығы, 1905, 1907, 1910 жылғы Мұрсейіт Бікіұлының жазбалары. 1909 ж. С.-Петербургта басылған Абай шығармаларының тұнғыш жинағындағы текстерді де түпнұсқа ретінде қараған орынды. Абай шығармаларының басым көшшілігі Мұрсейіт қолжазбалары арқылы жеткенін ескерсек, бұл тұнғыш жинақтың мәні зор екені айқын аңғарылады. Басқа жекелеген қолжазбалардың көлемі шағын, оларда Мұрсейіт қолжазбасында жоқ өлеңдер өте аз, сондықтан олар қосымша деректер ретінде бағалануы орынды. Алайда бұл жинақта да, қолжазбаларда да жаңылыс жазылған, кате басылған сөздер кездесіп отыратыны салыстыра тексеру, текстологиялық зерттеу негізінде анықталды. Бұл жинақтың алдында баспа жүзінде жарық қөрген өлеңдер (мыс., „Дала уалаяты“ газетінде“ жарияланған „Жаз“, „Болыс болдым, мінеки“) үштөрттен аспайды.

1909 жылғы жинаққа кіргенең бір топ шығармалар 1916 жылы Орынборда С. Әбішұлы бастырыған „Абай термесі“ атты кітапта жарияланды. Олар – бірінші қарасөзі мен „Ата-анаға көз қуаныш“, „Тайға міндік...“, „Жарқ етпес қара көнілім не қылса да“ және бірнеше өлеңдер. Ал 1922 ж. Ташкентте, Казанды басылған жинақтар сол 1909 жылғы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды.

I. Жансүтіров 1923 ж. „Тілші“ газетінде Таңкентте шықкан жинаққа сын пікір ретінде „Абай кітабы“ атты мақала жазып, бір алуан кате басылған сөздерді қалай дұрыстап оку керек екендігін нағылды көрсетті. Мысалы, „шалғыннан жүні

қылтыңдал емес“, „шалғыннан жоны қылтыңдал“ деген дұрыс екенін, немесе „біккө басшы болар деме залым“ емес, „бейіске басшы болар деме, залым“ деп оқылуы дұрыс екенін алғаш көрсеткен I. Жансүгіров болатын. Бұл макаладағы тағы бір оте бағалы пікір – Абай шығармаларын „толық жинақтап жемісті қылыш шығаруға тырысу“ міндепті қойылған. „Абайды жете белетін Шәкірім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек, сөйтіп осы бастан кам қылып, асықлай бірнеше жылды мойынға алу керек“, – дейді I. Жансүгіров. Сол кездің өзінде-ақ Жансүгіровтың Абай шығармаларының толық жинағын тыңғызықты дайындал бастыру мәселесін көтеруі және Абайдың өмірі мен шығармашылығына ең жетік, білгір адамдар деп Шәкірім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсыновты атауы айрықша назар аударапты. Жаңа шығармалармен толықтырылып басылуы жағынан ерекше атауға лайық жинақтың бірі – 1933 ж. Әуезов бастырган „Толық жинақ“. Мұнда „Әзім“ поэмасы және Абай жас кезінде 1855–1881 ж. арасында жазған лейтін бір топ өлеңдер алғаш жарық көрді. 1945 жылы басылған толық жинақта жаңадан табылған „Домбыраға қол сокла“, „Мен боламын демендер“, „Ойға түстім, толғандым“ және бірнеше қысқа өлеңдер жарияланды. Бұл жинақта және 1954 жылғы жинақта шығармалардың текстерін қолжазбалармен және бұрынғы басылымдармен салыстыра тексеріп анықтауга назар аударылған. Әсіреле 1954 жылғы екі томдық толық жинақтың кейбір аударма өлеңдердің орысша түпнұсқасын айқындау жағынан елеулі жаңалығы бар. Абай шығармаларының текстерін гылыми түрғыдан зерттеуде 1957 ж. Әуезовтің баскаруымен жарық көрген екі томдық академиялық толық жинақтың мәні ерекше. Бұл басылымның құндылығы алдымен Әуезовтің текстологиялық жұмысқа тікелей қатысып, срінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Жинақты баспаға дайындау барысында Абайдың өлеңдері, поэмалары, қара сөздері бұрынғы басылымдар мен белгілі қолжазбалар салыстырылып, мұқият тексеріліп, бірталай сөздерге түзетулер енгізілді. Кай сөздің қандай негізге сүйеніп алынғаны әр шығармаға берілген түсініктемеде көрсетілген.

Мұхтар Әуезов „Абай (Ибраһим) Құнанбаев“ атты монографиясында: „Қазаннан, әскерлік қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Фабиткан, Кішкене молла (Мұқамметқарім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және казақтан шыққан: Мұрсейіт, Самарбай, Ыбырай. Хасен, Дайыrbай сияқты бала оқытушылар Абайдың

өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды...“, – дей қеліп: „Жаңағы молдалардың Ғабитқан, Кішкене молта сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мұрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын сол жаңағы 1896 жылдан бері қарай көшіретін болады“, – деп жазады (Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Макалалар мен зерттеулер. „Ғылым“ баспасы, 1967, 27-бет). Және Абайдың мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мұрсейіт „еңбегін айрықша атап өту керек“ дейді. „Қазір Абайдың басылып жүрген тандамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мұрсейіттің көшірмелері“, – деп жазады (аталған кітап, 28-бет).

Мекемтас Мырзахметов „Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары“ атты кітабында („Ғылым“ баспасы, 1982): Мұрсейіт Абай шығармаларын „асыл тұпнұсқадан тікелей көшірумен бірге, ақын шығармалары оның қолына Абай маңындағы жақын адамдар арқылы жетуі де мүмкін фой“, – деп жазды (121-бет).

Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмағандықтан „асыл тұпнұсқадан тікелей көшіру“ жайында жорамал түріндеға айтуға болады. Дегенмен де М. Әуезовтің „... Абайдың өз заманындағы оның шығармаларын көшіре бастаған Мұрсейіттік қолжазбаларын біз нақтылы жазба дерек ретінде бағалаймыз“ (аталған кітап, 28-бет) деп жазуында үлкен мән бар екені сезіз.

Ал, Мұрсейіттің Абай шығармаларының алғашқы жинағын дайындауға қатысы жайында Әрхам Қекітайұлы Ысқақов әкесі Қекітай (Ғабдуллақім) туралы жазған (1949) естелігінде быттай деп бағандайды:

„... 1905 жылы жаз басында, Қекітай Абайдың зор қарызын өтеуге бел байлап, дайындық жасады. Әуелі кең қып „абылайша“ дейтін қос жасатты. Өз ауылында ескіше бала оқытып жүретін Мұрсейіт Бікі баласы деген (Әнет) молданы босатып алып, бала оқытқанынан табатын пайданды мен беремін деп міндеттеніп, сол қосқа отырғызып, қағаз, қарындаш, қалам, сия сықылды жазу аспалтaryн түгендереп беріп, Абайдың ел аузына тараپ, одан әркім жазып алып, сақтап жүрген өлеңдерін, қарасөздерін жинап беріп, өзі ол өлеңдердің не тұрасында жазылғандығын реттеп, бөлім-бөлімге айырып, жазылған жылдарын көрсетіп, Мұрсейітке жазып бітіруге тапсырды“, – дейді. (Әрхам естелігінің қолжазбасы).

Бұған қарғанда, Кәкіттай, Тұрағұлдар Абайдың елге тарап кеткен шығармаларын жинап, Мұрсейітке көшіртіп, Мұрсейіттің көшірген қолжазбаларын қайтадан қарап шығып, көте жазылып кеткен Абай сөздерін бар мүмкіншілігінше түзетіп, 1909 жылы тұнғыш жинақты әзірлеген. Сөйтіп, Мұрсейіт көшіріп жазған Абай шығармалары Кәкіттай мен Тұрағұлдың тексеруінен өтіп барып, баспаға берілген.

1909 жылғы жинақ:

„Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғылышын өлеңі.

Бастырған Кәкіттай, Тұрағұл Құнанбай ұғланулары“ – деп аталып шыққаны мәлім.

Абай шығармалары 1909 жылы басылып шыққанға дейін де қазақ даласына көп тараған. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов былай дейді:

„Абайды... колжазба қүйде көшіртіп алып тарату Тобықты іші мен Семей уезі ғана емес, Қарастар, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан, Лепсі, Қапал уездерінің барлығында да көп жайылған өнеге-дәстүр есепті болған“. (Аталған кітапта, 28-б.)

Мұхтар Әуезовтің осы айтқандары кейінгі жылдары анықтала бастады. Мысалы, Өмірбек Жылқыбаев деген, Новосибирь қаласында тұратын (Қарқаралы азаматы) адамның қолында Абай өлендерінің көшірме колжазбасы сакталатыны 1944 жылы мәлім болды. Мәди Тәстембекұлы Әсеновтың (Кереку) қолында болған Абай өлендерінің колжазбасы және Оразке Уақбаевтың қолжазбасы 1951 жылы табылды.

Бұл үш адамның қолжазбаларының ішінде бүрін ешқайда жарияланбаған Абайдың алты өлеңі бар.

„Абайдың әдетінде, – дейді Мұхтар Әуезов, – бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана „Серіз аяқ“ деген өлеңнің басын қайта бір түрлі қылыш айтып еді деген сөз бар“ (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. 1933 жыл, 382-бет).

„Серіз аяқ“ өлеңнің басын „қайта бір түрлі қылыш айтқан“ нұсқасын Абай өлендерін көшіріп жазған белгілі адамдардың бірде-бірінің қолжазбасынан кездестіре алмаймыз. Мұхтар сөзінің шындығына көзімізді жеткізген, 1951 жылы табылған, жогарыда аталған Оразке қолжазбасы болды. Оразке көшіріп жазған Абай өлендерінің ішінде „Серіз аяқ“ өлеңнің қайта бір түрлі қылыш айтып жазылған нұсқасы бар болып шықты. (Түсініктемеде толық жазылған).

Енді бір ерекше атап айтатын колжазба – Садуақас Мұсаұлы Шормановтың (Кереку) 1884–1891 жылдар арасында жазылған қолжазба жинағы. Бұл қолжазба жинақты алғаш

тапқан академик Әлкей Марғұлан былай дейді: „Садуақас осы дәптерін 1897 жылы Петербургқа барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П. М. Мелиоранскийге сыйға тартқан. Қазір бұл дәптер Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, академик А. Н. Самойлович архивында сактаулы тұр... Садуақастың бұл дәптері – қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Құншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы белетін мәдениетті кісі болғандықтан, Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мұлтіксіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы иғілкті іс болған“ (Ә. Марғұлан. „Абай қолжазбасы“. „Қазақ әдебиеті“, 16 август, 1963 ж.)

Садуақастың дәптерінде оның өзінің және басқа да ақындардың 3280 жол өлеңі, қазақтың 178 мақалы жазылған.

Садуақас (1846–1927) Абайдың замандасты және Абаймен жақсы таныс, достас болған, езі де әдебиетші, ақын. Ол Абай өлеңдерін, ақынның көзі тірі кезінде, 1890 жылдары көшіріп жазған. Садуақас жазбасында Абайдың он жеті өлеңі бар, жалпы көлемі – 576 жол. Ол өлеңдер: „Көнілім қайтты достан да, дүшпанинан да“, „Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“, „Қартайдық, қайғы ойладық, үйкі сергек“, „Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман“, „Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап“, „Байлар жүр жиган малын корғалатып“, „Қалың елім, қазағым, қайран жұртыйм“, „Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак“, „Жігіттер, ойын арзан, құлқі қымбат“, „Ұрлық, сұмдық, құлықтен мал жиылмас“, „Ішім өлген, сыртым сау“, „Қажымас дос халықта жоқ“, „Бойы бұлған“, „Қан сонарда бүркітші шығады анға“, „Сүр бүлт түсі сұық қаптайды аспан“, „Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай“, „Жазғытуры“.

Садуақас қолжазбасындағы Абай өлеңдерін жинақтарда басылған нұсқаларымен салыстырып қарасақ, ақын сөздерінің көпшілігі Садуақас қолжазбасында дәл беріліп, дұрыс жазылғаны анық байқалады.

Академик Әлкей Марғұлан 1946 жылы Ленинградтағы География қоғамының архивінен тапқан, кезінде орыс ғалымы, журналист В. А. Кудашев тапсырған Абай өлеңдерінің қолжазбасы осы Садуақас Шормановтың жазбасымен негізінен бірдей келіп отырады. Бірақ айырмасы да жоқ емес. Садуақаста „Ұрлық, сұмдық, құлықтен мал жиылмас“ деген „Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей“ деген өлеңнің екінші жартысығана берілсе, мұнда бас жағы да „Аш қарын жұбана ма майлы ет жемей“ делініп түгел берілген. „Өленді мен айтпаймын

ермек үшін“ деп басталатын (белгілі „Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“) және бар. Не бәрі қолжазбада, „Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей“ деген өлеңді екіге бөлгөнін есептегендеге, 16 өлең болып шыққан. Бұл қолжазба ескі араб әріптегерімен жазылған, аталған архивке 1897 жылы түсінген. Қолжазбаны арнайы зерттеген Әлкей Марғұлан қолжазбаға әрбір өлеңнің қарсы бетінде орысша аудармасы жазылғанын айтады. (А. Х. Марғұлан. Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары. Қазақ ССР Фылым академиясының хабаршысы, 1955, №5, 30-бет). Бұл қолжазба 1957 жылғы басылым дайындалған кезде жазба дерек ретінде ескерілген, кейін де Абай шығармаларын бастырушылар назарынан тыс қалған жок.

Абайдың осы академиялық жинағын баспаға әзірлеу үстінде, ақын сөздерінің дәлдігін қадағалап, анықтау ісінде аталағып отырған қолжазбалардың тигізген нақтылық көмегі аз болған жок.

Бұл орайда Мұхтар Әуезовтың:

„Жалпы алғанда көптеген шығармалардағы Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ“, – деген ғылымдық қағидасын, бар мүмкіншілігінше, берік үстандық.

Абай шығармаларына берілетін түсініктердің толық және ләлді, дұрыс болуы ерекше ескерілді.

1909 жылғы жинақтан бастап, 1922 жылғы Қазанда және сол жылы Ташкентте басылған жинақтар, 1933 жылғы толық жинақ, 1939–1940 жылғы екі томдық толық жинақ және 1945 жылғы толық жинақ түгелдей қайта қаралып, ол жинақтардағы мағлұмат, деректер салыстырылып зерттелді. Түсініктерді толықтыра алатын нақтылық мағлұмат, деректер алынды. Кәкіттай жазған Абай өмірбаянындағы (1909), Кәкбай мен Тұрағұлдың Абай туралы естелік әңгімелеріндегі мағлұмattар, Мұхтар жазған Абай өмірбаяны, шығармаларына жасаған талдаулардан түсініктерге тікелей қатысы барлары орынды жерде пайдаланылды. Сол сияқты Қ. Мұхамедхановтың „Абай шығармаларының текстологиясы жайында“ (1959) деген кітабындағы деректер мен талдаулар ескерілді.

Бұл жолғы басылымда Абайдың өлеңдері мен аудармалары бір бөлімде, жазылған жылғына қарай, араластырылып берілді (1945 жылғы басылым үлгісімен). Мұнда Абай аудармаларының ішінде таза аударма деп қараудан гәрі, белгілі бір ақынның әсерімен бастап, өзінше дамытып әкететін, қолтумалық сипаты бар өлеңдердің барлығы ескерілді. Бұл –

акында түпнұсқа мазмұнын сөзбе-сөз жеткізетін дәлме-дәл аударма, түпнұсқа мазмұнын сақтай отырып, өз жанынан сөз, пікір қоскан, немесе кей жерін қалдырып кеткен еркін аударма үлгілері бар екенін жокқа шығармайды. Мәселе түпнұсқа сарынында өзінше жазылған өлеңдер жөнінде болып отыр.

Абай – қазақ әдебиетіне шын мәнінде аударма тәжірибесін енгізген ақын. Оған дейін үлттық көркемсөз қазынамызыда Шығыс әдебиетінің жекелеген нұсқаларының мазмұны мен сарынын жырлаған әртүрлі ертеғі, аңыз, хикая үлгілері болғанмен, бас-аяғы бүтін текстологиялық аударма нұсқасы болмаған.

## ӨЛЕҢДЕР МЕН АУДАРМАЛАР

1) „Кім екен деп келіп ем түйе құған“ (1855). – Бұл өлең бірінші рет Абайдың 1933 жылғы толық жинағында басылды (Абай Құнанбайұлы. „Толық жинақ“. Қызылорда, 1933 жыл, 71-бет). Содан бергі жинақтардың бәріне кіріл жүр. Өлең ел ішінің бір қариясының аузынан жазып алынған. Ол ақсақал жас жігіт күніндегі ауылдыңдағы бір әйелді төркініне ертіп барады. Төркіндері бір жауыр айғыр береді. Жауыр айғырды алып келе жатып, Құнанбай ауылдың жолда жатқан түйелерінің арасын аралад өтеді. Оларды көре салып, он жасар бала Абай ауылдан тайға мініп, шауып келіп, әлгілердің аты-жөнін сұрап алып, қайта бұрылып бара жатып, осы өлеңді сұрыпты салып айтқан екен. (Түсінік берген Тұрагұл Абайұлы – 1933 жылғы жинақта).

2) Шығыс ақындарынша („Иұзи – рәушан, көзі – гәүхәр“) (1858) – Бұл да 1933 жылғы толық жинақта және барлық басылымдарда жарияланған. Мұнда да шәкірт ақын, өзі ұстаз тұтқан Шығыс ақындарының дәстүрімен, сұлуды мадақтап сипаттайды. Осы өлеңдерінің өзінен-ақ бала ақынның араб, парсы, түрік әдебиетімен ерте танысқанын көреміз.

3) „Фзули, Шәмси, Сәйхали...“ (1858) – Бұл өлең де бірінші рет 1933 жылғы толық жинақта басылған (71-бет). Өлеңді Семей медресесінде оқып жүрген он үш жасар шәкірт Абай Шығыс ақындарына еліктел жазған. Өзіне үлгі еткен атақты ақындардың аттарын атап: „Мәдәт бер, я шафири, фәрияд“ деп сыйынып, „мәдәт“ тілейді.

4) „Әлифби өлеңі“ (1864) – Бұл өлең де ен алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланған (71–72-беттер).

Абай бұл өлеңді Семей мәдресесінен оқып шығып, еліне қайтып келгеннен кейін, 18—19 жастар шамасында жазған. Олеңді араб алфавитінің реті бойынша жазып, арабтың жиырма тоғыз әрпінің әр біріне бір жол арнап, тіпті, араб жазуында қолданылатын белгілерін де өлеңге қосқан.

Науауда да араб алфавитімен тіzlіgen ғазелдер бар екенін айта келіп, Мұхтар Әуезов: „Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы үйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әлифби ретімен келтіреді“, — дейді. (М. Әуезов. Абай Құнанбаев. А. 1967. 96-б.) Және жас ақын Абай: тек жігіттік, жастық сезімдеріне жаңа үлгі болғандай тың тұрғанда іздейді. Сол себепті „Әлифби“ өлеңінде Науауда ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана алады.

Абай оқыған Шығыс ақындарының көбіне ортақ бір жай — маҳабbat сияқты сезімдерді жырлауда мистикалық сарындар да болады. Фашықтықтың өзін құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді. Абайдың қасиеті сол — жас шағының өзінде де, еліктеуші бола тұрса да, өзінің маҳаббаттық арман-шерлерін, тілектерін жырлағанда сопылық, мистикалық сарындарға бармайды.

Көп теңеулерде кітапшылап, әсірелеп жырлап отырса да, „Әлифби“ өлеңінің соңғы екі жолында:

... Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Бодуға асты-үстілі көнсөң өзің,—

Деп келіп. Абай сүйген сұлуға арналған өлеңнің ең сонында пактылы тілегін ашып айтады. Сезім, сана жағынан Шығыстық сарыннан өз басының сау екенін танытады. Кейін аз уақыттың ішінде-ак, әмір шындығына жақын өлеңді өз халқының анық халықтық тілімен жазып кететін Абай мынау тұста тек аз уақыт қана өзінің көзі түскен және өзін жас шағында қызықтырған, таңдандырған үлгіге аз бой үрады. Терен сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен Шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де, өлең құру шеберлігі, тұр жаналығы жөнінде бұл кездे де көп нәрсе табады.

Латын алфавитімен басылған 1933 жылғы жинақтағы „Әлифби“ өлеңінің көп сөздері қате басылып, мағынасы бұзылған.

Бір ғана мысал:

„Әліп, деп ай жүзіне гүйбат еттім,  
Бій, балайы (?) дәрестіңе (?) ныспат еттім“...

Ал, 1939 жылғы жинақта (1-том, 34-бет) өлеңдің 1933 жылды қате басылған бастапқы екі жолы біраз түзетілген.

Әлифдек ай иузіне гибрат еттім,  
Би, бәләйі дәртіңа ниссіфат еттім...

Екі жинақта да „балайы – бәләйі“, „дәретіңе – дәртіңа“ деген сөздерге түсінік берілмеген.

1945 жылғы жинақта:

Әлиф дес ай иузіне гибрат еттім,  
Би, бәләй дәртіңа ниссібат еттім...

деп басылып, „бәлаи“ деген сөзге: „бәлаи – бәле, бәлелі деген мәндө“ деп түсінік берген (6-бет). „Дәртіңа“ сөзіне түсінік берілмеген.

1957 жылғы жинақта „Бала,й“ деп басылып, бұл сөзге: „Ұлы, жоғары“ деп түсінік берілген (1-том, 14-бет), 1977 жылғы жинақта да осы соңғы (1957) берілген түсінік қайталанады. „Балайы“, „бәләйі“, „бәлаи“, „бала,й“ деп басылып жүрген сөздің дұрыс нұсқасы – бәля (арабша) – қайғы, бәле, ауыр хәл деген мағынасында. Ал, „ұлы, жоғары“ дейтін сияқты сөздердің мағынасын арабша газыйм деген сөз білдіреді. Арабша сәляи газыйм (ұлы бәле, зор бәле) деген сөз тіркесі (ғыйбарә) бар.

Жалпы „Әлифби“ өлеңіне текстологиялық зерттеу жеткілікті жүргізілмеген.

1933 жылғы жинақта өлеңдің бастапқы жолы „Әлиф, деп ай жүзіне ғыйбар еттім“ – деп басталса, 1939 жылғы жинақта: „Әлифдек...“ деп басылған. 1943 жылғы жинақта да „Әлифдек...“ деп басылып, „Әлифдек“ (Әліптей) деген тенеу – шағатайша (412-бет) – деп түсінік берілген. 1939 жылдан бастап, одан кейінгі жинақтардың бәрінде „Әлифдек“ деп басылып келеді. Өлең жолын тұтас оқысак, мағынасы: „Әлифтей ай жүзіне ғыйбрәт еттім“ болады. Сонда сұлу қыздың жүзін (ай жүзін) араб әліппесінің бірінші харіпі (әріпі) „I-A-fa“ (арабша „Әлиф“ деп аталады) тенеу көнілге қонбаса керек. Сондықтан 1933 жылғы жинақта: „Әлиф, деп ай жүзіне ғибрат еттім“ деп басылғаны дұрыс болады. Яғни сүйген қызға арнап жазған хатын: „Әлиф деп“ бастап, айдай жүзіне ғибрәт еткен.

Бұрынғы жинақтарда қате басылған сөздер түзетілді. Өлеңдегі араб, парсы сөздерінің негізгі жазылу түрі көрсетілшіп, мағынасына түсінік берілді.

5) „Шәріпке“ („Тұңдікбайдың қатыны, атын – Шәріп“) (1870) – Бұл бір ауыз өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (72-бет). „Шәріп – Тұңдікбай дегеннің қатыны. Тұңдікбай Абай ауылдарының көршісі болған“ (Мұхтар Әуезов, 1933 жылғы жинақ, 72-бет).

6) „Абыралыға“ („Мен жасымда көп көрдім мұсылманды, кәпірді“) (1876) – Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (73-бет). Өзінің замандасты Аbralы (1839–1920) дейтін адамның намаз оқығанда, құран аятын түсінбей, қара дүрсінге салып, бұлдыріп оқитын надандығын ажua етіп жазған. Өлеңдің аяғы ұзағырақ болса керек. Толық нұсқасы ешкімнің есінде қалмаған.

7) „Жақсылыққа“ („Аяғынды андал бас, ей, Жақсылық“) (1880) – Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (73-бет). Сол жинақта берілген түсінкте: „.... Өлеңдің айтылған реті: 1880 жылы Абай Қоңыр Көкше деген елге назначение, атап сайлаумен болыс болғанда, мырза деген таптың Жақсылық деген кісісі: „Борышымды елге бөліп салып, мені құтқар“ – депті. Борышты болғанда, өзінің жарамсыз қылғынан борыштанса керек. Сонда Абай айтып еді деп, Көкбай марқұмның жиган өлеңдің ішінде жазылып-ты“, – дедінген (323–324-беттер).

Өлеңдің бастапқы жолы жинақтарда:

Аяғынды андал бас, ей, Жақсылық, –

деп басылып келеді. Дұрысы:

Аяғынды андал бас, ей, Жақсылық, –

деп білеміз. Абай бұл арада Жақсылықтың орынсыз талап етіп, аңдамай сөйлегенің айтып отыр. „Аңдамай сейлеген ауырмай өледі“ дегеннің мысалы сияқты.

8) „Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға“ (1880).

М. Ю. Лермонтовтың „Дитя в люльке“ (1829) атты шығармасының аудармасы. Түпнұсқасы неміс ақыны Д. Шиллерден алдынған (“Das Kind in der Wiege“, 1796).

Абай шығарманың жалпы мазмұнын сақтап, еркін аударған. Алғаш 1933 жылғы жинақта басылып, содан бергі негізгі басыльмдарына енгізілшіп келеді.

Абай аударған түпнұсқа мынадай:

Счастлив ребенок  
И в люльке просторно сму,  
Но дай время сделаться мужем,  
И тесен покажется мир.

Кезінде бұл өлеңді Міржақып Дулатов та аударған. Оның тексті мынадай:

Бакытты бала:  
Бесікте еркін өседі.  
Ержетсе: кара дүнис  
Тар, деседі.

(*Міржақып Дулатов. Шығармалары. 1991. 338-б.*)

9) „Сап, сап, көнілім, сап, көнілім“ – Бұл өлең де ен алғаш 1933 жылғы жинақта „Жылы белгісіз өлеңдер“ ретінде басылған (231-бет). Өлеңнің бұл басылған нұсқасының көлемі 30 жол. Түсінік берілмеген. 1939 жылғы жинақта басылған нұсқасы – 59 жол (231– 232-беттер). Бұл нұсқасы туралы: „Бұл – Абайдың бозбала күнінде өзіне өзі айтқан өлеңі. Абай өлеңдерінің 1933 жылды шыққан жинағында алғаш рет басылған еді. Бірақ онда түгел табылмай, жарым-жартысы ғана басылған болатын. Қазір сол олқылары түгелденіп, бірінші рет толық басылышп отыр“, – делінген (231-бет).

Өлеңнің жазылу тарихы туралы, толығырақ түсінік, 1945 жылғы жинақта берілген: „Мұны Мұхтардың көрсетуі бойынша, Абай өзінің жігіт шағында жазған көрінеді және сол жігіт шағынан қалған өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі, көркемі. ... Мұны бұрын Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі – Сүгірдің қызына айтқан дейді екен. Бірақ, соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектер мен Құнанбай жауласып жүргенде, Абайдың қауіп-каторғе қарамастан бейнетпен барып жүрген қызы – сол Тоғжан. Ерболмен достығы да сол қызы арқылы болған. Және Тумабайдың айтуынша, бұл өлеңдегі қызы Сүйіндік қызы екенін білдіретін:

— Қызы ағасы Әлібек  
Үстап ап дүре салтай ма, —

деген бір-екі жол өлең де бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен бұл екі жол өленді баспаға қоспалық. Сонды нұсқасы Мұрсейіт жазбасынан алғынған“, (455–456-беттер).

10) „Қансонарда бүркітші шығады анға“ (1882) – Бұл өлең ең алғаш „Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай үглының өлеңі“ деп аталған жинақта басылған (С.-Петербург. 1909 жыл, 14-бөлік, Аңшылық туралы, 71–72-беттер). Бұл өлеңде Абай өз басынан кешкен, өзі көріп, терең сезінген уақиғаны жыр етіп, толғана суреттеп, шынышыл шеберлікті танытады.

Абаймен жиырма бес жыл бойы айырылmas жолдас, айнымас дос болған, оның мінезін, әдет-салтын өте жақсы білген, көзімен көрген Қекбай былай баяндайды:

– „... Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып құрестіру, қаршыға, лашын салғызу... өнерді қызықтау сияқтының барлығын да... көрді... Ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, тұлқі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым сойыспен барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады“ (1993 жылғы жинақ, 276–277-б.)

Ат, құс, аңшылыққа соншама құштарлық мінездері Абайдың ақындық қуатын онан сайын рухтандырып, шабытын шарықтатып: „Қансонарда бүркітші шығады анға“ сияқты, әрі идеялық мазмұны, әрі көркемдік түрі түгел қабысып тұрған, қазақ халқының тұрмыс-салтына тән, ерекше бір көрінісін көз алдыңа әкелетін тамаша өлеңін тудырған.

„Қансонарда“ өлеңінде, – дейді Мұхтар Әуезов, – орыс халқының өмірінен, не орыстың классик поэзиясынан тұпатура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз, қазақ халқы мекен еткен қыры туралы, табиғат, бүркіт салуга салт атқа мініп шыққан анық қазактың аңшылар тобы. Ермек үшін енбек еткен ширак, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелген. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері, тольып жатқан машилдамерзімі тұтас қазактың өзіне тән тіршілігі бол шығады“ (Аталаған кітап, 103-бет).

... „Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген ақын реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бүйімьын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады.

„Сонар“, „Қағушы“, „Қайтқан із“, „Бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы“, „Тұлқінің кере тұра қалуы“, „Үйірімен үш тоғыз“ десу – бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны тенеуді де табады. „Кар – аппақ“, „бүркіт – қара“, „тұлкі – қызыл“ дей келіп, сол бір қайнаган қымылдарды қымсынған үян сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына үқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық ұлгіде екі жайды: „ананы көр де, мынаны көр“ деп үқсата салу жоқ. Табиғатты, тұлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне үқсатуда көп ассоциация туғызатын терен де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше ұлғі“. (Сонда, 105-б).

Өлеңнің он үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет) және 1922 жылғы (Қазан) жинақта (141-бет):

Кере тұра қалады қашқан тұлкі, –

деп басылған. Мұрсейіт қолжазбасында да осылай жазылған. 1933 жылғы (74-бет) және 1939 жылғы жинақтарда (39-бет):

Көрс (?) тұра қалады сонда тұлкі, –

деп өзгертілген.

1945 жылғы жинақта (12-бет):

Кере тұра қалады қашқан тұлкі –

деп, 1909 жылғы кітап бойынша берілген.

Ең соңғы, 1977 жылғы жинақта „кере“ деген сөз „көре“ болып, қате басылған.

Абайдың осы өлең жолының дәлдігін анықтай тұсу үшін текстологиялық талдау жасалды.

„Ақын бұл арада: аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан, құр қаша бергенмен құтыла алмайтынын білген тұлқінің жанын қорғау үшін қайрат қылмақ болып, кере тұра қалған көрінісін дәл суреттеген:

... Төмен үшсам тұлкі өрлеп күтылар деп,  
Қандықөз қайкан қағып шықса аспанға.  
Кере тұра қалады қашқан тұлкі,  
Құтылмасын білген сон құр қашқанға.

Аузын ашып кокактап, тісін кайрап,  
О да талас қылады шыбын жанга.

Абай өлеңінің түпнұсқасы осылай оқылғанда дұрыс болмақ. Өлеңнің 13-жолы 1909 жылғы, 1922 жылғы және 1945 жылғы және 1957 жылғы жинақтарда:

... Кере тұра қалады қашқан тұлкі, –

деп, түпнұсқасына сай дұрыс басылған. Өлеңнің отызынышы жолында:

... Үксайды қаса сұлу шомылғанға, –

лейді. Осы өлең жолындағы „Қаса“ деп басылып жүрген лөрекі сөзді Абай қолданбаған деп білеміз. Ақын бұл арада, нағыз сұлуды сипаттау үшін, терен де кең мағыналы „хасса“ леген араб сөзін қолданған. Хасса, хаса (арабша) – бір адамның тек өзіне ғана тән сипат, өзінде ғана болатын қасиет деген мағынадағы сөз. Сондықтан өлеңнің бұл жолы:

... Үксайды хаса сұлу шомылғанға, –

деп өзгертілді.

Өлеңнің отыз тоғызынышы жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет):

... Құсы да иесіне қоразданар,  
Алпыс екі айлалы тұлкі алғанда, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Құсы да, иесі де қораздаңар, –

деп құсы мен иесі бірге қосақталып өзгертілген.

Абай бұл арада алпыс екі айлалы тұлкі алған бүркітің иесіне қоразданатынын бейнелеген. Ал құс иесінің қозданатын кезін:

„Үйірімен үш тоғыз“ деп жымындал,  
Жасы үлкендер жанына байланғанда.  
Сілке кіліп тымакты, насыбайды  
Бір атасын қоңылтін, жайлланғанда. –

деп жеке суреттеген.

Осылар сияқты бүрмаланып басылғаны анықталған сөздер түзетіліп, дұрыстады.

11) „Бородино“ (1882) – бұл өлең 1933 жылдан бергі басылымдарға енгізіліп келеді.

М. Ю. Лермонтовтың осы аттас шығармасының аудармасы. Абай жолдары түпнұсқаның әр жерінен аударылған, үш жүйе үзінді. Сірә, аударманың толық тексті сақталмаған болуы керек.

Сондыктан да болар, соңғы басылымдарға дейін аудармада түпнұсқаның кейбір тармақтарының орны ауысып кетіп жүрді. Атап айтқанда:

Қол салмакқа кәртечке,  
Ол күн болды күн кешке,  
Қас карайып болды түн, –

деген тармақтар үзіндінің соңында орналастырылып келді. Шындығында олар түпнұсқа бойынша аударма текстін ортасында, „Штық қылыш қайрасып“ деп басталатын шумактың алдында келуге тиіс еді. Бұл басылымда аталған үш жол өздерінің орнына ауыстырылды. Алғашқы басылымдарда жаңағы үш тармақ үзіндінің органғысы:

Он күн болды күн кешке, –

деп қате басылған. Кейінгі басылымдарда колжазба бойынша және түпнұсқаның мағынасына қарай „ол күн“ деп түзетілген. Бородино шайқасы үш күннен аспаған гой.

Лермонтов өлеңінің Абай аударған үзінділері мынадай:

### БОРОДИНО

„Скажи-ка, дядя, ведь недаром  
Москва, спаленная пожаром,  
Французу отдана.  
Ведь были ж схватки боевые?  
Да, говорят, еще какие!  
Недаром помнит вся Россия  
Про день Бородина!“  
– Да, были люди в наше время,  
Не то, что нынешнее племя:  
Богатыри – не вы!

Плохая им досталась доля:  
Не многие вернулись с поля...

.....

Мы долго молча отступали,  
Досадно было, боя ждали,  
Ворчали старики:  
„Что же мы? на зимние квартиры?  
Не смеют что ли командиры  
Чужие изорвать мундиры  
О русские штыки?“

.....

Повсюду стали слышны речи:  
„Пора добраться до картечи!“  
И вот на поле грозной сечи  
Ночная пала тень.

12) „Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы“ (1884) – Бұл олең ең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (9-бөлік. Сұлу үрғашы туралы, 63-бет). „Өлеңнің тақырыбы қазақтың бюджеткен қызының сырт көрінісін, пішін, мүсін келбетін суреттеуге арналады. Жас атаулы қызығарлық, сүйсініп тамаша етерлік ерекше сұлу қызды сипаттайды... Абайдың анық жазушы ақын екенін анғарамыз. Бұнда сұлу әйелді сипаттауда ең алғашқы жолдан бастап, айқын сезілетін тәртіптілік бар. Өуелі қыздың пішінін айтады. Келісті біткен мандайынан бастап көзіне, қасына тоқтайды. Одан ары мұрнын, бетін аттай келіп, аузына ауысады. Сұлу тісін, бұлбұл үнді құлқісін айттып, аузына аз аялдап, содан ары мойнына, тамағына тоқтайды да, осыдан ары ұлы мүшесіне, жауырыны, иығына, бойына ауысады. Жазба ақын фольклор үлгісінен бөлек, ерекше планмен жазып отырганын анғартады. Ауызша шығарылған өлең болса, мұндайлық реттілік кездеспес еді. Өйелдің ішін пішінімен аралас жанды адам етіп беру қажет болса да, Абай бұл тұста өзінше үлгі көрсетеді. Ол – сұлудың сыртқы портретін береді. Ал, адамның пішін-портретін арнаулы рет, әдіспен суреттеудің өзі де, жазушы ақын айтарлық мәдениетті үлгі...“ (М. Өуезов. Аталған кітап. 105–106-бб.) Өлеңнің осы алғашқы құшті бөлімі сипаттау болады да, екінші бөлімінде, өзі суреттеп отырған қызға айтпаса да, жалпы қыздардың оғаш мінездері үстірттеу сыналады,

жігіттердің де кейбір мінездері сыналып, оларға ақыл-өсіет айтуға арналады.

Өлең сонғы басылымдар бойынша берілді.

13) „Жасымда ғылым бар деп ескермедім“ (1885) – Бұл өлең де ең алғаш 1909 жылғы жинақта (3-бөлік. Өзі туралы. 35-бет.) басылған. Тұрағұлдың айтуында: „Жасымда ғылым бар деп ескермедім“ деген өлеңді Абай Әбдірахман деген баласы Түмен қаласындағы реальный училищеде оқып жүргенде, Мағауияны, Күбадан деген қызы баласын Семейдегі қалалық училищеде оқытып жүргенде жазған, – дейді.

Өлең тексті сонғы басылымдар бойынша ұсынылып отыр.

14. „Әм жаһықтым, әм жабықтым“ – өлеңнің тексті 1945 жылы және одан кейін жарық көрген толық жинақтар бойынша салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „И скучно, и грустно“ атты өлеңінен аударма. Бұл жерде Абай аталған шығарманың алғашқы төрт жолдық шумағын ғана б тармақ етіп аударған. Небәрі 3 шумақтық түпнұсқаның „Любить... но кого же?...“ деп басталатын екінші шумағы „Гашықтық іздеп тантыма“ деген тақырыппен дербес өлең ретінде аударылған. Оның қолжазбасы Мұрсейіт көшірмесінде сакталған да, „Әм жаһықтым, әм жабықтымның“ нұсқасы сақталмаған. Сондықтан бұл өлең алғашқы басылымдарға кірмей қалған.

Бұл шумақтың орысша түпнұсқасы мынадай:

### И СКУЧНО И ГРУСТНО

И скучно и грустно, – и некому руку подать,  
В минуту душевной невзгоды...  
Желанья!.. что пользы напрасно и вечно желать?  
А годы проходят – все лучшие годы!

15) „Картайдық, қайғы ойладық, үйкы сергек“ (1886) – Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 2-бет). Абай бұл өлеңінде ел ортасына бұлік салып жүрген тынымысыз атқамінерлерді ең алғаш рет сынға алып, бөліл шығара бастайды. Ел бұзарлар осылар деп әйгіледі.

...Сырттансынбак, қусынбак, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап болек-болек.  
Арамдықпен бар ма екен жүрттап аспак,  
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт мәңгермек,  
Адалдық, арамдықты кім тәңгермек.  
Мактан үшін кайратсыз болыс болмак,  
Иттей кор боп, өзіне сөз келтірмек, –

деген өлең жолдарында елдің ортасында „жаксымын“, „жұрт ағасымын“ деп жүргендеге ең алғаш сын сөздер айтады... Болыстықтың өзі де „корлық“, „иттікке“ апаратын жол деп, қазақ ортасындағы әкімшіліктің өзінен қашу керек дейді.

Осы өлеңнің оныншы шумағы барлық жинақтарда:

Ел бұзылса табады шайтан өрнек,  
Перште төменшікте, қайғы жемек, –

деп басылып келеді. Өлеңнің мағына-мазмұны бірінші жолдағы сөздерге байланысты. Олай болса:

Ел бұзылса табады шайтан өрнек, –

деген өлең қандай үтім беріп тұр? Біздің түсінігімізше, ел бұзылатын болса, шайтан өрнек яғни үлгі табады (алады) деген болады. Абай олай демесе керек. Өлеңнің осы шумағы Оразке және Садуқас жазбасында:

Ел бұзылса құрады шайтан өрмек,  
Перште төменшікте, қайғы жемек, –

деп берілген.

Бұл басыльымда осы жолдар қабылданды.

16) „Картайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман“ („Картайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман“) (1886) – Бұл олең де 1909 жылғы жинақта басылған (4-бет). Абай осы олеңінде атқамінер тобын айқынырақ, ашығырақ шенеп, өйгілеп өтеді.

... Ант ішкен күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Ку тілемен құлық сауган заны құрсын.  
Бір атқа жұз құбылған жұзі қүйір,  
Өз үйінде шертиген паны құрсын, –

деп, сол атқамінер ортасын „жұзі қүйір“ деумен жиренішті топ етіп көрсетеді.

Осы екі өлең туралы айта кететін бір жай бар. 1886 жылы қырық бір жасқа келген Абай өлеңдерін „Картайдық, қайғы ойладық“ деген сөздермен бастайды. Анығында, бұл жылдарда Абай қартайған жок. Оны жасынан ғана айыру керек емес, халық қамқоры бол, азamat ақын бол, осы жылдан бастап жазған сөздеріне қарасақ, ақын анық үлкен тартысқа барынша белсеніп кіріседі. Ызалы ашумен, қайсаρ қайрат, өнімді қажырмен араласады. Сондықтан қажыған адамның әлсіреп, картайып, ой қуаты, жүрек оты бәсендеген күйін көрмейміз. Олай болса, жаңағы „Картайдық, қайғы ойладық“ деген сөздерді Абай басқаша бір мән-мағынамен қолданады. Өсietші, сыншы, ұстаз болуға бекініп кіріскең ақын халықтың анық ағасы болып, қылышының түрғысынан сөйлейді. Бұрынғы ақылышының көбі – кәріден, атадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзін де солайша жасы жетіп, тоқтаған, ой түскен, ел мұншысы есебінде танытпақ болады. Болмаса, өз басының қажыры мен өнеріне қарасақ, ол жылдарда құлышынып, өрлең келе жатқан, қайнап өсіп, дами бастанған анық шабытты ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз.

Ол жалын – ел жайына қарап отырып ызалаңып, шириға түсіп, күйінген ердің көкірегіндегі ашулы жалын. Ал, үлкен санадан тұган қатты ашу мен қызулы жалын екеуі де көрлік нышаны емес. Кемеліне келіп отырып, кектенген күресті іздейтін, қуаты күшті жүректен шығады. Сол жүрек халық жайын ойлағанда, біресе ызаменен толқыса, бір кезде сол халық үшін қамырық мұнға да толады.

Осы өлеңдің 1909 жылғы жинақта дұрыс басылған кейібір сөздері кейінгі 1977 жылғы басылымда дұрыс берілмеген. Өлеңдің бастапқы екінші шумағының төртінші жолы онда:

...Мен казактан кегінді әперем деп, –

больш басылған. Өлеңдің бастапқы екі жолында: „Көп берем деп“, „тек берем деп“ келе жатқан екпінді, әсерлі үйқас, ыргағы соңғы жолға келгенде „әперем“ деп басыльып, баяулап, әлсіреп қалған. 1909 жылғы басылымда, қолжазбаларда және 1957 жылғы басылымда бұл жол:

... Мен казактан кегінді ап берем деп, –

басылған (4-бет). Осы нұсқа қабылданды.

Алдынғы өлең де, осы өлең де: „Картайдық, қайғы ойладық...“ деп басталады. Ал, Садуақас жазбасында екінші өлең:

деп берілген. Осылай айтылуы дұрыс болар дейміз. „Қайғы ойладық“ деген сөзді екі рет қайталу жарасып тұрмагандықтан олең атын осылай өзгертуді макул көрдік.

17) „Қыран бүркіт не алмайды салса баптап“ (1886) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 50-бет). Бұл қоғамдық мән-мағынасы терең, ерекше бір көркемдік түрде жазылған өлеңі. Некен-саяқ сирек кездесетін қыран бүркіт пен көп күйкентай, қарғаларды салыстырып, тұспалдан суреттейді.

Сирек кездесетін қыран бүркіт – халық қамқоры, бірліжарым ірі қайраткер. Көп күйкентайлар, қарғалар – отаршыл орыс патшасының колшоқтарына айналған көп пысық, атқамінер азғындар.

Өлең тексті өзгеріссіз, бұрынғы басылымдар бойынша берілді.

18) „Қалың елім, қазағым, қайран жұртый“ (1886) – Бұл олең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 6-бет). „Қалың елім, қазағым, қайран жұртыйда“ ақын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кеп дерттенеді,

дейді, – М. Әуезов, – Жоғын жоқтап, мұнын мұндалап отырганы „қалың елі, қазағы“... Оны „қайран жұртый“ деп, бар жанымен ынтыға сүйеді. Бұның қамын ойлағанда, қамырыққа көніл толады“.

Абайды дерттендірген, халқының басына түскен тарихи трагедия – „Қалың елі, қазағы“ Ресей империясының отарына айналып, ерікті елдігінен айырылып, „өз малын өзімдік дей алмайтын“ хәлге душар болған қайғы-қасіреті еді.

Патша үкіметінің 1868 жылғы реформасы, қазақ халқын үлттық және саяси жөнінен тәуелсіздікten айырған нағыз биорократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы реформа болды. Елдің береке-бірлігін кетірді, салт-санасын бұзды. Патша әкімдерінің өктемдік әрекеті күшейді. Қазақтың өз ішінен шыққан шенқұмар, мансапқор сатқындар, „бас-басына би болған, қиқымдар“ көбейді.

„Өз қолынан ырқы кеткен“ халқының, „тарихи трагедиясы“ Абайдың жанына батып, қанын қайнатты. Сөйтіп, „Қалың елім, қазағым, қайран жұртый“ деп, туған халқының қамын жеп, жар салып, елінің бостандығын, ерікті еркін ел болуын көксеп, олардың түзелуіне күмән да айтты. Өлеңнің:

„Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолынан кетпесе сиді өз ырқың”, –

деген жолдары ылғи түсініксіз, күмән тудырып келеді.

Өз еркінен айырылып, „өз қолынан ырқы кетіп“ отырған халқының „тарихи трагедиясына“ дерттеніп өлең жазған Абайдың: өз қолынан ырқың (еркін) кетпесе, өздерінді түзелер дей алмаймын деуі қалай? Абай шығармаларының, 1909 жылдан бастап, барлық басыльмында бұл жолдар осылай басылып келеді. Ал, Оразке қолжазбасында:

„Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолынан кеткен сон енді өз ырқың”, –

деп жазылған. (Оразке қолжазбасы Абай музейінің қолжазбалар қорында сакталады). Жобаға осы нұсқа келетін сияқты. „Кеткен соң“ сөзі “кетпесе” боп, басында бір қате жазылып, содан жалғаса берген тәрізді. Сондықтан осы басыльымда Оразке нұсқасын алуды мақұл көрдік.

Осы өлең орыс тіліне аударылған кезде, „өз қолынан кетпесе“ деген Абай айтатын сөз емес екенін жақсы түсінген аудармашы ақын С. Липкин, орыс тіліне былай деп аударыпты:

Не надеюсь на исправленье твое,  
Коль судьбу свою в руки народ не берет<sup>1</sup>.

19) „Байлар жүр жиган малын корғалатып“ (1886) – 1909 жылғы кітапта басылған өлең (1-бөлік. Халық туралы. 7-бет). Ақын бұл өлеңінде өз шаруасын ғана бағып, тыныш отыратын ауқатты, малды байларды, атқамінер әкімсұмақ, күпсықтардың жем етіп жүргендерін суреттейді. Өтірік пәле жауып, „бұтыпшатып“ арыз беріп, момындарды коркытып, енбек етпей мал табу әрекетімен әуре болып жүрген бұзакыларды әшкерелейді. Біреуді біреуге айдалап салатын пәлекорларды:

Жаны аяулы жақсыға косамын деп,  
Әркім бір ит сактап жүр ырығдатып, –

деп ашы ажуда етеді.

---

<sup>1</sup> Абай Кунанбаев. Собрание сочинений в одном томе. Москва, 1954, стр. 48.

Өлең ақынның негізгі жинақтарының бәрінде де басылып келеді.

20) „Көнілім қайтты достан да, дүшпаннан да“ (1886) – Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық тұралы, 8-бет). Бұл шығармасында: 1884 жылы болыс сайлауы кезінде өз басынан кешкен көнілсіз уақиға, сол сайлаудан кейін онан саійын өрши түскен, елдің берекесін кетірген ру тартысы, атқамінер әкімдердің әрекеті, үрлік-карлық, елдің азып-тозуы суреттеледі. Абай:

Конілім қайтты достан да, дүшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанды? –

Легенде, 1884 жылғы сайлауда, бұрынғы дос болып жүрген: Оразбай, Жиренше, Құнту, Ерболдардың өзін алдаң кеткенін айтады. Осы өлеңнің алтыншы шумағының соңғы жолдары 1909 жылғы кітапта:

Ала жылап, аш бақа күпілдектер,  
Кісі екен деп ұлыктан үялмай жүр, –

деп басылған. Кейін соңғы жол:

„.... Кісі екен деп ұлкеннен үялмай жүр“, – деп өзгертулған. Ал „ұлкеннен үялмай жүр“ деген сөз кейін де айтылады.

Ең соңғы шумактың бастапқы жолын оқып көрініз:

„Жасы кіші ұлкеннен үялмай жүр,  
Сұрамсактар нәпсісін тыя алмай жүр“, –

дейді.

Сірә, „ұлыктан үялу“ коммунистік идеологияның моралына қайшы келген болу керек. Сондықтан 1909 жылғы басылымдағы нұсқаны қабылдадық.

Жетінші шумактың бастапқы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

„Бектікті (?) біреу бектеп (?) тура алмай жүр,  
О дағы үры-карды тыя алмай жүр“, –

деп басылған. Бұл жолдардағы сөздер Оразке жазбасында және 1909 жылғы кітапта:

„Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,  
О дағы ұры-карды қыра алмай жүр”, –

деп берілген.

Соңғы нұсқа әрі түсінікті, әрі жинақы көрінеді.

Осы өлеңнің бастапқы екінші шумағының әуелті екі жолын көлтірейш:

„Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда,  
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанды“.

Осындағы жыға деген сөзге 1977 жылғы жинақта: „Дұлығаның артынан қаптап қоятын зат“, – деп қате түсінік берілген (1-том, 53-бет). Дұрысында, жыға – батырлардың дұлығасының төбесіне шашылта қадап қойылатын зат. Жыға сөзін қазақ ауыспалы мағынада қолданған. Жаудың беті қайтса, жау жығасы қисайды дейді. Жауын жеңсе, жау жығасы жығылды дейді. Абай өлеңінде де „бастан жыға қисайғанды“ деп, ауыспалы мағынада қолданған яғни адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан.

21) „Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ“ (1886) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік, Халық туралы, 9-бет). Ақынның сыншылдық, қоғамдық тақырыпка арналған өлеңдерінің бірі. Бұл өлеңде де ақын өзі көрген кемшілікті, жағымсыз жат мінездерді үлкен турашылдықпен батыл шенейді. Бірақ бұл өлеңінде сынайтын, басқа көп өлеңдеріндегі сияқты, атқамінерлер, болыстар емес, ел ішіндегі еңбексіз өмір сүретін жалқау, сұғанақтар. Ол өзінде мал жоқ, еткен еңбек жоқ, тек малы бар, асы бар ауылдарды қыдырып, тамақ асырап жүретін кер жалқауларды сөгіп әйгілейді.

...Осындақ сідаң жіліт сілде коп-ак,  
Бәрі де шаруага келеді олак.  
Олардың ойында жок малын бақлак,  
Адал еңбек, мал таппак, жұртқа жаклак, –

дейді. Сынап қана қоймайды, қамқорлық көнілтмен: „Көзінді сатпа, терінді сат“, „еңбегін ғана есендей әпереді“, – деп ақыл айтады. Адамшылығынды сақтауға, қорлықсыз, мазақсыз өмір кешуге жәрдемшің, сүйенішің сол еңбек қана болатынын үтіттейді.

Өлеңнің бастапқы екінші шумағының соңғы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

Қарсы (?) алдына жымырып келтірем дес,  
Ак тымактың құлағы салтақ-салтак,—

деп басылған. Дұрысы:

Қас алдына жымырып келтірем дес,

(1909 жылғы жинақ, 10-бет). Осы жол түзетілді.

22) „Бір дәурен кемді қунге – бозбалалық“ (1886) – Бұл олең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 9 бет) – сыншы үстаз ақынның жас буынға арнап айтқан осиет өлеңі.

Өлеңнің бастанкы шумақтың төртінші жолындағы бір соғыс 1977 жылғы жинақта:

...Дейміз бе еш нәрседен корғаналық,—

деп басылған. Дұрысы:

...Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық. (1909 жылғы жинақ, 10-бет). Басқа жолдары өзгеріссіз ұсынылып отыр.

23) „Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат“ (1886) – 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 12-бет). Бұл өлең де үстаз ақынның жастарға үлгі-өнеге ретінде арнаған осиет өлеңі.

Төртінші шумақтың үшінші жолы соғыс басылымдарда:

...Кейібір жігіт жүреді мактан сөйлеп (?) —

деп басылып келеді. 1909 жылғы кітапта:

...Кейібір жігіт жүреді мактан қүйлеп,—

деп басылған. Дұрысы осы нұсқа болуы керек. Бесінші шумақтың үшінші жолы:

...Күншілтікесіз (?) тату бол шын конілмен,—

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

...Күншілдікесіз тату бол шын конілмен,—

деп берілген. Мұның да осы нұсқасын қабылдадық.

Он төртінші шумақтың соғыс жолы бүрмаланып:

...Ері ақылды, қатыны мінезді бол,  
Тату болса райыс (?) үстіндегі үй, –

деп берілген. Және „Райыс“ деген сөзге „рахат“ деп түсінік берілген (1977 ж., 1 том, 61-бет), „райыс“ деген сөз кай халықтың сөзі екені айтылмаған. „Райыс“ деп басылған сөздің түпнұсқасы – рәсіс (араб сөзі) – басшы, бастық, басқарушы деген мағына береді. Бірақ бул сөздің мағынасы өлеңге сәйкес келмейді. Сірә, Абай қолданған сөз „риәз“ болу керек. Рияз (арабша) – гүлбакша деген мағына береді.

24) „Патша құдай сыйындым“ (1886) – 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 35-бет). Бұл өлең туралы Кәкітайбылай дейді: „Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың өлеңін жаздырып алыш, жиылған топта Абайлың нәсихатын, үкса, үкласа да, құлақ қойып тындалт отыргандарына қарғанда, кайта ен жақын туысқан елі тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтұғынына ыза болып жазғаны“. (Абай (Ибраһим) Құнанбай үғлының өмірі. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай үғлының өлеңі. С.-Петербург, 1909 жыл, 110-бет).

Өлең бұрынғы басылымдар бойынша берілді.

25) „Базарға қарап тұрсам әркім барап“ (1886) – 1909 жылғы кітапқа (6-бөлік. Нәсихат туралы. 51-бет) және негізгі басылымдарға кірген.

26) „Интернатта оқып жүр“ (1886) деп басталатын өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы, 51–53-беттер). Өлеңнің көлемі – 134 жол. Абай өлеңдерінің екінші басылымында (Қазан, 1922), „Интернатта оқып жүр“ өлеңі ешбір өзгеріссіз, 1909 жылғы жинақ бойынша берілген (105–108-беттер). Одан соңғы үшінші басылымда (Ташкент, 1922) бұл өлең мұлдем өзгеріліп, „Интернатта оқып жүр“ дейтін сөздерден басталатын 77 жол қыскартылып, „Фылым таппай мактанба“ дейтін сөзден басталатын 75 жолы ғана басылған. Өлеңнің қыскартылу себебі, нақтылы ашып айттылмай, берілген түсіндірmedе былай делінген: „Өзімізден болмаған себептірден, Семей интернатындағы орысша оқыған балалар туралы өлеңнің де біразы жіберілмеді“ („Дұрыстаушылардан“, 4-бет, „Абай (Ыбраї) Құнанбайұлының тандамалы өлеңдері“, Ташкент, 1922).

Сейтіп, Абайдың „Интернатта оқып жүр“ дейтін көлемді тұтас бір өлеңі бұзылып, жартысы ғана жарияланған.

Ал, 1933 жылғы Толық жинақта осы „Интернатта оқып жүр“ деп басталатын бір өлең екіге бөлініп, соңғы екінші бөлімі (Фылым таппай мактанба, 27 жол) өз алдына жеке

өлең болып басылған (87—89-беттер), одан кейін өлеңнің бастапқы бөлімі (Интернатта оқып жүр, 77 жол) жеке өлең ретінде, жинақтың 91—93-беттерінде басылған.

1933 жылдан бастап, одан кейінгі барлық басылымдарда, 1933 жылғы жинақ бойынша, бір өлең екі бөлініп басылып келе жатыр.

„Интернатта оқып жүр“ деп басталып, бөлек басылып жүрген өлеңде:

Интернатта оқып жүр  
Талай казақ баласы.  
Жана өспірім көкөрім,  
Бейнә колдың саласы, —

деп, жас буынға жаны аштын, қамқор ұстаз атальқ қөңілін білдіре отырып:

Балам закон білді деп,  
Қуанар ата-анасы.  
Ойында жоқ олардың  
Шарығатка шаласы, —

деп, интернатта оқытын балалар, туған халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы биліп, түсініп, ел үшін еңбек етегін адаптация бола алмайтынын айтады. Бар талабы прошение жазу, шала зәкүншік, шалағай төрешік болу, соның нәтижесінде халыққа заланды адам бол шығатынын айта келіп, өлең қазіргі басылып жүрген нұсқасында:

Женіл корме, бек керек,  
Оған дағылым, оған да ойи.  
Қалайша, кайда снуге... —

деген сөздермен аяқталып, ақынның жастарға бермек ақылы айтылмай үзіліп қалады. 1909 жылғы жинакта „Интернатта оқып жүр“ өлеңі „...Қалайша, кайда енуге“ деген сөзben аяқталмайды:

...Қалайша, кайда енуге,  
Ғылым таппай мактанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге... —

деп келіп, ақын айтатын ақыл сөзін өрістетіп әкетеді.

Өлеңнің тақырыбы, композициялық құрылышы, идеялық мазмұны, көркемдік түрі, үйқас, ыргағы – осының бәрі – екі бөлек болып басылып жүрген өлеңнің, бір-ақ өлең екенін көрсетеді. Сондықтан өлең біріктірілпей берілді.

Қазақ Совет Энциклопедиясының бірінші томындағы Абайға арналған мақалада „Интернатта оқып жүр“ өлеңі туралы: „Абай тұсында қазақ балаларына қолайлы оқу орны мектеп интернат еді. Соның бір-екеуі... Семей қаласында болған. Абайдың „Интернатта оқып жүр“ деген өлеңі осы тақырыпқа арналған“, – деп жазылған. Шынында Абайдың өлең жазуына себеп болған Семейде ашылған бірер интернат емес, 1870–1880 жылдары Павлодар, Семей, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларында мектеп-интернат ашылған. Бұлардың бәрі қазақ халқынан алынған алым-салықтың есебінен ашылатын болған. Және патша үкіметінің бұл мектептерде қазақ баласын оқытудағы ниеті қаранғы елді ағарту емес, өзінің ояздық, облыстық әкімшілік кенселеріне жергілікті халықтан көмекші боларлық тілмаштар, ұсақ чиновниктер әзірлеп алуғана еді. Отаршыл патша әкіметінің саясатын өте жақсы білген Абай: „Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге“ деп, өзі үміт еткен казак жастарына жар сальп, „Ғылым таптай мактанды“ деп өсietтін айтып, келешекке бағдарлама боларлық үлкен өлеңнің жазған.

1909 жылғы кітапта дұрыс берілген „Көп орында көріне айтпа“ деген өлең жолы 1977 жылғы жинақта „Көп көзіне“ бол теріс өзгертілген. Сол қалпына келтірілді.

27) „Шоқпардай кекілі бар, камыс құлақ“ (1886). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (16-бөлік. Аттың сыны, 97-бет). Өлеңнің жазылу тарихы Көкбайдың естелік-әңгімесінде баяндады. Абай Көкбайға Абылай мен Кенесарының өмір тарихын ұзак әңгіме қылып айтып беріп: „Осыны өлең қыл“ дейді.

Ұзақ дастан жазып әкеліп, Абайға оқып бергенін айта келіп, Көкбай:

„Осы өлеңнің ішінде Наурызбайға Меркенің begі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзіммен сынады да: „Мынауың шыға шауып, жайылып қалатын ат болған екен“ деп, сол күндерде „Ақауыз атты жазамын“ деген белгілі ат сынның шығарды. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң: „Абылай – Кенесары“ жырына кіргізейін бе? – деп сұрап едім: „Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой, – деп кіргіздіртпеді“, – дейді.

Осы өлең тексті бойынша, Қ. Мұхамедханов бірқатар ескертпелер айтып жүр. „Абай шығармаларының текстологиясы жайында“ (1959) атты еңбегінде ол:

... Ой желкес үніретіген болса сағак, –

деген жолға құдік келтіреді. Бұл жолы Садуақас нұсқасында:

„... Ойдық желке, жінішке келсе сағак“, –

делініп берілген. Және 1897 жылы Қазанда басылып шыққан „Князь бенен Загифаш өлеңі“ деген кітапшада Абайдың осы өлеңінің бір нұсқасы жарияланыпты. Сонда біз сөз етіп отырған өлең жолы:

„... Үзіліп ойдық желкес, тұрса сағак“, –

деп басылған. Қайым Садуақас нұсқасын дұрыс санайды, бірақ бұл басылымда өлең жолы бұрын қалыптасқан күйінде қалдырылды. Өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

„... Қабырғалы, жотасы болса күшті“, –

деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтарда да (1922, Ташкент, 1933, 1939, 1945) езгерілмей басылып келген өлең жолындағы „жотасы“ деген сөз 1954, 1977 жылғы жинақтарда „жоталы“ деп басылған. Осының алғашқы дұрыс нұсқасы қалпына келтірілді.

1933 жылғы „Толық жинақтан“ бастап, Абай өлеңдерінің барлық басылымдарында өзгермей (1939, 1945, 1954, 1957, 1977, 1986) басылып келе жатқан бір сөз – „шығыңқы“. Өлеңнің төртінші шумағының соңғы жолы

„... Құлте күйриқ қыл түбі өлді келіп,  
Көтендігі шығыңқы (?) аламайлы“, –

деп оқылады. Көп мініліп, жегіліп, әбден арықтал, күш-куаттан айырылып, тұралап қалған аттың көтені шығып кететіні де болады. Бірақ Абай суреттеп отырған күйлі жыл-кыға ол келмейді. Бұл сөз 1909 жылғы жинақта, (С.-Петербург), 97-бет, 1922 жылғы жинақта (Қазан, 2-басылым) және 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 3-басылым, 180-бет) араб әрпімен дұрыс және анық басылған:

„...Күлте күйрык кыл тубі өлді келіп,  
Котендігі сығыңқы аламайлы“, –

деп жазылған. Сығыңқы „шығыңқы“ бопқате оқылған. Осы сөз түзетілді.

Өлеңнің жетінші шумағының бастапқы екі жолы, 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

„Тығылмай, әм сүрінбей жүрдек көсем,  
Иск қағып, еліріп жүрсе әсем“, –

деп басылғып келеді. Осы арада өлеңнің көркемдік қасиетіне „жүрсе“ деген сөз нұқсан келтіріп тұрғаны байқалады. Садуақас жазбасында бұл жолдар:

„...Тығылмай әм сүрінбей жүрсе косем,  
... Иск қағып, еліріп, басса әсем“, –

деп жазылған. Осы нұсқаны қабылдадық. „Әсем басу“ атқа жарасымды екені де (Сүржекей әсем басып, елендейсін) айтылатыны ескерілді.

„Шокпардай кекілі бар қамыс құлақ“ өлеңінде әлі де текстологиялық талдау жасап, анықтауды қажет ететін сөздер бар.

28) „Жаз“ („Жаздығун шілде болғанда“) (1886). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (11-бөлік. Жаз, 67-бет). Өлеңнің бір нұсқасы (48 жол) 1889 жылы „Дала уалаяты“ газеттін 7-санында жарияланған. Өлеңнің басында: „Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі“, – деп түсінік берілген.

Өлеңнің сонында: „Кісіден үйреніп жаздым: Көкбай Жанатай үғлы“ деп басылған.

„Жаз“ өлеңінің жазылу тарихын Көкбай баяндап берген. „1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін, – дейді Көкбай, – Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ, бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда „Дала уалаяты“ газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы менің атыммен жіберді... Осы хәл 1886 жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты.

Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпак болған жайлауы Бақанас өзенінің бойы еді. Кеш жүріп кетті, біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы

Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Қөпбейіт деген жерге қоныш жатыр екен. Абай қоныш жатқан ауылды көріп: „Осы суретті өлең кыл” деді. Мен біраз өлең қылтып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды.

Сонымен үй тігіліп болып, бәріміз жайлланған соң, Абайға келіп едім: „Өлең Қекшениң бойынан асайын деді гой”, – деді. Мен „Асса басында мен қолкаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзініз ретін тауып қайта аларсыз“ деп қалжындарым. Сөйтсем сол күн „Жазды құн шілде болғанданы“ жазған екен. Оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғаның көргенім сол. Менің қалжынъыма орай қылып:

„Сен соғымына бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын“, – деді.

„Жаз“ өлеңіндегі ауыл – Абайдың өз ауылы, Абайдың астындағы аяңшылы – Абайдың Әбдірахметінен алған аяңшыл Қүрентөбел аты. Айқайшы шалы, сол жылы өз ауыльмен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары – Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады“, – дейді Кекбай.

29) „Кекбайға“ (1886) („Сорлы Кекбай жылайды“) – Бұл өлең ең алғаш Абай шығармаларының 1933 жылғы Толық жинағында жарияланған (93-бет). Өлеңді сақтап, жеткізген – Кекбай. Және осы өлең туралы Кекбай: „Сорлы Кекбай жылайды, жылайды да жырлайды“ дегенді мен қылтып қойып, (Абай) өзін айтып еді – дейді.

30) „Кежекбайға“ („Жамантайдың баласы Кежек деген“) (1886). Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы „Толық жинақта“ жарияланған. Кежекбайға арнап Абайдың өлең жазу себебін Тұрағұл баяндалған берген.

.... Кежекбайдың әкесі Жамантай, – дейді Тұрағұл, – үлкен қажыға (Құнанбайға) өкіл ата болып, біздің Ұлжан шешемізді өкіл қызы еткен екен. Тұыскандары жерге таласып, Жамантайды өлтіргенде, Қажы (Құнанбай) құнын келістіріп алыш беріп, әкеден жас қалған Кежекбай, Тезекбай, Мақаш деген үш баласын өз баласындағы көріп еркелетіп, қанаттыға қактырмай өсірген екен. Сол Кежекбай біздің ел бұзылғанда, женген жакты жақтайтын мінезben, Құнанбай балаларының жауы жағына шығып, болыс болған Құнтумен құда болған. Біздің жау ағайынымыз Жігітек табындағы Базаралы деген кісі, бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, былай деп

Көжекбайды бокталты: „Кімнің жугі биік болса, соған қарғып шығатын мысық келді, ененді үрайын“, – деп.

Оның үстіне сол Көжекбай, 1885 жылы Құнанбай өлгенде: „Қажының басқа балалары жабдық әкелмеді, болыспады“, – деп Абайға оның бауырларын шағыстырмақ болған. „Көжекбайға“ деген өлеңнің айтылу себебі осы айтылғандар.

31) „Өтінішті көп өмір кеткен етіп“ (1886) – Бұл өлең Мұрсейт қолжазбаларынан алғынып, 1939 жылғы жинақта тұңғыш жарияланған жылдарда болған ел ішіндегі партия-гершілік, талас-тартыстан туындаитын опасыздық көріністері байқалды.

32) „Сабырсыз, арсыз, еріншек“ (1887) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік, Халық туралы, 15–16-беттер). Терен мағыналы, ұзак өлең: елдің берекесін кетірген, халықтың сорыла біткен ку мен сұмның, сан алуан жексүрын, жиренішті кескінін бейнелейді. Ел бұлдіруші атқамінер, арсыз арамтамақтардың етірікші, өсекші, екі жұзді, бұзакылардың сойқанды әрекеттерін әшкерелеп, әйтілеп береді, елдің дүшпаны кім екенін таңбалап таныта туседі.

„Сабырсыз, арсыз, еріншек“ өлеңніңде кейір сөздер 1977 жылғы жинақта қате басылған.

Басынан бастап санағанда, он екінші жолдағы

„...Бірақ қарғып түсем деп“, – деген тармақ 1909 жылғы кітапта:

„...Бірақ ырғып түсем деп“, – деп басылған (15-бет).

Отыз төртінші жолдағы:

„...Пысық деген ат (?) шықты“, – деген тармақ 1909 жылғы кітапта:

„...Пысық деген ант шықты“, – деп жарияланған (16-бет).

Екі жол да 1909 жылғы нұсқа бойынша түзетілді.

33) „Бөтен елде бар болса, ежеттесің, сыйласың“ (1887) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 16–18-беттер). 1933 жылғы „Толық жинақтан“ бастап, „Көжекбайға“ деп аталаған келеді. Оған себеп: „Сабырсыз, арсыз, еріншекті“ жазып болып оқып бергенде, Абайдың қасында болып, атын ертеп беріп жүретін жолдасы, қарасақау деген (шын аты Құсайын) „Көжекбай қалды гой“, – деген екен. Сол сөз қамшы болып, „Бөтен елде бар болса“ деген өлеңнін Көжекбайға арналты, – дейді Тұрагұл берген мағлұматта.

Бұл өлеңді Мұхтар Эуезов талдай келіп: „Ел ішіндегі атқамінер, бүлктің атын „Көжекбай“ деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс-әрекет, кимыл-құбылысындағы бейнесін

сипаттап“ бергеніне назар аударады. Ақын бір Көжекбай емес, көп Көжекбайдың психологиясынан жиынтық бейне жасаған.

Осы өлеңнің ішінде Абайдың кейінгі әдебиетке және халық даналығына афоризм есебінде қосылып кеткен қанатты ақыл, нақыл, сыншылдық сөздері бар. „Күн жауғанда қойында, күн ашықта мойнында“, „Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ“, „Ел булігі тобықты, көп пысыққа молықты“, – деген мәтеп есепті жолдар осы өлеңнен табылады.

Көжекбайлардың қемектесі, жемтікtesі кімдер екенін де осында ашып береді:

Орыс сыйяз қылдырса,  
Болыс елін кармайды.  
Ку старшын, аш билер,  
Аз жүргін жалғайды, –

дегенде, Көжекбайлардың тамыры мен тегі қайда жатқанын танытады. Сөйтіп пөле басы әкімшілік күрүліста, қоғамдық жаманшылықта екенін ашады.

Өлеңнің 1977 жылғы жинақта қате басылып кеткен кейір сөздері 1909 жылғы жинақ бойынша түзетілді. Мысалы, өлеңнің ең соңғы жолдарындағы екі сөз:

...Сенімсіз болды алашка,  
...Әлі күнге уайым  
Кызған жан жоқ үялмай, –

деп қате басылған. Дұрысы:

...Сыйымсыз болды алашка,  
...Әлі күнге уайым  
Кылған жан жоқ үялмай.

(1909 жылғы кітап, 18-бет).

34) „Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“ (1887) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 31–32-беттер). Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Қекітай: „Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп, жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен, өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендейтін айттып, өзін солардың ретінен басқа қылыш, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға үмтүлтүп, көніл көзін ашпаққа

ғибрат үшін жазғаның білдіріп өлең шығарған“ (1909 жылғы жинақ, 107-бет) — дейді.

„Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“ қазақ оқушыларына ертеден әйгілі, көркем әдебиетте Абай тудырған, биік тұрғыдағы өлең.

Өлеңнің ең алғашкы сөздерінде өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жана бағдар жариялайды. Сөздің асылы поэзия екенін жоғары бағалаумен бірге, оны төмөндөтетін олқылықтарды да айтады. Шын жақсы өлеңді ердің ері, данасы туғызады дейді.

... Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазактың келістірер кай баласы?—

дегенде, өлеңнің мазмұны терең мағыналы, биік идеялы болып, сондай мазмұнына көркемдік түрі сайма-сай келуі — нағыз ақылдық өнердің қасиеті деп биледі.

Халықты тәрбиелейтін анық ақындық, ұстаздық сөз әрі терең мағыналы, әрі көркем болуын талап етеді.

Осы өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы, 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

... Қосарлы бәйітсымал (?) келді арасы, —

деп басылып келеді. Осындағы „бәйітсымал“ деген сөз түсініксіз. Бірге жазылып (басылып) тұрған екі сөздің алғашкы, бәйт деген араб сөзін яғни өлең деген сөзін бөліп алтып оқысақ, жеке қалған „сымал“ деген сөз қандай үғым береді. Ешқандай үғым бермейтін, мағынасыз сөз екенін көреміз. „Бәйітсымал“ деген сөз 1909 жылғы кітапта „бәйт сымал“ делініп, екі сөз ретінде, бөлек басылған. Осы сөздерге текстологиялық таддау жасай келіп, анықтағанымыз: бәйт — өлең деген сөз дұрыс басылған да, „сымал“ деген мағынасыз сөз кате басылып кеткен, яғни баспада „с“ әрігі мен „м“ әрпінің орны ауысқан. Осы әршітерді өз орыйдарына келтіріп оқысақ: „мысал“ деген сөз болып шығады. Сонда кате басыльп келе жатқан өлең жолын:

... Қосарлы бәйт мысал келді арасы,— деп дұрыс оқитын боламыз.

Тогызыншы шумақтың төртінші жолы, 1933 жылғы жинақта (100-бет):

....Былжырак көрінеді соларды андалп“,—

деп, 1939 (79-бет), 1945 (55-бет), 1954 жыл (56-бет) жинақтарда

„... Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ“, –

деп басылған. 1957 (67-бет), 1977 жылғы жинақтарда (90-бет):

„... Былжырақ көрінеді соларды андал“, –

деп берілген.

Ал, 1909 (31-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 62-бет, Ташкент, 152-бет):

„...Былжырақ көрінеді солар даңдақ“, –

деп дұрыс басылған. Текстологиялық салыстырулар негізінде соңғы нұсқа қабылданды.

Қайда бай мактандыкка барған тандап,  
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.  
Қазакқа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ақын бұл жерде: мал алу үшін, байларды мақтайдын ақындардың өлеңі „қазаққа қадірсіз“, „былжырақ“ мағынасыз „даңдақ, көрінеді“ деп отыр.

Он бірінші шумақтың соңғы екі жолындағы екі сез 1977 жылғы жинақта:

... Әншейін күн откізбек өнгімеге (?),  
Тыңдар едің бір сезін мыңға балап, –

деп басылған.

1909 жылғы және 1922 жылғы жинақтарда:

... Әншейін күн откізбек өнгімені,  
Тыңдар едің әр сезін мыңға балап, –

деп дұрыс жарияланған. Бұл жолдар да осы нұсқасы бойынша түзетілді.

35) „Назарға“ (1887) – „Мынау келген Назар ма?“ – деп басталатын бір ауди өлеңді Абай Қанай руының бір аксақалы

Назар дейтін кісі бір аттың майын сұрап келіп отырғанда айтыпты. Бұл өлең тұнғыш рет 1933 жылғы „Толық жинақта“ басылған (101-бет). Өленді және бұл өлеңнің тарихын айтып берген кісі – Көкбай Жанатай ұлы.

36) „Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол“ (1888) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік, Өлең туралы, 32–33-беттер). Бұл Абайдың ақындыққа арналған тағы бір терең мағыналы, көркем өлеңі. Онда ақын қазақтың халық әдебиетінде, дәстүрінде өлеңнің қавдай орын алатынын мақұлдап, түгел теріп айтады. Кісісі өлген жан күйзелген зар-шерін өлеңмен айтатынын, шат-шадыман қуанышын да өлеңмен әйгіләйтінін, толып жатқан әдет-салтта өлеңсіз өмір жоқ екенін айта келіп, осының берін анық халықтық қасиет деп бағалайды. Сөйтіе отырып, халық дәме қыларлық, ел мұнына анық жақын ақындарға қоятын талабын танытады.

Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты атақты ақындарды сынағанда, олардың ақындық өнерін олқысынып отырған жоқ, „Халықты алға бастар өнімді жолдары жоқ“ (М. Әуезов) деп сыйнайды.

Өлеңін қорыта келіп, ақын өз мақсатын:

... Максұтым – тіл үстартыл, өнер шашпак,  
Наданның көзін койып, көңілін ашпақ,  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ өуел баста-ақ, –

деп жариялайды.

Осы өлеңнің сегізінші шумағының үшінші жолы бұрынғы жинақтарда:

... Сүйенерлік (?) адамды құрымет қыл, –

деп басылған. Ал, 1909 жылғы кітапта:

... Сүйсінерлік адамды құрымет қыл, –

деп берілген. Осы нұсқа тандап алынды.

37) Күз („Сұр бұлт түсі сұық қаптайды аспан“) (1883). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (12-бөлік. Күз, 68-бет). Сахара табигатынын өзгеше бір кезеңіне арналған өлеңінде ақын көшпелі қазак ауыльның күздігүнгі тіршілігін, жүдеген табигаттың көрінісін суреттейді.

Осы өлеңнің текстіне салыстырулар жасаған кезде:

... Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бис қашкан, тай жарыскан,—

деген жолдардың Садуақас қолжазбасында өзгеше жазылғаны анықталды. Онда:

Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма,  
Ат ойнап, құлын қашқан, тай жарыскан,—

делінген. Бір жағынан, осы нұсқа қөнілге қонымды сияқты. „Жылқы ойнап“ сөзі ат, айғыры, биесі, құлын, тайы бар, тұтас бір түліктің яғни жылқының қимылын (ойнағанын) корсетіп тұр. Сондықтан, „Жылқы ойнап“ деген сөз, „бие қашып“, „тай жарыскан“ секілді сөздер бұл арада артық көрінеді. Және де барлық жылқы түгелімен ойнап кетпейді. Құздігүні ширығып ойнақ сап, ойнап кететін: саяқ ат, жас құлын, тайлар болуы керек. Алайда, ұзақ талқылаулардан кейін олеңнің көп жылдар қалыптасып, оқырманның ұтымына сіңген нұсқасын бұзбауга келістік.

38) „Караша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“ (1889) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта „Сүр бұлт түсі сұық қаптаіды аспан“ өлеңіне жалғас, екінші өлең ретінде басылған (12-бөлік. Күз, 68—69-беттер).

Өлеңнің жазылтуына себеп болған жайды Тұрағұл былай баяндайды: „Караша, желтоқсан мен сол бір екі ай“ деген олеңді өзінің Тәнірберген деген ағасының ауылында, ағасы мен жеңгесінің Дінісләм деген немересін тамағынды үйде отырып іш деп андып отырғаның, оның құбылырлымен бірігіп ішкісі келіп отырғаның көріл айтқан“ (Тұрағұлдың „Әкем Абай туралы“ деген қолжазбасынан).

Осы айтылған себептің салдарынан туған „Караша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“ өлеңі — Абайдың табиғатқа арналған өлеңдерінің ішінде, көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұн жағынан да, ерекше тұрган цыгарма.

Көшпелі шаруаның көп күйзелігін таныта келе, әсіресе, құздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша қөніл бөліп, кедей ауылды бейнелейді.

Сараң бай мен бәйбішенің кішкене баласын жас басынан сарандыққа баулып, азғырып отырғаның көріп, ақын:

... Ол да өзіндей ит болсын азтыр-азтыр!—

деп ызалы жүрекпен қатал жазғырып, шенейді.

Өлеңнің осы тұстағы: „Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылышп“, – деп басталатын екі шумағы (алтыншы және жетінші шумак), 1909 жылғы жинаққа кіргізілген. Бұл екі ауыз өлең 1933 жылғы „Толық жинақта“ қосылып басылған. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: „Осы екі ауыз өлең бұрынғы баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәнірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан“, – дейді („Толық жинақ“, 1933 жыл, 126-бет).

Осы екі ауыз өлең 1954 жылғы жинаққа тағы кіргізілмей, алғынып қалған (1-том, 61–62-беттер). Содан 1957 жылғы жинаққа қайтадан кіргізілп, одан соңғы жинақтарда басылып келеді.

Осы өлеңнің 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған сөздерінің кейбіреулері 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгерілген. Өлеңнің үшінші шумағы:

„Жас балаға үйде от жок тұрған маздал,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздал.  
Кемпір-шалы бар болса қандай киын,  
Бір жағынан қысканда жел де (?) азынап“, –

деп басылған.

Осы шумақ 1909 жылғы кітапта дұрыс берілген:

„Жас балаға от та жок тұрған маздал,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздал.  
Кемпір-шалы бар болса, қандай киын,  
Бір жағынан қысканда о да азнап“, –

деген нұсқасы (68-бет) бойынша түзетілді.

39) Қыс („Ақ киімді, денелі, ақ сақалды“) (1888) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (13-бөлік. Қыс, 70-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы: „Ақ киімді, денелі, ақ сақалды“ деп қысты өлең қылғаны: 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаган. Қар сәуірдің басындаған кеткен. Соны өлең еткен“, – дейді Тұрагұл.

„Қыс“ – акынның терең мазмұнды, ерекше көркем шығармаларының бірі.

Ақын онда қыстың өзін зор тұлғалы, тірі жанды бейне етіп сипаттайды. Бұл – тапжылмай тұрған қимылсыз бейне емес, „басқан жері сықырлап“, омыраулап келе жатқан, кесек әрекет жасайтын, „түсі суық“ жанды тұлға.

Ауыз әдебиетінде бір мәтедде: „Қылышын сүйреп қыс келеді“ деген ғана метафора болмаса, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде қысты қарт адам бейнесінде сипаттау болған емес. Абай „Қыс“ өлеңінде орыстың классик поэзиясымен байлашты, „мәдениетті бір стильді көрсеткенін“ Мұхтар Әуезов атап айтады. Бірақ Абай қысты қазактың қәдімгі көрі құдасына тәнеу арқылы суреттейді. Абайдың қысы орыс әдебиетіндегі Аяз ата емес.

Өлеңде мал баққан қазактың кең даласының табиғаты үлкен шеберлікпен, көркем суреттеледі. Қыскы отардағы жылқышы да, тебіндегі жылқы да, оны торыған аш қасқыр ла түгел аталауды:

Өлеңнің он бірінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап

.... Борандай бүрк-сарқ етіл долданғанда“, –

деп басылып келген еді, ал 1939 жылғы жинақта (1-том, 83-бет), „борандай“ деген сөз өзгеріліп:

.... Бурадай бүрк-сарқ етіл долданғанда“, –

деп басылған. 1945 жылғы жинақта бұл сөз өуелті қалпына келтіріліп: „Борандай“ деп жөндөлген. Соңан кейінгі 1977 жылғы жинақта қайта өзгеріліп: „бурадай“ деп берілген. Осы сөз алғашқы нұсқаға сәйкестендірілді.

40) „Құлембайға“ („Ұағалайқұмұссалам, болыс, мал-жан аман ба?“) (1888). – Бұл өлең тұнғыш рет 1933 жылғы „Толық жинақта“ басылған (103-бет). Өлең Тұрагұлдың аузынан алынған. Өлеңнің айтылу тарихы: „Құлембай деген кісі ләулетінің арқасында болып, 1888 жылғы Шербушайнай сиездегі түрін көріп айтқаны“, – дейді Тұрагұл.

41) „Кекбайға“ (1888). Осы тақырыптен ең алғаш 1933 жылғы „Толық жинақта“ басылған. Өлеңді Кекбайдың өзі айтып берген. Өлеңнің жазылу тарихы туралы өзінің Абай туралы естелік әңгімесінде (1924) Кекбай: „Бойын бағып қымтырылып, „пәлен көрінем, түгілен көрінем“ деп қолдан пішіл жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжынмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңайындағы жүрттүң осындаі мінездерінен туады. Бір күні осындаидың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді

Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып, жазып жатыр екен. „Не қылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау“ – деп, ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,  
Буыны құрып,  
Қисайта тартып мұрынын;  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгесіп, бәлсіп,  
Әр нәрсениң орынын;  
Керенау, кердең бір керім,  
Жакпайды маған сол жерін! –

деп өзімді өлең етіп қойыпты. Соナン соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып таstadtым. Өлеңін өзімнен басқа ешкім білген жок. Сол бір оқып шылқанда есімде қалған осы еді“ – дейді.

42) „Желсіз түнде жарық ай“ (1888). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 42-бет). Ұлы ақын осы жиырма-ақ жол шағын өлеңінде көшпелі қазақ ауылшының жазғы жайлалаудағы бір түнгі тіршілік көрінісін асқан ақындық шеберлікпен көркем суреттеп берген. Жарық айдын сәулесі суга түсіп, дірілдеп тұрган жанды бейнесі, терең сайды куалап, тасқындағап ағып жатқан өзен, қалың ағаштың сыйырласқан жасыл жалырақтары, жер жүзін құлпырытып тұрган көкорай шалғын – табиғаттың сан алуан суреті көз алдыңа келіп, көніліңе қона кетеді.

Ауыл үйқыға кеткен. Дүниенің жыл-жыртыныштығын анда-санда үрген ит пен түнгі күзетшінің айтағы, оған қосыла кеткен тау жанғырығы ауық-ауық бұзып тұргандай. Осындай түнде: бірін-бірі аңсап, ынтыққан екі жастың кездескен сәтін көріп, олардың жүрек дүрсілін естіп тұргандай боласын...

Абайдың таңғажайып тамаша лирикасының қадір-қасиетін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек өзің оқыған шактағана, сүйсініп, терен сезінесін, ләzzәт аласын.

43) „Ішім өлген, сыртым сау“ (1889) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 18-бет). Бұл өлеңінде досынын деп жүрген өңкей өтірікші, құнарсыз қулардың, екі жүзді сұмдардың опасыздық кеселінен дерттеген ақын өкінішті көнілдің шерін шертіп мұнаяды. Еңбек етпей, „үрлік

менен құлыққа“ салынған ашкөз, арсыз арамтамактарды әшкерелеп, ажуалайды.

Өлеңнің он тоғызының жолы, 1977 жылғы жинақта:

„.... Берерменде бересін (?)“, –

деп қате басылған. 1909 жылғы кітапта (19-бет) және басқа басылымдарда:

„Берерменде бесеусін,  
Аларманда алтаусын“, –

деп дүрыс берілген. Бұл қате түзетілді.

Жырма бесінші жол:

„...Қайта келер есікті“ (1977) деп басылған. Бұл жол 1909 жылғы кітап (19-бет) бойынша,

„Қайтып кірер есікті“, –

боп жөнделді.

44) „Болыс болдым мінеки“ (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 19–21-беттер). 1933 жылғы „Толық жинақтан“ бастап: „Күлембайға“ деген тақырыппен басылыш келеді.

Осы өлең 1889 жылы „Дала уәлаяты“ газетінің 12 санында жарияланған. Өлеңге: „1888-інші жылда, май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының шербушайнай сиез болғанда бір оядың ел билеушілерінің түрі“, – деп түсінік берілген. Өлеңнің авторы аталмаған. Өлең көп қысқартылып: еткір сөздері мұқалып, өзгеріліп, идеялық мазмұны бұрмаланып басылған.

Өлеңде акын ең алдымен болыстың өзін сөйлетіп, оның жиренішті, жексүрін қылқытарын өз аузымен айтқызады. „Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындаң“ деп алып, онбаған сүркүя болыс өзін-өзі әшкерелей бастайды: Ол өзінің өтірікшілігін, жалтақтығын, қорқақтығын, екі жүзділігін өз аузымен айттып, ашып береді. Шен-шекпенге сатылған азғын, мансапқор болыс атаулының бәріне тән, масқара айтқызу – Абайдың жаңадан тапқан өте үтимды, шебер әдісі.

Өлеңнің үшінші жолы қолжазбалар мен барлық есқи басылымдарда:

боп басылып келген. 1933 жылғы жинақта Илияс Жансұғіров „Түйеде қом, атта жал“ етіп өзгерткен. Оны мақала жазып дәлелдеуге тырысқан. Өлең жолы алғашқы нұсқа бойынша берілді.

45) „Біреуден біреу артылса“ (1899) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 23-бет). Өлең 1933 жылғы „Толық жинақтан“ бастап, „Әсетке“ деп атальып, басылып келеді.

1933 жылғы жинақта берілген түсініктегі: „Біреуден біреу артылса“ деген өленді Әсет деген ақынға айтқан. Мұны 1889 жылды балалары үшін сақтаған еді. Әсет терісі тар, ызақор, өзін өзі әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып айтқан“, — (325-бет) дейінген.

46) „Мәз болады болысын“ (1889) — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 21-бет). Өлеңнің жазылу тарихы туралы: „Мәз болады болысын“ деген өленді 1890 жылды Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыныра болыстарға, билерге шекпен, қылышы сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуандығына ыза болып жазған. „Өзіне де қос ауыз мылтық сыйлап еді“, — дейді Тұрагұл.

47) „Білімдіден шыққан сөз“ (1899) — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік, Халық туралы, 22-бет). „Білімдіден шыққан сөздің“ қадір-қасиетін талалтты, санағы адамғана түсінетінін атап айтса келіп, талапсыз, ойсыз, жалқау, бойкуйе желеқпелерді жерлеп, шенейді.

48) „Сегіз аяқ“ (1899) — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (8-бөлік. Сегіз аяқ, 60—62-беттер). „Сегіз аяқ“ өлеңі — кең көлемді, бай мазмұнды, терең мағыналы, ерекше көркем шығармалардың бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан келіп қайырылып отыратын өзгеше жана түрмен жазылған өлең.

Ақын осы өлеңінде заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел камтып сипаттайды. Өзінің көп ойларын толғайды, сезім-сырын, көңіл күйін шертеді — ел іргесін сөйліп, берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді. „Қаны қайнайды, жаны ашиды“. „Қайран елі қазағын“ адал еңбекке, береке-бірлікке, достыққа шакырып:

Бірінді, казак, бірін дос  
Көрмессен, істің — борі бос, —

деп жар салады.

Атақты өлеңінә әдейі арнал шығарған әйгілі өні де бар.  
Он төртінші шумақтың екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

.... Жұз кісі сүмға“, –

деп қате басылған.

1909 жылғы кітапта (61-бет), 1933 жылғы „Толық жинақта“ (114-бет):

.... Жән кісі сүмға“, –

деп, ақын сөзі дұрыс берілген. Осы нұсқа бойынша түзетілді.

49) „Сәулен болса кеуденде“ (1889) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Насихат туралы. 53-бет). Ақын бұл өлеңінде де халқының қамын ойлаپ толғанады. Ел билеуші, ел ағасы, ақылды, кемел-кеменгер адам болуы керек дейді. Берекесі кеткен елді „сұзы ашыған батпақ көлге“ теңеп бейнелейді.

50) „Мен жазбаймын өленді ермек үшін“ (1889) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 33-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы жайлы әркілшілдегілер бар: Шаһкәрім қажының жас жігіт күнінде, кәрілікті жамандап, бозбалалықты дәрілтеп жазған өлеңі болған.

Көкбай Әзірет Әлі айданармен алдысыпты деп өлең жазған.

Сыбан руынан, Әріп деген өлең жазғыш жігіт „Зияда“ деген дастанында қызды мақтамақшы болып, суреттегендеге: көзі гәүнәр, иегі алтын деп, осы сықылды асыл тастарды түсіне қарамай, сұлудың өне бойына жалсыра берген. Осы үш ақынға ой салып, ақыл айтпақшы болып, „Мен жазбаймын өленді ермек үшін“ деген өленді жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтдысыпты деп өлең жазып, біздін аксақалды жамандайды. Біржанның арғын емес, керей екенін білмейді (Тұрағұлың „Әкем Абай туралы“ деген естелік әңгімесінен).

„Мен жазбаймын өленді ермек үшін“ өлеңнің жазылуына, Тұрағұл айтқан үш ақынның өлеңдері себеп болғаны рас. Бірақ, Абай үш ақынды сынаумен ғана шектелмейді, ақын мен ақындық өнердің міндеті туралы айта келіп, қазақтың талапты жас ақындарын үлкен мақсатқа бағыттап, жол көрсетеді.

Осы өлеңнің бірінші шумағының алтыншы жолы (бұл өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады) 1977 жылғы жинақта:

деп басылыпты.

1909 жылғы (93-бет), 1933 жылғы (117-бет) және 1945 жылғы жинақтарда (77-бет):

.... Кондінік козі ашық сергек үшін“, –

деп дұрыс басылған. Өлең жолы осы нұсқамен түзетілді.

Төртінші шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (33-бет):

.... Қинамай қызыл тілді, кел, тіл ал, қой“, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

.... Қинамай қызыл тілім, кел, тілді ал, қой“, –

деп теріс басылған. Өлең жолы алғашқы қалпына келтірілді.

51) „Әуелде бір сүйк мұз ақыл зерек“ (1899) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 42-бет). Қолемі шағын, мазмұны терең өлеңінде адам жайындағы ойын толғайды. Толық сапалы, нағыз сапалы адам болудың шартын айтады.

„Ақыл, кайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек“, –

дейді.

Абай осы өлеңдің мағына-мазмұнын он жетінші сөзінде таратып, талдап береді.

Өлеңдің үшінші жолындағы „талапты“ сөзі қолжазбалар мен ескі басылымдар негізінде „қалыпты“ болып өзгертілді.

52) „Фашықтық, құмарлық пен ол – екі жол“ (1889) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта „Әуелде бір сүйк мұз ақыл зерек“ өлеңіне жалғас, яғни бір-ак өлең ретінде басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 42-бет). 1933 жылғы (118–119-беттер), 1939 жылғы (102-бет) және 1945 жылғы жинақтарда да (78–79-беттер) бір-ак өлең болып басылған. Ал, 1954 жылғы жинақта: „Әуелде бір сүйк мұз ақыл зерек“ бір жеке (90-бет) өлең болып, „Фашықтық құмарлық пен ол – екі жол“ (91-бет) екінші өлең болып басылған.

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақтарда осылай басылған. Өлең сөнғы басылымдар бойынша берілді.

53) „Қор болды жаңым“ (1889) – бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 43-бет). Фашықтық туралы бұл өлеңін Абай қазак әдебиетінде бұрын ешбір ақын айтып көрмеген, ерекше жаңа түр тауып жазған. Және жаңа түрде жазылған шығармасы окушыға үғымды, көңіліне қонымды болуын ойлад, өлеңіне ылайық әдемі ән де шығарған.

54) „Сен мені не етесің?“ (1889) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы. 43-бет). Фашықтық тақырыбына арналып жазылған бұл өлеңінде опасыз жардан түніліп, зар шеккен жас жігіттің шерін шертеді. Ақын бұл өлеңіне тағы да бір ерекше шебер түр табады. Эр шумағы ұзынды-қыскалы он төрт жолдан қайырылып отырады. Өлеңнің негізгі түр ерекшелігі – шумактың әр тармағындағы буын саны қалыпты ретімен өзгеріп отырады. Сондықтан өлеңнің кейбір жолдары бірнеше сезден құрылса, енді бір жолдарда бір ғана сез бір жол болып келіп отырады. Осындағы аса күрделі, жаңа түрмен жазылған өлеңнен арнап, қазактың ән өнерінде кездеспейтін жаңа ән шығарған.

55) „Жігіт сөзі“ („Айттым сәлем, Қаламқас“) (1889) – Бұл өлең „Жігіттің қызыға айтқаны“ деген тақырыппен 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 44-бет). Фашықтық тақырыбына арналған бұл өлең де өзгеше бір көркемдік түрмен жазылған. Фашық жігіттің сезім-сыры оның сүйген қызына жолдаған сәлем хаты арқылы баяндалады. Ішкі сезім-сырларын бүкпелемей, ашықтан-ашық ақтарып айтып отырған қазак ауылының аңқылдаған ақ көніл бозбала жігіттің шын мінезі, дәл бейнесі айқын көрінеді.

56) „Қыз сөзі“ („Қыстырып мактайсыз“) (1889) – Бұл өлең де „Қыздың жігітке айтқаны“ деп атальп, 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 44-45-беттер). Өлең қыздың өзіне фашық жігіттің сәлем хатына қайтарған жауабы ретінде жазылған. Қыз да жігіт сияқты, өзінің сезім-сырын бүркелемей, ашық айтады. Қазактың ақ жарқын, ақылды қызының бейнесі көрінеді.

57) „Білектей аркасында өрген бұрым“ (1889) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (9-бөлік. Сұлу үргашы туралы, 64-бет). Өлең сұлу қызды сипаттауға арналған. Бұл өлеңнен бұрын (1884) жазылған „Қақтаған ақ күмістей кен мандаілы“ өлеңінде де сұлу қыз суреттелген. Осы екі өлең

бір-ақ тақырыпқа жазылған болса да, „Білектей арқасында өрген бұрым“ өлеңінің өзіне тән өзгеше көркемдік ерекшелігі бар. Өлеңнің алғашқы жолдарын оқи бастағанда: „білектей бұрымына“ тағылған „шолпысы сылдыр қағып“, асықтай әсем басып келе жатқан, кәмшат бөрікті, ақ тамак арудың бейнесін көреміз.

Сүлудың көзін жайғана суреттеп қоймайды, нұрлы көздің „жүрекке ыстық тиетін“ әсерін де сипаттайды. „Ұлбіреген ақ етін“, „ашық жүзін“, „әдемі тісін“, „бұран белін“, „сұлу бойын“, „кішкене аяғын“ түгел суреттеп, ерекше жаратылған сүлудың тұтас сымбатын көрсетеді.

Осындай сұлумен кездесіп, сұхбаттасу сөті түсे қалғандай болса, қандай қүйге бөлөнетінінді адамның жасырын жан сырына дейін білетін психологияқын және сипаттап береді. „Егерде қолың білегіне тисе“, „жүргегіне лұпілдеп қан соғады“, „бетінді тамағына таяп барсан“, „шымырлап сүйегіне бу енеді“ дейді.

Осының бәрі төрт-ақ аузы өлеңге сыйып тұр.

58) „Қажымас дос халықта жок“ (1889) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта „Ішім өлген, сыртым сау“ өлеңінің жалғасы ретінде, бір-ақ өлең бол басылған (1-бөлік. Халық туралы, 19-бет). 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда екі бөлініп басыльып келе жатқан өлеңде ақын шын адап достың жоқтығын айттып, өкінішті көніл қүйін шертеді.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

.... Жақсы өмірім әүре еттің,—

деп басылған. 1933 жылғы жинақта (136-бет) және 1945, 1957 жылғы жинақтарда:

.... Жақсы өмірім әүре еттің,—

деп дұрыс басылған. Ақын бұл арада жақсы өмірінің әуремен өткен өкінішін айттып отыр. Осыдан кейін келетін, төртінші жолда:

Жар таба алмай бір тегіс,—

дейді. Олай болса, өмірінің жақсы кезінде, айнымас адап жар (дос мағынасында) таба алмай, мағынасыз әрекетпен өткізген өмір өкінішін айттып отыр деп түсінуге болады. Осы шу-

мақтың үшінші жолындағы „әуре“ деп басылып келе жатқан сөз дұрыс берілмеген деп білеміз. Бұл арада өмірдің мағынасыз іске (дау-шар, талас-тартыс) берілп өткендігін бір ғана сөзбен жеткізетін, кең ұғым беретін „әуарә“ деген парсы сөзін қолданған. Әуарә – бір нәрсеге берілп кету деген ұғым беретін сөз.

Қазак тілінде парсыдан келген әуарә сөзі, әуре түрінде қалыптасып, мағынасы біраз өзгеріп, сіңсіп кетсе керек. Қазақ әуре өттің демейді, әуре еттің дейді. Абай осы сөздің түп төркініндегі түрін де, қазақ тіліндегі түрін де өлеңінде қолданған. Өлеңнің төртінші шумағында:

„Жаксы өмірім әуре өттің“, –

десе, бесінші шумағында:

„Дос құбылып, әуре етер“, –  
дейді.

59) „Жастықтың оты, қайдасың“ (1889) – Бұл өлең де алғаш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (1 том, 115-бет). Өлеңнің екінші шумағының сонғы төртінші жолы 1939 жылғы (115-бет), 1945 жылғы (105-бет) және 1954 жылғы (121-бет) жинақтарда:

„...Қолға ол түспес бойламай“, –

деп басылған. 1957 жылғы (109-бет) және 1977 жылғы (141-бет) жинақтарда:

„...Қолға от түспес бойламай“, –

деп өзгертулған. Бұлай өзгертулдің себебі айтылмаған. Өлеңнің мазмұнына қарағанда, 1939 жылғы жинақта дұрыс басылған деуге болады.

60) „Жарқ етпес қара көңілім не қылса да“ (1889) – Бұл өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (1 том, 237-бет). Берілген түсіндірmede: „Мағына жағынан қарағанда бұл екі өлең сияқты. Бірінші өлең алғашқы екі ауызда, қалғаны – екінші өлең. Бірақ үйқасына қарағандықтан ба, әйтеуір көшірушілер ерте уақытта мұны бір өлең қылып кеткен. Екіге бөлерлік мықты дәлеліміз болмағандықтан бір өлең қылып бастық“ (115-бет) – деген.

1945 жылғы жинақта да, 1939 жылғы жинақ бойынша, бір-ақ өлең ретінде басылған (262–263-беттер), түсінік берілген (456–457-беттер).

1954 жылғы жинақтан бастап өлең екі бөлініп, екі өлең ретінде басылып келеді: бастапқы екі шумагы – бір өлең (123-бет), қалған үш шумагы – екінші өлең (124-бет).

Өлеңнің бастапқы шумагы маҳабbat тақырыбына жазылғандығы: „Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ“ деген сөздерінен-ақ анық көрініп тұр. Сондықтан бұл екі ауыз өлеңнің жеке басылуы дұрыс. Қалған үш ауыз өлеңнің бастапқы өлеңге ешқандай байланысы жоқ екендігін „Күшік ит бөрі ала ма жабылса да“ деген сөздері танытып тұр. Және Тұрағұлдың: „Күшік ит бөрі ала ма жабылса да“ деген өлеңді Абай Оразбайлармен жауласып жүргенде жазған екен, – дегені бар.

„Жарқ етпес қара көңілім не қылса да“ өлеңнің екінші шумагының соңғы жолы, 1939 жылғы (237-бет) және 1945 жылғы (262-бет) жинақтарда:

„...Қорлық пен мазағына табынса да“, –

деп дұрыс басылған болса, 1957 және 1977 жылғы жинақтарда:

„...Қорлық пен мазағына табылса да (?! ) –

деп кате басылған. Осы жол түзетілді.

61) „Тұлпардан туғыр озбас шабылса да“ (1889) – жоғарыдағы өлеңнің екінші бөлімі 1954, 1957, 1977 жылғы жинақтар бойынша бөлек өлең ретінде беріліп отыр.

62) „Қара қатынға“ (1889) – „Қара қатын дегенге, қара қатын“ деген бір ауыз өлеңді өзінің жолдасы, ертекші Баймағамбеттің бәйбішесіне қалжындан айтқан. Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы „Толық жинақта“ жарияланған (137-бет).

63) Онегиннің сипаты („Жасынан түсін билеп, сыр бермеген“) (1889) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейттің 1905, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбалары негізінде, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

А. С. Пушкиннің өлеңмен жазылған „Евгений Онегин“ романының бірінші тарауынан аударма. Абай X, XI шумақтың түгелдей және XII шумақтың алты жолын аударған.

Он бір буынды өлең үлгісін қолдана отырып, Абай аударманы мағынасы жағынан түпнұсқаға өте жақын етіп

берген, тіпті жолма-жол сәйкес келеді деп айтуға болады. Пушкиннің он төрт жолдық шумағы Абайда да дәл соншалық болып шыққан.

Өлең тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбаларының нұсқасы бойынша беріліп отыр.

Ертеректегі басылымдарда:

Жай, жаңа кісі болып түк білмеген, —

деп келетін тармақ 1954 жылғы жинақта 1905 жылғы қолжазба бойынша:

Жап-жаңа кісі болып түк білмеген, —

деп түзетілген екен. Кейінгі басылымдарда да сол күйінде алынды.

Абайдың негізгі жинақтарына енгізіліп келеді. Абай іріктеп аударған роман үзінділері мынадай:

## X

Как рано он мог лицемерить,  
Таить надежду, ревновать,  
Разуверять, заставить верить,  
Казаться мрачным, изнывать,  
Являться гордым и послушным,  
Внимательным иль равнодушным!  
Как томно был он молчалив,  
Как пламенно красноречив,  
В сердечных письмах как небрежен!  
Одним дыша, одно любя  
Как он умел забыть себя!  
Как взор его был быстр и нежен,  
Стыдлив и дерзок, а порой  
Блистал послушною слезой!

## XI

Как он умел казаться новым,  
Шутя невинность изумлять,  
Пугать отчаяньем готовым,  
Приятной лестью забавлять,  
Ловить минуту умиления,

Невинных лет предубежденья  
Умом и страстью побеждать,  
Невольной ласки ожидать,  
Молить и требовать признанья,  
Подслушать сердца первый звук,  
Преследовать любовь — и вдруг  
Добиться тайного свиданья...  
И после ей наедине  
Давать уроки в тишине!

## ХІІ

Как рано мог уж он тревожить  
Сердца кокеток записных!  
Когда ж хотелось уничтожить  
Ему соперников своих,  
Как он язвительно злословил!  
Какие сети им готовил!..

64) Татьянаның Онегинге жазған хаты („Амал жоқ — қайттім білдірмей“, 1889) — Өлеңдің тексті 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырып берілді.

Төртінші шумақтың 3—4-жолдары қолжазбалар мен 1909 жылғы басылымда:

Шыдар ем бір ай жануға  
Ұзак түн жұмбай қозімді,—

деп алынған екен. 1957 жылғы толық жинақта „жануға“ деген сөз „жатуға“ деп түзетілді. Мағынасы жағынан дұрыс болғандықтан, кейінгі басылымдардың барлығында осы нұсқа алынып келеді. Сегізінші шумақтың 3-жолы ертеректегі басылымдарда:

Әуелде тағдыр неден, —

деп алынған екен, 1957 жылғы толық жинақта 1907 жылғы Мұрсейт қолжазбасы бойынша

Әуелде тағдыр иеден,—

деп түзетілген. Ал 1977 жылғы екітомдықта 1907 жылғы қолжазбамен салғастырылып:

Әзелде тағдыр иеден, —

деп түзетіліпті. Бұл басылымда да сол нұсқа алынды.

Он үшінші шумақтың 1-жолы бірсыптыра басылымдарда:

Тұсімде мені жұбатып,—

деп алынған екен, 1954 жылғы жинақта Мұрсейіт қол-жазбалары мен 1909 жылғы басылым бойынша:

Тұсімде мені жұбантып,—

деген түзету енгізіліпті. Кейінгі басылымдар сияқты, бұл жинақта да сол нұсқа алынып отыр.

Он сегізінші шумақтың 1-жолы ілгергі басылымдарда (мысалы, 1945 жылғы):

Күтеміз сізден қайта хат,—

деп алынса, 1954 жылғы басылымда 1909 жылғы жинақ негізінде:

Күтеміз сізден қайта хат,—

деп алынған. Кейінгі басылымдарда осы түзету қайтала-нып келеді. Ен соңғы шумақтың 4-жолы будан бұрынғы басылымдардың барлығында да:

Бөтен жан тесік таба алмас,—

деп келген екен, бұл жолы мағынасына қарай:

Бөтен жан несіп таба алмас,—

деп түзетілді. „Несіп“ деген сөз Татьянаның „Тәнірі қосқан жар едің сен“ деген жарап сөзінде де кездеседі.

Өлең Абайдың негізгі жинақтарына енгізіліп келеді.

Романның түпнұсқасынан алынған орысша үзінді мынау:

### ПИСЬМО ТАТЬЯНЫ К ОНЕГИНУ

Я к вам пишу — чего же боле?  
Что я могу еще сказать?  
Теперь, я знаю, в вашей воле  
Меня презреньем наказать.

Но вы, к моей несчастной доле  
Хоть каплю жалости храня,  
Вы не оставите меня.  
Сначала я молчать хотела;  
Поверьте: моего стыда  
Вы не узнали б никогда,  
Когда б надежду я имела  
Хоть редко, хоть в неделю раз,  
В деревне нашей видеть вас,  
Чтоб только слышать ваши речи,  
Вам слово молвить, и потом  
Все думать, думать об одном  
И день и ночь до новой встречи.  
Но говорят, вы нелюдим;  
В глухи, в деревне все вам скучно  
А мы... ничем мы не блестим,  
Хоть вам и рады простодушно.  
Зачем вы посетили нас?  
В глухи забытого селенья  
Я никогда не знала б вас,  
Не знала б горького мученья.  
Души неопытной волненья  
Смирив со временем (как знать?),  
По сердцу я нашла бы друга,  
Была бы верная супруга  
И добродетельная мать.

Другой!.. Нет, никому на свете  
Не отдала бы сердца я!  
То в вышнем суждено совете...  
То воля неба: я твоя;  
Вся жизнь моя была залогом  
Свиданья верного с тобой;  
Я знаю, ты мне послан богом  
До гроба ты хранитель мой...  
Ты в сновиденьях мне являлся,  
Незримый, ты мне был уж мил,  
Твой чудный взгляд меня томил,  
В душе твой голос раздавался  
Давно... нет, это был не сон!  
Ты чуть вошел, я вмиг узнала,  
Вся обомлела, запылала  
И в мыслях молвила: вот он!

Не правда ль? я тебя слыхала:  
Ты говорил со мной в тиши,  
Когда я бедным помогала  
Или молитвой услаждала  
Тоску волнуемой души?  
И в это самое мгновенье  
Не ты ли, милосε виденье,  
В прозрачной темноте мелькнул,  
Приникнул тихо к изголовью?  
Не ты ль, с отрадой и любовью,  
Слова надежды мне шепнул?  
Кто ты, мой ангел ли хранитель  
Или коварный искуситель:  
Мои сомненья разреши.  
Быть может, это все пустое,  
Обман неопытной души!  
И суждено совсем иное...  
Но так и быть! Судьбу мою  
Отныне я тебе вручаю,  
Перед тобою слезы лью,  
Твоей защиты умоляю...  
Вообрази: я здесь одна,  
Никто меня не понимает,  
Рассудок мой изнемогает,  
И молча гибнуть я должна.  
Я жду тебя: единым взором  
Надежды сердца оживи,  
Иль сон тяжелый перерви,  
Увы, заслуженным укором!

Кончаю! страшно перечесть...  
Стыдом и страхом замираю...  
Но мне порукой ваша честь,  
И смело ей себя вверяю...

65) Онегиннің Татьянаға жауабы („Танғажайып бұл қалай хат“) (1889) – өлеңнің тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басыльымдармен салыстырылып алынды.

А. С. Пушкиннің „Евгений Онегин“ романындағы Онегиннің Татьяна хатынан қайтарған жауабының аудармасы. Романының төртінші тарауындағы XII–XVI шумактар, яғни Онегиннің Татьянаға бақшада кездескенде айтқан сөзі түгелдей аударылған.

Абай үзіндінің жалпы мазмұнын сақтай отырып, мейлінше еркін жеткізген. Сондықтан түпнұсқадағы 68 жол сәл өсінкіреп, 76 жол болған.

Үшінші шумақтың 3-жолы 1945 жылғы басылымда:

„Ол перизат ойды өзің біл,—

деп алынған екен. Кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Ол перизат, ойла, өзің біл,—

больш түзетіліпті. Бұл жинақта да сол нұсқасы алынып отыр. 1957 жылғы жинақта он бірінші шумақтың екінші жолында:

Түзеле алмай түрленіп,—

деп қате кеткен. 1977 жылғы басылымда бұл қате ілгергі жинақтарға сәйкес:

Түзетс алман түрлесіп,—

деп түзетіліпті. Мұнда сол нұсқасы алынып отыр.

Он сегізінші шумақтың 3-жолы 1977 жылғы екітомдыққа дейінгі бірсыптыра басылымдарда:

Міне дәулет, міне асыл қызы, —

деп алынған екен. 1977 жылғы басылымда 1933 жылы жарық көрген нұсқа бойынша:

Мына дәулст, мына асыл қызы,

деп өзгертіліпті. Бұл жолы да сол нұсқа алынды.

Соңғы шумақтың 1-жолындағы:

Ол — жас ағаш, бір қызыл гүл, —

деген жол 1909 жылғы жинақта:

Ол — жас ағаш, жас қызыл тал,—

деп альныпты. Ал Мұрсейіт қолжазбаларында бұл тармақ:

деп келеді екен. Осы нұсқа 8, 7 буынды болып, шалыс үйқас (а, б, а, б) үлгісінде жазылған Абай аудармасының ерекшелігіне саи келіп:

Сорлы Онегин, жолды озің біл, –

леген шумактың 3 жолымен толық үйқасатын болғандықтан, 1954, жылғы басылымнан кейінгі жинақтардың бәрінде қолжазба нұсқасы альнып келеді.

Романдағы орысша тексті мыналадай:

.....  
....,,Вы ко мне писали,

Не отпирайтесь. Я прочел  
Души доверчивой признанья,  
Любви невинной излиянья;  
Мне ваша искренность мила;  
Она в волненье привела  
Давно умолкнувшие чувства;  
Но вас хвалить я не хочу;  
Я за нее вам отплачу  
Признаньем также без искусства;  
Примите исповедь мою:  
Себя на суд вам отдаю.

### XIII

Когда бы жизнь домашним кругом  
Я ограничить захотел;  
Когда б мне быть отцом, супругом  
Приятный жребий повелел;  
Когда б семейственной картиной  
Пленился я хоть миг единый,—  
То верно б кроме вас одной  
Невесты не искал иной.  
Скажу без блесток мадригалных:  
Нашед мой прежний идеал,  
Я верно б вас одну избрал  
В подруги дней моих печальных,

Всего прекрасного в залог,  
И был бы счастлив... сколько мог!

#### XIV

Но я не создан для блаженства;  
Ему чужда душа моя;  
Напрасны ваши совершенства:  
Их вовсе недостоин я.  
Поверьте (совесть в том порукой),  
Супружество нам будет мукой,  
Я, сколько ни любил бы вас,  
Привыкнув, разлюблю тотчас;  
Начнете плакать: ваши слезы  
Не тронут сердца моего,  
А будут лишь бесить его.  
Судите же вы, какие розы  
Нам заготовить Гименей  
И, может быть, на много дней!

#### XV

Что может быть на свете хуже  
Семьи, где бедная жена  
Грустит о недостойном муже,  
И днем и вечером одна;  
Где скучный муж, ей цену зная  
(Судьбу, однако же, проклиная),  
Всегда нахмурен, молчалив,  
Сердит и холодно-ревнив!  
Таков я. И того ль искали  
Вы чистой, пламенной душой,  
Когда с такою простотой,  
С таким умом ко мне писали?  
Ужели жребий вам такой  
Назначен строгою судьбой?

#### XVI

Мечтам и годам нет возврата,  
Не обновлю души моей...

Я вас люблю любовью брата  
И, может быть, еще нежней.  
Послушайте же меня без гнева:  
Сменит не раз младая дева  
Мечтами леткие мечты;  
Так деревцо свои листы  
Меняет с каждою весною.  
Так, видно, небом суждено.  
Полюбите вы снова: но...  
Учитесь властвовать собою:  
Не всякий вас, как я, поймет;  
К беде неопытность ведет".

66) Онегин сөзі („Хатындан жақсы үғындым сөздің бәрін“) (1889) – шығарманың тексті Мұрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

А. С. Пушкиннің „Евгений Онегин“ романынан еркін аударма (жоғарыда келтірілген аударманың екінші нұсқасы).

Тұлнұсқада 76 жол, аудармада – 48.

Бесінші шумақтың 1-жолы ілгергі басылымдарда:

Бұғын сүйсsem, сені алсам – ертең жалығып, –

деп басылыш келген екен, 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мұрсейіт қолжазбалары бойынша:

Бұғын сүйсем, сені алсам – ертең жалқып, –

деп түзетіліпті. Бұл басылымда да осы нұсқасы альынды.

Өлең Абай жинақтарының негізгі басылымдарына түгел енгізілп келеді.

67) Онегиннің Татьянаға жазған хаты („Құп білемін, сізге жақтас“) (1889) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар негізінде, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

А. С. Пушкиннің „Евгений Онегин“ романынан еркін аударма. Пушкинде 60 жол, Абайда – 64.

Алғашқы басылымдарда төртінші шумақтың алғашқы еki жолы:

Тайды аяғым ескі дерттен,  
Түсті емсіз катты дерт, –

деп алынып келген екен, 1957 жылғы екітомдықта қолжазба негізінде:

Тайды аяғым ескі серттен,  
Тұсті емсіз қатты дерт,—

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдардың бәрінде де осы нұсқа алынған. Алғашқы басылымдарда, оның ішінде 1945 жылғы мерекелік біртомдықта да, соңғы шумақтың 1-жолы:

Корғалап қорықпа, өмір, бос,—

деп алынған екен, 1957 жылғы басылымда бұл жол 1909 жылғы жинақ бойынша:

Корғалап құр өтпе, өмір, бос, —

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдарда осы нұсқа қайталанып келеді. Осы шумақтың ең соңғы жолы 1945 жылғы біртомдықта:

Тапласаң, ол, журме зар,—

деп қате басылған екен, 1957 жылғы екітомдықта, 1905 жылғы қолжазбаға сілтеме жасай отырып:

Таппаган соң журме зар, —

деп өзгертіліпті.

Ал одан кейін 1961 жылғы біртомдықта, енді 1907, 1910 жылдардағы қолжазбаларға сілтеме жасай отырып, бұл жол:

Таппасан өл, журме зар, —

деп түзетілген. 1957, 1977 жылдардағы жинақтарда осы түзету қабылданған екен, бұл жинақта да сол күйінде қалдырылды. Орысша нұсқасы мынадай:

### ПИСЬМО ОНЕГИНА К ТАТЬЯНЕ

Предвижу все, вас оскорбит  
Печальной тайны объясненье.  
Какое горькое презренье  
Ваш гордый взгляд изобразит!

Чего хочу? с какою целью  
Открою душу вам свою?  
Какому злобному веселью,  
Быть может, повод подаю!

Случайно вас когда-то встретя,  
В вас искру нежности заметя,  
Я ей поверить не посмел:  
Привычке милой не дал ходу;  
Свою постылую свободу  
Я потерять не захотел.  
Еще одно нас разлучило...  
Несчастной жертвой Ленский пал...  
Ото всего, что сердцу мило,  
Тогда я сердце оторвал;  
Чужой для всех, ничем не связан,  
Я думал; вольность и покой  
Замена счастью. Боже мой!  
Как я ошибся, как наказан...

Нет, помпнутно видеть вас,  
Повсюду следовать за вами,  
Улыбку уст, движенье глаз  
Ловить влюбленными глазами,  
Внимать вам долго, понимать  
Душой все ваше совершенство,  
Пред вами в муках замирать,  
Бледнеть и гаснуть... вот блаженство!

И я лишен того: для вас  
Ташусь повсюду наудачу;  
Мне дорог день; мне дорог час:  
А я в напрасной скуче трачу  
Судьбой отсчитанные дни.  
И так уж тягостны они.  
Я знаю: век уж мой измерен;  
Но чтоб продлилась жизнь моя,  
Я утром должен быть уверен,  
Что с вами днем увижуся я...

Боюсь: в мольбе моей смиренной  
Увидит ваш суровый взор  
Затен хитрости презренной —  
И слышу гневный ваш укор.

Когда б вы знали, как ужасно  
Томиться жаждою любви,  
Пылать — и разумом всечасно  
Смириять волнение в крови;  
Желать обнять у вас колени,  
И, зарыдав, у ваших ног  
Излить мольбы, признанья, песни,  
Все, все, что выразить бы мог,  
А между тем притворным хладом,  
Вооружать и речь и взор,  
Вести спокойный разговор,  
Глядеть на вас веселым взглядом!..

Но так и быть: я сам себе  
Противиться не в силах боле;  
Всё решено: я в вашей воле  
И предаюсь моей судьбе.

68) Татьяна сөзі („Тәнірі қосқан жар едің сен“) (1889) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары негізінде, басқа басылымдармен салыстырылып берілді.

А. С. Пушкиннің „Евгений Онегин“ романынан аударма. Абай XII шумақтың соңғы 7 жолын және XII—XVII шумақтарды бүтіндей алғып, Татьянаның Петербургте Онегинге айтқан сөзін түтел аударған. Тәржімада түпнұсқаның жалпы мағынасы сакталған да, біраң жерлері түсіріліп, кейбір тұстары қазақ оқырманына бейімделе өзгеріліп, еркін аударылған.

1909 жылғы жинақта үшінші шумақтың 2-жолы:

Ебін тапсан жұбатып,—

деп алынған екен. 1945 жылғы біртомдықта, қолжазбаларға сүйене отырып:

Еплен айтсан жұбатып,—

деген өзгеріс енгізіліпті. Кейінгі жинақтарда осы нұска қайталанып келеді.

Оныншы шумақтың 1-жолы 1940 жылғы басылымда:

Еш уақытта арманым жок,—

деп алынған екен, 1945 жылғы біртомдықта:

деп түзетіліпті.

Сол 1940 жылғы басылымда он бірінші шумактың алғашқы екі жолы:

Жаным ғашық асылым ең  
Жар есігін көрмейін,—

деп алынса, 1945 жылғы біртомдықта, қолжазба бойынша:

Жаным ғашық асылым сң,  
Жар есігін бермейін,—

деп өзгертілген. Бұл түзетулер кейінгі басылымдардың барлығында қайталанып келеді.

Шығарма ақынның негізгі жинактарына енгізілген. Орыс тіліндегі түпнұсқасы мынадай:

„Довольно: встаньте. Я должна  
Вам объясниться откровенно  
Онегин, помните ль тот час,  
Когда в саду, в аллес нас  
Судьба свела, и так смиренно  
Урок ваш выслушала я?  
Сегодня очредь моя.

### XLIII

Онегин, я тогда моложе,  
Я лучше, кажется, была,  
И я любила вас; и что же?  
Что в сердце вашем я нашла?  
Какой ответ? одну суровость.  
Не правда ль? Вам была не новость  
Смиренной девочки любовь?  
И нынче — боже! — стынет кровь,  
Как только вспомню взгляд холодный  
И эту проповедь... Но вас  
Я не виню: в тот страшный час  
Вы поступили благородно,  
Вы были правы предо мною;  
Я благодарна всей душой...

## XLIV

Тогда — не правда ли? — в пустыне,  
Вдали от суетной молвы,  
Я вам не нравилась... Что ж нынс  
Меня преследуете вы?  
Зачем у вас я на примете?  
Не потому ль, что в высшем свете  
Теперь являться я должна,  
Что я богата и знатна,  
Чту муж в сраженьях изувечен,  
Что нас за то ласкает двор?  
Не потому ль, что мой позор  
Теперь бы всеми был замечен  
И мог бы в обществе принесть  
Вам соблазнительную честь?

## XLV

Я плачу... Если вашей Тани  
Вы не забыли до сих пор,  
То знайте: колкость вашей браны,  
Холодный, строгий разговор,  
Когда б в моей лишь было власти,  
Я предпочла б обидной страсти  
И этим письмам и слезам.  
К моим младенческим мечтам  
Тогда имели вы хоть жалость,  
Хоть уважение к летам...  
А нынче! — что к моим ногам  
Вас привело? Какая малость!  
Как с вашим сердцем и умом  
Быть чувства мелкого рабом?

## XLVI

А мне, Онегин, пышность эта,  
Постылой жизни мишурा,  
Мои успехи в вихре света,  
Мой модный дом и вечера,  
Что в них? Сейчас отдать я рада  
Всю эту встощь маскарада,

Весь этот блеск, и шум, и чад  
За полку книг, за дикий сад,  
За наше бедное жилище,  
За те места, где в первый раз,  
Онегин, видела я вас,  
Да за смиренное кладбище,  
Где нынче крест и тень ветвей  
Над бедной нянею моей...

## XLVII

А счастье было так возможно,  
Так близко!.. Но судьба моя  
Уж решена. Неосторожно,  
Быть может, поступила я:  
Меня с слезами заклинаний  
Молила мать; для бедной Тани  
Все были жребии равны...  
Я вышла замуж. Вы должны,  
Я вас прошу, меня оставить;  
Я знаю: в вашем сердце есть  
И гордость, и прямая честь.  
Я вас люблю (к чему лукавить?),  
Но я другому отдана;  
Я буду век сму верна“.

69) Ленский сөзінен („Барасың қайда, қайда, болмай маған“) (1889) – өлеңнің тексті Мұрсейт қолжазбалары негізінде, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

А. С. Пушкиннің „Евгений Онегин“ романының алтыншы тарауындағы XXI, XXII шумактарынан аударма. Екі шумактан іріктең тәржімалаған екі ауыз өлең мағынасы жағынан түпнұсқаға дәлме-дәл келеді.

Алғаш рет 1940 жылғы жинаққа енгізілген. Содан беріде жарық көрген негізгі басылымдарында беріліп келеді.

Түпнұсқаңың Абай аударған жолдары мынадай:

„Куда, куда вы удалились,  
Весны моей златые дни?  
Что день грядущий мне готовит?  
Его мой взор напрасно ловит,  
В глубокой мгле танится он.  
.....

Блеснет заутра луч денницы,  
И засияет яркий день;  
А я – быть может, я гробницы  
Сойду в таинственную сень...“

70) Онегиннің өлердегі сезі („Жарым жақсы киім кілт“) (1889) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіг қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

Бұдан аударма емес. Романда Онегиннің өлімі туралы ешқандай сез жоқ. Татьянаға жазған соңғы хатында да, өз сезімін қаншама үздігіп жеткізгенімен, өлім жөнінде пәлен деп ештеңе айтпайды.

Белгілі абайтанушы академик Зәки Ахметов Пушкин қолжазбаларының бірінде: „Зачем я пулей в грудь не ранен?“ деген сез кездестіргенін жазады (З. Ахметов. „Современное развитие и традиции казахской литературы“. Алма-Ата, „Наука“, 1978. стр. 93).

Әрине, Абай ол қолжазбамен таныс болмауы мүмкін. Бірақ Онегиннің жоғарыда айтылған хатын („Құп білемін, сізге жақпас“) аударғанда, өлім жайлыш көп айтып, өз тараптынан мынадай жолдар қосады:

Жанды аларсын, разы болсан,  
Біздің орын – кара жер...

Менің омірім таянып тұр,  
Үзілуге әм жаным.  
Ак жүзінді бір көріп құр  
Өлсе, болмас арманым...

Бар ма омірім, кармалайын,  
Жоқ болса, мен өлейін...

Бір өзіңнен басқа бір дос  
Таппасан өл, жүрме зар...

Соған қарағанда, мына өлеңді Абайдың Онегин тағдырының ойлап қиялданған бір шағында, жанағы ойларының жалғасы ретінде, өз жанынан тудырған деп қабылдауға болады.

Тегінде, „Евгений Онегиннің“ жалғы мазмұнын немесе жекелеген оқиғаларын арқау етіп алып, өз беттерінше жырлаған өзге де ақындар болған.

Кезінде, Абайдың ықпалымен бе, өлде тікелей мәслихат етуімен бе, белгілі ақындар Әсет Найманбаев пен Ӯріп Тәнірбергенов көлемді дастандар жазды деген де деректер бар. Бірақ олардан қалған қолжазба жоқ. Тек сл аузында сакталып қалып, оларды айтушы жыршыларлың өз жандарынан қосқан өзгерістерімен бізге жеткен нұсқалары ғана бар.

Солардың ішінде жеке үзінділері баста бетін көріп, жұртқа кеңірек танымал болғандары – белгілі халық ақыны Қуат Терібаев, жырши Сапарғали Әлімбеков, Шарипов (аты белгісіз – ред.) нұсқалары. Соңғы екеуінде қазактың дәстүрлі гашықтық дастандарының үлгісімен Онегин өзінің бақтасымен жекпе-жекке шығып, қаза болады. Біреуінде Татьяна онымен бірге өледі.

Бұл жөніндегі толығырақ мағлұматты Е. Ысмайловтың „Ақындар“ атты зерттеу еңбегінен алуға болады. (Есмағамбет Ысмайлов. Ақындар, Қаз. мемл. көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1956, 272–287-беттер).

Өлең Абайдың негізгі басылымдарына енгізіліп келеді.

Екінші шумақтың 2-жолы алғашқы жинақта:

Көнілім үйіп құс болып шүйіп, –

деп жіберілген екен, кейінгі басылымдарында қолжазбаларға сәйкес:

Көнілім жүр құс болып шүйіп, –

деп түзетілген.

Осы шумақтың 3-жолы, керісінше, қолжазбаларда:

Есіркеп, сүйдіріп еді, –

деп жазылған екен, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша:

Есіркеп сүйгізіп еді, –

деген нұсқасы қайталанып келеді.

Ал соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақта:

Мен бұрылып төз алман, —

деп алынса, мағына жағынан дәлірек деп табылып, қолжазбадағы:

Мен бұрылып түзеле алман,—

деген нұсқасы алынған.

71 „Бай сейілді“ (1890). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 23-бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: „Бай сейілді“ деген өлеңді ел билеген болжыстарға наразы болып айтқан, — дейді.

Өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады.

Өлеңнің екінші шумағының соңғы үш жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

Ұрысса орыс,  
Елге болыс  
Үйден үрган итке ұсал, —

деп басылған. 1933 жылғы „Толық жинақта“ да (137-бет), 1945 жылғы (107) басылымда да осылай. Және Тұрағұл: „Ұрысса орыс, елге болыс үйден үрган итке ұқсан“ дегені: үйден таяқ жеп шыққан ит тыстағы итпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеңе ете алмай, ашуын тыстағы иттен алады. Оязнодан сөгіс естіген болыс та, сол ит секілді, оязга ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрсысады дегені“, — деп толық әрі дәлелді түсінік береді.

Осыған қарамай, 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

“... Үйдесн үрген итке ұсал, —

деп өзгертулғен.

Біз алғашқы нұсқасын қабылдадық.

Бесінші шумактың барапқы екі жолы және төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

Шашты барын,  
Берді малын  
Боларында жұртына,—

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

Шашты малын  
Берді барын  
Боларында жұртына,—

деп қате басылған. Бұл да түзетілді.

72) „Ем таба алмай“ (1890) — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 23-бет). Бұл өлеңінде өз басының қайғысын жазады.

Осы өлеңнің бастапқы үш шумағынан кейін: „Жас жүргегім жанды менің“ деп басталатын соңғы үш шумағы туралы Тұрағұл: „Ем таба алмай“ деген өлеңнің артына „Жас жүргегім жанды менің“ деген өлең тіркеліп кетіпті. Ол өз алдында бөлек өлең. Бұл перевод болса керек еді“, — дейді. Және „Ем таба алмай“ өлеңі 1890 жылы, Абайдың 45 жасында жазылғанын еске алсак, „Жас жүргегім жанды менің“ өлең текстологиялық зерттеуді қажет етеді. Өлең әзірше бұрынғы текст бойынша берілді.

73) „Келдік талай жерге енді“ (1890) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік, Өзі туралы, 35-бет). Бұл өлеңде ақылын алмайтын, сөзіне құлақ салмайтын көп наданнан көнілі қалып түнілген ақын: „Өзің жалғыз, надан көп“ деп, жалғыздық мұнын шағады, „Әзелде тәңірім сорлы етті, арсыз елмен әүре етті“ деп күйінеді. Өзін тебіренткен іштегі қайғы шерін шертеді. Терен ойларын толғап күніренеді. Сонымен бірге өзінің ақындық өнерін, өзгеше бір тың теңеумен („Балапан құстай...“) сипаттай келіп, шабытын шарықтата, сергіп-серпіле сөйлейді.

Өлең жаңа бір көркем түрмен жазылған. Өлең шумактары біркелкі емес, үйқастардың үйлесуі де өзгеше. Алғашқы шумак алты жолдан басталып, сол шумактың акырғы жолындағы үйқасқа, келесі төрт жолды, үш жолды шумактардың үйлес келген үйқастары тіркесіп отырады. „Бергенді“, „ергенді“, „желгенді“ сияқты үйлес үйқастар лекілдеп келіп отырып, өлең аяқталады.

Екінші шумактың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (35-бет):

....Таба алмадық бір адам“, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

....Таба алмадық еш адам“, —

деп өзгертилген.

Ең ақырғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (35-бет):

.... Не ойлар сдің өз басын“, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

.... Не ойлар си өз басын“, –

деп қате өзгертулғен. Осы сөздер түзетілді.

74) „Өзгеге көңілім тоярсын“ (1890) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік, Өзі туралы, 36-бет). Бұл шығармасында: өзге нәрсенің бәрінен көңілі қалып, түңіліп тарыққанда, іштегі дертіне дәрмен болатын, жабырқаған жаңын сергітетін жалғыз досы – өлең деп білетінін әйгілеп, терен тебірене толғайды...

Осы өлеңнің жиырма алтыншы жолы 1909 жылғы (36-бет), 1939 жылғы (121-бет) және 1945 жылғы (112-бет) жинақтарда:

Не пайда, бар, мың надан  
Сыртын естіп тандансын“, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

....Сырттан естіп тандансын“, –

деп қате басылған. Бұл да түзетілді.

75) „Кейде есер көңіл құрғырын“ (1890) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 37-бет). Бұл төрт шумақ шағын өлеңінде махаббат, достық жайында толғанып, сыр шертеді.

Өлеңнің басылуында кеткен емле қатесі, тыныс белгілері түзетілді.

76) Жазғытұры („Жазғытұры қалмайды қыстын сзыы“) (1890) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта өз алдына жеке бір бөлік ретінде басылған (10-бөлік. Жазғытұры. 65–66-беттер).

Табиғат тақырыбына арналған бұл өлеңінде жылдың төрт маусымының бірі – көктем көркі суреттеледі. Мал баққан қазақ халқы үшін табиғаттың жадыраған, қуанышты бір мерзімі көктем көркін көтерінкі көңіл күйімен масаттана жырлайды. Табиғаттың жазғытұргы көрікті көрінісін: „Жер

жүзін безендірген шебер тәңірінің“ дұниеге төгілген „мейірбандық нұры“ бейнесінде суреттейді.

Жазғытурым жадырап, жайнаған табиғат аясындағы қазақ, даласының тіршілігі, ауыл-аймағы, мал-жаны, кәрі-жасының көніл күйі, дәулеті өнген шаруа, егін еккен диханшы – еңбек елінің бейнесі, айдын көліндегі ақку, қазы, сайда сайраған бұлбұлы, тастағы байғызы, көкегі – бәр-бәрі түтел көз алдыңа келеді.

Абайдың асқан ақындық қуатын, теңдесі жоқ суретшілік онерін әсіресе айқын көрсететін, табиғатты суреттейтін ерекше көркем өлеңдерінің бірі – осы „Жазғытуры“.

Өлеңнің төртінші шумағы 1909, 1922, 1933 жылдары басылған жинақтарда:

Түйс боздап, кой қоздап, кора да шу,  
Кобелекпен, құспенен саї да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбыр қағып, бурандал ағады су, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта өлеңнің екінші және төртінші жолы:

... Көблеск пен құстар да сайды ду-ду,  
... Сыбыр қағып бурандал ағады су, –

деп қате өзгертілген. Бұл жолдар түзетілді.

Өлеңнің бесінші шумағының төртінші жолы барлық жинақтарда:

... Үшқыр атпен зырлатып тастағанда,  
Жарк-жүрк стіл ілінер көк дауылпаз, –

деп басылып келе жатыр. Шынында, Абай бұл арада: үйрек, қазға салатын үшқыр қыран қаршығаны „көк дауылға“ тенеп, қаршығаға – „баз“ дейтін парсы сөзін қолданған. Соңдықтан өлеңнің бұл жолын дұрыстап:

... Үшқыр атпен зырлатып тастағанда,  
Жарк-жүрк стіл ілінер көк дауыл бас, –

деп оқуымыз керек.

Он екінші шумактың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (66-бет):

Күн – күйеу, жер – калыңдық, сағынышты, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Күн – күйеу, жер – калыңдық сағынысты,

деп қате басылған.

Осы жолдар қалптына келтірілді.

Садуақас Мұсаулы Шормановтың жазбасындағы нұсқасын Абай жинақтарында басылып келе жатқан нұсқасымен салыстырып қарғанымызда үлкен айырмашылықты көреміз. Өлеңнің көлемі – жинақтарда да, Садуақас жазбасында да он алты шумак. Шумақтардың, кейбір жеке сөздері болмаса, жалпы мазмұн, мағына жағынан айырмасы жоқ. Айырмашылық өлең шумақтарының басылу, жазылу ретінде. Жинақтарда өлеңнің бастапкы бірінші шумағы:

Жазғытурым калмайды қыстың сзыы, –

деп басталса, Садуақас жазбасында өлеңнің бірінші шумағы:

Күн жокта кісімсінер жұлдыз бен ай, –

деп басталады. Өлеңнің бұл шумағы жинақтарда он бірінші шумақ болып басылып келеді. Жинақтардағы бірінші шумак, Садуақас жазбасында – сегізінші, екінші шумак Садуақаста – жетінші... Сейтіп, он алты шумак өлеңнің жинақтарда басылу ретімен Садуақаста жазылу ретіндегі айырмашылық үлкен. Осы үлкен айырмашылықты көріп, білу үшін Садуақас жазбасындағы „Жазғытуры“ өлеңнің толық нұсқасын келтіруіміз керек.

Күн жокта кісімсінер жұлдыз бен ай,

Ол кайтсін кара түнде жарқырамай.

Тәң нұрланып, болуын жаздың біліп,

Өңі кашар бола алмас бүрынғыдай.

Күн – күйесу, жер – калыңдық сағынышты,

Күмары екеуінін сондай күшті.

Күн қырын жүрген кездे көп кожандап,

Ай, жұлдыз күйеуліктен көтін қысты.

Жаз таянып, жылы жел хабар беріп,

Жан-жануар куанар тоіға сліріп.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,  
Жер күлімдер өзіне шырай беріп.

Күйеуін жер сағынған ала қыстай,  
Екеуі бір-біріне қосылыспай.  
Жұздері рашан қарар нұрланғанда,  
Жер толып түрленеді тоты қустай.

Кемпір-шал шуак іздер, бала шулар,  
Мал мазатып, қуанып аунап-кунар.  
Әуде жырши құстар өлең айтып,  
Көктегі қиқу салар каз бен қулар.

Жұғірер құлан, кіік ой мен қырға,  
Шаттанып рахымамымен келген жылға.  
Кок шығып, кол жарылып қойнын ашса,  
Конады аспандагы қаз бен тырна.

Жаздың көркі кіреді жыл құсымен,  
Жайрандасып жас ойнар құрбысымен.  
Көрден жаңа шыққандай кемпір мен шал,  
Жалбандасар озінің түргысымен.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыда құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталасып,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Қырдағы сл оїдағы слмен амандасып,  
Күлімдесіп, көрісіп, құшактасып.  
Шаруа күған жастардың мойны босап,  
Әзілдесіп, сөйлесіп, каркылдасып.

Түйе боздап, кой манырап, кора да шу,  
Көбелек, құстар менен сайда ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып таранғанда  
Айдаңарша бұрандап ағады су.

Көл жағалап мамырлар ку менен каз,  
Жұмыртқа іздел жүгіріп, бала да мәз.  
Бозбала үшкір атпен тастағанда,  
Жарк-жүрт стіл ілінер көкдауыл баз.  
Құс катарлап байлаган қанжығаға,  
Қызы жабысып бұрандап қылатын наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,  
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.  
Қырда торгай сайраса, ойда бұлбул,  
О да үн қосар тастағы байғыз, көкек.

Жана бұлмен жамырап саудагерлер,  
Диканышылар жер жыртып, егін стер.  
Шаруаның біреуі екеу болып,  
Жана төлмен көбейіп дөulet өнер.

Жер жүзін бәзендірген тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейнес атандай үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге,  
Рахметіне Алланың қоңіл сенер.  
Мал семіріп, ақ пенен ас кобейіп,  
Жан-жануар қоңілті есіп ойнап-кулер.  
Кара тастан басқаның бәрі жадырап,  
Бір сараңнан басқаның қоңілті енсер.  
Тамашалап карасаң тәнірі ісіне,  
Бойың балқып, сриди іште жігер.

Абайдың бұл өлеңі арнайы зерттеуді қажет етеді.

77) „Асқа, тойға баратұғын“ (1890) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (15-бөлік. Переводтар. 77–78-беттер). Өлеңнің басында: перевод Лермонтовтан деген. 1933 жылғы жинақта: (II том, Аудармалары мен қара сөздері, 86-бет) „Асқа, тойға баратұғын“ деген тақырып беріліп басылған. Өлеңге берілген түсінкіт: „Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтың бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, үғым кездеспейді. Мүмкін Абай Лермонтовты өте өзгертіп өзінше бір сипат бере аударған шығар“ (260-бет) – деген.

1954 жылғы жинақта: „... Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ“ (294-бет) – деп түсінік берілген. Одан кейінгі жинақтарда да осындай түсінік беріліп, өлең Абайдың төл шығармасы ретінде басылып келеді.

Қалай дегенде де, әлі зерттей түсуді қажет ететін өлең.

78) „Ата-анаға көз куаныш“ (1890) – Өлең Ақылбайға деп аталаип, 1933 жылғы жинақта тұнғыш рет жарияланған

(145-146-беттер). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Мұхтар Әуезов былай деп мәғлұмат берген:

„Ата-анаға көз қуаныш“ деген өлеңді Ақылбай деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадың деп айтқан. Бірақ Ақылбай күндегі өмірде талантты, пысық болмаса да Абайдың бала-ларының ішіндегі ең таланттысы болған. Бұл ірі ақын және музықант-домбырашы, скрипкашы, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар: бірі – „Дағыстан“, бірі – „Зұлыс“ деген (226-бет).

1945 жылғы жинақта берілген түсінікте: „Бұл – Абайдың өзінің тұңғыш баласы Ақылбайға, інісі Оспан өлгенде айтқан сөзі“, – деген. Ал Оспанның 1891 жылды өлгені белгілі және әлгі түсініктің соңында: „Мұрсейіт жазбасында бұл өлеңнің аяғына осы өлшеумен жазылған:

Тайға міндік,  
Тойға шаптық,—

деген өлең келген екен. Онысы бөлек жіберілді”, – дейді (1945 жылғы жинақ, 429-бет).

79) „Тайға міндік, тойға шаптық“ (1890) – Бұл өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта жарияланған (238-бет). „Бұл бұрын басылмаған өлең“ дегеннен басқа түсінік берілмеген.

1945 жылғы жинақта: „Тайға міндік, тойға шаптық“ (бу да жазған жылды белгісіз өлеңдер). Мұрсейіт қолжазбасынан алынып ең алғаш 1939 жылғы Абай жинағына енгізілген. Мұны Абай Әбдірахманның өліміне байланысты өзінің бір баласының атынан айтқан деген түсінік берілген. Өлеңнін мазмұнына қарағанда, Әбдірахман өліміне ешқандай байланысы көрінбейді.

„Ақылбайға“ деген өлең 1890 жылды жазылған десек, сол өлеңнің жалғасы ретінде Мұрсейіт жазбасында жазылған „Тайға міндік“ өлеңі де 1890 жылды жазылған болады. Олай болса, бұл өлеңді 1895 жылды өлген Әбдірахман өліміне байланыстырудың тіпті қисыны жоқ.

„Тайға міндік, тойға шаптық“ ешкімнің өліміне байланысы жоқ, ауыл баласының жас шағынан бастап алған тәлім-тәрбиесін, көрген үлгі-өнегесін сипаттауға арналған өлең деп білеміз.

80) „Заманақыр жастары“ (1891) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 23-бет). Өлеңде кер заманының кеселді зардабынан азғындалп бара жатқан жастардың адамшылыққа жат мінездерін аяусыз әшкөрелеп шенейді.

Өлеңнің екінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет) және 1945 жылғы жинақта (120-бет):

....Күр тілменен жиганы“,—

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

....Күр тілменен жигалы“, —

деп басылған. Алғашқы нұсқа бойынша түзетілді.

81) „Көзінен басқа ойы жоқ“ (1891) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. Замандас туралы, 58-бет). Надан адамның „Көзінен басқа ойы“ болмайтынын қадап айта келіп, жалпы надандыкты шенейді. Әсіресе, құлқынның құлы — шала молдаларды атап әшкерелеп, аямай ажуалайды.

Өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (58-бет):

„Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сөлдесі“, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

„... Дағардай (?) боп сөлдесі“, —

деп қате басылған. Қате басылған сез түзетілді.

82) „Жастықтың оты жалындал“ (1891) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы. 53—54-беттер). Жастарға шын жаны ашитын, қамқор ұстаз ақын өлеңінде талапты жастарды алдыңғы бұзық ортаның адамшылыққа жат мінезінен, „акылы, ары тапшылардан“ арашалап, ақылын айтады. „Сүм-сүркія, ку замандағы“ үміт етерлік жас үрпактың тағдырын ойланып толғанады.

Өлеңнің оныншы шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (54-бет) және 1945 жылғы жинақта (123-бет):

.... Мактатып жүртты шулатса“, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

„...Мактанаپ (?) жүртты шулатса“, —

деп қате басылған. Сол сез түзетілді.

83) „Кызырып, сұрланып“ (1891) – 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 45-бет), „Кызырып, сұрланып“ – Абайдың махаббат тақырыбына арнаған айтулы шығармаларының ішіндегі шын ғашықтың ен нәзік сезімін, ен терең сырын аса шебер, ерекше көркем сипаттаған өлеңі.

Ақын алғаш кездескен екі жастың ойын билеп алған махаббат күйін суреттейді. Махаббат сезіміне беріліп, жуддері жуз құбылып, айтатын сөз таба алмай, лугіл қаққан жүрекпен, алып үшқан қуанышты қөңілмен сыр танытқан ғашықтар көз алдына келеді.

Екінші шумактың бастапкы жолы 1909 жылғы (45-бет), 1922 жылғы (Қазан, 93-бет, Тащкент, 170-бет), 1939 жылғы (132-бет), 1945 жылғы (124-бет) және 1954 жылғы (148-бет) жинақтарда:

„...Екі ғашық құмарлы“, –

деп дұрыс басылған болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

„... Екі асық құмарлы“, –

деп кате басылған. Бұл сөз түзетілді.

Бесінші шумактың екінші жолы 1909 жылғы (45-бет), 1922 жылғы (Қазан, 93-бет), 1939 жылғы (132-бет), 1945 жылғы (124-бет) және 1954 жылғы (148-бет) жинақтарда:

„...Тұмандап көздері“, –

деп басылған. Ал 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

„... Томенде (?) көздері, –

болып Мұрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы бойынша берілген. Бұл жинақта алғашқы нұсқасы қабылданды.

84) „Көзімнің қарасы“ (1891) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 45–46-беттер). Бұл өлеңінде сұлудың көркін өсерелей суреттейді, мінезін сипаттайды. Сұлулық – құдайдың берген сыйы – „Көрік тәнір дәулеті“ деп мадақтайды. „Сұлуды сүймектік пайғамбар сұндеті“, қадірлі дәстүр дейді.

„Көзімнің қарасы“ – арнаулы әнімен қоса, халыққа ен әйгілі өлендерінің бірі.

Өлеңнің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет):

... Ғашықтың жарасы, —

деп басылып кеткен. 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93-бет, Ташкент, 172-бет):

... Ғашығыңның жарасы, —

деп басылған, 1933 жылғы (150-бет), 1939 жылғы (134-бет). 1945 жылғы (125-бет) және 1954 жылғы (150-бет) жинақтарда:

... Ғашықтың жарасы, —

деп басылған. Осы нұсқа дүрыс болуға керек. Ал 1957, 1977 жылдары:

... Ғашықтық жарасы, —

деп өзгертіліп басылған. Бұл жол „ғашықтық жарасы“ болып түзетілді.

Үшінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы (45-бет), 1922 жылғы (Қазан, 91-бет), (Ташкент, 172-бет), 1933 жылғы (150-бет), 1939 жылғы (134-бет) және 1945 жылғы (123-бет) жинақтарда:

... Қалқама сөз даійн, —

деп басылып келген болса, 1957, 1977 жылдары:

... Қалқаға сөз даійн, —

деп өзгертіліпті. Мұның да алғашқы нұсқасы алынды.

Тоғызығыш шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет):

Кең мәндай, қалың (?) шаш, —

деп қате басылып кеткен. Тек 1945 жылғы жинақта:

Кең мәндай, қолаң шаш, —

деп басылған (126-бет), 1909 жылғы баспасында мына бір екі жол:

— Кең мәндай, қалың шаш  
Я бір кез, я қулаш, —

делінген. Осындағы „Қалың шаш“ бұл жинақта „Қолаң шаш“ деп түзетілді, – деп түсінік берілген (430-бет). 1954 жылғы жинақта да осылай берілген. Бірақ 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

Кең мандаі, қалың (?) шаш, –

деп тағы да алдыңғы нұсқасы берілген. Бұл жол бұрынғы қалпына келтірілді.

85) „Менсінбеуші ем наданды“ (1891) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. Замандастуралы, 58-бет). Жалғыздық тақырыбына жазылған шерлі шығармалардың бірі. Бұл өлеңінен: „Көп наданмен алысып“, айтқан ақылтын алдыра алмай, өнегелі өситетін тыңдата алмай, „Көнбеді ешкім сөзіме“ деп, әбден торықкан ақынның дағдарыс мұнын көреміз.

Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай: „Абай соңғы уақыттарында елдің партиясынан да жалығып һем айтқан сөзді ұтып, жұрт түзелетүғын сықылды емес екенін біліп, көңілі қалыңқырап, өзі сөзге араласпай, үйде жатамын деп жазғаны“ – дейді.

86) „Жұмбак“ (1890) („Алла мықты жаратқан сегіз батыр“) – тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта (145-бет) жарияланған.

87) „Жұмбак“ (1891). („Қара жер адамзатқа болған мекен“) – тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта (155-бет) жарияланған.

88) „Жұмбак“ (1891). („Сыналар, ей жігіттер, келді кезін“) – тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта (155-бет) жарияланған.

89) „Не іздейсің, көңілім, не іздейсің“ (1892) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 37-бет). Ақын бұл өлеңінде өз басының мұнын, көңіл шерін шертеді. Ол мұн мен шер басына түскен ауыр қайғымен байланысты еді.

1891 жылды ең жақсы көретін інісі, сенімді серігі Оспан қайтыс болады.

1891–1892 жылдар – Абай үшін қайғы-қасіретке толы, қаралы жыл болады. Сондыктан бұл жылдардағы шығармалары, көбінесе, өз басының қайғысынан туған, жоқтау сарындас зар, шер жыры боп келеді.

90) „Жүргім, ойбай, сокта енді“ (1892) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 137-бет) – Бұл төрт шумақ өлеңінде де жалғыздық мұны, тұнілген көңіл шері шертіледі.

Өлеңнің үшінші шумағының бастапкы екі жолы 1909 жылғы кітапта (37-бет):

Сенісерге жар таба алмай,  
Сенделеді ет жүрек, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

Сенісерге жан таба алмай,  
Сенделеді ит жүрек, –

деп қате басылған. „Ет жүрек“ бол түзетілді.

91) „Қайғы шығар ілімнен“ (1892) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (!-бөлік. Халық туралы, 24-бет). Ақын бұл өлеңінде де, мұн менен түнілу сарынында толғанады. Бұнда „Көп наданнан“ түнілу ғана емес, өзінен өзі түнілу қайғысы да қабаттысып келеді. Надандықты, бар жаманшылықты ақылмен, білім күшімен түзетуге болады деген сеніммен құреске бел байлаған кемендер аяңбай қанша еңбек етсе де, мақсатына жете алмайтындығына көзі жетіп, көңілі қајып, түніледі. „Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен, Қайғы мен ыза қыскан соң, зар шығады тілімнен“ деп қамығады, шерлі мұнға батады.

Бұндай қасіретті уақығаны жалғыз Абай емес, Абайға үқсаған, әлемнің талай атақты қайраткерлері басынан кешкен болатын.

„Қайғы шығар ілімнен“ – Абайдың ең көркем туындыларының бірі.

Өлеңнің он алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (24-бет):

Болымсыз құлық тойымсыз  
Болады балаң жөргекте, –

деп дұрыс басылған болса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

... Болды балаң жөргекте, –

деп қате басылған. „Болады“ болып түзетілді.

92) „Оспанға“ (1892) „Жайнаған туың жығылтмай“ деген өлең „Оспанға“ деп аталып, ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (158-бет). Бұл өленді інсіл Оспан қайтыс болғанда жазған. Жақсы көретін інсін жоқтауға арнаған өлеңі жаңа бір көркемдік түрде жазылған.

Жоқтау жырында Оспанның адамдық қадір-қасиетін: ак жарқын мінезін, адал азаматтығын, ерекше ерлігін, қайтпас қайраттын, жомарттығын сипаттайды. Тіршілігінде еш нәрседен беті қайтпай, жалтақтамай, жабырқамай, жалыңдап өткен жас өмірін сүйсіне суреттей келіп:

... Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсің, япырмай!—

дейді.

Өлең едел-жедел ектіндеп келіп отыратын бір үйқас үйлесімімен жазылған, аллитерация тәсілі аса шебер қолданылған.

Ерекше көркем, бас-аяғы он алты-ақ жол, шағын өлеңмен ардағер азаматтың алып тұлғасын сымбаттаپ берген.

93) „Кешегі Оспан, бір бөлек жан“ (1892) – Бұл өлең де „Оспанға“ деп аталып, тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (159-бет). Бұл Оспан қайтыс болғанда жазылған екінші өлең. Өлең жаңа көркемдік түрмен жазылған. Өлеңнің әр шумағы алты жолдан қайырылып отырады.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы:

.... Жске тартқан кетті ғұл“ (9)

деп басылып келеді. Осы жолдағы „ғұл“ деген сөз өлеңнің мазмұнына қысқарайды және өлең үйқасына келіңкіремейді. Сондыктан „ғұл“ сөзінің орнына „ер“ деген сөзді қолданып, өлең шумағын тұтас оқып көрсек, өлең дүрыс қалпына келеді деп сенеміз:

Ел тамағын,  
Жұрт азабын  
Жске тартқан кетті ер.  
Сондай ерді –  
„Ала берді“  
Табар сиді біздің сл!

94) „Күлімсіреп аспан тұр“ – Бұл өлең алғаш рет 1940 жылғы Абай жинағының II томында (аудармалар мен қара сөздері) жарияланған (95–96-беттер). Берілген түсінікте: „Бұл өлең қолжазбада Лермонтовтан делінген. Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударғаны мәлімсіз“ (261-бет) – делінген.

Сонсоң 1945 жылғы бір томдық толық жинақта басылған (163–164-беттер).

1954 жылғы жинақта басылған (1 том, 186–187-беттер) түсінікте: „Күлімсіреп аспан тұр“ – шығарманың тексті Мұрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Мұрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген, бірақ қай шығармадан аударма екендігі белгісіз болып келіп еді. Соңғы кезде үл өлеңнің оригиналы М. Ю. Лермонтовтың „Выхожу один я на дорогу“ деген шығармасы екендігі анықталды. Абай оны

екінші шумағынан бастап аударған екен... (Орыс тілінде 2—5 шумақтары келтірілген. — ред.). Осы төрт шумақты Абай жалпы мазмұнын сақтап еркін аударған”, — делінген (309—310-беттер).

Өлең 1957 жылғы жинақтың II томында (аудармалар мен кара сөздер) Лермонтовтан деп атальып басылған (99-бет).

1977 жылы Абайдың төл шығармасы ретінде берілген (I том).

Абай аударған түпнұсқа мынадай:

## 2

В небесах торжественно и чудно!  
Спит земля в сияни голубом...  
Что же мне так больно и так трудно?  
Жду ль чего? жалею ли о чем?

## 3

Уж не жду от жизни ничего я,  
И не жаль мне прошлого ни чуть;  
Я ищу свободы и покоя!  
Я б хотел забыться и заснуть!—

## 4

Но не тем холодным сном могилы...  
Я б ждал навеки так заснуть,  
Чтоб в груди дремали жизни силы,  
Чтоб дыша вздымалась тихо грудь;

## 5

Чтоб всю ночь, весь день мой стух лелея,  
Про любовь мне сладкий голос пел,  
Надо мной чтоб вечно зеленея,  
Темный дуб склонялся и шумел.

95) „Сұрғылт тұман дым бүркіп“ (1892) тексті Мұрсейіт қолжазбаларымен және кейінгі басылымдармен салыстырылған.

Алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарық көрген. Онда колтума шығарма екені немесе аударма екені айтылмаған. Ал

1945 жылғы мерекелік біртомдықта: „Оспан өлімі жайлы жазылған өлең сияқты“ – деген болжам айтылған.

1954 жылдан бері басылымдарда бұл шығарма „Не осенний мелкий дождичек“ деп басталатын орыстың халық өлеңінен (сөзі А. А. Дельвигтікі, музыкасы М. И. Глинканікі) аударма деген тұжырым қайталанып келеді. Шындығында мұны жартылай аударма деп бағалаған жөн. Өйткені Абай туындысының орыс өлеңіне ұқсас жерлері де, одан едәуір айырмашылығы да бар. Мәселен, орыс нұсқасында:

Не осенний мелкий дождичек,  
Брызжет, брызжет сквозь туман.  
Слезы горькие льет молодец  
На свой бархатный кафтан, –

делінсе, Абай нұсқасында:

Сүрғылт тұман дым бүркіп,  
Баркыт бешпен сулайды.  
Женіменен көз сүртіп,  
Сұрланып жігіт жылайды, –

деп алынған. Яғни орыс текстіндегі „не“ деген көмекші етіс (частица) аударылмай, жігіттің бешпентін сулап тұрған ұсақ жаңбырдың өзі екені тұра айтылады да, женіменен көз сүртіп жылаған жігіттің көңіл күйі психологиялық салыстырма ретінде айтылады. Орысша түпнұсқасындағы:

„Полно, брат молодец!  
Ты ведь не девица:  
Псай, тоска пройдет;  
Псай, псай, тоска пройдет!“ –

деген шумақ үш ауыз өлеңін үш рет қайталайтын қайырмасы. Соны аударғанда да, Абай арақты мегзейтін „пей“ деген сөзді алып тастап, оның орнына: „... Өлең айт, үйге қайт...“ – деген сөздерді қосады. Сірә, „Пей“ дегенді әдейі „пой“ деп өзгертіп, өз оқырманына бейімдеген болуы керек. Сөйтіп, орыс өлеңі мен Абай өлеңін мазмұны екі түрлі болып шықкан.

Мәселен. орысша түпнұсқасының негізгі тақырыбы – өтіп кеткен жастық шақтың қызықты дәуренін жоқтау. „Соны ойлап, қамыққан шақта, көңілінді арақпен сейілт“ – орыс өлеңін мазмұны осы.

Ал Абай өлеңінің тақырыбы – тұрақсыз әйел махаббатынан зар шеккен жігіт қайғысы. „Әйелде ешбір опа жок, бүгін жалын, ертең шоқ“, – деген өз тұжырымын ақын Адам ата мен Хаяу анадан бермен келе жатқан аңызға сайдып, махаббат күйігін тартқан жігітті әзілмен жұбатады.

Абай бұл өлеңге арнап өз тараптынан ән жазған:  
Негізгі басылымдардың бәріне де енгізілпі келеді.  
Абай аударған түпнұсқа мынадай:

Не осенний частный дождичек  
Брызжет, брызжет сквозь туман:  
Слезы горькие льет молодец  
На свой бархатный кафтан.

„Полно, брат молодец!  
Ты ведь не девица:  
Пей, тоска пройдет;  
Пей, пей, тоска пройдет!“

“Не тоска, друзья-товарищи,  
Грусть запала глубоко.  
Дни веселья, дни радости  
Отлетели далеко”.

„Полно, брат молодец!  
Ты ведь не девица:  
Пей, тоска пройдет;  
Пей, пей, тоска пройдет!“

..И как русский любит родину,  
Так люблю я вспоминать  
Дни веселия, дни радости,  
Как пришлось мне горевать“.

„Полно, брат молодец!  
Ты ведь не девица:  
Пей, тоска пройдет,  
Пей, пей, тоска пройдет!“

(Библиотека всемирной литературы. Серия вторая. 41-том. Русская поэзия XIX века. Том первый, 422-стр.).

96) Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі (1892) [„Дүріл-деген нажағай“]— Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы, одан кейін 1940 жылғы жинаққа енгізілген. Ол кезде оның кімнен аударғаны мәлім болмаған.

1945 жылғы біртомдықта бұл өлең 1892 жылғы шығармалар катарында берілсе, 1954 жылғы басылымда екінші томның аяғында „Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер“ деген бөлімде орналастырылып, „Түсініктер“ бөлімі мен мазмұнында „Жылы анық емес өлеңдер“ деп көрсетілген.

1945 жылғы біртомдықта бұл өлеңнің А. Мицкевичтен аударылғаны көрсетіледі және жазылған мерзімі қайтадан 1892 жылға жатқызылады.

Абайда тұпнұсқадағы үш шумақ өлеңнің алғашқы екеуінің ғана еркін аудармасы бар. Соңғы төрт жолын аударған-аудармағаны белгісіз. Бәлкім, аударса да, қолжағбасы сакталмаған болар.

1957 және 1977 жылғы басылымдарда бұл аударма 1892—1893 жылдар аралығындағы шығармаларға қосылып берілген.

1945 ж. біртомдық пен 1954 жылғы басылымның екінші томында өлеңнің 4-жолы:

Баяғы қайтқан жауынның,—

деп алынған екен, 1961 жылғы біртомдықта бұған түзету енгізіліп:

Бағы қайтқан қауымның,—

деп түзетіліпті. Бірақ бұл түзетудің неге сүйеніп жасалғаны көрсетілмеген. Сөйтсе де, мағына жағынан осы нұсқа жақындау деп табылған болуы керек, кейінгі басылымдарда осылай алынып келеді. Тұпнұсқаның орысша аудармасы мынадай:

### В АЛЬБОМ С. Б.

Дни благородные прошли,  
Когда поля пестрели чудно,  
Когда цветы везде росли...  
Теперь цветок найти мне трудно.  
Ненастье, бури и тоска...  
На киве, где завыла вьюга,  
Не вижу я нигде листа,  
Чтобы сорвать его для друга.  
Все, что нашел — дарю. Такой  
Листок не должен затеряться:  
Он подан дружеской рукой,  
Он дар последний, — может статься.

(Сочинения А. Мицкевича под. ред. П. Н. Полевого, перевод Минаева, СПБ. 1882. Т. I., 336).

Ескерту: „Дүние жүзі әдебиеті кітапханасының“ екінші сериясындағы А. Мицкевич шығармалары топтастырылған томда (32) бұл өлеңнің тағы сол „С. Б. альбомына“ деген тақырыппен Семен Кирсанов аударған жаңа нұсқасы берілген. Оның тексті мынадай:

Дни миновали счастливыс, нет их!  
Было цветов – сколько сердце захочет!  
Легче нарвать было сотни букетов,  
Нежели нынс цветочск.

Ветер завыл, и дожди заструились,  
Трудно найти среди родимого луга,  
Трудно найти, где цветы золотились  
Лист для любимого друга.

Будь же довольна осенним листочком,  
В дружеской был он руке, хоть неярок,  
Будь ему рада, хотя бы за то, что  
Это последний подарок.

Өлең арналған альбом иесі – поляк ақыны Юлиуш Словацикийдің шешесі Саломея Бекю деген әйел. Өлең 1824 жылы қарашаның 24-і күні, Москвадан жер аударылар алдында жазылған.

97) „Ысытқан, сұтыкан бойынды бір көніл“ (1893) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 46-бет). Махаббат тақырыбына жазылған шағын лирика.

98) „Бойы бұлған, сөзі жылман“ (1893) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 24-бет). Бұл өлеңіндегі еңбек етпейтін, ел кезіп жүретін, құнсыз, желбуаз қуларды ажуалап шенейді.

Өлең „Кешегі Оспан“ өлеңінің үлгісімен жазылған.

99) „Жаксылық ұзак тұрмайды“ (1893) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 47-бет). Бұл өлеңде жақсылық пен жамандық туралы ойларын толғайды.

Әр шумагы сегіз жолдан қайырылып отыратын үш шумак – жиырма төрт жол өлең, 1933 жылғы жинақта: сегіз жолды шумак төрт жолды шумакқа айналдырып, үш шумак өлең алты шумак болып шыққан. Соңғы шумактың: „Мактанмен алды мазамды“ дейтін ақырғы жолы 1933 жылғы жинаққа кірмей қалған.

1939 жылғы жинақта өлең 1933 жылғы жинақ бойынша басылған. Бірақ бастапқы сегіз жолды шумактың соңына:

Жер корығыш желкек шал  
Желіп жүріп, боздайды, —

деген екі жол қосып, он жолға айналдырып жіберген.. „Бұл екі жол бұрынғы баспаларында басылмаған“ деп түсінік берген (151-бет). Бұл қосылған екі жол өлең негізгі өлең мазмұнына қабығтайтын және өлеңдің композициясынан тыс түр.

Осы қосымша туралы 1945 жылғы жинақта: „... 1939 жылғы баспасына тұнғыш рет Мұрсейіт көшірмесінен алынып:

... Жер корығыш желкек шал,  
Желіп жүріп боздайды, —

деген екі жол өлең сөз кестесінде қосылған. Бірақ бұл екі қатар 1909 жылғы Кәкітай мен Тұрағул бастырган баспасында жоқ. Мұның мағынасы анық емес“, — деп түсінік берілген (433-бет).

100) „Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған өлең“ (1893) — „Ажының жақсы қызы едім“ деп басталатын екі ауыз өлең ең алғаш Абайдың 1933 жылғы жинағында жарияланған. „Ел ауызында айттылып жүргенінен алынған. Абайдың Баймағамбет деген көршісі алты ай жаз әйелінің касына бір жатпай тентіреп кете бергенін мінеп, соның әйелі атынан қалжындар пәннен өлең“ (1945 жылғы жинақ. 434—435-беттер).

101) „Ал, сенейін, сенейін“ (1893) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пән Мұрсейіт колжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

Бұл өлеңдің аударма екендігі 1954 жылғы жинақта алғаш рет көрсетілген. Оған дейінгі басылымдарда аударма деп айтылмайды.

Шынында Абай бұл өлеңді М. Ю. Лермонтовтың „Исповедь“ атты шығармасынан еркін аударып, жалпы мазмұнын сактаған.

Абайда 28 жол, Лермонтовта қөлемі бірдей екі шумактан тұратын 24 жол. Орысша түтнұсқасы автордың көзі тірісінде жарық көрмей, тұнғыш рет 1859 жылғы „Отечественные записки“ журналында басылған.

Абай текстінің бір-екі сөзі жөнінде колжазбалар мен жеке басылымдарда аздаған алалық болған екен, оларға кезінде түзету енгізіліпті. Мәселен, 19 жолдағы:

Ақыл іздең, ізэрлең,—

деген жолдар 1939 жылғы басылымда:

Ақыл іздең, іззертеп,—

болып қате басылған екен. 1945 жылғы біртомдықта 1909 жылғы жинақ бойынша ол қателік түзетіліпті. Сондай-ақ өлеңнің соңғы жолы колжазбада:

Нанғыш болсаң маған нан,—

деп жазылса, 1909 жылғы жинақта:

Нанғыш болсаң енді нан,—

деп алынған екен. Кейінгі басылымдардың барлығында осы нұсқа қабылданыпты.

Өлеңнің орысша түпнұсқасы мынадай:

### ИСПОВЕДЬ

Я верю, обещаю верить,  
Хоть сам того не испытал,  
Что мог монах не лицемерить  
И жить, как клятвой обещал;  
Что поцелуи и улыбки  
Людей коварны не всегда,  
Что ближних малые ошибки  
Они прощают иногда,  
Что время лечит от страданья,  
Что мир для счастья сотворен,  
Что добротель не названье  
И жизнь поболее, чем сон!..

Но вере теплой опыт хладный  
Противоречит каждый миг,  
И ум, как прежде безотрадный,  
Желанной цели не достиг;  
И сердце, полно сожалений,  
Хранит в себе глубокий след

Умерших, но святых видений,  
И тени чувств, каких уж нет;  
Его ничто не испугает,  
И то, что было б яд другим.  
Его живит, его питает  
Огнем язвительным своим.

102) „Көңілім менің қаранды. Бол-бол, ақыл“ (1893) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып алынды.

М. Ю. Лермонтовтың „Еврейская мелодия“ атты шығармасының аудармасы. Ал Лермонтов Вайронның осы аттас („My soul is dark“ – „Моя душа темна“) өлеңінен еркін аударған. Орысша нұсқасы ақынның көзі тірісінде, 1889 жылы, „Отечественные записки“ журналында басылып, кейін өз жинақтарына енгізілген.

Абай осы өлеңнің алғашқы сегіз жолын ғана аударған. Әрі қарай аударған-аудармағаны белгісіз, өйткені қолжазба сакталмаған.

1933 жылға дейінгі жинақтарда „бол-бол, ақын“ деген сөздер „бүлбүл, ақын“ болып жүрген еken. 1945 жылғы біртомдықта Мұрсейіт қолжазбасы бойынша „бол-бол, ақын“ деп түзетіліпті. Дұрысы сол.

1939–1940 жылдардағы екітомдықта „Еврей күйі“ (II том, 89-бет) деген тақырып берілген. Кейінгі басылымдарда бұл тақырып алып тасталып, өзге аудармалары сияқты, („Лермонтовтан“) деген тақырып берілгі келеді.

Бұрынғы кейір басылымдарда (1945) 6-жол:

Керек қой қөңілді үміт тебірентпесе,—

деп қате берілген еken, 1957 ж. екітомдықта 1909 ж. жинақ пен қолжазбалар негізінде:

Керек қой қөңілді үміт тебірентсе, —

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдарда осы нұсқа қайталанып келеді.

Өлеңнің Абай аударған орысша нұсқасы мынадай:

## ЕВРЕЙСКАЯ МЕЛОДИЯ

(из Байрона)

Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей!  
Вот арфа золотая:  
Пускай персты твои, промчавшиеся по ней,  
Пробудят в струнах звуки рая.  
И если не навек надежды рок унес,  
Они в груди моей проснутся,  
И если есть в очах застывших капля слез —  
Они растают и прольются.

Пусть будет песнь твоя дика. Как мой венец,  
Мне тягостны веселья звуки!  
Я говорю тебе: я слез хочу, певец,  
Иль разорвется грудь от муки.  
Страцаньми была упитана она,  
Томилась долго и безмолвно;  
И грозный час настал — теперь она полна,  
Как кубок смерти, яда полный.

103) „Қаранғы түнде тау қалғып“ (1893) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейт қолжазбаларының негізінде, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Из Гете“ атты өлеңінің аудармасы. Қөлемі орысша нұсқасында да, Абайдада 8 жол. Бұын санындағы айырмашылығы болмаса, Абай бұл өлеңді Лермонтовтан дәлме-дәл аударған. Ал орысша нұсқасы Гетеңін „Über allen Gipfeln“ („Над всеми вершинами“) деген өлеңінен еркін аударылып, 1840 жылы „Отечественные записки“ журнальында, сонсоң Лермонтов өлеңдерінің жинағында жарық көрген.

Абайдың 1945 жылғы біртомдығында: Лермонтов бұл өлеңді Гетеңің „Nanderer Nachlid“<sup>1</sup> дейтін өлеңінен аударған деп көрсетіліпті. Бұл да дұрыс айтылған сөз. Өйткені өлеңнің неміс тіліндегі нұсқасында „Гүнгі жолаушының әні“ деген тақырып болған.

Гете шығармасының жазылу тарихын жазушы Қалмұқан Исабаев былай баяндайды: „Ұлы Отан соғысынан кейін женілген Германияның Зуль округінде (бұрынғы ГДР территориясы — Ред.) біраз уақыт әскери қызмет атқарып түрдым. Осы

1 Дұрысы: Вандерерс Нахлиид — Ред.

аймақтағы Гобельбах дейтін қалада Гетеңін музейі бар. Кезінде ұлы ақын Веймар герцогы Август Карлмен бірге саяхатшылық құрып жүргенде, осы маңдағы бір оңаша үйге келіп токтайды екен.

1870 жылы қыркүйектің 6-сы күні Гете осы үйге алғаш рет келгенде, терезеден қарап тұрып, Тюриңгия тауларының әсем көрінісіне сүйсінгендіктен, осы өлеңді жоғарыда көрсетілген тақырыппен есікке бормен жазып кетілті.

Осы оқиғаның менін жадымда берік сақталғандығы сондай, арада 30 шакты жыл өтіп, сол өлкеге тағы бір жолым түскенде. Абайдың „Қараңғы түндегі тау қалғып“ деген аудармасының текстін ақ мәрмәрга жаздырып, магнитофон таспасына жазылған әнін нотасымен қоса, сол музейге апарып тапсырдым“.

Қалмұқан Исабаевтың музейге апарған ескерткіш тақтасы мұражайдың қабырғасында қағулы, тарту еткен сыйы оның қорында сақтаулы түр. (Бұл жөніндегі тольғырақ мағлұматты „Қазақ әдебиеті“ газетінің 1979 жылғы 10 тамыз күнгі номерінен алуга болады — Ред.)

Бұл өлеңдің орысша нұсқасына да арнап жазылған ән бар. Осыған орай Абай да өз тарапынан ән шығарған.

1909 жылғы жинақта екінші шумактың алғашқы екі жолы:

Шандай алмас жол дагы,  
Сыбырламас жапырак, —

деп алынған екен, кейінгі басылымдарда Мұрсейіт қолжазбасы бойынша:

Шаң шыгармас жол дагы,  
Сілкіне алмас жапырак,—

деп өзгертіліпті.

Өлең Абай шыгармаларының негізгі басылымдарына түгел енгізіліп, осы нұсқасы сақталып келеді.

Өлеңдің орысша нұсқасы мынадай:

### ИЗ ГЕТЕ

Горные вершины  
Спят во тьме ночной;  
Тихие долины  
Полны свежей мглой;

Не пылит дорога,  
Не дрожат листы...  
Подожди немного,  
Отдохнешь и ты.

104) „Өзіңе сенбे, жас ойшыл“ (1893) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары бойынша (1905, 1907), басқа да басылымдармен салыстырып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Не верь себе“ атты туындысының аудармасы. Абай түлпүсканы көп өзгерпей, жалпы мазмұнын сақтай отырып, 8–7 буынды жыр үлгісімен еркін аударған. Екеуінің де көлемі бірдей, 40 жолдан.

Лермонтов өлеңі алғаш рет акынның көзі тірісінде, 1839 жылы, „Отечественные записки“ журнальда басылды, кейін өз жинағына енгізілген. Автор мұнда өзін талай рет толғандырган „Ақын және тобыр“ деген тақырыпты қозғап, өзінен бұрынғы Пушкин өлендерімен үндестік білдіреді. Абайды тартқан да осы сарын болуы керек.

Бірсызыра басылымдарда (1945, 1954, 1957) бірінші шумақтың тәртінші жолы:

Ызага тұтқын бой мен-эсн,—

деп алынып келген екен, 1977 жылғы екітомдықта (II том, 58-бет) 1909 жылғы жинақ бойынша деген сілтемемен:

Ызага тұтқын бойы зен,—

деп түзетіліпті. Бұл басылымда ілгергі нұсқасы қалдырылды.

### НЕ ВЕРЬ СЕБЕ

Не верь, не верь себе, мечтатель молодой,  
Как язвы бойся вдохновенья...  
Оно — тяжелый бред души твоей больной  
Иль пленной мысли раздраженье.  
В нем признака небес напрасно не ищи:  
То кровь кипит, то сил избыток!  
Скорее жизнь свою в заботах истощи,  
Разлей отправленный напиток!

Случится ли тебе в заветный, чудный миг  
Открыть в душе давно безмолвной

Еще неведомый и девственный родник,  
Простых и сладких звуков полный,—  
Не вслушивайся в них, не предавайся им,  
Набрось на них покров забвенья:  
Стихом размеренным и словом ледяным  
Не передашь ты их значенья.

Закрадется ль печаль в тайник души твоей,  
Зайдет ли страсть с грозой и вынуждой,—  
Не выходи тогда на шумный пир людей  
С свою бешеной подругой;  
Не унижая себя. Стыдися торговать  
То гневом, то тоской послушной,  
И гной душевных ран надменно выставлять  
На диво черни простодушной.  
Какое дело нам, страдал ты или нет?  
На что нам знать твои волненья,  
Надежды глупые первоначальных лист,  
Рассудка злые сожаленья?  
Взгляни: перед тобой играючи идет  
Толпа дорогою привычной;  
На лицах праздничных чуть виден след забот,  
Слезы не встретишь неприличной.

А между тем из них едва ли есть один,  
Тяжелый пыткой не измятый,  
До преждевременных добравшийся морщин  
Без преступленья иль утраты!..  
Поверь: для них смешон твой плач и твой укор,  
С своим напевом заученным,  
Как разрумяненный трагический актер,  
Махающий мечом картонным.

105) „Қорқытпа мені дауылдан“ (1893) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбаларының нұсқасы бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырып берілді. И. А. Буниннің „Не пугай меня грозою“ деп басталатын өлеңінен еркін аударма.

Көп уақытқа дейін бұл өлеңін кімнен аударылғаны белгісіз болып келген. Қолжазбаларда орысшадан деп қана көрсетілген де, түлінұска кімдікі екендігі айтылмаған. Сондықтан бұл жөнінде әртүрлі жаңсақ жoramалдар да болған. Мәселен, 1933 жылғы жинақта Пушкиннен аударылды деп көрсетілген, бірақ қай шығармасы екені дәлденбеген. Ал 1940 жылғы басылымда Лермонтовқа сілтеме жасалған.

Тек 1945 жылғы біртомдықта ғана бұл өлеңнің Буниннен аударылғаны анықтап көрсетілген. Орысша түпнұсқасы 1888 жылы жазылып, ақынның сол кезде жарық, көрген өлең жинақтарына енгізілген.

Абай аудармасында алғашқы үш шумағы мазмұны жағынан түпнұсқага өте жақын және мейлінше жатық, қолтұма туындыдай оқылады. Тек төртінші шумакты ғана Абай өз көңіл қүйіне бейімдеп өзгертуген.

Шығарма барлық басылымдарға енгізіліп келеді.

Өлеңнің орысша нұсқасы мынадай:

Не пугай меня грозою,  
Весел грохот вешних бурь.  
После бури над землею  
Светит радостней лазурь.

После бури, молодея,  
В блеске новой красоты,  
Ароматнее и пышнее  
Распускаются цветы.

Не страшит меня нечастье,  
Горько думать, что пройдет.  
Жизнь без горя и счастья  
В суете дневных забот.

(Полное собрание сочинений И. А. Бунина, т. I. СПБ. 1915.).

106 „Антпенен тарқайды, жиылса кенескен“ (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 25-бет). – Бұл Абайдың 1894 жылғы болыс және билер сайлауы сиезі кезінде атқамінер, ру басылардың мінез-құлқын сөгіп жазған өлеңі еді, – дейді Тұрағул.

Өлеңнің екінші шумағында бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164-бет);

Анттасын алқайды,—

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Анттасып алқайды,—

деп қате басылған.

Үшінші шумактың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164-бет):

...Бас ыңғай қайқайды,—

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Басы ақыр қайқайды,—

деп өзгертілген.

Сегізінші шумактың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет):

Пысықтар шалқайды,—

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Пысықтар шайқайды,—

деп басылған. Бұл сөздер алғашқы басылымдар мен қолжазбалар негізінде түзетілді.

107) „Каращаңда өмір түр“ (1894) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 26-бет). Ақын бұл оленінде құлқынның құлы қуларды, ардан безген сұрқия алаяқтарды, желекпе, „кеудесі толған қулық ой“ пасық пысықтарды ашууы ажуман әшкерелеп шенейді.

108) „Жас өспірім замандас қапа қылды“ (1894) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 26-бет). Бұл да сыншылдық тақырыпқа арналған өлең. „Енбегі жоқ, епгөнен мал табам деп“, „арын сатқан антурғандарды“ катты сынап, әшкерелейді.

Бұл өлеңнің жалпы көлемі төрт шумақ — он алты жол. Өлеңнің соңғы төртінші шумағы:

...Бір семіз ат болады оның құны, —

деп аяқталады. 1909 жылғы кітапта (26-бет) басылғаны да сол төрт шумақ. Оナン соңғы басылымдардың бәрінде төрт шумак өлең ешбір өзгеріссіз басылып келеді.

Ал, 1977 жылғы жинақта жоғарыда көрсетілген барлық басылымдарда өзгеріссіз басылып келген төрт шумак өлеңнің соңына бесінші шумақ болып, бір ауыз өлең қосылған.

Малға сат, пайдаға сат қылғынды,  
Ылайла ылай оймен тұнығынды.  
Сонда өмірден алдамшы бола алмассын,  
Ол білдірмей үрламак қызығынды.

Бұл өлең – Абайдың 1909 жылғы кітабында басылған. „Көк тұман алдындағы келер заман“ (6-бөлік, Нәсихат туралы, 55-бет, 1897) деген басталатын өлеңнің бесінші шумағы.

1977 жылғы жинақта (1 том) берілген түсініктегі: „Өлеңнің бесінші шумағы – „Көк тұман алдындағы келер заман“ деген өлеңінен альпінды. Мағынасына қарғанда осы өлеңнің қорытынды шумағы ретінде қабылданды (405-бет) дейінген.

Ақынның төрт жыл бұрын жазылған (1894), бас-аяғы түгел түрған төрт шумақ жеке өлеңіне, одан төрт жыл кейін жазылған (1897), тоғыз шумақ жеке өлеңнің бесінші шумағын жырып алып келіп, зорлықпен қоса салу, кай жағынан қарасақ, та ешқандай ақылға сыймаса керек. Соңғы шумақ өз орнына койылды.

109) „Фашықтың тілі – тілсіз тіл“ (1894) – Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Фашықтық туралы, 46-бет). Содан бері қайталанып басылып келеді.

110) „Әсемпаз болма әр неге“ (1894) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы, 54-бет). Ұлы ұстаз ақын бұл өлеңнің өзі үміт еткен талапкер жастарға арнаған. Тұған халқына қадірлі адам болудың, қасиетті адал азамат болудың сипаттарын суреттеп түсіндіре келіп, қауымға пайдалы жан бол: „Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, калан!“ дег, айқын жол нұскап береді.

„Көп наданнан“ көңілі қалып түнілсе де, жас үрпақтан түнілмейді, үмітін үзбейді, соларға сеніп, өситетін соларға арнағайтады.

Өлеңнің: „Ұстаздық қылған жалықлас“ деген жолы қолжазбалар мен 1909 жылғы басыльмдарға сүйеніп „Ұстадтық қылған жалықлас“ бол өзгертилді. Ұстад – парсыша ұстаз деген мағынада.

111) „Ескілік күім“ (1894) – дейтін өлең Абайдың 1909 жылғы баспасында жоқ және Фылым академиясында сакталған Мұрсейіт көшірмесінде де жоқ. Өлең алғаш „Сана“ журналында басылған. („Сана“ – білім-әдебиет журналы екі айда бір шығатын Түркістан білім кеңесінің тілі. Шыгарушы: қазақ-қыргыз білім комиссиясы. Журналдың 1-саны 1923 жылғы қантарда шыққан. Журнал Ташкент қаласында шықып түрған. – ред.). Абайдың 1933 жылғы тольқы жинағына (172-бет), одан кейін 1939 жылғы екі томдық толық жинағына енген.

1894 жылы Абайдың інісі Үсқақ қасына Қаржаубай дейтін шалды ертіп, Абайға сәлем беруге келеді. Соңда келіп отырган Қаржаубайдың күімдерін көріп, беліне байлаған кісесін көріп жазған екен (Бұл түсінік 1945 жылғы жинақтан алынды).

112) „Әбдірахман науқастанып жатканда“ (1894). „Я, күдай, бере көр, Тілеген тілекті“. – Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланған (169-бет). Елден аулақ шетте қатты ауырып жатқан баласына мейірбан әкенің өлеңмен жолдаған сағынышты сөлем хаты.

1894 жыл акын өмірінің аса бір ауыр кезеңі болады. Болашағынан үлкен үміт еткен және сол күткен үмітін құттайтынына көзін жеткізген шағында, сүйкті баласы Әбдірахман үшік ауруға душар болып, төсек тартып алыста – Алматыда жатады. Абай бұл баласын жақсы тәрбиелеп өсіріп, ауылда мұсылмандық оқытушы, сауатын ашқызыған соң, Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Ол школды жақсы оқып бітіргеннен кейін, Түмен қаласындағы реальное училищеге жібереді. Кәкіттайбылай дейді: “...Ғабдірахим реальный училищени бітіріп, Петербургтагы технологический институтка түсемін деп барғанда, онда Лосевский деген, бұл жақта оғыз болған таныс кісі жолығып, соның советі бойынша, Михайлловский артиллерийский училищеге түскен“.

Осы училищені 1892 жылы бітіріп шыққан соң, Та什кент қаласына қызметкес жіберіледі. 1894 жылы қатты науқастанып, Алматыда тұратын Әбсәмет дейтін жиенінің үйінде жатады.

Осындай ауыр қайғыға ұшырап дерттенген әкенің қасиреттін, тұнғылқы мұнға батқан күйіншті көңіл күйін осы өлеңнен айқын көреміз.

Өзі шексіз сенген, бір Аллаға сыйынып, тілек тілеуден басқа амалы жоқ ақын шерлі жырын:

Я күдай, бере көр,  
Тілеген тілекті, –

деп бастайды.

Өлеңнің сегізінші шумағының бастапқы жолы 1933 жылғы жинақта (168-бет):

Екі аяқ не қылып  
Басқаша ауырып, –

деп дұрыс басылған. Бұл арада Әбдірахманның екі аяғының ауыратынын айтады.

Екі ай-ак (?) не қылып... –

деп, мұлдем бүрмаланып басылған, „аяқ“ деген сөз, „ай“ бол кеткен. Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы, 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

деп, дұрыс басылмай келе жатыр. Бұл арада „жарагалап“ деп қате басылған сөзді „жарылып“ деп түзетіп оқысақ, өлең мазмұны дұрысталады. Олай дейтініміз: бір аяғындағы жараның жарылып, ауызы ашылып, жазылып келе жатқаны айтылып отыр. Осылай түзетіп, өлең шумағын тұтас оқып керейік:

Жарылып ауыз ашты,  
Жарасы жарасты.  
Жарасыз біреуі  
Неліктен үйкі ашты?

Бұл шумақтан түсінетініміз: Әбдірахманның бір аяғына жара шықкан, ол жара жарылып, бітіп (жазылып) келеді. Ал, екінші аяғы, жара шықласа да („жарасыз біреуі“) ауырып мазасын алғып, үйіктатпайды екен. Әбдірахманның науқасының жайын Абайға хат арқылы хабарлап, білдіріп отырған Мағауия болатын. Әбдірахман ауыр науқасқа душар болған соң, әкесіне хат жазып: „Мағауияны жіберіңіз“ деген. Мағауия Алматыға келіп, науқас ағасын күтіп, қайтыс болғанға шейін қасында болған.

Абайдың өлең-хатындағы сөздердің көбі Мағауияға арнальып айтылған.

113) „Әбдірахманға“ (1894) („Алланың рахматын, жар ту-  
тып әр неге“). — Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған. Бұл да Әбдірахманға арналған өлең. Өлеңде сүйікті баласының тілегін тілеп, Аллаға сыйынып жалбарын-  
ғанда, діни ұғым-нанымдарды, мұсылманшылықтың дін кітаптарының өз тілін өзгертпей қолдана отырып толғанады.  
„Әррахман“, „яр тұту“, „дұғаның қуаты“ сияқты сөздіктер өлеңдің мазмұнымен қабысқан ұғымдар болып келеді.

Әбдірахманға арнаған өлеңдері, әсіреке ақынның өзінің дінге анық нанған адам екенін танытады.

Өлеңде қолданылған, жинақтарда дәл берілмеген араб, парсы сөздері дұрыс қалпына келтірілп, түсініктер берілді.

114) „Әбдірахманға Кәкітай атынан хат“ (1894) („Тілім, саған айтайын, осы сөздің келісін тап“). — Бұл өлең де Мұрсейіт қолжазбасынан алынып (147-бет), тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (171—172-беттер).

1933 жылғы жинақта басылған өлең нұсқасының көлемі он бір шумақ болса, 1939 жылғы жинақта (164—165-беттер) тағы алты шумақ өлең қосылып басылған. Берілген түсінікте:

„Көзімнің нұрысыздан бастап, аяғына дейін, бүрүн басылмаған, Мұрсейіт көшірмелерінде „Тілім, саған...“-ға жайлғанып жазылған. Біз де сол күйінде қалдырылдық, „Ред.“ – делінген (165-бет).

Сөйтіп, 1939 жылғы жинақта басылған өлең нұскасының көлемі он жеті шумақ болып шыққан.

1945 жылғы жинақта өлең өзгертилей, 1939 жылғы жинақ бойынша (он жеті шумақ) басылған (159–161-беттер). 1954 жылғы жинақта да 1939, 1945 жылғы жинақтар бойынша, өзгеріссіз басылған (1-том, 193–195-беттер).

1957 жылғы жинақта өлең екі бөлініп, екі өлең ретінде басылған. „Тілім, саған айтайыннан“ бастап он бір шумақ жеке өлең болып басылған (169–170-беттер).

Қалған алты шумағы „Көзімнің нұрысыздан“ бастап, екінші өлең ретінде басылған (171-бет). Өлеңді екіге бөліп беру себебі айтылмаған. Берілген түсініктегі:

„Әбдірахманға Кәкітай атынан хат („Көзімнің нұрысыз“) – олеңнің тексті... 1933 жылғы басылуы бойынша берілді“, – деген (335-бет).

Ал, шынында 1933 жылғы жинақта бұл өлең жок.

1977 жылғы жинақта өлең 1957 жылғы жинақ бойынша басылып, сонда берілген түсінік қайталанған.

115) „Әбдірахманға Кәкітай атынан хат“ (1894), („Көзімнің нұрысыз“) – Бұл өлеңнің тарихы „Тілім, саған айтайын“ өлеңіне берілген түсініктегі (114) айтылды.

116) „Қыздарға“ (1894) („Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен“) – бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (173-бет). Өлең Тұрағұлдың есінде сакталған. Бұл өлеңнің тарихы туралы Тұрағұл: „Еркежанды алған жылды (1894 ж. – ред.) бойыстық сиез қылуға елге шыққанда, Қыздар атты бір құрдасы (1845–1932.) олақтау адам еді, бейне бір менің әкем бүрүн ішсе асқа, кисе күйінде жарымай жүрген адамша, қалжындаймын деп айтЫПты: „Биыл үлкен үйге кірген соң, тоійынып, күйленіпсін ғой“, – деп.

Сол Қыздардың қалжынына ыза болып, мына өлеңді жазған. Бірталай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алдып, отқа салып жіберді. Бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ақ, „Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен“ дегендегі Бәкен – Қыздардың табы (руы – ред.). Лекер, Бітімбай, Атальқ, Жанқожа – сол таптың Қыздардан бүрүн өткен жаксылары. Байұзак – Қыздардың ағасы. Бірақ, бұл кезде тұғырдан түскен адам. Дауылбай – қанды балақ ұры. „Айпар-Жайпар“ – жегіш, жұтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағынасында. Шотқара – Қыздармен тектес, Бәкен ішіндегі

бір тап, оның Айтқожа деген епті, жұғымды адамы болған. Сол сені ақымақтандырып жүр дейді. Досак – Бәкең ішіндегі Қыздардың табы, – дейді Тұрағұл.

Бәкең – шын аты Байбөрі. Шаһкәрімнің „Қалқаман-Мамыр“ дастанында: „Бәкең деп атап кеткен Байбөрін“ дейтіні сол Бәкең.

117) „Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?“ (1894) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Изmail-Бей“ атты поэмасының екінші бөлімінен (3 шумағы) аударма. Түпнұсқада 22, Абайда 20 жол. Ұзіндінің кейір жолдары дәлме-дәл аударылып, кейіреулерінің жалпы мазмұны сақталған.

Бірінші шумактың 3-жолы ілгергі жылдары:

Ішің берік бол, нәпсіге тыю салып, –

деп алынып келген екен. 1957, 1977 жж. басылымдарда 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары (1905, 1907 ж. ж.) негізінде:

Ішің берік, нәлсіге тыюлысып, –

деп өзгертуліпті. Бұл басылымда да сол күйінде беріліп отыр.

Төртінші шумактың 3-жолы кейір жинақтарда (мәселен, 1977 жылғы):

Жұрт – жас бала, жылатып тартып алма, –

деп альындыты да, біраз басылымдарда (мәселен, 1954 жылғы) 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбаларына сәйкестеліп:

Жұрт – бала, ешнәрсесін тартып алма, –

деп түзетіліпті. Бұл басылымда сол күйі сақталды. Абайдың негізгі жинақтарына енгізіліп келеді. Лермонтов поэмасындағы ұзіндісі мынадай:

Легко народом править, если он  
Одною общей страстью увлечен;  
Не должно только слишком завлекаться,  
Пред ним гордиться или с ним равняться,  
Не должно мыслей открывать своих,  
Иль спрашивать у подданных совета,  
И забывать, что лучше гор златых  
Иному ласка и слова привета! –

Страйся первым быть везде, всегда;  
Не забывайся, будь в пирах умерен,  
Не трогай суеверий никогда  
И сам с толпой умей быть суеверен;  
Страшись сначала много успевать.  
Страшись народ к победам приучать,  
Чтоб в слабости своей он признавался,  
Чтоб он тебя не сравнивал ни с кем  
И почтал нуждою — принужденья;  
Умей отважно пользоваться всем,  
И не проси никак вознагражденья!  
Народ ребенок: — он не хочет дать,  
Не покушайся вырвать, — но украдь!

118) Тұтқындағы батыр (1894) („Қаранғы үй терезесі — тұтқын орны“) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары негізінде, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Пленный рыцарь“ деген өлеңінің аудармасы.

Бұл өлеңін түпнұсқасы алғаш рет 1841 жылы, ақын қазасынан кейін, „Отечественные записки“ журнальында ба-сылған. Лермонтов оны, сірә, Барантпен жекпе-жекке шыққаны үшін тұтқында жатқанда, 1840 жылы жазған болуы керек деген жорамал бар.

Аударманың көлемі және мазмұны дәлме-дәл сакталған. Тек сонғы екі жолының ғана мағынасы сәл өзгешелеу. Түпнұсқада да, аудармасында да 5 шумак, 20 жол.

Ілгеріпектегі басылымдарда (мәселен, 1945 ж.) екінши шумақтың 1-жолы:

Тәуба, дұға, түк те жоқ тентек бойда, —  
деп алынған екен, 1954 жылғы екітомдықта 1909 жылғы жинақ бойынша:

Тәуба жоқ, дұға да жоқ, тентек бойда, —  
деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдардың бәрінде осы нұсқа сакталып келеді.

Орысша тексті мынадай:

## ПЛЕННЫЙ РЫЦАРЬ

Молча сижу под окошком темницы;  
Синее небо отсюда мне видно:  
В небе играют все вольные птицы;  
Глядя на них, мне и больно, и стыдно.

Нет на устах моих грешной молитвы,  
Нету ни песни во славу любезной;  
Помню я только старинные битвы,  
Меч мой тяжелый да панцырь железный.

В каменный панцырь я ныне закован,  
Каменный шлем мою голову давит,  
Щит мой от стрел и меча заколдован,  
Конь мои бежит, и никто им не правит.

Быстрое время — мой конь непизменный,  
Шлема забрало — решетка бойницы,  
Каменный панцырь — высокие стены,  
Щит мой — чугунные двери темницы.  
Мчись же быстрее, летучее время!  
Душно под новой бронею мне стало!  
Смерть, как придет, подержит мне стремя;  
Слезу и сдерну с лица я забрало.

119) „Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын“ (1895) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 26-бет). Бұл тәрт шумақ өлеңінде ел ішіндегі сөз тындаі білмейтін өзімшіл өр кеуде, еңбек етпейтін еріншек, шаруаға қыры жок қынырларды әйгілеп шенейді.

Өлең бұрынғы басылымдардан алынды.

120) „Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей“ (1895) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 27-бет). Ақынның негізгі басты тақырыбының бірі — еңбек. Бұл өлеңінде де еңбек адам үшін, бүкіл қауым үшін қадірлі іс екенін насихаттайты. Адам адад еңбегімен ғана ел-жұрттына қадірлі, сыйлы, „Тәуелсіз, талапсыз мал табылмайды“, „Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, малын болса сыйламайды тұра алмас ел“, „Еңбек қылмас еріншек адам болмас“ дейді.

Еңбектен қашып, құлық-сұмдыққа салынып, сыйайымсып, ел кезіп тамақ асырайтын арамтамактарды өшкөрелеп, аяусыз ажуалап шенейді.

Өлөннің төртінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (27-бет):

...Ас берер ауыл іздел жүрсін босқа,—

деп басылса, 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

...Ас берер ауылды іздел жүрсін босқа,—

деп альынпты. 1909 жылғы нұсқасы қабылданды.

Тоғызыншы шумақтың соңғы, төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (27-бет):

...Антүрганға қосылма, кетсін канғып,—

деп басылған. Одан кейінгі біраз басылымдарда:

...Антүрганға қосылмай кетсін канғып,—

деп альынған.

1939 жылғы жинақта (170-бет):

...Ант үрганға қосылма, кстсін канғып,—

деп түзетіліп басылған және берілген түсінікте: Мұрсейіттің көшірмелерінде „ант үрганға“ дегенінің орнына „кезегенге“ деп отырады. Біз Тұрашты (Тұрағұлды.— ред.) қолдадық,— деген (170-бет).

„Біз Тұрашты қолдадық“ дегені: 1909 жылғы Абайдың тұнғыш жинағын баспаға өзірлеген Тұрағұл мен Кәкітай, Мұрсейіт көшірмелерінде бұрмаланып, қате жазылып кеткен сөздерді, баспаға берер алдында түзетіп, дұрыстап берген болатын. Соңдықтан, „Біз Тұрашты қолдадық“ деп өте дұрыс айттылған.

1945 жылғы жинақта (167-бет) Мұрсейітке сүйеніп,

...Кезегенге қосылма, кел, кет канғып,—

деп басылышты. Және „антүрганға“ деген Абай сөзінің орнына Мұрсейіттің „кезегенгесі“ алынған.

Берілген түсінікте: „Бұл өлеңнің соңғы екінші шумағының 4-жолы 1933 жылғы Абай жинағында:

Бұрандап жылы жүзін асқа саткан,  
Антурғанға қосылмай кел, кет қаңғып,—

делінген.

Соңғы жол Мұрсейітте:

Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып,—

деп жазылған екен, жоғарғы осыған жуық. Ал, 1909 жылғы  
Кәкітай мен Тұраш нұсқасында:

Антұрганға қосылма, кетсін қаңғып,—

деп басылыпты. 1939 жылғы жинақта осы Кәкітай мен Тұраш  
нұсқасы алыныпты. Бұл жолы:

„Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып“,—

болып басылды деген (438-бет).

1954 жылғы жинақта (198-бет):

...Антурғанға қосылмай, кетсін қаңғып,—

деп басылып, тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909  
жылғы жинақ бойынша:

Антұрганға қосылмай, кетсін қаңғып,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мұрсейіт қолжазбаларында:

Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып,—

деп көрсетілген деген түсінік берілген (1-том, 311-бет).

1957 жылғы жинақта (1-том, 175-бет):

Антұрганға қосымай, кел, кет қаңғып,—

деп басылған. Берілген түсініктеге: „Тоғызыншы шумақтың  
акырғы жолы“ 1909 жылғы басылуында:

Антурғанға қосылма, кетсін қаңғып,—

делінілті. Ал бұл жол Мұрсейіт қолжазбаларында:

Кезегенге қосылма, кел кет қаңғып,—

делінген екен. Бұл баспасында өлеңнің мағынасына қарап, осы екі нұсқасын біріктіріп:

Антүрганға қосылмай, кел, кет қаңғып.—

деп қалдырылды (337-бет) десе де, шынында 1933-жылғы жинақта басылған (175-бет) нұсқасының қайталанып басылғаны қөрініп тұр.

1977 жылғы жинақта өлең жолы және түсінік 1957 жылғы жинақ бойынша, өзгеріссіз, қайталанып басылған.

Абай өлеңнің осы бір жолының түпнұсқасын анықтап, ақын сөзін өз қалпына келтіру үшін, ең алдымен өлеңнің мазмұнын яғни ақынның айтқан ойын дұрыс ұтып, дәл түсінуміз керек.

Тогызынши шумақтың соңғы екі жолын зер салып, зерт оқысак, Абайдың айтқан ойын дәл түсініне аламыз. Ақын: „Бұрандап жылы жүзін асқа сатқандарды“ – „антүрган“ деп атап, ажуалап шенейді де, оқырмандарын сондай „антүрганнан“ сақтандырып: „Антүрганға сен қосылма, антүрган өзі қанғып кетсін“ дейді.

... Бұрандап жылы жүзін асқа саткан  
Антүрганға қосылма, кетсін қаңғып,—

деп 1922 жылы Ташкентте басылған жинақ бойынша оқысак, Абай сөзі дәл өз қалпына келеді.

121) „Балалық өлді, білдің бе?“ (1895) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 27-бет). Көлемі он жол шағын өлеңінде адамның өмір кезендерін сөз етіп толғанады.

Өлең тексті бұрынғы басылымдар негізінде өзгеріссіз берілді.

122) „Лай суға май бітпес қой өткенге“ (1895) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 47-бет). Бұл өлең – ақынның дін туралы ойларын толғайтын және өзінің дінге нанымын айқын сипаттайтын шығарма. Өлеңнің басында „Шарықтап шар тараптан тиянақ таппаған көніл“ күйін үлкен ақындық тенеумен суреттей келіп:

... Күні-түні ойымда бір-ак тәнірі,  
Өзіне құмар қылған оның өмірі,—

деп, ішкі сезім-сырын, сенім-нанымын баян етіп, Аллаға бас иген шын мұсылмандығын танытады.

Аллаға оның жаратқан пендесінің „акылы жете алмайды“ „акыл-оімен білем десе адасады“ дейді.

... Халыққа мақлұқ ақылы жете алмайды,  
Оімен білген нөрсенін бәрі – дәрі, –

деп түйеді.

Абай бұл пікірін „Фақтықат-тасдиқат“ (38-сөз) дегең еңбегінде де айтады: „Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымы өлшеулі, өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды“, – дейді.

Аллаға ешбір шуббесіз, шексіз сенетінін тағы бекітіп айт келіп: „Сонда да оны ойламай тұра алмаймын“ деп, еш уақытта Алланы ойынан шығармайтынын, Құдайға құрғақ жал барынуға (басқа біреулер сияқты) канагаттана алмайтыны мәлімдеп:

... Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз күр мұлгуге тоя алмаймын, –

дейді. „Мекен берген, халық қылған тұп иенди“ – Құдайды “кексемей бола ма екен?“, „Және оған қайтпақсын, оны (туиенди) ойламай, езге мақсат ақылға тола ма екен?“ деп елеңді корытады. Ақын бұл өлеңінде Құдайға, дінге көзқарасын жүйелі түрде ашық, айқын жазған. Бұл өлеңнен қайшылықтарастырудың жөні жоқ.

123 „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“ (1895) – Бұл өлеңде 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 48-бет). Ақын бұл өлеңінде адамның жаратылышы туралы ойларының сезім-сырын айқындаپ айта келіп:

„Мени“ мен „менікінің“ айырылғанын  
„Өлді“ деп ат койылты өңкей білмес, –

дейді. Яғни адамның тәні („менікі“) өлсе де, жаны („мені“) рухы өлмейді деген ой-пікірін білдіреді. Осы ойының дәлел ретінде:

Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
Өлмейтүғын артына сөз қалдырган, –

деп түйеді.

124 „Әбдірахман өлгенде“ (1895) („Арғы атасы қажы еді“) Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта „Құнанбайға Әбдірахман

өлгендеген“ деген тақырыпшен басылған (178–179-беттер). Ұзак уақыт қатты ауыршы жатқан Әбдірахман 1895 жылы қарашада, Алматы қаласында қайтыс болады. Ардакты баласы Әбіштің өлімі, жан күйер інісі Оспанның өлімінен де ауыр, тағы бір қалың қайғыға батырады. Орны толмас қазага өзегі өртеніп дергіттенген, мейірбан әкенін зар-шер жырларын туғызады.

Әбіш қазасына арналған осы алғашқы өлең жоқтау сарынында жазылмаған. Өзінің „қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме“ дейтін қағидасы бойынша жазылған. „Арғы атасы қажы еді“, – деп бастап, өз әкесі Құнанбайдың барлық жақсы қадір-қасиетін сиптаттай келіп:

Олар да тірі қалған жок,  
Тірлік арты өлмек-ті.  
Оны да алды бұл өлім,  
Сабырлық қылсақ керек-ті, –

деп, ауыр қайғыны акылға женғізіп, өзін өзі жұбатып, дергіне дәрмен тапқандай болады.

Өлеңнің бастапқы екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Арғы атасы қажы еді,  
Бейістен татқан (?) шәрбетті, –

деп басылған. Абай өлеңдерінің көбін, соның ішінде дәл осы өлеңдің ертеден жатқа билетін Әрхам Кәкітаяұлы Ыскаков:

– „Бейістен татқан“ деп қате басылып кеткен, дұрысы: „Бейістен татқай шәрбәтті“ болады. Абай әкесін „Бейістен татқан шәрбәтті яғни бейіске (жұмакқа) кірген деп кесіп айтпайды, бейістен шәрбәт татса екен (татқай) яғни орны жұмакта болса екен деген тілегін айтады, – дейтін еді.

Осы дұрыс берілген түсінік деп білеміз.

125) „Кешегі Оспан ағасы“ (1895) – Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180-бет). Бұл өлеңінде де Әбдірахманның қайғысына толғанып, Әбдірахман-Оспанды есіне алады да: „Оны да алған бұл өлім, сабырлық қылсан керек-ті“, – деп өзін өзі жұбатады.

126) „Кешегі өткен ер Әбіш“ (1895) – Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (179-бет). Бұл өлеңінде енді Әбіштің өз басының адамдық қасиетін: гылымға зеректігін, мейірімділігін, боямасыз ақ көңілін, адап азаматтығын сиптаттай келіп, акырында: „өлімнен жасқанбай“ кеткен рухани ерлігін атап айтып:

Тағдырға тәбділ бола ма,  
Сабырлық кылсақ керек-ті, –

деп, тағы да өзін өзі жұбатумен тынады.

127) „Әбдірахман өлгенде“ (1895). („Тұл бойың үят, ар еді“). – Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (179–180-беттер).

Бұл өлеңінде Әбдірахманның өз басына ғана тән ерекше жақсы қасиетін шебер суреттейді. Адамгершілігі зор, өнерлі, оқымысты, терең ойлы баласының өмірден ерте кеткеніне қатты тәбіренеді:

Замана неткен тар едін,  
Сол қалкамды қоймаган –

деп, өкінішті мұңын шертіп толғанады.

Өлеңнің бастапқы жолы 1933 жылғы (179-бет), 1939 жылғы (177-бет), 1945 жылғы (174-бет), 1957 жылғы (181-бет) жинақтарда:

Тұл бойың үят, ар еді, –

деп, дұрыс басылып келген болса, 1977 жылғы жинақта:

Тұла бойың үят, ар едің, –

деп кате басылған. Осы жол түзетілді.

128) „Әбдірахман өліміне“ (1895) („Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды“). – Өлең тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180–182-беттер). Бұл жоқтау өлеңінде Әбдірахманның өмірі, оның бойындағы таудай талап, өнер, білім және зор мағынадағы адамгершілік қасиеттер толығырақ баяндалып жырланады.

Өзін „ескінің арты“ ретінде бағалап, Әбдірахманды: „Жана жылдың басшысы“ болатын жас еді деп, өкінішті аңы арманын айтып тебіренеді.

129) „Әбдірахман өліміне“ (1895). („Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің“). – Өлең тұнғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (189–190-беттер). Бұл жөнінде, бұдан бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған Әбіштің жақсы қасиеттерін қастерлеп сипаттай келіп: „Ел ішіне сау келсен“, „Тағлім айтатын ер едің“, „халқына жол көрсетіп барып өлмедің“ деп арман етеді.

Сөйтіп, Абайдың Әбдірахманды жоқтаган жырлары, өз басының ғана қайғысы болып қалмай, жалпы қоғамдық қайғыға айналып отырады.

130) „Әбдірахманға“ (1895). („Орынсызды айтпаған“). Өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта басылған (239-бет).

Әбдірахманның бойындағы нағыз адамгершілк қасиеттер өзі үміт еткен қазактың бар жас үргаптына үлгі-өнеге болады деп білген.

Сондықтан әр кезде Әбішке арнап жазған өлең-жырлары аз болмаған. Сондай шығармаларынан сақталғандарының бірі – осы өлеңі. Бұл өлеңінде Әбіштің тұрашылдығын, кішітейлділігін, бауымалдығын, тағы басқа жақсы мінездерін суреттейді. Және жас шағынан орысша оқып білім алып, көп уақыт орыс ортасында болса да, өзінің үлттық қасиетін, дінін таза сақтаған адамшылығын атап айтады.

131) „Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы“ (1895) „Берменен құлға қайтесің“— Бұл өлең де алғаш рет 1939 жылғы жинақта, жылы белгісіз өлеңдер ретінде басылған (240-бет). Бұл өзін жұбату өлеңінде:

Өмірін берген Құдайым  
Ажалын да беріпті, —

деп Құдайдың жіберген ажалына амал жоқтығын мойындалп, тәубеге келеді.

Әбіштің алдында дүниеден өткен інісін еске алып, оның адамгершілк қасиеттерін Аплатон, Сократ, Хазірет Фали сияқты тарихтағы ұлы адамдармен салыстыра келіп:

Оспанды алған бұл өлім,  
Тәүбе кылсақ керек-ті, —

дейді. Сол сияқты өкесін де еске алып:

„Ескендір, Темір, Шыңғыстай  
Мұсылманға атақты“, —

деп қастерлеп бағалай келіп:

Кажыны алған бұл өлім,  
Сабыр кылсақ керек-ті, —

деп, тәубеге келеді.

132) „Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айткан жұбатуы“ (1895) – Өлең бірінші рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (241– 242-беттер). Әбдірахман сияқты асыл жарынан айырылған жас келіні Мағыштың (шын аты Мағырифа. – ред.) ауыр қайғыны қөтеге алмай, Құдайдан өлім тілеп өксіген, аса аянышты халі Абайға қатты батады. Аяулы келін баласына тоқтау айтып, ауыр қайғысын аз да болса жеңілдетпек болып, ұзак өлең жазып, сабырлық етуін тілеп, ақылын айтып:

Жылама, Мағыш, жылама,  
Алладан өлім тілеме!  
Колдан үшкан ак сұңқар  
Қайта келіп конбайды, –

дейді.

133) „Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау“ (1895) – Бұл ұзак жоқтау өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (243–246-беттер). Абай қайғылы келініне тоқтау айтып, өлең жазса да, өзіне жоқтау өлең шығарып беріп, жұбатпақ болса да, Мағыш калың қайғыдан айыға алмайды.

Әбіштің жылына жетпей, Мағыш та қайтыс болады.

134) „Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай“ – Бұл өлең ен алғаш 1933 жылғы жинақта „Әкімбай өлгенде“ деп аталып, „Жылы белгісіз өлеңдер“ ретінде басылған (232–233-беттер). Өлеңге түсінік берілмеген.

1939 жылғы жинақта да „Әкімбай өлгенде“ деп аталып басылған (235–236-беттер). Берілген түсініктегі: „Әкімбай өлгенде“ деген өлең Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы қунге шейін анық емес. Әкімбай – өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ыскак асырап алып, сонын көліндә жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қысынына қарағанда, өзінің етбауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп үйғарды, – деген (275-бет).

1945 жылғы жинақта да „Әкімбай өлгенде“ деп, „Жылы белгісіз өлеңдері“ ретінде басылған (261–262-беттер). „Әкімбай (1865–1874) Ділдәдан туған Абайдың баласы...“ деп түсінік берілген (487-бет).

1954 жылғы жинақта: „Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер“ ретінде тақырыбы аталмай, түсінік берілмей басылған (2-том, 143-бет).

Ал енді, 1957 жылғы жинақта өлеңге: „Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау“ деген ойжота тақырып беріліп, 1895 жылы жазылған өлең ретінде басылған (1 том, 195–

196-беттер). Берілген түсінікте: „Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау“ („Көз жұмғанша дүниеден“) —... Кейір баспаларда „Әкімбай өлгендеге“ деген атпен басылды. Бірақ өлеңнің Әкімбайға не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай — Ділдәдан туған Абайдың баласы. Әкімбай бала кезінде, 9 жасында қайтыс болған (1865—1874). Ал өлеңнің мазмұнына қарағанда, ересек, жігіт бол қалған адамға арналған сияқты — деген (340-бет).

1977 жылғы жинақта: „Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау“ („Көз жұмғанша дүниеден“) — Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізген деп түсінік берілген. Шынында бұл өлеңді ен алғаш Мұхтар Әуезов, 1925 жылы „Тан“ (Семей) журналының екінші санында (73—74-беттер) жариялаған. Өлеңнің басында: „Абайдың жарияланбаған өлеңдері. Бір немере інісі өлгендеге айтқан“, — деп анық, айқын түсінік берген.

1940 жылғы жинақтың (II том) „Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар“ деген бөлімінің „Абай жайында Мәдиар, Қатпа, Әрхат т. б. айтқан әңгімелері“ деп аталған тарауында „Көз жұмғанша дүниеден“ өлеңнің кімге арналғаны туралы Мұхтар былай дейді: „Ән, дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәнірбердінің Макұлбай деген баласы өлгендеге, Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті“ (291-бет).

Макұлбай — Тәнірбердінің Каражан деген екінші әйелінен туған ұлы. Ақылды, шешен, жақсы мінезді азamat болыпты. Осындай адамшылық қасиетін үнатқан Абай, жақсы қөретін інісі қайтыс болғанда, катты қайтырып, жазған өлеңінде:

Орамды тілді ауыздым,  
Ақылға жүйрік маңыздым.  
Көп жасамай тез кетіп,  
Көзімнің жасын ағыздын,—

дейді.

Макұлбай 1869 жылы туған, 1891 жылы, 22 жасында дүниеден өткен. Артында екі әйелі қалған, екеуінен де бала болмаған. Абайдың:

Артына белгі қалдырмай,  
Жал-құйрығын келте алды, —

дәйтіні де сол. Жоқтау өлеңде:

Ата тегің мұндағы —  
Орта жүздің ұлығы.

Ана тегін ондағы –  
Өзен судың тұнығы.  
Екі асылдан косылған  
Сол алтынның сынығы.  
Өлгөнше естен калмайды  
Өзгеше біткен қылығы, –

деген сөздер бар. „Ата тегін мұндағы“ деп Құнанбайды айтса, „Ана тегін ондағы“ деп Мақұлбайдың нағашысын (шешесі Қаражанның төркінін) – Кенжеғұлды айтады. Кенжеғұл Найман ішінде Сыбан руының беделді адамы, белді би болған. „Біржан – Сара“ айтысында Сараның аузынан айтылатын өлеңде:

Кенжеғұл казак жетпес баласына,  
Тәрт арыс билік айткан арасына, –

дейтін Кенжеғұл сол.

Мақұлбай өлімі, Абайдың оған арнап жоқтау жыр шығарғаны „Абай жолы“ романында да суреттеліп жазылған („Еңісте“ тарауы).

„Көз жүмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай!“ өлеңнің жазылу тарихының шындығы осындей.

Өлеңнің тоғызынышы, он екінші, он үшінші және он төртінші жолдары „Таң“ журналында (73-бет):

... Ием қабыл алды-ау деп...  
... Құнәлі көңілім түйтпеді-ай.  
... Ата тегін мұндағы  
...Ата тегін ондағы, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Ием қабыл алды-ақ деп,  
... Құнәлі көңілім түтпеді-ай.  
... Ата тегі мұндағы,  
... Ана тегі ондағы, –

деп қате басылған. Бұл жолдар түзетілді.

135) „Махаббат, достық қылуға, кім де болса тең емес“ (1895) – Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітаптың „переводтар“ деп аталған, 15-бөлігінде, „перевод Лермонтовтан“ деген өлеңдер тобында басылған (80-бет).

1933 жылғы жинақта (186-бет) „Лермонтовтан“ деп атальп басылған. 1940 жылғы жинақта да 1933 жылғы жинақ бойынша басылған (99-бет). Берілген түсініктे: „Бұл өлең қол-

жазбаларда Лермонтовтан дөлінген, бірақ Лермонтовтың қайшығармасынан аударылғанын анықтауға болмады“,— деген.

1945 жылғы жинақта (183-бет): „Махабbat, достық қылуға“ деп аталағы басылған (183-бет), Лермонтовтан дөлінбеген. Берілген түсінікте: „... қолжазбада Лермонтовтан дөлінген. Бірақ, дәл қай шығармасынан аударылғанын дәлелдеу кын. Түбінде бұл өлеңнін аударма қатарына жатуы күмәнді“— деген (442-бет).

1954 жылғы жинақта (II том, 77-бет) басылған, еш қандай түсінік берілмеген.

1957 жылғы жинақтың II томында (аудармалар) басылған (102-бет). Берілген түсінікте: „... Мұрсейіт қолжазбаларында „Лермонтовтан“ дөлінген. Соған қарағанда бұл өлең „Фашықтық іздеп тантыманың“ екінші варианты сияқты. Бірақ одан гөрі Лермонтов текстінен тым алшактау. Тегінде мұны аударма қатарына қоспай, Абайдың өз шығармасы деп санаған жөн“,— деген (236-бет).

1977 жылғы жинақта бұл өлең Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

136 „Рахат, мені тастап, қоймадың тыныш“ (1895) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт — қолжазбалары негізінде, басқа да басылымдармен салыстырып берілді.

Бұл өлең ілгергі басылымдарда М. Ю. Лермонтовтың „И скучно, и грустно“ дейтін өлеңінің ішінәра аудармасы деп көте айтылып келген. 1954 жылғы екітомдықта бұл қателік түзетіліп, ақынның „Хоть давно мне изменила радость“ деп басталатын өлеңінің аудармасы екені көрсетілген (З. А. Ахметовтың „Лермонтов және Абай“ кітабында анықталған). Абай осы шығарманын ешбір жерін өзгертуей, мағынасын жолма-жол дерлік сақтап, мейлінше дәл аударған. Тіпті өлең өлшемінде дейін түпнұсқаға жақын.

1954 жылғы басылымда бірде 1909 жылғы жинаққа, бірде Мұрсейіт қолжазбаларына сүйене отырып, өлең текстінен бірқатар редакциялық түзетулер енгізілген. Атап айтқанда, бірінші шумақтың үшінші жолы бұрын:

Жастық қуат, үміттің нұры қайтып, —

деп алынса, бұл жолы қолжазба бойынша:

Жастық құмар, үміттің нұры қайтып —

деп түзетілген.

Үшінші шумақтың 2-жолы бұрын:

Ант етемін жалғанда жан табылмас, —

деп келсе, енді:

Ант етемін, жалғанын жан таба алмас, —

деп түзетілген.

Үшінші шумақтың соңғы екі жолы бұрын:

Өзі алданып, кісіден сокқы жеген  
Жәнс өзі біреудей алдай алмас, —

деп кате басылып келсе, 1954 жылғы екітомдықта (1 том):

Өзі алданып, өзгеден сокқы жеген  
Жәнс өзі біреуді алдай алмас, —

деп түзетілген.

1957, 1977 жылдардағы басылымдарда бұл түзетулер түгелдей сакталған.

Орысша тұлпнұсқаның тексті мынадай:

Хоть давно изменила мне радость,  
Как любовь, как улыбка людей,  
И померкнуло прежде, чем младость  
Светило надежды моей,  
Но судьбу я и мир презираю,  
Но нельзя им унизить меня,  
И я хладно приход ожидаю  
Кончины иль лучшего дня.  
Словам моим верить не станут,  
Но клянуся в нелживости их:  
Кто сам был так часто обманут,  
Обмануть не захочет других.  
Пусть жизнь моя в бурях несется,  
Я беспечен, я знаю давно,  
Пока сердце в груди моей бьется,  
Не увидит блаженства оно.  
Одна лишь сырья могила  
Успокоит того, может быть,  
Чья душа слишком пылко любила,  
Чтобы мог его мир полюбить.

## **БІРІНШІ ТОМФА ЕҢГЕН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ**

- Абыралыға („Мен жасымнан көп көрдім“) 39  
„Адақанның алды – жөн, арты – соқлақ“ 52  
„Ал, сенейін, сенейін“ 143  
„Антпенен тарқайды“ 147  
„Асқа, тойға баратуғын“ 122  
„Ата-анаға көз қуаныш“ 123  
„Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?“ 158
- Әбдірахманға („Алланың рахматын“) 153  
Әбдірахманға („Орынсызды айтпаған“) 166  
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат („Көзімнің нұрысызы“) 155  
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат („Түлім, саған айтайдын“) 154  
Әбдірахман науқастанып жатқанда („Я, құдай, бере көр“) 151  
Әбдірахман өлгенде („Аргы атасы қажы еді“) 161  
Әбдірахман өлгенде („Тұла бойың ұят-ар едің“) 163  
Әбдірахман өліміне („Жиырма жеті жасында“) 163  
Әбдірахман өліміне („Талаптың мініп тұлпарын“) 165  
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы („Берменен құлға, қайтесін“) 166  
Әбдірахманнның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы („Жылағанды тоқтатып“) 168  
Әбдірахманнның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау („Айналайын, құдай-ау“) 169  
„Әлифби“ өлеңі 37  
„Әм жабықтым, әм жалықтым“ 45  
„Әсемпаз болма әр неге“ 149  
„Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек“ 95
- „Базарға, қарап тұрсам, әркім бараС“ 58  
„Бай сейілді“ 115  
„Байлар жүр жиған малын қорғалатып“ 50  
Баймагамбетке қатынның атынан шығарылған („Ажының жақсы-ақ қызы едім“) 143  
„Балалық өлді, білдің бе?“ 159  
„Бойы бұлған“ 141  
„Болыс болдым, мінеки“ 81  
Бородино („Айтшы, аға, неғып женілдік“) 43  
„Бөтөн елде бар болса“ 68  
„Білектей арқасында өрген бұрым“ 101  
„Білімдіден шыққан сөз“ 86

- „Бір дәурен кемді қүнге – бозбалалық“ 53  
 „Біреуден біреу артылса“ 84  
 „Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол“ 75
- „Фашықтық, құмарлықпен – ол екі жол“ 95  
 „Фашықтың тілі – тілсіз тіл“ 149
- „Ем таба алмай“ 116  
 Ескілік киімі („Ойланып, ойға кеттім жұз жылғы өткен“) 150
- Жаз („Жаздыгүн шілде болғанда“) 63  
 Жазғытуры („Жазғытуры қалмайды қыстың сызы“) 120  
 „Жақсылық ұзак тұрмайды“ 142  
 Жақсылыққа („Аяғынды андал бас, ей Жақсылық“) 40  
 „Жарқ етпес қара көңілім не қылса да“ 103  
 „Жас өспірім замандас ката қылды“ 148  
 „Жастықтың оты жалындаپ“ 127  
 „Жастықтың оты, қайдасың“ 102  
 „Жасымда ғылым бар деп ескермедім“ 45  
 „Желсіз түнде жарық ай“ 79  
 Жұмбак („Алла мықты жаратқан сегіз батыр“) 133  
 Жұмбак („Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің“) 134  
 Жұмбак („Қара жер адамзатқа болған мекен“) 133  
 „Жүргім, ойбай, соқта енді“ 135  
 Жігіт сөзі („Айттым сәлем, қалам қас“) 98  
 „Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат“ 54
- „Заман ақыр жастары“ 126
- „Интернатта оқып жүр“ 58
- „Кейде есер көніл құрғырың“ 120  
 „Келдік талай жерге енді“ 117  
 „Кең жайлай – жалғыз бесік жас балаға“ 40  
 „Кешегі Оспан“ 137  
 „Кешегі Оспан ағасы“ 162  
 „Кешегі өткен ер Әбіш“ 163  
 Көжекбайға („Жамантайдың баласы Көжек деген“) 65  
 „Көзімнің қарасы“ 129  
 „Көзінен басқа ойы жоқ“ 126  
 Көкбайға („Бұралып тұрып“) 79  
 Көкбайға („Сорлы Көкбай жылаййы“) 65  
 „Көнілім менін қараңғы. Бол, бол, ақын!“ 144  
 „Көнілім қайтты достан да, дұшпаннан да“ 50

- Күз („Сұр бұлт түсі сұық қаптайды аспан“) 76  
 Құлембайға („Уағалайқұмуссәләм“) 79  
 „Күлімсіреп аспан тұр“ 138  
 „Кім екен деп келіп ем түйе қуған“ 34
- „Қажымас дос халықта жоқ“ 101  
 „Қайғы шығар ілімнен“ 135  
 „Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек“ 156  
 „Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы“ 44  
 „Қалын елім, қазағым, қайран жұрттым“ 49  
 „Қансонарда бұркітші шығады анға“ 42  
 Қара қатынга („Қара қатын дегенге, қара қатын“) 103  
 „Қаранғы түнде тау қалғып“ 144  
 „Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“ 77  
 „Қараща да өмір түр“ 148  
 „Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек“ 46  
 „Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман“ 47  
 „Қор болды жаңым“ 95  
 „Қорқынға мені дауылдан“ 146  
 Қыз сөзі („Қиыстырып мақтайсыз“) 99  
 „Қызырып, сұрланып“ 128  
 Қыздарға („Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен“) 156  
 „Қыран бұркіт не алмайды, салса балтап“ 49  
 Қыс („Ақ киімді, денелі, ақ сақалды“) 78
- „Лай суға май бітпес қой өткенге“ 160  
 Ленский сөзінен („Барасың қайда, қайда болмай маган“) 114
- „Махаббат, достық қылуға“ 173  
 „Мәз болады болысың“ 85  
 „Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“ 94  
 „Менсінбеуші ем наданды“ 132
- Назарға („Мынау келген Назар ма“) 74  
 Немере інсі өлгенде айтқаны („Көз жұмғанша дұниеден“) 172  
 „Не іздейсің, көнілім, не іздейсің?“ 134
- Онегиннің өлердегі сөзі („Жарым жақсы киім киіп“) 114  
 Онегиннің Татьянаға жауабы („Танғажайып бұл қалай хат“) 107  
 Онегиннің сипаты („Жасынан түсін билеп, сыр бермеген“) 104  
 Онегин сөзі („Хатындан жақсы ұғындым сөздің бәрін“) 109  
 Онегиннің Татьянаға жазған хаты („Құтблемін, сізге жаклас“) 110  
 Оспанға („Жайнаган туың жығылмай“) 137

- „Өзгеге, көнілім, тоярсың“ 119  
„Өзіңе сенбе, жас ойшыл“ 145  
„Өкінішті көп өмір кеткен етіл“ 65  
„Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“ 72  
„Өлсे өлер табиғат, адам өлмес“ 101
- „Патша құдай, сыйындым“ 57
- „Рахат, мені тастап қоймадың тыныш“ 174
- „Сабырсыз, арсыз, еріншек“ 66  
„Сап, сап, көнілім, сап, көнілім“ 40  
„Сәулең болса кеуденде“ 93  
Серіз аяқ („Алыстан сермен“) 87  
„Сен мені не етесің? 96  
„Сүргілт тұман дым бұрқіп“ 139
- „Тайға міндік“ 124  
„Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмың“ 158  
Татьянаның Онегинге жазған хаты („Амал жоқ – қайттім білдірмей“) 105  
Татьяна сөзі („Тәнірі қосқан жар едің сен“) 112  
„Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да“ 103  
Тұтқындағы батыр („Қаранғы үй терезесі – тұтқын орны“) 157  
Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі („Дүрілдеген нажағай“) 140
- „Фұули, Шәмси, Сәйхали“ 36
- Шәріпке („Тұлікбайдың қатыны, атың – Шәріп“) 39  
„Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак“ 62  
Шығыс акындарынша („Иузи – рәушан, көзі – гәүхар“) 35
- „Ысытқан, сұытқан“ 140
- „Ішім өлген, сыртым сау“ 80

## МАЗМҰНЫ

Шығарушылар алқасынан.....	3
Кемел ақын, кеменгер ойшыл. Зәки Ахметов.....	6

### Өлеңдер мен аудармалар

#### 1855–1881

„Кім екен деп келіп ем түіе күған“ .....	34
Шығыс ақындарынша („Иузи – рәушан, көзі – гәүнәр“).....	35
„Фзули, Шәмси, Сәйхали“.....	36
„Әлифби“ өлеңі.....	37
Шәріпке.....	39
Абыралыға.....	39
Жақсылыққа.....	40
„Кең жайлай – жалғыз бесік жас балаға“ .....	40
„Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!“ .....	40

#### 1882–1883

„Қансонарда бүркітші шығады анға“ .....	42
Бородино.....	43

#### 1884

„Қактаған ақ күмістей кең маңдайлы“ .....	44
---	----

#### 1885

„Жасымдағы бар деп ескермедім“ .....	45
„Әм жабықтым, әм жалықтым.....	45

#### 1886

„Картайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек“ .....	46
„Картайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман“ .....	47
„Кыран бүркіт не алмайды, салса баптал“ .....	49

„Қалың елім, қазағым, қайран жұртый“.....	49
„Байлар жүр жиған малын қорғалатып“.....	50
„Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да“.....	50
„Адасқанның алды – жән, арты – соқпақ“.....	52
„Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық“.....	53
„Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат“.....	54
„Патша құдай, сыйындым“.....	57
„Базарға, қарап тұрсам, әркім барап“.....	58
„Интернатта оқып жүр“.....	58
„Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ“.....	62
Жаз („Жаздығун шілде болғанда“).....	63
Кекбайға („Сорлы Кекбай жылайды“).....	65
Көжекбайға („Жамантайдың баласы Көжек деген“).....	65
„Өкінішті көп өмір кеткен өтіп“.....	65

### 1887

„Сабырсыз, арсыз, еріншек“.....	66
„Бетен елде бар болса“.....	68
„Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы“.....	72
Назарға („Мынау келген Назар ма?“).....	74

### 1888

„Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол“.....	75
Күз („Сүр бұлт түсі сұық қаптайды аспан“).....	76
„Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай“.....	77
Қыс („Ақ киімді, денелі, ақ сакалды“).....	78
Күлембайға („Уагалайкүмәссәләм“).....	79
Кекбайға („Бұралып тұрып“).....	79
„Желсіз тұнде жарық ай“.....	79
„Ішім өлген, сыртым сау“.....	80
„Больс болым, мінеки“.....	81
„Біреуден біреу артылса“.....	84
„Мәз болады болысың“.....	85
„Білімдіден шыққан сөз“.....	86
Серіз аяқ („Альстан сермел“).....	87
„Сөулөң болса кеуденде“.....	93
„Мен жазбаймын өленді ермек үшін“.....	94
„Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек“.....	95
„Фашықтық, құмарлықпен – ол екі жол“.....	95
„Қор болды жаным“.....	95
„Сен мені не етесін?“.....	96
Жігіт сөзі („Айттым сәлем, қалам қас“).....	98
Кызы сөзі („Кыстырып мақтайсыз“).....	99

„Білектей арқасында өрген бұрым“.....	101
„Қажымас дос халықта жоқ“.....	101
„Жастықтың оты, қайдасын“.....	102
„Жарқ еттес қара көnlім не қылса да“.....	103
„Түлпардан тұғыр озбас шабылса да“.....	103
Қара қатынға („Қара қатын дегенге, қара катын“).....	103
Онегиннің сипаты („Жасынан түсін билеп, сыр бермеген“).....	104
Татьянаның Онегинге жазған хаты	
(„Амал жоқ – қайттім білдірмей“).....	105
Онегиннің Татьянаға жауабы („Танғажайып бұл қалай хат“).....	107
Онегин сөзі („Хатыннан жақсы ұрындым сөздің бәрін“).....	109
Онегиннің Татьянаға жазған хаты („Құп білемін, сізге жақпас“).....	110
Татьяна сөзі („Тәнірі қосқан жар едің сен“).....	112
Ленский сөзінен („Барасың қайда, қайда болмай маған“).....	114
Онегиннің өлердегі сөзі („Жарым жақсы киім киш“).....	114

## 1890

„Бай сейілді“.....	115
„Ем таба алмай“.....	116
„Келдік талай жерге енді“.....	117
„Өзгеге, көңілім, тоярсың“.....	119
„Кейде есер көңіл құрғырың“.....	120
Жазғытуры („Жазғытуры қалмайды қыстың сызы“).....	120
„Аска, тойға баратуғын“.....	122
„Ата-анаға қөз қуаныш“.....	123
„Тайға міндік“.....	124

## 1891

„Заман ақыр жастары“.....	126
„Көзінен басқа ойы жоқ“.....	126
„Жастықтың оты жалындал“.....	127
„Қызырып, сұрланып“.....	128
„Көзімнің қарасы“.....	129
„Менсінбеуші ем наданды“.....	132
Жұмбак („Алла мықты жаратқан сегіз батыр“).....	133
Жұмбак („Қара жер адамзатқа болған мекен“).....	133
Жұмбак („Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің“).....	134

## 1892

„Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?“ .....	134
„Жүрегім, ойбай, сокпа енді!“ .....	135

„Қайғы шығар ілімнен“.....	135
Оспанға („Жайнаган туың жығылмай“).....	137
„Кешегі Оспан“ .....	137
„Күлімсіреп аспан тұр“ .....	138
„Сұргылт тұман дым бүркіп“ .....	139

### 1892–1893

Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі	
(„Дүрілдеген нажағай“).....	140
„Ысытқан, сұытқан“ .....	140
„Бойы бұлған“ .....	141
„Жақсылық ұзақ тұрмайды“ .....	142
Баймагамбетке қатынының атынан шығарылған.....	143
„Ал, сенейін, сенейін“ .....	143
„Көнілім менің қаранғы. Бол, бол, ақын!“.....	144
„Қаранғы түнде тау қалғып“ .....	144
„Өзіңе сенбе, жас ойшыл“ .....	145
„Корқытта мені дауылдан“ .....	146

### 1894

„Антпенен тарқайды“ .....	147
„Қарашада өмір тұр“ .....	148
„Жас еспірім замандаға қала қылды“ .....	148
„Фашықтың тілі – тілсіз тіл“ .....	149
„Әсемтаз болма әр неге“ .....	149
Ескілік кімі („Ойланып, ойға кеттім жуз жылғы еткен“).....	150
Әбдірахман науқастанып жатқанда („Я, кудай, бере көр“).....	151
Әбдірахманға („Алланың рахматын“).....	153
Әбдірахманға Кекітай атынан хат („Тілім, саган айтайын“).....	154
Әбдірахманға Кекітай атынан хат („Кезімнің нұрысыз“).....	155
Кыздарға („Койдан қоңыр, жылқыдан торы Бекен“).....	156
„Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?“ .....	156
Тұтқындағы батыр („Қаранғы үй терезесі – тұтқын орны“).....	157

### 1895

„Талай сөз будан бұрын көп айтқанмын“ .....	158
„Аш карын жұбана ма майлы ас жемей?“ .....	158
„Балалық өлді, білдің бе?“ .....	159
„Лай суға май бітпес қой өткенге“ .....	160
„Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“ .....	161
Әбдірахман өлгенде („Арғы атасы қажы еді“).....	161
„Кешегі Оспан ағасы“ .....	162

„Кешегі өткен ер Әбіш“.....	163
Әбдірахман өлгенде („Тұла бойың үят-ар едін“).....	163
Әбдірахман өліміне („Жыырма жеті жасында“).....	163
Әбдірахман өліміне („Талаптың мінші тұлпарын“).....	165
Әбдірахманға („Орынсызды айтпаған“).....	166
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы („Берменең құлға, қайтесің“).....	166
Әбдірахманның әйелі Мағышқа	
Абайдың айтқан жұбатуы („Жылағанды тоқтатып“).....	168
Әбдірахманның әйелі Мағышқа	
Абай шығарып берген жоктау („Айналайын, құлай-ау“).....	169
Немере інісі өлгендегі айтқаны („Көз жүмғанша дүниесен“).....	172
„Махабbat, достық қылуға“.....	173
„Рахат, мені тастап қоймадың тыныш“.....	174
Түсініктер.....	175
Бірінші томға енген шығармалардың алфавиттік көрсеткіші.....	287

# АБАЙ (ИБРАһИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Шығармаларының екі томдық толық жинағы

## I ТОМ

### ӨЛЕНДЕР МЕН АУДАРМАЛАР

Редакторы *Б. С. Қрышым-Ноғай*

Суретшісі *Л. Тетенко*

Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбаев*

Техникалық редакторы *Л. Линькова, А. Тілеукеева*

Компьютерде терген *И. Алмабаева*

Компьютерде беттеген *С. Ахметова*

ИБ № 6116 250 ғ.

Теруге 10.10.2001 жіберілді Басуға 02.07.2002 ж. қол койылды Қалыбы  
84x108<sup>1/32</sup>. Қаріп түрі „Таймс Каз“. Оффсеттік басылыс. Шартты баспа  
табагы 15,54. Шартты бояу көлемі 16,34. Есепті баспа табагы 15,1.  
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №1769. Келісімші баға.

Қазақстан Республикасы „Жазушы“ баспасы, 480009, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс дайын диапозиттерден басылды.



«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.  
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, too\_kitap@mail.ru